Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Архив істері және құжаттаманы басқару комитетінің
«Орталық мемлекеттік архив» РММ

ҚАБЫЛБЕК САРЫМОЛДАЕВ

ҚҰЖАТТАРЫ МЕН МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

КАБУЛБЕК САРЫМУЛДАЕВ

СБОРНИК ДОКУМЕНТОВ И МАТЕРИАЛОВ

Алматы
2023

УДК 94(574)
ББК 63.3(5қаз)
Қ 13

Ұлттық архив қорының құжаттарын басып шығару және пайдалану мәселелерін қарастыру жөніндегі кеңес шешімімен баспаға ұсынылды

Редакциялық алқа:
Қ. Бораш, О. Қоңыратбаев, С. Шілдебай (жауапты ред.), С. Смағұлова, М. Жылысбаева, З. Төленова, Т. Замзаева, Р. Оразов, А. Жүнісбаев

Пікір жазғандар:
А.С. Ысқақ, тарих ғылымдарының докторы
Б.Ж. Қабдөшев, тарих ғылымдарының кандидаты

Қ 13 Қабылбек Сарымолдаев: құжаттары мен материалдар жинағы = **Кабулбек Сарымулдаев:** сборник документов и материалов / Құраст.: С.Қ. Шілдебай, О.М. Қоңыратбаев, Т.А. Замзаева, С.О. Смағұлова. – Алматы, 2023. – 442 б.

ISBN 978-9965-23-617-4

Жинаққа XX ғасырдың 20-30 жылдары Қазақстанның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани дамуына елеулі үлес қосқан қазақ халқының көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Қабылбек Сарымолдаевтың архивтерден жиналған құжаттары, мерзімді басылым беттерінде жарық көрген мақалалары тұңғыш рет енгізіліп отыр. Жинақ қайраткердің туғанына 125 жыл толуына арналады.

В сборник вошли ранее не введенные в научный оборот архивные документы, а также уже опубликованные в периодической печати статьи видного государственного и общественного деятеля казахского народа Кабулбека Сарымолдаева, внесшего значительный вклад в общественно-политическое, социально-экономическое и культурно-духовное развитие Казахстана в 20-30-е годы XX века. Сборник посвящен 125-летию со дня рождения деятеля.

УДК 94(574)
ББК 63.3(5қаз)



© ҚР ОМА, 2023
© Шілдебай С., 2023

АЛҒЫСӨЗ

Оқырман назарына ұсынылып отырған архив құжаттары мен материалдар жинағы XX ғасырдың 20-30-шы жылдарында Қазақстанның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани өміріне тікелей араласқан көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Қабылбек Сарымолдаевтың 125 жылдық мерейтойы қарсаңында «Архив-2025» кешенді жоспарына сәйкес даярланды.

Қолыңыздағы жинақты шығару идеясын біздің ұстазымыз, белгілі тұрартанушы, тарихшы-ғалым О.М. Қоңыратбаев 2000-шы жылдардың басында ұсынған болатын. Біз бұл идеяны қолдай отырып, Қ. Сарымолдаевтың өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдарды О.М. Қоңыратбаевпен бірге біртіндеп жинай бастаған едік. Кейіннен бұл жұмысқа Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар қызметінің қызметкері Т.А. Замзаева да қосылды. Қайраткерге қатысты ізденіс жұмыстарының алғашқы нәтижесі ретінде мақаламыз 2011 жылдың жазында жарық көрген екен[1]. Содан бері бұл жұмыс бір сәтке де тоқтамай, қайраткерге қатысты деректерді іздеп-табу жұмыстары үздіксіз жүргізілді.

Ұзақ жылдарға созылған жұмыс нәтижесінде жинаққа топтастырылған құжаттар мен материалдар ҚР Орталық мемлекеттік архиві, ҚР Президенті архиві, Өзбекстан Республикасының ұлттық архиві, Алматы және Жамбыл облыстарының мемлекеттік архивтері қорларынан және Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалары қорынан алынып, алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп отырғанымен құнды болып табылады.

Жинақ 115 құжаттан құралатын негізгі үш бөлімнен тұрады.

«Архив құжаттары мен материалдары» атты бірінші бөлімде Қ. Сарымолдаевтың қызметі мен қайраткерлік қасиеттерін кезең-кезеңімен және жан-жақты көрсететін хаттамалар, стенограммалар, бұйрықтар, баяндамалар, қызметтік және баяндамалық жазбалар, сауалнамалар, өмірбаяндар және архив құжаттарының басқа да түрлері ұсынылған. Біздің ойымызша, бұл құжаттар Қ. Сарымолдаевтың қызметі мен тұлғалық қасиеттерін ғана ашып қоймай, сонымен қатар, Қазақстанның 1917-1937 жылдардағы тарихына қатысты күрделі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани процесстерді, құбылыстар мен оқиғаларды, қазақ қоғамындағы өзгерістердің ішкі мәнін, сыр-сипатын түсінуге де үлкен септігін тигізеді.

[1] Қайраткер Қабылбек туралы // Орталық Азия: тарихы және қазіргі заманы: Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ «Құрметті қызметкері» Сүтеева Ханзада Ағыбайқызының 60 жылдық мерейтойына арналған жоғары оқу орындары аралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (20 маусым 2011 ж.). – Алматы, 2011. – 324 б. (251-254-б.).

Атап айтқанда, индустрияландыру, ұжымдастыру, ірі байлар мен жартылай феодалдар деп аталған әлеуметтік топты тәркілеу және жер аудару, ашаршылық және оның салдарын жою, көшпелі шаруашылықтарды отырықшыландыру сияқты кең ауқымды саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерді тереңірек зерттеуге мүмкіндік туғызады. Сонымен бірге, республиканың жалпы дамуына ықпал еткен ғылыми, ағартушылық, медициналық және мәдени базаны құру бағытындағы прогрессивті іс-шаралар барысы да осы құжаттарда көрініс табады.

Жинақтың екінші және үшінші бөлімдеріне мемлекет қайраткерінің публицистикалық қырын жан-жақты ашып көрсететін сол кезеңдегі мерзімді басылым құралдарында жарық көрген мақалалары мен кітаптары (кітапшалары) енгізілген. Қ. Сарымолдаевтың «Еңбекші қазақ», «Тілші», «Социалды Қазақстан» газеттерінде, сондай-ақ «Ауыл коммунисі», «Қызыл Қазақстан», «Қазақстан большевигі», «Қазақстанның Халық шаруашылығы», «Большевик Казахстана» журналдарында жарық көрген мақалаларын Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар қызметінің қызметкері Т.А. Замзаева екеуіміз анықтап, жинастырдық. Қ. Сарымолдаевтың араб қарпімен жарық көрген мақалаларын қазіргі жазуға Т.А. Замзаева көшіріп жазса, латын қарпіндегі еңбектерін өзіміз көшіріп жаздық.

Бөлімдерге топтастырылған құжаттар хронологиялық тәртіппен орналастырылды.

Әрбір құжатқа автордың, адресаттың түрін, құжаттың мазмұнын, жазылған жерін және күнін қамтитын редакциялық тақырып берілді. Құжаттарда сақталған іс жүргізу нөмірлері жинаққа берілген редакциялық тақырыпта көрсетілді. Құжаттардың мәтіндері түпнұсқалардың стилистикалық және тілдік ерекшеліктерін сақтай отырып, қазіргі емле ережелеріне сәйкес көшірілді.

1925 жылдың сәуіріне дейін қолданылған «қырғыз» және «Қырғыз АКСР» атаулары, сондай-ақ 1936 жылдың ақпанына дейін орыс тілінде қолданылған «Казакстан» және «казак» атаулары сол кезеңдегі тарихи дұрыстығын сақтау мақсатында өзгертілмеді. Жетіспейтін сөздер мен кейбір сөздердің аяқталуы тік бұрышты жақша ішінде қалпына келтірілді.

Әкімшілік-аумақтық бірліктер мен елді мекендердің атауы түпнұсқалардың транскрипциясымен берілді.

Тарихи құжаттарды басып шығару ережелеріне сәйкес кейбір құжаттардың үзінділері жарияланды, ал алынып тасталған бөлігі көп нүктемен белгіленіп, құжат тақырыбында үзінді екені көрсетілді.

Құжаттың мәтіні мен мазмұны бойынша ескертпелер әрбір беттің астына берілді және араб цифрларымен көрсетілді. Бұған мемлекет және қоғам қайраткерінің өмірбаяндық мәліметтері, сондай-ақ кейбір тарихи ұғымдар мен оқиғалар туралы түсініктемелер кірді. Сондай-ақ, түпнұсқа

мәтіндегі оқылмайтын, түзетуге және қалпына келтіруге жатпайтын тұстарға «Құжатта осылай» деген ескертпе арқылы жетіспейтін сөздердің бар екені көрсетілді.

Жинақтың ғылыми-анықтамалық аппараты классикалық нұсқада ұсынылды. Ол алғысөзден, пайдаланылған архив қорлары, мерзімді басылым құралдары мен әдебиеттер тізімінен, есімдер көрсеткішінен, қайраткердің өмірі мен қызметінің биохроникасынан, қысқарған сөздер анықтамасынан, жарияланған құжаттар мен материалдардың тізімінен, мазмұннан тұрады.

Ғылыми жинақты шығару идеясына қолдау көрсеткен Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Архив істері және құжаттаманы басқару комитетінің төрағасы Қ.Қ. Борашқа; ҚР Президенті архивінің қорындағы құжаттарды алуға көмек көрсеткен архив директоры Ә.Қ. Мұстафинаға, директордың орынбасары, тарих ғылымдарының докторы Қ.Ш. Әлімғазиновқа, архивтің бұрынғы директоры – марқұм Л.Д. Дегітаеваға және бұрынғы қызметкері Қ.С. Мұрзановқа; сондай-ақ, жинаққа енгізілген материалдарды даярлау жұмысына 2010 жылға дейін ішінара қолдау көрсеткен Қ. Сарымолдаевтың туысы – марқұм Б. Данияровқа үлкен алғыс айтамыз.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің басшылығы ғылыми жинақты басып шығаруға қолдау көрсеткен Жамбыл облысының әкімдігіне және белгілі меценат, терапевт-ғалым, ұлт жанашыры Ғани Смаханұлына зор алғыс айтады.

Сәбит Шілдебай,
Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің директоры,
тарих ғылымдарының кандидаты

ПРЕДИСЛОВИЕ

Представляемый читателю данный сборник документов и материалов подготовлен в рамках реализации комплексной программы «Архив-2025» и посвящен 125-летнему юбилею видного общественного и государственного деятеля, непосредственного участника общественно-политического, социального-экономического и культурного строительства Казахстана в 20-30-ые годы XX столетия – Кабулбека Сарымулдаева.

Идея данного издания принадлежит нашему учителю и наставнику, известному тураведу, ученому-историку О.М. Коныратбаеву, еще в начале 2000-х годов, выступившего с подобным предложением. Выразив поддержку этой идее, мы вместе с ним постепенно приступили к систематическому сбору документов и материалов о жизни и деятельности К. Сарымулдаева. Несколько позднее к этой работе подключилась сотрудница Службы редких книг и рукописей Национальной библиотеки Республики Казахстан Т.А. Замзаева. По итогам проведенной работы летом 2011 года нами была опубликована первая статья, посвященная К. Сарымулдаеву[2]. С тех пор работа по поиску, выявлению и сбору источников о жизни и деятельности К. Сарымулдаева велась непрерывно.

В результате этой кропотливой и систематической работы, продолжавшейся на протяжении длительного времени в фондах Центрального государственного архива Республики Казахстан, Архива Президента Республики Казахстан, Национального архива Республики Узбекистан, государственных архивов Алматинской и Жамбылской областей, а также в фонде Редких книг и рукописей Национальной библиотеки Республики Казахстан удалось выявить и собрать уникальные документы и материалы, впервые вводимые в научный оборот в данном сборнике.

Сборник состоит из трех основных разделов и содержит 115 документов.

В первом разделе «Архивные документы и материалы» представлены протоколы, стенограммы, приказы, доклады, служебные и докладные записки, анкеты, автобиографии и другие виды архивных документов, в хронологическом порядке отображающие многогранную деятельность, а также личные качества К. Сарымулдаева. На наш взгляд эти документы также способны оказать влияние на более глубинное понимание

[2] Қайраткер Қабылбек туралы // Орталық Азия: тарихы және қазіргі заманы: Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ «Құрметті қызметкері» Сүтеева Ханзада Ағыбайқызының 60 жылдық мерейтойына арналған жоғары оқу орындары аралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (20 маусым 2011 ж.). – Алматы, 2011. – 324 б. (251-254-б.).

внутреннего содержания и характера, тех сложных исторических процессов и событий, происходивших в 1917-1937 годы в Казахстане, а именно освещению таких широкомасштабных политических, экономических, социальных и культурных реформ как индустриализация, коллективизация, конфискация и выселение крупных баев и полуфеодалов, массовый голод и ликвидация его последствий, оседание кочевых хозяйств. В то же время в этих документах нашел отражение комплексный процесс проводимых мероприятий по созданию научной, просветительской, медицинской и культурной базы, оказавших положительное влияние на общее развитие республики.

Во второй и третий разделы сборника вошли статьи и книги (брошюры) К. Сарымулдаева, опубликованные в периодической печати того времени и разносторонне раскрывающие его публицистическую грань. Публикации и статьи К. Сарымулдаева, опубликованные в газетах «Еңбекші қазақ», «Тілші», «Социалды Қазақстан», а также в журналах «Ауыл коммунисі», «Қызыл Қазақстан», «Қазақстан большевигі», «Народное хозяйство Казакстана», «Большевик Казахстана» были выявлены и собраны мною и сотрудником Службы редких книг и рукописей Национальной библиотеки Республики Казахстан Т.А. Замзаевой. Транслитерация статей и материалов с арабской графики на современную казахскую кириллицу была осуществлена Т. Замзаевой, а с латинской же графики нами.

Внутри разделов документы расположены в хронологическом порядке.

Каждый документ снабжен редакционным заголовком, включающим в себя разновидность документа, автора, адресата, содержание, место написания и дату документа. Имеющиеся делопроизводственные номера документов отражены в редакционном заголовке. Тексты документов воспроизведены по современным правилам правописания, с сохранением стилистических и языковых особенностей подлинников.

С целью сохранения исторической достоверности подлинности первоисточников, встречающиеся в тексте публикуемых документов наименования «киргизы» и «Киргизская АССР», применявшиеся до апреля 1925 года, а также «Казакстан» и «казаки», применявшиеся до февраля 1936 года не исправлялись. Пропущенные слова и окончания некоторых слов восстановлены в квадратных скобках.

Название административно-территориальных единиц и населенных пунктов даны в транскрипции подлинников.

В соответствии с правилами издания исторических документов некоторые документы публикуются в виде извлечений, при этом опущенные части отмечены отточиями и оговорены в заголовках предлогом «из».

Примечания по тексту и по содержанию документов даны постранично и обозначены арабскими цифрами. Сюда вошли биографические сведения, упоминаемых в документах государственных и партийных деятелей, а также краткие комментарий по некоторым историческим событиям. Здесь же отражены случаи пропущенных слов в тексте оригинала, не подлежащие исправлению и восстановлению, которые отмечены примечанием «Пропущено, так в документе».

Научно-справочный аппарат сборника представлен в классическом виде и состоит из предисловия, именного указателя, списка сокращенных слов и использованных архивных фондов, содержания, в котором приводится перечень публикуемых документов.

Составители сборника выражают благодарность председателю Комитета по делам архивов и управления документацией Министерства культуры и спорта Республики Казахстан К.К. Борашу − за оказанную поддержку в реализации данного проекта, директору Архива Президента Республики Казахстан А.К. Мустафиной, заместителю директора АП РК, доктору исторических наук К.Ш. Алимгазинову, бывшему директору АП РК, ныне покойной Л.Д. Дегитаевой, а также бывшему сотруднику АП РК К.С. Мурзанову – за содействие в доступе и выявлении архивных документов в фондах АП РК, а также родственнику К. Сарымулдаева, ныне покойному Б. Даниярову за оказанную помощь в сборе и подготовке некоторых публикуемых материалов.

Руководство Центрального государственного архива Республики Казахстан также выражает искреннюю признательность Акимату Жамбылской области и известному меценату, ученому-терапевту, патриоту и радетелю интересов нации Гани Смаханулы за оказанную помощь в издании и выхода в свет данного научного сборника.

Сабит Шилдебай,
Директор Центрального государственного архива Республики Казахстан, кандидат исторических наук

ҚАБЫЛБЕК САРЫМОЛДАЕВ – КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ

XX ғасырдың 20-30-жылдарында болған күрделі қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер кезеңінде өмір сүріп, қазақ халқының болашағы үшін қызмет еткен қайраткерлердің қызметін зерттеу, оның тұлғасына баға беру қай кезде де өзекті болып қала бермек. Себебі, тарихи тұлғалардың образдары мен өнегелі қызметі жас ұрпақты отаншылдыққа тәрбилеуде аса үлкен маңызға ие. Сондықтан, қазақ халқынан шыққан ірі қоғам және мемлекет қайраткері, публицист Қабылбек Сарымолдаевты зерттеу, оның тарихи мұрасын ғылыми айналымға тарту маңызды тарихнамалық мәселе болып табылады.

Қабылбек Сарымолдаев 1898 жылы 22 ақпанда Сырдария облысы Әулиеата уезі Қорағаты болысына қарасты №5 ауылда (Үйтал) шаруа отбасында дүниеге келді[3]. Әкесі мал шаруасындағы адам болып, қой өсіріп, жанұясын асыраған. Жаңа әдістегі жәдидтік мектепте оқыған ол мұғалім болып, бала оқытқан екен. Балаларын бастапқыда өзі оқытып, кейіннен ауыл мектебіне берген.

Қ. Сарымолдаев 1923 жылы 8 қарашада жазған өмірбаянында 10 жасымда Меркідегі орыс-түзем мектебіне оқуға барып, екі класты бір жылда бітірдім деп көрсетеді[4]. Бірақ, 1912 жылы 28 сәуірде оған берілген куәлікте Меркідегі жанында интернаты бар 2 кластық орыс-қырғыз училищесін барлық пән бойынша өте үздік бітіріп, мақтау қағазына ұсынылғаны көрсетілген[5]. Осыған қарағанда, Қ. Сарымолдаев 10 жасында емес, 12 немесе 13 жасында оқуға түсіп, 14 жасында бітірген болып шығады.

Меркідегі училищені үздік бітіріп, орыс тілін жетік меңгерген Қабылбек Әулиеата қаласындағы 4 сыныпты жоғарғы бастауыш училищесіне қазынаның есебінен түсіп, 1912-1914 жылдар аралығында оқиды. Әкесіне салмақ түсірмес үшін жаздық каникул кезінде жер өлшеу жұмыстарына қатысады, түрлі мекемелердің тапсырмаларын орындайды, төменгі класс оқушыларын дайындауға қатысады. Училищені бітіргеннен кейін оқуын жалғастыруға қаражаттың жоқтығы қолбайлау болып, бір жылдай әкесінің шаруашылығына көмектесіп, 1915 жылдан бастап Меркідегі пошта-телеграф конторында пошташы қызметін атқарады[6].

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұсында төрт орыс пошташысымен бірге тамыз айынан бастап қазанның соңына дейін Верный қаласына (қазіргі Алматы қаласы – авт.) іссапарға жіберіледі. Алайда, қайтып оралған соң, жолда қатты суық тигізіп алған Қабылбек 1917 жылдың қаңтарынан бастап денсаулығына байланысты бұл қызметін тастауға мәжбүр болады. Меркіге келгеннен кейін патша бұйрығына қарсы шыққандардың қатарында болады. Көтерілісшілерге қолдау көрсеткен әкесі патша әкімшілігі тарапынан қудаланып, барлық мал-мүлкінен айырылады. Болыс басқарушысын қорлап сөйлегені үшін Қабылбектің өзі жауапқа тартылып, үстінен іс қозғалады[7].

---

[3] ӨзР ҰА, Р-86-қ., 1-т., 1588-іс, 18-п.

[4] Сонда, 3-п

[5] ҚырР ОМА, И.69-қ., 1-т., 30-іс, 109-п.

[6] ӨзР ҰА, Р-86-қ., 1-т., 1588-іс, 3-п.

[7] Сонда.

Қабылбек 1917 жылғы Ақпан төңкерісін басқа да қазақ жастары сияқты зор қуанышпен қарсы алып, алғашқы күннен бастап саяси жұмыстарға белсеніп араласа бастады.

Осы жылдың наурыз-тамыз айларында Қорағаты (Үйтал) болыстық атқару комитетінің хатшысы болып[8], бұрынғы болысты жақтаушылардың, контрреволюциялық күштердің қарсылығына қарамастан өз қызметін абыройлы атқарып, тапсырған міндеттерді тыңғылықты орындайды.

Қ. Сарымолдаев 1917 жылдың мамырында Меркіде Т. Рысқұловпен бірге «Бұқара» (Қазақ жастарының революциялық одағы – авт.) ұйымын құрысып, уездегі қазақ революцияшыл жастарының басын қосу жолында үлкен қызмет атқарды[9]. Бұл ұйым саяси тұрақсыздық жайлаған өтпелі кезеңде қарапайым көшпелі халықтың саяси құқықтары мен әлеуметтік жағдайын қорғауды мақсат етті. Т. Рысқұлов жетекшілік жасаған ұйымға Сыдық Абланов, Ысқақ Әсімов, Кененбай Бармақов, Мақсұт Жылысбаев, Қарымбай (Кәрімбай) Қошмамбетов, Дәкіш Мамыров, Жүзбай Маңғыбаев, ағайынды Жүсіпәли және Әшімжан Нұршановтар, орыс мұғалімі Андреев, қырғыз Тұрдалы Тоқбаев, Әлімқұл Жұмағұлов және т.б. жалпы саны 30-дан аса қазақ, қырғыз және демократиялық көңіл-күйдегі орыс жастары кіреді.

«Бұқара» ұйымы Түркістан мен Қазақстан территориясындағы сол жылдары құрылған осындай саяси бағыттағы одақтардан айырмашылығымен ерекшеленді. Бұл одақ – бағдарламасы мен жарғысы бар, күрес жолы анық саяси ұйым болды. Бағдарлама мен жарғыдан ұйым мүшелерінің Ақпан революциясының сипаты мен мән-мағынасын, саяси тұрақсыздығы мен әлеуметтік қайшылығын айқын түсінгенін көруге болады. Орыс отаршылары мен жергілікті бай-манаптардың кедей халыққа қарсы іс-әрекетін сынай келе және қарапайым еңбекші бұқараның мұң-мұқтажын, талап-тілегін қорғайтынын білдіре отырып, ұйым мүшелері өз қызметтерінің басты мақсаты ретінде: «Уақытша үкіметтің жергілікті комитеттері мен орыс кулактарының озбырлығына қарсы күрес» жолын таңдап алғандарын ашық мәлімдейді.

Ұйым мүшелері 1917 жылдың жазында Ресейдегі революциялық бағыттағы саяси партиялардың ұлт мәселесі бойынша қабылдаған бағдарламаларымен мұқият таныса келе қазақ және басқа да түрік тілдес халықтар үшін ең тиімдісі большевиктердің саяси ұстанымдары деп тауып, Әулиеата мен Ташкенттегі аз санды большевиктік ұйымдармен және құрыла бастаған жұмысшы, солдат және шаруа кеңестерімен байланыстар жасауға әрекеттенеді. Бір сөзбен айтқанда, «Бұқара» ұйымы Қ. Сарымолдаев үшін алғашқы саяси мектеп болды.

Қ. Сарымолдаев 1917 жылы 2-5 тамыз аралығында Ташкент қаласында Түркістан өлкесін мекендеген қазақ және қырғыз халықтарының алғашқы жиналысына қатысады. М. Тынышбаев төрағалық еткен бұл жиналыста Ресейдегі саяси жағдай, Орынборда өткен жалпықазақ съезіне көзқарас, Түркістанды басқару мәселесі, жер, су, қоныстанушылар мәселесі, оқу-ағарту, халық соты, әйел және т.б. 18 ірі мәселе қаралып, Түркістан өлкесіндегі «қазақ

[8] ҚР ПА, 141-қ., 1-т., 11542-іс, 20-п.

[9] Қоңыратбаев О.М. Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметінің күндерегі. – Тараз: Жүсіп Баласағұн атындағы Түркістан өлкесінің тарихын зерттеу орталығы, ТарМПИ баспасы, 2014. – 20-21-б.

пен қырғыздардың іс-әрекеттерін үйлестіріп, оны бір ізге түсіруді жүзеге асыру мақсатында Түркістан өлкелік Қазақ-қырғыз орталық кеңесі атты қоғамдық-саяси ұйым құру туралы шешім қабылданды[10].

Қ. Сарымолдаев 1918 жылдың сәуір-тамыз айларында Әулиеата уездік атқару комитетінің мүшесі болып сайланып, эсерлер партиясының құрамында әрекет етті. 1918 жылы 20 тамызда РК(б)П қатарына қабылданып, алғашқы күннен бастап Түркістан республикасындағы партиялық ұйымдастыру және үгіт-насихат жұмыстарына белсене араласты. Т. Рысқұловпен бірге Әулиета уезіндегі аштыққа қарсы күрес шараларын ұйымдастыру жолында көзге түскен Қ. Сарымолдаев 1918 жылы 5-14 қазанда өткен Түркістан республикасы кеңестерінің VI съезіне қатысып, Түркістан Орталық Атқару комитетіне, артынан Түрікатком шешімімен Түркістан Азық-түлік халық комиссариаты коллегиясына мүше болып сайланып[11], бұл қызметті 1919 жылдың сәуіріне дейін атқарады[12]. Осы қызметтерді атқарып жүріп, Қабылбек 1919 жылы 18-21 қаңтарда Ташкенттегі кеңес үкіметі басшыларының басын жалмаған «Осипов бүлігін» басуға қатысады[13].

1919 жылы 7-31 наурызда өткен Түркістан АКСР кеңестерінің төтенше VII съезінде Т. Рысқұлов Түрікатком Президиумы төрағасының орынбасары және ТКП II конференциясының шешімімен құрылған Мұсылман бюросының төрағасы болып сайланғаннан кейін, тағы да Түрікатком мүшесі болып сайланған Қ. Сарымолдаев сәуір айының басында Түрікатком жанындағы Аштықпен күресетін орталық комиссияның төрағасы қызметін қабылдап алып, тамыз айына дейін[14] республикадағы аштықты ауыздықтауға басшылық жасайды.

1919 жылдың маусымында Қ. Сарымолдаев Қызыл Армияның ерікті бөлімін ұйымдастырушы ретінде әскери қызметке ауысады. Бірақ, тамыз айында бұл қызметтен босатылып, ТКП Әулиеата уездік-қалалық комитетінің және Әулиеата уездік-қалалық Мұсылман бюросының төрағасы болып сайланып, ТКП Орталық комитеті жанындағы Мұсылман бюросының Әулиеата уезіндегі өкілетті өкілі қызметін қоса атқарады. Осы жылдың қазанында Әулиеата уездік атқару комитетінің төрағасы болып сайланып, бұл қызметте 1920 жылдың ақпанына дейін істеді.

Қ. Сарымолдаев осы қызметті атқарып жүрген уақытында атаман Б.В. Анненковтың «Азап вагонынан» қалт-құлт етіп аман қалып, ақтардың Омбыдағы лагерінен әупірімдеп қашып шыққан С. Сейфуллин Әулиеатаға келген кезі туралы «Тар жол, тайғақ кешуде» былай деп жазады: «...Исполкомның төрағасы Қабылбек Сармолдаұлы отырған бөлмесіне кірдік. Тесіле қараймын. Алдында үстеліне қарсы отырған бір-екі орыспен сөйлесіп отыр. Біз кейінірек тұрған орындыққа отырдық. Исполкомның төрағасы Сармолдаұлының аузына, бетіне қадалып, сөздерін қадала тыңдап отырмын. Орыстар ақша бөлімдерінің басқарушылары тәрізді, әлі ұмытқам жоқ. Орыс қызметкерлер жұрттан ақша алып, ақша беру ретін қалай тәртіпке қою жөнін

[10] Сонда, 22-б.
[11] ӨзР ҰА, Р-86-қ.,1-т.,1588-іс, 11-13-а.п.
[12] Сонда, 3-а.п.
[13] ҚР ПА, 141-қ., 1-т., 11542-іс, 20-а.п.
[14] ӨзР ҰА, Р-86-қ.,1-т.,1588-іс, 3-а.п.

сұрап отырды. Сармолдаұлы кәдімгідей ақыл, жөн айтып отырды. Бір түрлі сүйініп кеттім. Жап-жас жігіт, қазақ большевик, уездік исполкомның бастығы! Кәдімгідей жөн айтып, әмір айтып отыр. Бұл уездің совет үкіметінің ең басында отырған қазақ большевиктерін менің ең бірінші көрген кісім. Бұған едәуір қуандым»[15]. Одан ары, Қ. Сарымолдаевтың өзіне бірден сенім білдіріп, көрсеткен ыстық ықыласын, Әулиеатадағы Мұсбюроның жұмысына қал деп қаулы шығарып, өзін үгіттегенін, Әулиеата жігіттерінің жасаған сый-құрметін, ризашылық сезіммен еске алады. Сонымен қатар, Қ. Сарымолдаев басқарған «үкіметтің» Ақмолаға дейін бару үшін қолына мандат ұстатып, астына ат мінгізгенін және қалтасына ақша салып, жолға керек-жарағын қамдап бергенін жазады. Мұның барлығы – Қ. Сарымолдаевтың қазақ жігіттеріне тән азаматтығын, тұлғалық қасиеттерін аша түседі.

Ол 1920 жылдың ақпан-қазан айларында Әулиеата уездік революциялық комитетінің төрағасы, ТКП Әулиеата уездік-қалалық комитетінің мүшесі қызметтерін атқарады. Қай қызметті атқарса да тыңғылықты ісімен көзге түскен Қ. Сарымолдаев 1920 жылдың қазанында ТКП Сырдария губерниялық комитетінің Үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі және Түркістан АКСР Ішкі істер халық комиссариаты коллегиясының мүшесі қызметтерін атқарды. Бірақ, 1920 жылдың жазында Т. Рысқұлов отставкаға кеткен соң эмиссарлық орган – Түріккомиссияның қолдауымен билік басына келген жаңа топ Т. Рысқұлов басқарған Мұсбюроның мүшелерін, сондай-ақ Қ. Сарымолдаевты да қуғындай бастайды. Осындай себепке байланысты, ол 1921 жылдың басында сол кезеңдегі Қазақ АКСР астанасы Орынбор қаласына қызмет ауыстырып, Қазақ АКСР Ішкі істер халық комиссарының орынбасары, басқару бөлімінің меңгерушісі әрі Коллегиясының мүшесі, сондай-ақ, Түрікаткомның Қазақ АКСР ОАК жанындағы өкілетті өкілінің орынбасары[16] қызметтерін атқарады. Осы қызметтерді атқара жүріп, Қазақ АКСР-індегі әкімшілік аппараты жұмысының жақсаруы бағытында көптеген іс-шаралар атқарды[17].

1922 жылы 12 қаңтардағы РК(б)П Қыробкомы Президиумының шешімі бойынша Қ. Сарымолдаев Ашыққандарға көмектесетін орталық комиссияның Ақмола және Семей губернияларындағы төтенше өкілетті өкілі ретінде іссапарға жіберілген Ә. Әлібековтың көмекшісі ретінде бекітіледі[18]. Түркістан АКСР-індегі аштыққа қарсы күресте үлкен қайрат көрсеткен Қ. Сарымолдаевтың 1921-1923 жылдары Қазақстанда болған алапат ашаршылықты ауыздықтауға байланысты атқарған жұмыстары да арнайы зерттеуді қажет етеді. Ол Орынбор қаласында 1922 жылдың күзіне дейін жұмыс істеді.

1922 жылы қыркүйекте шаруашылығы ақсап жатқан Түркістан Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы қызметіне Т. Рысқұлов тағайындалғаннан кейін көп ұзамай, Қ. Сарымолдаев 1922 жылдың 14 қазанында Жетісу облыстық әскери-революциялық комитетінің төрағасы болып тағайындалып, бұл қызметті

[15] Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу: (1916-17-18-19 жылдар) – Қызылорда: Қазмембас., 1927. – 427-б.

[16] ҚР ПА, 139-қ., 1-т., 13«а»-іс, 100-п.

[17] ҚР ОМА, Р-40-қ., 1-т., 87-іс, 174-176-п.

[18] ҚР ПА, 139-қ., 1-т., 266«а»-іс, 4-6-п.

1923 жылдың 18 шілдесіне дейін атқарды[19]. Жетісу облысында жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыру үшін орасан зор көлемде ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді.

Кеңес өкіметінің билігін Жетісу облысының қазақтары тек 1921 жылдың жазынан бастап сезіне бастаған болатын. Осы жылдың соңында Түркістан Республикасы басшылығының нақты іс-шараларының нәтижесінде, Жетісу облысының уездерінде алғаш рет кедейлер комитеттері құрыла бастады. 1921 жылғы Жетісудағы жер-су реформасы өз мақсатына толық жете алмаса да, қазақ халқының кеңес өкіметіне деген сенімін оятты. Кеңес өкіметінің кедейлердің балаларын тегін оқыту жолындағы бастамасы аясында 1922 жылы кейбір қазақ ауылдарында мектептер ашыла бастады.

Қ. Сарымолдаев Жетісу облыстық әскери революциялық комитетінің төрағасы болған уақытта барлық уезд орталықтарында кедей балаларына арналған мектеп-интернаттар ұйымдастырылды. Осы саясат аясында 1923 жылы Жаркент қаласында Н.К. Крупская атындағы мектеп-интернаты ашылады. Осы интернатта Нұрбапа Өмірзақов, Тәліп Мұсақұлов, Иманбек Бидайбеков, Самсалы Қожабеков, Бейсенбек Байұзақов, Мұстафа Ұзақбаев, Нұрқасым Жанаев, Инаш Шорманов, Жұмаділ Кәрібаев, Ақай Нүсіпбеков сияқты және т.б. қазақ балалары оқып-жетіліп, кейіннен мемлекет және қоғам қайраткерлеріне айналды[20].

Жетісу облысын басқаруда іскерлігімен көзге түскен Қ. Сарымолдаев 1923 жылы 12 тамызда Сырдария облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметіне тағайындалып, ТКП облыстық комитеті атқару бюросының мүшесі болып сайланады. 1924 жылы 11 наурызда Қ. Сарымолдаевтың үстінен партиялық-қылмыстық іс қозғалып, тергеу жұмыстары аяқталғанша барлық қызметтерінен уақытша босатылды.

Ал 1924 жылы Хорезм республикасы Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссарының орынбасары қызметін атқарып, Хиуа қаласында тұрақтады[21]. Осы қызметте жүріп, Жөнейт ханның бандасын талқандау операциясына қатысты.

1924 жылдың күзінде Түркістан АКСР-інде ұлттық-территориялық межелеу саясаты жүргізіліп, Сырдария және Жетісу облыстары Қазақ АКСР-і құрамына қосылғаннан кейін, 1924 жылы 28 қыркүйекте өткен РК(б)П Қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің пленумы В. Нанейшвилиді Қыробком мүшелігіне енгізу және М. Путинцев пен И. Каширинді кандидаттан мүшелікке ауыстыру туралы, Қазақстанға қосылған Түркістан партия ұйымынан С. Қожанов, Қ. Күлетов, А. Серғазиев, Ж. Бәрібаев, А. Розыбакиев, П. Ерохиндерді Қыробком құрамына мүшелікке, ал С. Есқараев, И. Тоқтыбаев, Ы. Көшкінов, С. Есоваларды мүшелікке кандидат етіп енгізу туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ, И. Каширин мен А. Оразбаева Қыробком Президиумының мүшелігіне кандидат болып енгізілді. Бұрынғы түркістандық облыстардан Қыробком Президиумының құрамына С. Қожанов, Қ. Күлетов және А. Серғазиев енгізілсе, П. Ерохин

[19] ҚР ОМА, 787-қ., 2-т., 170-іс, 4-а.п.

[20] Шілдебай С. Ақай өмірінің беймәлім беттері // Ана тілі, 2019. - № 49 (1514) 5-11 желтоқсан. – 1, 10-б.

[21] ҚР ОМА, 787-қ., 2-т., 170-іс, 6-а.п.

Президиум мүшелігіне кандидат болып енгізілді[22]. Қ. Сарымолдаев Қазақ АКСР-інің Өзбек КСР-індегі өкілетті өкілі ретінде Ташкентте қалады.

1925 жылы 27 наурызда РК(б)П Қырғыз (қазақ) өлкелік комитетінің бюросы РК(б)П Орталық комитетінің қаулысын орындай отырып, хатшылықтың барлық мүшелерін Қырөлкеком хатшылары деп есептеу туралы қаулы қабылдады. Қаулыға сәйкес В. Нанейшвили – бірінші хатшы, С. Қожанов – екінші хатшы, Н. Ежов – үшінші хатшы болып бекітілді. 1925 жылдың 15-19 сәуірінде Ақмешіт қаласында өткен Қазақ АКСР Кеңестерінің V съезінен кейін Қазақстанда билігі күшейе түскен С. Қожанов тобы В. Нанейшвили 1925 жылдың жазында Мәскеуге кеткеннен кейін толықтай билік жүргізе бастады. Атап айтқанда, С. Қожанов шілде-қыркүйек айларында Қазөлкекомның бірінші хатшысының міндетін атқарды. Дәл осы кезеңде, 1925 жылғы 16 тамызда өткен Қазөлкеком хатшылығының мәжілісінде «жолдас Сарымолдаев туралы» мәселе қаралып, Қ. Сарымолдаевқа Қазөлкекомның қаулысына бағынбағаны үшін сөгіс жариялап, оның тез арада Қазөлкеком қарауына келуін ұсынған шешім шығарды[23]. Біз бұдан, Қ. Сарымолдаев пен С. Қожанов тобының арасындағы 20-жылдардан бері келе жатқан кикілжіңнің салқынын байқаймыз. Бірақ, қайтпас қайсарлығы мен бірбеткейлігі бір басына жететін Қ. Сарымолдаев С. Қожанов Қазақстаннан кеткенге дейін Қазөлкеком қарауына келе қоймады.

1925 жылы 1 қарашада Қ. Сарымолдаев сол кезеңдегі Қазақстанның астанасы Қызылорда қаласына келіп, Қазақ АКСР Халық шаруашылығының орталық кеңесі Президиумының мүшесі ретінде қызметке кірісті. 1926 жылы 28 қаңтарда өткен БК(б)П Қазөлкекомы бюросының мәжілісінде «жолдас Сарымолдаевты Өлкелік комитет аппаратында пайдалану туралы» мәселе қаралғанымен, оны бұдан былай да шаруашылық жұмыстарға пайдалану туралы шешім қабылданады[24]. 1926 жылы 17 маусымда ол Қазақ су шаруашылығы басқармасының бастығы қызметіне тағайындалып, бұл лауазымда Қазақстанға ерекше еңбек сіңірді. Қазақ жерлерін суландыру мен Шардара су қоймасын салу бағытында орасан зор ұйымдастыру жұмыстарын іске асырды.

Қ. Сарымолдаев 1927 жылдың 14 тамызында Қазақ ОАК Президиумы мәжілісінің шешімімен Қазақ АКСР Халық шаруашылығы орталық кеңесінің төрағасы болып тағайындалып[25], бұл қызметті 1928 жылдың 24 сәуіріне дейін атқарды. Қазақстандағы өнеркәсіпті дамыту бағытында көптеген идеяларды баспасөз бетінде тұрақты насихаттай отырып, мақта және кендір шаруашылығын, ұсақ қолөнер мен кен орындарын дамытуға көп күш салды.

Қ. Сарымолдаев 1928 жылдың 2 мамырынан бастап 1931 жылдың 25 қыркүйегіне дейін Қазақ АКСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Орынбасар деген аты болмаса, іс жүзінде осы үш жарым жылдан астам уақыт ішінде ол төраға қызметін үнемі атқарушы ретінде басшылық жасады. 1931 жылы 2 маусымда құрылған Қазақ

---

[22] Шілдебай С. Қазақ АКСР-індегі саяси билік: жеке құрамы және ондағы өзгерістер // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Тарих сериясы, 2010. - № 4 (27). – 43-б.

[23] ҚР ПА, 141-қ., 1-т., 12-іс, 66-п.; 12«б»-іс, 80-п.

[24] Сонда, 486«б»-іс, 36-38-п.; 1039-іс, 32-33-п.

[25] ҚР ОМА, Р-5-қ., 8-т., 8«в»-іс, 2-п.; №14 Мәжіліс хат. Қазақтың Орталық Кеңес Комитеті Президиумының 1927 жылғы 14 тамызда болған мәжілісі. 8-б.

Халық комисарлар кеңесі жанындағы Отырықшыландыру жөніндегі республикалық комитеттің мүшесі болып сайланып[26], көптеген жұмыстар атқарғанын, Қазақстандағы бесжылдықтың жоспарлары мен Қазақстанды электрлендіру[27], Қазақстандағы аудандастыру және аудан орталықтары құрылысы, тұрғын үй құрылысы жұмыстарын жүзеге асыруда оның ерекше үлесі бар екенін айта кеткен ләзім.

Сонымен қатар, 1928 жылы 18 тамызда Қ. Сарымолдаев Бақылау комиссиясы бюросының шешімімен БК(б)П Қазөлкекомының Гурьев округіндегі бай шаруашылықтарын тәркілеу бойынша өкілетті өкілі болып тағайындалса, 18 тамыздан бастап Орал округіндегі өкілетті өкілі болып тағайындалды. Қ. Сарымолдаевтың осы бағытта атқарған қызметі әлі де арнайы зерттеуді қажет етеді. Біздің қолымызда оның осы бағытта атқарған жұмыстарына қатысты құжаттар болмағандықтан, тек қана атап өтуді дұрыс деп есептейміз. Сондай-ақ, 1929 жылы 14 желтоқсанда БК(б)П Қазөлкекомының Бақылау комиссиясы Қ. Сарымолдаевты Орал округтік атқару комитетінің төрағасы қызметіне ұсынды[28]. Бірақ, көп ұзамай, 29 желтоқсанда бұл ұсыныс қайта қаралып, шешімнің күші жойылды[29].

Қ. Сарымолдаев Қазақ АКСР Жер-су халық комиссариатының жанындағы Көшпелі қазақтарды отырықшыландыру жөніндегі комитеттің, кейіннен Қазақ АКСР ХКК жанындағы Отырықшыландыру жөніндегі комитеттің, Еңбек халық комиссариатының жанындағы Өндірісті жергіліктендіру (қазақтандыру) жөніндегі ведомствоаралық комитеттің мүшесі ретінде де қызметтер атқарды.

Қ. Сарымолдаевтың Қазақ АКСР-інде атқарған ең ірі әрі қиын қызметі – Қазақ АКСР Жер-су халық комиссары болған кезеңі. 1931 жылы 28 қыркүйекте Қазөлкеком хатшылығының шешімі бойынша Қ. Сарымолдаев Қазақ АКСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы төрағасының орынбасары қызметінен босатылып, Қазақ АКСР Жер-су халық комиссары болып тағайындалды[30]. Бұл шешім 1 қазанда Қазақ ОАК Коммунистік фракциясының ұсынысы бойынша қаралып, Қазаткомда мақұлданды[31]. Қазақ халқының тең жарымын жайпаған алапат аштық уақытында мал басын сақтап қалу және өсіру, азық-түлік алмастырғыштарын даярлау, егін егу және оны жинау науқандарын жүргізуді басқару оның маңдайына жазылған екен. Солақай саясаттың құрбаны болған халықтың қырылып жатқанын өз көзімен көре жүріп елге қызмет етуден өткен ауыр қасірет болмас сірә...

1918-1919 жылдары Түркістан Республикасында болған алапат ашаршылықты ауыздықтап, жергілікті халықты аштықтан құтқаруға ерен еңбек сіңірген Қ. Сарымолдаев халықты аман алып қалудың бірден-бір жолы – ауылшаруашылығын қалпына келтіру, ұжымдастыру кезінде қырылған мал санын біртіндеп көбейту, егіс көлемін қайта қалпына келтіру екенін жоғарғы

[26] ҚР ПА, 141-қ., 1-т., 5026-іс, 226-п.; ҚР ОМА, 5-қ., 11-т., 213-іс, 176-182-п.
[27] Сонда, 5026«а»-іс, 298-п.
[28] Сонда, 2388 «б»-іс, 179-п.
[29] Сонда, 244-263-п.
[30] Сонда, 5023-іс, 350-п.
[31] ҚР ОМА, Р-5-қ., 11-т., 213-іс, 305-а.п.

басшылыққа ашық жеткізіп, жасаған баяндамалары мен мерзімді басылым беттерінде жариялаған мақалаларында ашық білдірді.

Қ. Сарымолдаев Қазақ АКСР Жер-су халық комиссары қызметін атқарған кезеңде кейіннен ірі қоғам және мемлекет қайраткерлеріне айналған А. Нүсіпбеков, Н. Өмірзақов, М. Бейсебаев сияқты қазақ жастарына ағалық қамқорлық жасады. Мысалы, Жер-су халық комиссариатына қарасты болған Алматы ауылшаруашылық техникумының дайындық бөлімінде үш жыл, негізгі курста үш жыл оқып, 1932 жылдың басында Талғар қаласына көшкен техникумды үздік бітірген А. Нүсіпбековты «техникумды жергіліктендіру» саясаты аясында жалпы жер өңдеу (егіншілік) бойынша оқытушы етіп қалдыруға себепкер болды. Көп ұзамай, Талғар ауылшаруашылық политехникумында оқытушы болып жұмыс істеп жүрген аса дарынды А. Нүсіпбеков 1932 жылы 20 шілдеде БК(б)П Алматы облыстық комитеті мен Қазақ АКСР Жер-су халық комиссариатының шешімі бойынша Талғар ауылшаруашылық политехникумының директоры болып тағайындалды[32]. Ал М. Бейсебаев бұл уақытта Қ. Сарымолдаев басқарған Қазақ АКСР Жер-су халық комиссариатында жауапты қызметтер атқарды.

Қ. Сарымолдаев 1933 жылдың 22 тамызынан[33] 1934 жылдың 12 тамызына дейін, Қазақстанда аштықтың зардаптарын жою кезеңіндегі аса жауапты уақытта Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарды[34]. Осы қызметте жүріп, сол кездегі ШҚО партия комитетінің бірінші хатшысы М.И. Стакунмен тіл табыса алмады. Облыстың өндіріс орындарындағы шаруашылық жұмыстарында кеткен қателіктерді обком басшысы облыстық атқару комитетінің төрағасына жапсырды. Ал Қ. Сарымолдаев болса, өз кезегінде бұл қателіктердің шығу төркініне үңілді. Бұл тартыстың ақыры – 1934 жылдың 1 шілдесінен бастап 1,5 айлық еңбек демалысына[35] шыққан Қ. Сарымолдаевты М.И. Стакунның ешкіммен келіспей қызметінен сырттай алып тастауымен аяқталды[36]. 1934 жылы 11 қыркүйекте М.И. Стакунның бұл шешімі БК(б)П Қазөлкекомы бюросының тарапынан мақұлданып, Қ. Сарымолдаев «кеңестерге өте әлсіз басшылық жасағаны үшін, астық жинау науқанын ұйымдастыру және өткізу ісінде большевиктік жұмыстың болмағаны үшін» партиялық жүйе бойынша қатаң сөгіс беріле отырып қызметінен босатылды[37] және төменгі қызметке ығыстырылды. Сонымен қатар, облыстағы тиісті жұмыстарды дұрыс атқара алмаған М.И. Стакунның өзі де қызметінен алынды[38].

---

[32] Заявление сотрудника обкома ВКП(б) Нусупбекова Акая секретарю Алма-Атинского обкома ВКП(б) тов. Киселеву Андрею Дмитриевичу [15 октября 1934 г.] // Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Жарияланбаған құжаттар мен деректер (1917-1937 жылдар): Хрестоматия. / Құраст.: О.М. Қоңыратбаев, С.Қ. Шілдебай, А.Ә. Жүнісбаев. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010. – 196-197-б.

[33] ҚР ПА, 141-қ., 1-т., 6559-іс, 434-п.

[34] Сонда, 16-т., 1219-іс, 2-п.

[35] Сонда, 1-т., 6606-іс, 477-п.

[36] Сонда, 6631-іс, 47-п.

[37] Сонда, 11542-іс, 28-а.п.

[38] Сонда, 6612-іс, 282-п.

БК(б)П Қазөлкекомы мінезді Қабылбекті Торғай аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметіне жіберді. Ол бұл қызметті 1934 жылдың 23 қазанынан[39] 1936 жылдың 29 наурызына дейін[40] атқарып, ауданның шаруашылығын көтеруге бар күші-жігерін жұмсады. Торғай қазақтарының 1916 жылғы көтерілісін зерттеуге мұрындық болып, Амангелді Иманов туралы тұңғыш Қазақфильм туындысының түсірілуіне себепкер болды.

Қ. Сарымолдаев 1936 жылдың 29 наурызынан 22 қыркүйегіне дейін КСРО Тамақ өнеркәсібі халкоматының Қазақстан бойынша өкілетті өкілінің орынбасары қызметін атқарды. 1936 жылы 22 қыркүйекте осы өкілетті орган Қазақ АКСР Тамақ өнеркәсібі халкоматы болып қайта ұйымдастырылып, ол халық комиссарының бірінші орынбасары қызметіне тағайындалды[41]. Осы қызметті атқарып жүрген ол 1937 жылы 26 маусымда «халық жауы» деген жаламен тұтқындалып[42], 28 маусымда қызметінен алынды[43]. 1938 жылы 25 ақпанда «халық жауы», «жапон тыңшысы» деген жала айыппен ату жазасына кесілді. Ол тек қана 1958 жылы 29 мамырда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті хатшылығының шешімімен партияға қатыстылығы ақталды[44].

Қайраткердің отбасы да қуғын-сүргінге ұшырады. 1937 жылы Дондағы Ростов Теміржол транспорты инженерлері институтын бітірген туған інісі Мүсірепбек Сарымолдаев халық жауының туысы ретінде ұсталып, негізсіз айыптармен 10 жылға сотталып, Воркутаның шахтасында мерзімін өтеп, дімкәс болып елге орналғаннан кейін қайтыс болады. Жұбайы Майнұр «халық жауының» жары ретінде ұсталып, 1938 жылы 10 маусымда еңбекпен түзеу лагеріне 8 жылға кесіледі.

Қабылбек Сарымолдаев – 6-8-сайланған (1918-1919 жж.) Түрікатком мүшесі, 6-сайланған БК(б)П Қазөлкекомы Ревизиялық комиссиясының төрағасы, 7-сайланған БК(б)П Қазөлкекомы мүшелігіне кандидат, 8-ші сайланған БК(б)П Қазөлкекомының мүшесі, 6-8-ші сайланған ҚазОАК мүшесі, 5, 8-ші сайланған Қазақ ХКК мүшесі, КСРО Кеңестерінің I съезіне (1922 ж.) делегат, КСРО ОАК мүшесі (1922 ж.) болып сайланды. Сіңірген еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Қазақстанның XV жылдығы» мерекелік төсбелгісімен марапатталды. Мұның өзі – қайраткердің қарымы мен қабілетіне байланысты жасалған мойындау, оның қайраткерлігі мен тұлғасына берілген баға іспеттес. Біздің осы еңбегіміз – Қ. Сарымолдаевтың тұлғасын ғылыми тұрғыдан тану бағытында жасалған алғашқы жұмыстардың бірі әрі қабылбектануға қосылған сүбелі үлес болар деген сенімдеміз.

Сәбит Шілдебай, Ордалы Қоңыратбаев

[39] Сонда, 11542-іс, 26-п.
[40] Сонда, 10584-іс, 299-п.
[41] Сонда, 23-25-п.
[42] Сонда, 708-қ., 1-т., 32-іс, 188-п.
[43] Сонда, 42-іс, 175-п.
[44] Сонда, 42-іс, 175-п.

КАБУЛБЕК САРЫМУЛДАЕВ – ВИДНЫЙ ОБЩЕСТВЕННЫЙ И ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ

Актуальность изучения деятельности видных деятелей, трудившихся во благо светлого будущего казахского народа в сложный период общественно-политических и социально-экономических преобразований 20-30-х годов XX столетия, историческая оценка их личностей будет сохраняться во все времена. Так как образы исторических личностей, их поучительная жизнь и примерная деятельность имеют особую значимость в деле воспитания подрастающего поколения патриотизму и чувства любви к родине. Именно поэтому, изучение и введение в научный оборот исторического наследия видного общественного и государственного деятеля, публициста Кабулбека Сарымулдаева является одной из важных задач современной историографии.

Кабулбек Сарымулдаев родился 22 февраля 1898 года в ауле №5 (в местности Уйтал) Курагатинской волости Аулиеатинского уезда Сырдарьинской области в семье простого казахского крестьянина[45]. Отец Кабулбека имея небольшое овцеводческое хозяйство, занимался в основном скотоводством, чем старался содержать и прокормить членов своей семьи. Вместе с тем, как человек получивший образование по системе усуль-джадид, занимался также и учительством, охотно обучая начальной грамоте как собственных, так и аульских детей. По достижению надлежащего возраста он отдает их в аульную школу.

В автобиографии, датируемой 8 ноября 1923 года К. Сарымулдаев, вспоминая о том времени, в частности пишет, что в возрасте десяти лет, поступив в двухклассную русско-туземную школу в селении Мерке, ему удается окончить его за один учебный год, освоив двухгодичную программу досрочно[46]. Так как наше исследование основывается на источниках и документах, а также для достоверности указываемых им автобиографических фактов, считаем необходимым обратить внимание на некоторые неточности, допущенные автором. Свидетельство, выданное Меркенским 2-классным русско-туземным училищем от 28 апреля 1912 года удостоверяет, что К. Сарымулдаев заканчивая с отличием обучение по всем предметам выдвигается на награждение почетной грамотой[47]. Из данного документа мы видим, что, во-первых, К. Сарымулдаев учился не в школе, а в Меркенском русско-туземном училище с интернатом. И, во-вторых, дата документа указывает на то, что К. Сарымулдаев поступил на обучение не в десятилетнем возрасте, а в двенадцать или даже в тринадцать лет, следовательно, он мог окончить училище предположительно в четырнадцать лет.

Успешно окончив Меркенское 2-классное русско-туземное училище и освоив при этом русский язык, Кабулбек поступает в Аулиеатинское 4-классное высшее начальное училище, где учится с 1912 по 1914 годы. Обучение оплачивалось из средств казны местной администрации. Поставив себе цель не обременять отца, во время летних каникул он устраивается на подработку, принимает участие в землемерных работах, выполняет поручения разных учреждений, занимается подготовкой учеников младших начальных классов.

[45] НА РУз. Ф.Р-86. Оп.1. Д.1588. Л.18.

[46] Там же. Л.3.

[47] ЦГА РКыр. Ф.И-69. Оп.1. Д.30. Л.109.

После окончания училища, не располагая необходимыми средствами для дальнейшего обучения Кабулбек в течении года помогает отцу в ведении его небольшого хозяйства. В 1915 году устраивается почтальоном в Меркенскую почтово-телеграфную контору[48].

Накануне национально-освободительного восстания 1916 года в числе четырех почтальонов русской национальности командируется в город Верный (ныне город Алматы – авт.), где находится с августа по октябрь. По дороге домой Кабулбек сильно простужается, вследствие чего, по состоянию здоровья вынужден будет оставить работу в почтовой службе. По возвращении сразу же присоединяется к протестующим, выступившим против царского указа о мобилизации. За поддержку повстанцев местная колониальная администрация подвергает жесточайшему гонению отца Кабулбека, лишая его всего имущества и хозяйства. Самого же Кабулбека за оскорбление местного волостного правителя привлекают к судебной ответственности[49].

Как и большинство казахской молодежи Кабулбек Сарымулдаев с восторгом встречает весть о победе Февральской революции 1917 года, активно включившись в политическую работу.

В марте-августе того же года временно исполняет должность секретаря Курагатинского волостного исполкома[50]. Несмотря на отчаянное сопротивление и противодействие сторонников бывшего волостного управителя и контрреволюционных сил ему удается справиться с поставленными перед ним важными задачами.

В мае 1917 года в селении Мерке К. Сарымулдаев вместе с Т. Рыскуловым создают Революционный союз казахской молодежи под названием «Бухара», сыграв тем самым большую роль в деле объединения революционно настроенной казахской молодежи в Аулиеатинском уезде[51]. Данная организация ставит своей целью защитить политические права и социальное положение простого кочевого народа в условиях политической нестабильности переходного периода.

В организацию «Бухара», руководимой Т. Рыскуловым вошли около тридцати человек − казахи, кыргызы и некоторые представители демократически настроенной русской молодежи. В рядах союза были Сыдык Абланов, Ыскак Асимов, Кененбай Бармаков, Максут Джилисбаев, Каримбай Кошмамбетов, Дакиш Мамыров, Жузбай Мангыбаев, братья Жусипали и Ашимжан Нуршановы, русский учитель Андреев, кыргызы Турдалы Токбаев, Алимкул Жумагулов и др.

Организация «Бухара» в некоторой степени отличалась от других политических союзов, возникавших в те годы на территории Туркестана и Казахстана. Это была вполне сформировавшаяся политическая организация, имевшая свой устав и собственную программу, с четким планом действий. По содержанию устава и программы союза можно определить, что члены

[48] НА РУз. Ф.Р-86. Оп.1. Д.1588. Л.3.

[49] НА РУз. Ф.Р-86. Оп.1. Д.1588. Л.3.

[50] АП РК. Ф.141. Оп.1. Ф.11542. Л.20.

[51] Қоңыратбаев О.М. Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметінің күндерегі. – Тараз: Жүсіп Баласағұн атындағы Түркістан өлкесінің тарихын зерттеу орталығы, ТарМПИ баспасы, 2014. – С. 20-21.

организации сознавали характер и значение, политическую нестабильность, социальную противоречивость, вызванные Февральской революции. Осуждая противозаконные действия русских колонизаторов и местных баев-манапов против бедноты и заявляя о защите прав и интересов трудящихся, члены союза открыто обьявляют о своем главном намерении бороться против произвола местных комитетов Временного правительства и русских кулаков.

Тщательно ознакомившись, с принятыми по национальному вопросу программами российских политических партий революционного толка, а также приняв решение, что для казахского народа и других тюркоязычных народов будет целесообразно принятие позиции большевиков, пытаются установить связь с малочисленными большевистскими организациями и вновь организуемыми советами рабочих, солдатских и крестьянских депутатов. Иными словами, молодежная организация «Бухара» стала первой политической школой для К. Сарымулдаева.

2-5 августа 1917 года К. Сарымулдаев принимает участие на I Краевом съезде казахских и киргизских депутатов Туркестанского края, состоявшийся в Ташкенте. На повестке дня съезда, проходившего под председательством М. Тынышпаева было несколько вопросов: политическое положение в России, отношение к Всеказахскому съезду в Оренбурге, вопросы управления Туркестаном, земельный вопрос, проблемы водопользования и переселенцев, народное образование, народный суд, женский вопрос и др. В общей численности было рассмотрено около восемнадцати важнейших вопросов. На съезде было принято важное решение о создании единой общественно-политической организации – «Туркестанский краевой Казах-кыргызский центральный совет» в целях координации и регулирования деятельности казахов и кыргызов и объединения их в единый союз[52].

В апреле-августе 1918 года после избрания членом Аулиеатинского уездного исполкома К. Сарымулдаев продолжает свою деятельность в составе партии эсеров. 20 августа 1918 года вступив в ряды РКП(б), активно участвует в внутрипартийной и агитационно-пропагандистской работе. Вместе с Тураром Рыскуловым участвует в мероприятиях по ликвидации последствий голода в Аулиеатинском уезде. На VI съезде Советов Туркестанской Республики избирается членом ТурЦИК. По его же решению избирается членом коллегии Наркомата продовольствия Туркестана[53] и находится на этой должности до апреля 1919 года[54]. В период нахождения на этой должности принимает участие в подавлении «Осиповского мятежа», во время которого был нанесен серьезный урон рядам первых советских руководителей Туркестанской АССР[55].

Бұл мәселені тиісті мекемелерде қойылып жалпы қалалық жиылыстарда тексеріліп қаралған, кооператив мәжілістері түзелген еді, оның бәрі шорт кескендей тоқтап қалды. Бұл мәселені тиісті жеріне апарып қойғандай қылып, бұл туралы сөйлеуді де қойды.

Міне, ойымша ол тексеру һәм мәжілістерден өнген нәтиже тым аз. Бұл мәселе, әсіресе, жызғытұрғы егіс кампаниясы жақындап алдымызда тұрған кезде, бұрынғыдан да өте керек болып тұр. Сондықтан бұл мәселеге тоқталып һәм кооператив қызметкерлерін бұл тарапында қимылдату өте керек.

Біздің Жетісу облысында екі түрлі кооператив бар, үшіншісі уақ қарыз кооперативі осы күнге шейін түзелмей, жаңадан іске кірісіп жатыр. Бұл кооперациялардың осы күнгі халы көбінесе бұрынғы байлардың сауда мекемелеріне ұқсайды, олардың ауыл-қыстақтары өз қол астында болған бөлімшектері болушы еді. Облыстық кооперация кіндіктерінің орындардағы бөлімшектерімен (ұялары) байланысты, оларға жолбасшылық көрсету, өз пікірін халық арасында түсіндіру, әсіресе, ауыл шаруашылығын тірілту, мал тұқымын жақсылау һәм мал шаруасын көтеру істерінің бірі де жоқ.

«Қосшы» ұйымы мекемесінің жанындағы ауыл шаруашылығы кооперациясының халы мұнан да жаман түрде тұр. Мұнда жаңа көрсетілген жалпы халден басқа жөнсіз істер бар. Піспек уезіндегі ауыл шаруашылық кооперациясы құруға жақын қалыпты. «Қосшы» ұйымының қарамағына көшкен дермен кішкене зауыттар, бақша жерлерін һәм жайылым жерлерді жеке адамдар яки қауым пайдаланса да әртүрлі артельдерге арендаға беріп таратуға тоқтам қылыпты. Бұл артельдегілер қасақана жер өзгерісі құрытып кеткен бұрынғы жуан-жұдырықтардан өзінің «Ақ» саудасын еңбек артелі деген жазудың колхозында жүргізуші һәм басқа осы секілді қара істерді істеуші қаладағы саудагерлерден түзіледі.

Олай болған соң, ауыл шаруашылығы кооперациясының өзі һәм «Қосшы» ұйымының мүшелері қай жұмысты істейді деген сұрау өзінен-өзі-ақ шығады, болмаса олар өз қарамағындағы мүлікпен пайдалануға шамасы келмейтін адамдар шығар. Әрине, олай емес, шамасы келетін адамдар бар. Өйткені, жуан-жұдырықтардың бақша, зауыттарында һәм бөтен орындарда жұмыс қылған осы жалшылар емес пе еді? Сондықтан, іс бұлардың жұмыс қыла алмайтындығынан болмақ емес, кооперация мекемелерінде «іскер» деген адамдардан отырып алып, жұмысты тіпті басқа жаққа қарай істегендігінен және бір жағынан облыстағы кіндік мекемелер тарапынан тиісті жолбасшылық болмағандықтан болған.

Облыстық ауыл шаруашылығының ісі де артықша күйлі емес деп айтуға болады. Жақын арада облыстық ауыл шаруашылық кооперациясы пайда өнетін заттарды уездік ауыл шаруашылығы кооперациясының арасында бөлген еді.

Бірақ, ол бөлуден мынадай тамаша шығыпты: Піспек уезінің сыбағасына тиген кездемені Піспектегі уездік ауыл шаруашылығы кооперациясының өкілі алудың орнына, кооперациямен түк қатынасы жоқ жәй адам алған. Ол адам кездемені Піспекке жеткізудің орнына, жартысын Алматы базарында сатып, қалғанын Балқашқа айырбас қылу үшін жіберіпті. Алматы уезінің сыбағасы да

осы сияқты болған. Соңғы уақытта базарда кездеме бағасы көзге көрінерлік болып түсе бастады. Оған себеп – ауыл шаруашылығы кооперациясының кездемелерін базарға шығарып сатудан болса керек.

Халықты кооперацияға кіргізудің жалпы түрі әлі осындай. Істің бұл түрде қала беруі жарамайды, ұмтылу керек, осы күні «Қосшы» ұйымының ауыл шаруашылығы кооперациясы сауда бөліміне айналып, орындардағы кооперация ұялардың жұмысы тіпті тоқтап қалды.

...[149] үлкен үміт күтіп һәм соның үшін халық комиссарлары кеңесі «Қосшы» ұйымының алдындағы ауыл шаруашылығы кооперациясын басқаларға қоспай жеке қалдыруды дұрыс тапқан.

Кооперация жұмысын жөндеу һәм оның пікірін еңбекшіл халық арасында таратуға мына шараларды қолдануға тиіс деп білем:

1. Ауыл шаруашылығы кооперациясына кооператив қызметкерлерін беріп қайтадан толықтыру керек;
2. Ауыл, қыстақ һәм кішкене қалаларда кооператив ұяларын ашып, халықты кооперацияға қатыстыруға тоқтаусыз кірісу;
3. Облыстық кооперация мекемелерінің қаражатынан бөліп, қарызға беру және ауыл шаруашылығына қарыз беретін банкінің ашылуында оның алдымен сол кооперативтерге жұмсау тиіс;
4. Облыстық кооперация мекемелерінің алдында ең азы 50 адамдық қылып, қысқа уақыттық кооператив курстарын ашу керек;
5. Ортақшыл партияның облыс һәм қалалық комитетінің алдындағы кооператив кеңесіне өз жұмысын суытпай кооператив қызметкерлерімен кеңесін жиі қылып арттыру һәм халықты кооперацияға қатыстыру ісінде анық жолбасшылық көрсетуді ұсынуы керек.

Тілші. – 1923. – 12 апрель. – №31. Араб графикасы.

№63
II Жетісу облыстық съезінде қабылданған қарарлар туралы «Совет съезінің қорытындысы» мақаласы

Екінші областной съезд болып өтті, бұл съездің өтуімен Жетісу топырағында совет қанунына тұры кеңселері түзілді. Көптен берлі төңкеріс жолымен келген Жетісу, оның кедей, жұмыскерлері өз тұрмыстарын совет, исполкомдар арқылы түзетуге кірісті. Орындарда һәм облыста өткен сайлауларда Жетісу кедейлері өздерінің коммунист партиясы мен байланысқанын ашық көрсетіп өтті. Сайлағандарының көбісі партия мүшелері деуге болады.

Съезде қойылған мәселелер халықтың ең кезекті тұрған істері еді, уездердегі қойылған мәселелер облыстық съездерде болды. Бұл істерді қарағанда орындардан келген жолдастар ашық көзбен қарап, халық тұрмысына лайықты қарарлар шығарып кетті.

Съездің ең зор көңіл берген мәселесі шаруаны түзеу болды. Жетісу шаруасын алғанда, бұл мынадай қаралды: жерге орнықтыру, жер төңкерісінің

[149] Сөйлемнің басы газет сапасының нашарлығына байланысты оқылмады.

жемісін мықтау, мал шаруасын көбейту һәм жақсылау, егін айдауды жақсы жолға қою. Съездің екінші көңіл тоқтатқан ісі халық ағарту, налог ісін түзеу, советтер тұрмысын жұртқа лайықтау һәм басқалар.

Бұлар туралы шығарылған қаулылар: Жетісу дикән, шаруа жасаған һәм жасайтын жер. Жер мәселесі жақсы шешілсе, дикәншылықта жақсы шешіледі. Жер мәселесі керекті болғандықтан, жерге орнықтыру ісіне жақсы қарап, қаражат, жәрдемнен аянбауды бұйырды. Елдің өзі жерге орнықтыруды қалап, барлық қаражатын мойнына алса, орнықтыру жұмысын биылғы жылы планға кірмеген уездерде де жүргізуді лайық тапты.

Жер төңкерісі жемісін мықтау мәселесінде, жаңа шаруа саясатымен өзінше пайдаланып жер төңкерісін жоқ қыламыз деп жүрген бай, манап, жуан-жұдырық, орташылдар, олардың жақтаушылармен аянбай, олардың тұқымын жоғалтуды қатты бұйырып отыр.

Жер төңкерісінде орнықтырылған, орнықтырылмақшы болғандарды салықтан құтқару керектігін жаңа атқару комитетіне бұйырды. Мал шаруасын өсіру үшін мал налогынан құтқару, бұйрықсыз алау міну тоқтатылсын, бағатын жерлер тездікте белгіленсе деді.

Халық ағарту жұмысы ең үлкен мәселе деп, 1) Көшпелі халық ішіне болыс басына бір мектеп, уезд басына бір жеті жылдық мектеп ашуды, Алматыдағы қ-қ. Институтын 100 баладан 350 балаға шейін көбейтуді, биыл Жетісудан ең азында 50 баланы үлкен қалалардағы жоғары мектептерге жіберіп оқытуды істің зоры деп тапты. Бұлардың бәріне шығын керек, сондықтан съезд халық арасынан қаражат жинауға бұйырды.

Налог ісінің түзелмегенін көрсетіп жарамсыз адамдардан тазалап кедей табынан қоюды да ескертті. Азық-түлік налогының биылғы халы ақшаға айналуын өтініп өтті.

Совет кеңселерін жақсылап түзеу мәселесіне келгенде, облыстық төңкеріс комитетінің шығарған жолын істі біліп, сол жобаны тездікте жүзеге шығаруға тірісуді мақұл тапты. Ол жол бойынша кеңсе һәм оның қызметкерлері азайтылмақшы. Олардың шығынын ең керекті ағарту жұмысына жұмсалмақ.

Съезд, айтарын айтып кетті. Бұларды іс жүзінде шығару облыс һәм уезде бас болып отырғандардың мойнында. Съездің шығарған тоқтамдарына лайықтап, тездікпен іс жүзіне жүргізуге тырыспақ керек.

Тілші. – 1923. – 20 апрель. – №33. Араб графикасы.

№64
Мерекенің тарихы мен маңызына арналған «1-май»[150] мақаласы

Құрамалы совет үкіметінің еңбекшілері бүгін өздерінің бостандық мейрамын мейрамдап отыр. Мінекей, 6-ншы жыл Май мейрамы бостандық таңында қарсы алынады.

Үкімет байлардың қолында болған жердегі еңбекшілер 1-нші Майды біздей қуанып қарсы ала алмайды.

1-нші Май байлардың берген мейрамы емес, еңбекшілердің өз күштерімен алған мейрамдары. Бірінші Май 1889-ншы жылдан бері мейрам болып келеді. 1889-ншы жылдағы съезде Бірінші Май мейрамының басы басталған. Бірінші бір жағынан мейрам болған, екінші жағынан байлардың ісіне қарсы күш көрсету болған еді. Сол күннен бері қарай әр жылы мейрам қылынады. Құрамалы Совет үкіметінің еңбекшілері міні 6 жыл енді мейрамдайды.

Биылғы мейрамның кезінде әлемнің ақуалын алғанда, әуелгіден көп қанағаттанарлықтай істер көреміз.

Еңбекшілердің күйзелген шаруалары да жөнделейін деп отыр. Сыртқы бай үкіметтер бұрынғы зорлықпен сөйлесуін қойып, ынтымақ сөзбен сөйлесуді сұранып отыр. Сауда жұмыстары болса, сыртқы үкіметтердің көбімен бұл іс жақсы қойылды.

Ескі Ресей жерінен дұшпанның бәрі қуылып, ақырғы аяқ тіреген Владивосток қаласы да Совет қолына кіріп отыр.

Бөтен елдің еңбекшілері байлар қысымында болғанымен күш жинап, бостандыққа шығуға үміттеніп отыр. Олардың тез уақытта қатарға қосылуына көзіміз жете алады.

Ендігі Май мейрамында жер жүзі еңбекшілерінің бірігіп отырып бостандықпен мейрамдауына тілектеспіз.

Жасасын еңбекшілер бастығы жолдас Ленин!

Жасасын Бірінші Май – еңбек бостандығының мейрамы!

Тілші. – 1923. –1 май. – №35. Араб графикасы.

---

[150] 1-май – Еңбекшілердің ынтымақтастығы күні ретінде 1889 жылдың шілдесінен атап өтіле басталды. 1886 ж. 1 мамырында АҚШ-тың жұмысшылары 15-сағаттық жұмыс күніне қарсы ереуіл ұйымдастырып, зауыт басшыларынан жұмыс күнін 8 сағат деп белгілеуді талап еткен. 1889 ж. маусымында Париждегі II Интернационалдың I Конгресі 1 мамырды - 8 сағаттық жұмыс күні үшін Халықаралық күрес күні немесе Еңбекшілердің халықаралық ынтымақтастық күні деп атау туралы шешім шығарды. Ресей империясында бұл мейрам 1890 ж. жұмысшылардың ереуілге шығуы ретінде аталып өткен. Бір жылдан кейін Петербург қаласында бірінші «маевка» ұйымдастырылды. 1897 жылдан бастап «маевкалар» саяси сипатқа ие болып, жаппай демонстрациялармен қатар өтті. 1917 ж. 1 мамырында бұл мереке алғаш рет ашық тойланды.

№65
Қазақ өнеркәсібінің тарихы мен күйіне, даму жолдарына арналған «Қазақстанның өнерлі кәсібін, келешекте оны көркейту жолдары» мақаласы

Жаратылыс байлығы мол болса да, патша үкіметі тұсында Қазақстанда өнерлі кәсіп кем болды. Жиянгер мемлекеттің қайсысы болса да, өзінің отарына ірі өнерлі кәсіп орнатпай, тек отардың шикі байлығынан пайдаланады, отарды өзіндегі өнерлі кәсіпке қор қылып ұстайды. Ресейдің патша үкіметінде де осы саясат болды. Рас бұл саясат үкіметтің өзіне бір жағынан зиян келтіреді. Зауыт-фабрика орнап айқыс-ұйқыс темір жол жүргізілмеген соң, шикі байлықтың өзін пайдалануда қиынға соқты. Бірақ бұл құлықтық патша үкіметі үшін саясат жөнінен маңызы зор еді. Өнерлі кәсібі күшейтіп шаруа жөнінен алға бастаған елдің саясаттық санасы кем болды, ескі рулық тұрмысынан тез аралып мәдениетке жетісе алмады.

Бірақ тұрмыс кей жерлерде дегенін істеді, теріс саясатты бұзып, жарып кетті. Шектегі елдерде, соның ішінде Қазақстанда күнбе күнге тұрмыста керек былғары, мата, май зауыттары, дермен сияқты өнерлі кәсіп туа бастады.

Патша үкіметі шарасыздан, өзіне керек болған соң тұз, алтын сияқты кендерді шығарып пайдаға асыра бастады. Тұзтөбе тұзы XVIII ғасырдан бері шығарылып келеді. Қазақ даласы патша үкіметіне әбден бағынғаннан кейін ел ішіне ірі кәсіпті байлар шығып жоғарыда айтылған кәсіптермен қатар алтын (Қыжал, Алтай алтыны), тас көмір (Екібас, Бершүгір) мыс, қола (Атбасар, Ридер) сияқты кендерді пайдаға асыра бастады. Тұра бара қазақтың кен байлығына орыс түгіл, шет елдердің байлары көз сала бастады. Ағылшындар Спастағы мыс кендерін, Екібастағы тас көмірін кендерін жалға алады.

Жиянгерлер соғысына дейін Қазақстанның өнерлі кәсібінің өсуі

Ауыл шаруасының ұлы бұйымын өнерлейтін өнерлі кәсіп соғыстың алдындағы жылдарда көбейсе де, жоғарыда айтылған саясаттың салдарынан ірейіп ұлғайып кете алмады. Әр жерде бір кешкене-кішкене зауыт болып қала берді. Тек былғары кәсібі ғана едәуір ұлғайды.

Түркістанның қосылған облыстарды қоспағанда 1913 жылы Қазақстандағы жалпы өнерлі кәсіптің өнімі 20 миллион еді.

Оның 10 миллион сомы кен кәсібінікі, 6 миллион сомы балық кәсібінікі, 1 миллион сомнан артығырақ былғары кәсібінікі.

Қазақстанның өнерлі кәсібінің күшеюі жиянгерлер соғысының әсері

Солдатқа былғары, шекпен керек болғандықтан, ішкі Ресейдегі былғары, шекпен істейтін зауыттардағы жұмыскерлер соғысқа алынып кеткендіктен, соғыс кезінде Қазақстанның былғары кәсібі соғыстан бұрынғы уақытқа қарағанда 4 есе шекпен, мата кәсібі 2 есе өсті, сол кезде Қазақстанның өнерлі кәсібіне шет мемлекеттердің сомасы көбірек араласып Қазақстанның кен кәсібі де (Екібас, Риддер, Атбасар кені) күшейіп ірі-ірі кен зауыттары орнатылды. Бірақ жиянгерлер соғысы кейбір өнерлі кәсіпті күшейтсе де, базардың кемуінен кей кәсіптің нашарлануына себеп болды. Соғыстың кесірінен балық, май кәсібі ақсап қалды.

Қазақстанның өнерлі кәсібіне төңкерістің ел соғысының әсері

Соғыстан соңғы шаруаның бөліншілігі Қазақстанның өнерлі кәсібінен оңай тиген жоқ. Ел соғысымен 1921-1922 жылдың аштығында өнерлі кәсіп мүлде тоқтатып қалды. Бірен-саран жүріп тұрған кәсіп орындары болса да, олардың келтірген пайдасы аз болды.

Өнерлі кәсіптің қайтадан көтеріле бастауы, онан кейін күшеюі

Партияның дұрыс жолы арқасында шығарылған жаңа ұйым саясаты Қазақстанның өнерлі кәсібінің күшеюіне де зор себеп болды. 1922-1923 жылдан бастап Қазақстанның өнерлі кәсібі қайтадан күшеюге пен алды, сонан бері жыл сайын алға басып келеді. Өнерлі кәсіптің жалпы өнімі, соғыстан бұрынғы ақшаның құнымен есептегенде 1922-1923 жылы 5 миллион 269 мың сомдық, 1923-1924 жылы 5 миллион 855 мың сомдық болып 1922-1923 жылдағыдан 600 мың сом артты, 1924-1925 жылы 8 миллион сомдық болып, өткен жылдағыдан 70 процент артты. 1925-1926 жылдың жоспары бойынша Түркістаннан қосылған губернияларды қоса есептегенде өнерлі кәсіптің өнімі соғыстан бұрынғы ақшаның құны мен 11 миллион 707 мың сомдық болмақ.

Орта Азиядағы ұлттардың шегі айрылғаннан кейін Қазақстанның өнерлі кәсібі бұрынғысынан күшейді. Қазақстанға бұрынғы Түркістан республикасынан бірсыпыра зауыт-фабрикалар басқа кәсіп орындары қосылды. Оның ішінде Сантонин дәрісін істейтін зауыт (бүкіл жер жүзіне әлем) 1925-1926 жылдың жоспарынша 780 мың сомдық өнім шығармақ, сексеуіл (отын) кәсібі 1 миллион сомдық, мата фабриктері 600 мың сомдық. Арақ-ішімдік зауыттары 1 миллион 200 мың сомдық өнім бермек. Мұнан басқа мақта-темекі зауыттары сияқты ұсақ кәсіп орындары қосылды.

Қазақстанның өнерлі кәсібі үшке бөлінеді: одақтық өнерлі кәсіп, өлкелік өнерлі кәсіп, жергілікті өнерлі кәсіп. Ембінефть (Ембі мұнай), Алтай, Атбасар метал кендері сияқты ірі өнерлі кәсіп кеңестер одағының қарауында. Оның ішінде Ембінефть жылына соғыстан бұрынғы ақшаның құны мен 6 миллион 14 мың сомдық мұнайы заты өндіреді.

Қазақстанның халық шаруашылығының орталық кеңестер қарайтын өнерлі кәсіптердің көрнектілері, көріне күшейіп келе жатқандары: былғары, тұз, алтын-мата, балық кәсіптері. Мұның ішінде балық, мата, алтын кәсіптерінің өнімі соғыстан бұрынғы пардадан[151] артып кетті.

Өлкелік өнерлі кәсіптің күйі

Қазақстанның халық шаруашылығының орталық кеңесіне мынадай кәсіп орындары қарайды:

1) **Былғары кәсібі** – Қызылжардың былғары кәсібі тресті капиталы – 565 700 сом, оның ішінде негізгі капиталы – 274 800 сом, кәсіп (оборот) капиталы – 290 900 сом, негізгі капиталы аздық қылады. Кәсіп орындарындағы сайман-жабдықтың 60 проценті тозған. Тиісті шаралар қолданылып жөндетілмесе, 3-4 жылдан кейін жұмысқа жарайтын емес сол сияқты кәсіп (оборот) сомасы да аз. Трестің обороты 2 миллион сом болғанда, кәсіп капиталы

[151] «Шамадан» мағынасында.

200 мың сом-ақ, сол уақытта 200 мың сомның жылына 8 рет аударыстырылуы керек. Бұл өте қиынға соғады. Кәсіпке зиян келтіреді.

2) **Мата тоқыма кәсібі** – Алматыдағы «Пропентерн» атындағы мауыт (шұға) фабрика. Негізгі капиталы – 383 300 сом, кәсіп (оборот) капиталы – 120 600 сом. Фабрика 1910 жылы салынған. Сонан бері негізгі капиталы жаңғыртылмаған. Әуелі баста фабрика салынғанда жылына 226 мың аршын мауыт (шұға) шығаруға ұйғарылған екен. Бірақ негізгі капиталы кеміп, сайман-жабдығы тозған соң, өнімі де кеміп жылына тек 190 мың аршын шығаратын болған. Фабриканың кәсіп (оборот) капиталы 130 мың сом есептелсе де, бірақ іс жүзінде кем болуы мүмкін. Өйткені бұл капитал бұрынғы облыстық сауда мекемесінің (Кироблторг) таласы естерінде. Оның үстіне бұл капитал фабриканың 600 мың сом жылдық оборотына өте аздық қылады.

3) **Балық кәсібі** – Балық кәсібінің басында екі трест бар. Қазрыба (Қазақстанның балық тресі) Каспий теңізінің жағалауындағы балық кәсібін басқарады. Аралрыба (Арал теңізінің балық тресті) – Арал теңізіндегі балық кәсібін басқарады. Қазақстанның балық трестінің (Қазрыбаның) капиталы – 787 187 сом. Оның ішінде: негізгі капитал 656 715 сом, кәсіп (оборот) капиталы – 130 442 сом. 1924 жылдың аяғында Каспий теңізінде болған үлкен дауыл трестінің негізгі капиталына үлкен (180 мың сом) зиян келтіреді. Төңкеріс кезінде оның негізгі капиталы жаңартылмады, осы күні мүлде ескіріп тозған. Қазақстанның халық комиссарларының кеңесі 92 мың сом, орталық 200 мың сом бергеннен кейін кәсіп капиталы (оборот суммасы) 122 442 сом болды, Қазақстанның балық трестінің (Қазрыбаның) теңіз жағалауындағы пайдаланатын кәсіп орындарында Еділ, Каспий мемлекеттің балық трестінің қазақ жағалауындағы кәсіп орындары бағалырақ. Күшті балық кәсібі трестін жасау үшін бұл кәсіп орындарын бір кәсіп трестіне қарауына керек. Каспий жағалауында ұсталатын балық соғыстан бұрынғы мөлшерден 24 проценттей.

Аралрыба – (Арал теңізінің балық тресті) жаңа ұйым капиталы – 171 743 сом. Оның ішінде негізгі капиталы – 40 298 сом, оборот (кәсіп) капиталы – 131 445 сом. 1925-1926 жылдың жоспары бойынша трестің өнімі соғыстан бұрынғының 13 проценттей-ақ болмақ. Кәсіптің негізі – балық аулайтын ел, ел соғысы кезінде шаруасы күйзеліп басқа аудандарға көшіп кеткен. Қазақстанның балық кәсіп күшейту, балық аулайтын елдің бұрынғы қалпына келуіне байлаулы. Балық кәсібінің күшеюіне негізгі кедергі – ақшаның кемдігі.

4) **Тұз кәсібі** – екі трест – Тұзтөбенің тұз тресті (Елецкийсоль) мен Керекудің тұз тресті (Павлодарсоль) басқарады. Қазақ жеріндегі мол кеннің бірі – тұз. Қазақ жерінде әлде неше жүз миллиард пут тұз болса, соның жылына 8 миллион путтайы шығарылады. Сонда да қазіргі тұз шығару соғыстан бұрынғы пардадан артып отыр. Тұз кендерінің бастылары: Тұзтөбе, кереку, Қазабұғаз тұз кендері.

Бұл екі тұз трестінің бір шамалы електірленіп машина-тетік жабдығы дұрыстағаны – Тұзтөбенің тұз тресті. Бірақ екеуінің де қаржысы өте көп.

5) **Алтын шығару кәсібі** – 3 трест: Алтай-Золото (Алтай тресті), Ақжалзолото (Ақжал тресті), Қаззапзолото (Қазақстанның батыс алтын кәсібінің тресті) басқарады. Әуелгі екеуі халық шаруашылығының орталық кеңесінің қарары бойынша біріктіріліп бір трест болып «Ақжалзолото» (Ақжалдың алтын кәсібінің тресті) аталады. Жышғара-Айдарлы, Бозбие алтын кендері әзірге Орал

золотоның (оралдың алтын кәсібі трестінің) қарауында. Бұл алтын кендері Қазақстанның батыстық алтын кәсібінің трестіне қарату туралы Қазақстан үкіметі туындап жатыр. Соғыстан бұрын Қазақстанда жылына 97 пут алтын шығарылатын еді. 1925-1926 жылдың жоспары бойынша 50 пут шығаруға ұйғарылды. Бұл – соғыстан бұрынғы параның 51 процент.

Бұл трестінің негізгі капиталы, оборот (кәсіп) капиталы өте кем. Жұмыстың бірсыпырасы алтын шығару жұмысына пайдашыларды тарту бірсыпырасы шаруашылық жолымен үкіметтің қарауымен жүргізіледі. Халық шаруашылығының орталық кеңесі зерттеу жүргізіп алтынның қорын шамалағаннан кейін жұмысты 1926-1927 жылдан қалдырмай үкімет басқарумен (шаруашылық жолымен) жүргізуге ұйғарады.

6) **Сантонин зауыты** – Сантонин зауыты Шымкентте. Бүкіл жер жүзінде сібітбар (дермене) деген жусаннан сантонин деген қымбатты дәру даярлайтын зауыт осы. Сібітбар жусаны Сырдария губерниясында өседі. Сондықтан бұл зауыттың бүкіл жер жүзіне маңызы зор. Бұл кәсіпті басқаратын трестің капиталы (сомасы, мүлкі) 835 мың сом, оның ішінде: негізгі капиталы – 315 мың сом, оборот (кәсіп) капиталы – 520 мың сом, негізгі капиталдың (мүліктің, жабдықтың) 20 проценті тозған. Кәсіп капиталының көбі мүлік бола тұрса да, жұмыстың тәртіптілігінен, кәсіп жұмысы онша көп қаржы керек қылмайтындықтан трестің жұмысы бір жөн жақсы. Зауыттың қасында морфий деген дәріні даярлайтын кәсіби орны да құрылады.

7) **Отын кәсібі** – Қазақстанның сексеуіл кәсібінің тресті (Қазсаксаул трест) басқарады. Капиталы (сомасы мүлкі) – 358 мың сом, оның ішінде: негізгі капитал – 258 мың сом, оборот (кәсіп) капиталы – 100 мың сом, трестің дайындайтын отыны сексеуіл. Сексеуіл басқа отындардан көріне артық, отынға пайдалы ағаш. Сексеуіл жай пеш түгіл машинаға жағуға да жарайды. 1918-1920 жылдары Түркістан Республикасында поездар сексеуіл мен жүргізілді. Сексеуіл Орта Азия жағдайында қызулы, үнемді, пайдалы арзан отын.

8) **Спирт-ішімдік кәсібі** – Қазақстанның спирт-ішімдік тресті (Қазспирттрест) басқарады. Капиталы – 280 100 сом, оның ішінде негізгі капиталы – 226 600 сом, оборот капиталы – 53 500 сом. Бұл трестке Жетісу губерниясындағы 3 спирт зауыты, Алматы мен Әулиеатада 2 арақ-ішімдік зауыты қарайды. Әулиеатадағы зауыт күн тәулігіне 600 шелек арақ-ішімдік шығарады. Трестің негізгі капиталының 30 проценті тозған. Жылдық өнімі (оборот) 1 210 000 сом болып тұрғанда 53 500 сом оборот капиталы өте аздық қылады. Оборот капиталының кемдігінен жұмыс кейде тоқтап-тоқтап қалады.

Губерниялық (жергілікті) өнерлі кәсіптің күйі

Түрліше ұсақ кәсіп орындарын сөз қылмағанда, губерниялық өнерлі кәсіптің түрі де өлкелік өнерлі кәсіптей. Губерниялық өнерлі кәсіптің басқаша түрлерінің ішінде бастылары, келешекте күшеюге бет алғандары: Жетісуда темекі кәсібі, Семей мен Ақмола губернияларында май кәсібі. Губерниялық (жергілікті) өнерлі кәсіптің капиталы – 4 миллион сом. Оның ішінде: негізгі капиталы – 2 миллион сом, оборот капиталы – 2 миллион сом.

Қазақстанның дермендерін жер ыңғайына қарай жергілікті шаруашылық бөлімдері басқарады.

Қазақстанның өнерлі кәсібінің қаржы жайы туралы жалпы қорытынды

Қазақстанның өнерлі кәсібі алға басып келе жатса да, бір үлкен кемшілігі кәсіп (оборот) қаржысының аздығы. 1924 жылдың 1-октябріндегі есеп бойынша өнерлі кәсіптің жалпы қаржысының 47 проценті қарыз екен. Бұл күйде алға басу түгіл қазіргі пардадан кейін кетіп қалу да мүмкін. Өнерлі кәсіптің негізгі капиталына да, кәсіп (оборот) капиталына да жәрдем керек. Бұл айтылғанды дәлелдеу үшін өнерлі кәсіптің әр тарауының кәсіп (оборот) капиталын жылдық оборотына (кәсібіне) салыстырып қарайық: Былғары-тері кәсібінің оборот капиталы 512 мың сом, 1925-26 жылдың зауытқа керек шикі бұйымдары 2 825 417 сомға түскен. Сонда оборот капиталы жылына 5½ рет аударылыстырылу керек.

Жүн кәсібінің оборот капиталы 139 400 сом, шикі бұйымдардың өзіне түсуі – 590 446 сом. Оборот капиталы 4¼ рет аударылыстырылады.

Орман кәсібінің оборот капиталы – 234 270 сом, шикі бұйымдардың өзіне түсуі – 1 407 758 сом, оборот капиталдың айналуы 6 рет. Тұз кәсібінің оборот капиталы – 279 500 сом, шикі бұйымдардың өзіне түсуі – 952 409 сом, оборот капиталының айналуы 3½ рет. Алтын кәсібіндегі оборот капиталы 86 900 сом, шикі бұйымдардың өзіне түсуі – 820 769 сом, оборот капиталының аударыстырылуы 9½ рет. Дұрысында оборот капиталы тек 2-3 рет аударылыстырылу керек.

Бұл күйде өнерлі кәсіп шарасыз қарыз алып тұрмақ, қарыз болмаса кәсіп нашарламақ, я мүлде тоқтап қалмақ.

Қазақстанның өнерлі кәсібін күшейтудің алдағы мақсаттары

Өнерлі кәсіпті күшейткенде, өнерлі кәсіпті ауыл шаруасының өнімін, әсіресе мал шаруасының өнімін өнерлегендей қылып күшейту Қазақстанның кен байлықтарын пайдаға асыру жұмысы күшейту, кәсіптің бірыңғайлас тарауларын күшейту, халық шаруашылығының орталық кеңесін ұсақ кәсіптерден арылдыру туралы V Қазақстандық партия конференциясы мен Қазақстанның өлкелік партия комитетінің қарарларын негізге алып Қазақстанның халық шаруашылығының орталық кеңес өнерлі кәсіпті күшейту жөнінде мынадай мақсаттарды ұстайды:

Өнерлі кәсіптің күшейтуіне дерек болғандай жағдайлар, байлығы есепке алынбаған, жалпы одақтық, оның ішінде Қазақстанның халық шаруашылығы мен байлама жоқ ауданда өнерлі кәсіпте, сол сияқты капитал дәуірінде тұрған елмен байланыстырылып құрылмаған өнерлі кәсіпті күшейту жолдары, әдістерін негізінен өзгертіп тәртіпке салу. Жоғарыда айтылған жағдайларды бір-бірімен байланыстыру керек. Бұл мәселені шешерде Қазақстанды шаруа, кәсіп ыңғайына қарай, өнерлі кәсіпті күшейтуге бейімдеп аудандау мәселесі көтеріледі. Бұл мәселе қиын болса да, оны шешусіз қалдыра алмаймыз. Әрқайсысы өз губерниясының қаржысын молайтуды көздеп губернияның өзінің өнерлі кәсібін күшейтуді жақтайтын пікірлер бар. Бірақ бұл пікірлер жоғарыда айтылған жалпы жайдайға, жалпы мақсатқа үйлеспейді. Сондықтан мұндай пікірді жою керек.

Жасалып жатқан өнерлі кәсіпті бүкіл халық шаруашылығын күшейтудің 5 жылдық жоспарына негізделіп қазіргі қолда бар өнерлі кәсіпті күшейтуді алмай,

өнерлі кәсіпті тәртіппен бүкіл шаруашылықпен үйлестіріп күшейтуді негізге алу керек.

Қазіргі қолда бар өнерлі кәсіпке қаржы салғаннан тек өзі аз қаржы сұрайды. Онан мемлекет қаржыны бір ауданға салып өнерлі кәсіпті бір қолдан басқарғандағыдай пайда көре алмайды.

Қазақстанның байлық қорын негізгі алғанда халық шаруашылығы кеңесінің ұстаған кезекті мақсаты – Қазақстанның жалпы шаруашылығына байланысы бар мынадай өнерлі кәсіптері күшейту: 1) Былғары-аң терісі кәсібін; 2) Жүн-жабағы кәсібі; 3) Май кәсібі; 4) Сабын кәсібі; 5) Кен кәсібін Қазақстанда со шамамен айтқанда жыл сайын 900 мың ірі тері, 4 миллион ұсақ тері өнім тұруы былғары кәсібінің күшейтуді керек қылады. Бұл шамадан келетін жұмыс. Қазақстан базарының қазіргі жағдайында былғары кәсібінің өнімін толық өткізіп тұруға болады. 1916 жылы Қазақстанның былғары зауыттары 429 мың былғары шығарады. Қазіргі уақытта былғары кәсібі көңілдегідей емес. Қазақстандағы жүріп тұрған 6 былғары зауытты, 2 сеңсең зауыты осы кезде жылына 165 мың ірі, 135 мың ұсақ былғары, сеңсек шығарады. Мұнан басқа жылына 45 мың былғары сеңсең шығарғандай 4 зауыт қаржы, жоқтықтан тоқтап тұр.

Былғары кәсібін күшейткенде алдымен тоқтап тұрған зауыттарды жүргізіп, жоғарыда айтылған негізбен Қазақстанның түрлі аудандарына жаңадан былғары зауыттарын ашып былғары кәсібін жылына 550 мың ірі 700 мың ұсақ былғары сеңсең шығарғандай қылу керек. Сонда Қазақстаннан шығатын тері-терсектің 45 проценті өз зауыттарымыздан өтіп ішкі базардың керегінің 70 процентін зауыттарымыз жетістіреді.

Қазақстанның жүн-жабағы байлығы жылына 10 миллион аршин мауыт (шұға) істеп шығаруға толық жетеді. Алматыдағы жалғыз мауыт фабрика жылына 190 мың аршин мауыт шығару мен елдің керегін жетістіре алмайды. Сондықтан бұл фабрикті күшейтіп алғашқы кезде жылына 300 мың аршин мауыт шығарғандай қылып өнім үстіне жаңадан мауыт фабригін ашу керек, фабриктердің тек қатаң мауыт шығармай биязы мауытта шығаруы керек. Сондықтан фабриктер қатаң мауыт пен қатар биязы мауытта істеп шығарғандай болсын. Биязы мауытта биязы жүн жетістіруді Қазақстанның мал шаруасын көркейту жұмысын тиісті ұйымдардың қатты ескеруі керек.

Қазақстанның пайдалы кендері көп. Соманың[152], қолайлы жол қатынасының болмауынан, ол кендер жөнді пайдаға асырылмай жатыр. Бұл кендер әлде неше жүз миллиард путтап есептеледі, алдағы үлкен мақсаттарымыздың бірі – кен кәсібін күшейтуге жағдайлар тудыру.

Осы мақсаттар толық орындалуы керек.

Қызыл Қазақстан. – 1925. – №11-12. – 22-30-б. Араб графикасы.

[152] Бұл жерде қаржы-қаражат мағынасында қолданылып тұр.

№66
Егістік жерлерді сумен қамтамасыз ету жөніндегі «Қазақстан су шаруашылығының қазіргі және келешектегі өркендеу жайы»[153] мақаласы

Қазақстан республикасының жері егіншілік шаруасын жүргізу ретінде екіге бөлінеді: бірі – егінді қолмен суаратын жерлер, екіншісі – жаңбыр сумен ғана пайдаланып отыратын жерлер. Жаңбыр сумен ғана пайдаланып отыратын аудандардың ішінде су шаруашылығын жүргізетін жерлер көп. Бірақ бұл жерлерде көзге түсерлік іс істеле қойған жоқ. Себебі: Қазақстан су шаруашылық мекемесінің құрылғанына 2-нші жыл. Бізден аз уақыттың ішінде Қазақстанның көп жерін меңгеріп кетуге болмай жатыр. Келешекте бұл жерлерде су шаруашылығының жүргізілуі пайдасы жалғыз егін шаруасына керек емес, мал өсіру, әсіресе, өндіріс кәсіп орындарына өң беретін қой өсіру шаруаларына да керек (өте мал өріс жайлы су жоқ жерлерден құдық қазу). Мұндай кезегі келіп тұрған пайдалы істен Қазақстан су шаруашылық мекемесі тартынып қалмақ емес. Бірақ, қазіргі бесжылдық ісінің планын Жетісу губернияларына ғана арнап жасап отыр. Бұл аудандарда жалғыз су шаруашылық ісін жүргізу емес, мақта шаруашылығын да жүргізбек. Әрине, мақта шаруасы көңілдегідей болып жүргізіліп кетсе, онан қазақ еліне әкелетін пайда үшін теңіз. Пайдасыз жатқан жерлер іске жарап, жерге орналастыру жұмысына да көп жеңілдік береді. Жері аз, жерсіз жүрген диқандар жерге де молығады. Өнімі мол, пайдасы зор шаруа жүрсе, келешекте шаруасының күшеюі сөзсіз. Бұл жұмыс ерте уақыттан бері Орта Азиялық су шаруашылық мекемесі мен біздің Қазақстан су шаруашылық мекемелерінде зерттелініп, керекті мағлұматтар болса жиналып келе жатқан жұмыс. 1915-нші жылғы есепте осы 3 губерниядағы арық жүргізілген егіске қолайлы жердің жалпы саны 1 230 000 десятина еді. Оның қазіргі уақытта пайдаға асып отырғаны 50 000 десятина (жүзден 41 ғана). Бұлардан басқа мақта егуге қолайлы Сырдария губерниясы «Мырзашөлде» 309 мың, «Шардарада» 300 мың, «Отырарда» 300 мың, «Құркелесте» 154 мың десятина жер бар. Барлығы 1 054 000 десятина және Сырдарияның төменгі жағында 2 800 000 десятина жер, бәрі оның 146 мың десятинасы мақта егілетін жер. Сырдария губерниясындағы мақта егілетін жердің бәрін қосқанда 1 200 000 десятина болады.

Бұл аудандардағы мақта егілетін жерлердің топырақтары ғылым жүзінде тексерілді. Мақтаға қолайлы екендігі анықталып отыр. «Мырзашөл» Шардарадағы мақта егістік жерлеріміз, Ферғананың нағыз мақталық оңды жерінен кем емес. Мақтасы шығымдылық жағынан да, асылдық жағынан да қалыспайды. Кілең мақта егілетін жерлерден басқа, бұл аудандарда астық егістіктерін егетін қолайлы жерлер көп, кілтесін тауып істі жүргізіп кетсе, еңбек жанбай қалатын емес.

Осындай үлкен істерді еске алып, Қазақстанның су шаруашылық мекемесі 1926-1927-нші жылғы істелетін істің планын құрып отыр. Ондағы мақсаты келешекке керекті жұмыстарды бір жөнге салып, ескісін түзетіп, тазалайтынын тазалатып, күрделі жеміс шығармақ.

---

[153] Бұл мақала «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 16 тамызда шыққан нөмірінің (№178(615) 2-бетінде «Қазақстан су шаруашылығының қазіргі және келешектегі жайы» деген атпен қайта басылды.

Бұл планды іске асыру үшін Қарақалпағы бар барлығына 6 567 200 сом ақша керек. Кеңсе расходына бес жылға 12 888 500 сом керек. Бұл ақша бізге Кеңестер одағының жіберетін ақшасы мен жергілікті бюджет, су жұмысына арналып қор, су налогы, сумен пайдаланушылардың беретін жарна ақшаларынан жиналады. Мұндай ақшаны бей берекет қылмай, тиісті жөнмен пайдаланып отыруымыз жалпы Қазақстанның қала берсе, осы 3 губернияның шаруа жағдайларының өркендеуіне байланысты.

Қазақстанның Өлкелік партия комитетінің ұйғаруынша осы бесжылдық ісін планның ісіне Сырдарияның төменгі жағындағы диқандарды судан тарлықтырмау жұмысы да кіріп отыр. Бұл план Қазақстанның болсын, Орта Азияның болсын тиісті мекемелерінде қаралып өтті. Енді Кеңестер одағының үкімет жоспар комиссиясы мен еңбек қорғау кеңес мекемесінде қаралмақ.

Бұл істі жүргізу жолында керекті шаралардың бәрі қаралып өтті деуге болмайды. Бұған өте жітілік, өте шеберлік керек. Қазақ секілді көшіп жүрген елді мақта шаруасына түсіріп жіберу оңай емес. Шаруаның бұл тұрған жүргізіп кету үшін отырықшылдық бір керек болса, бұрыннан істес тәжірибе көргендік және керек. Ол біздің қазақта жоқ. Сондықтан бұл істі басынан түзу бастай алмай, қисық бастасаң, түзеліп кету күшке айналады. Талтыректеп жүргенде аз кемшілікті көтере алмай жығылып қалу оңай. Бұл планды кесілмей уақытында жарыққа шығару үшін партия, үкімет, әлеумет орындарының бәрі көмектес болу керек. Осы жұмыс жүргізілмек болып отырған аудандардың жай-күйін тексеру үшін құрылған халық комиссарлар кеңесінің комиссиясы іске жіті көзбен қарау керек.

Қызыл Қазақстан. – 1925. – №15-18. – 133-136-б. Араб графикасы.

№67
1916 жылғы көтеріліс жайындағы «1916-ншы жылында Меркідегі қазақтардың көтерілісі жайында есімде қалғандар» мақаласы

1916-ншы жылы Меркіде болған көтерілістің негізгі себептері сол жылы бұрынғы Түркістанның Жетісу және Сырдария губернияларының басқа аудандарында болған көтерілістермен қатты байланысты.

Көтерілістің басты себебі – қазақтардың соғыс майданындағы қара жұмысқа алынуы және Жетісуда мұнан бұрынғы шыққан көтеріліс еді.

Жергілікті халықтан соғыс майданындағы қара жұмысқа жұмыскер алу туралы бұйрық жарияланғаннан кейін осы ауданның балаларын бергісі келмеген халқы айналасындағы аудандардан кеңшілік сұрап, балалары алынбауын тілеп, сол жолда істеп жүрген әрекеттерін естіген соң, Меркі халқы да патша жарлығының іске асырмауынан үміт қылып, осыдан құтылу саясатын тұтынды. Әрекеттерінің көңілдегі жерден шықпағанын білген соң, халық соғыс майданы қызметінен құтылмаудың жолын іздеумен қиялданды. Жұрттың ойлағаны осы еді. Әрбір рудың бастықтары ауыл-ауылға барып кеңес жасап, кісі бермеуге бекінді. Бұл жолда керек десе құралмен де қарсы тұрмақшы болды. Сол уақыттан бастап найза, балта істетіп, ау мылтығымен, ескіден қалған мылтықтар және табылған жерлерде соңғы істелген мылтықтар жиналып, құралданудың тиісті шаралары істеле бастады.

Бұл оқиғалардың бәрі тез істелді. Көтерілістің толғағы жетіп келген кезде (августтың 17-25) әзірлік жұмысы ашық жүргізіле бастады. Басқарып жүрген кісілер базарда ашық кете берді.

Осы кездерде жетісулықтармен байланысты жасалған еді. Көтерілісшілер Алматы қаласын алыпты деген шикіл хабарлар көтерілістің егінін өршітті. Сондықтан көтеріліс толық әзірленіп болмай тұрып басталып кетті.

Меркі ауданындағы құралды көтерілісті басқарып жүрген Құрағаты болысындағы Құралас руынан шыққан Аққозы Қосақұлы[154] деген еді. Ата тегіне келгенде кедей еді, бірнеше жыл болыс болып, тұрған халық арасында атағы шыққан кісі еді. Халықтың көбі, солдаттың бәрі соғыста, Жетісуға жіберетін солдаттардың көбі әйел болады және оқ дәрелері де аз болса керек, деп ойлайтын. Халықтың бұлайша ой жүгіртуінің себебі – Германиямен екі арадағы соғыстың ұзаққа созылуы, патша әскерінің жеңіліп жүргені (генерал Самсоновтың әскерінің қырылғаны) одан кейін әйел әскерлері жайындағы хабарлар халыққа да, ұйымдарға да белгілі еді.

Сол кезде солдаттар жіберілді. Бұл жерге жіберілген солдаттар жол-жөнекей білгенін істеп келді. Халықтың атын тартып алып жатты, ауылға келіп түрліше зорлық қылды... Меркіге келген Гейс отряды бастығының адьютант-оперының «басындағы бөркіңді алмадың» деп бір қазақты сабап, өлімші қылып тастағаны әлі есімде бар.

Осы әскер бастығы Гейс Меркіде болыс өкілдерінің мәжілісін шақырып, «Егер көтеріліс жасайтын болсаңдар, күлдеріңді көкке ұшырамын» деп қорқытты. «Егер көтеріліс бола қалғанда сендер айыпты боласыңдар» деп, қолдарынан тілхат алды. Гейс отряды кетті. Халық ентелеп тұрғандықтан болыс өкілдері, көтеріліс жасамаңдар деп айта алмады. Қайта Данияр Мәуленбайұлы, Тоғызбай Шындыәліұлы деген сол сияқты ел бастап жүргендердің көбі көтеріліс жұмысына кірісіп кетті.

Көтеріліс жасап жүргендердің қай жердегі ісі болса да мен білетін едім. Ол кезде мен пошта-телеграф мекемесінде қызмет қылатынмын. Бірақ, Жетісуда қозғалыс күшейген соң, пошта-телеграфтың жасырын ісін жұртқа айтып қояр деп қорққандықтан, ұзамай-ақ мені поштамен Пішпекке жіберді. Поштада мен хат тасу қызметінде едім және сонымен қатар телеграфта шәкірт болып үйреніп жүретінмін.

Жайшылықта Меркі конторының хат таситындары Пішпекке дейін барып, конторларына қайтып жүретін, бірақ бұл барысымды мені қайтармай, поштамен кері қарай Жетісуға жіберді. Поштаны солдаттардың отряды бірге шығарса барды.

Меркіде көтеріліс жатқандығы турасындағы хабарды Алматыда пошта конторында естідім. Алматыда екі күн тұрған соң поштамен қайтадан Пішпекке жіберілдім. Жол жөнекей көтеріліс туралы әркімнен сұрасам да, жай-жағдайдан толық мағлұмат ала алмадым. Кетіп бара жатқан әскер, жәй кісілер үкіметтің көтерілісті қатты қысымшылықпен басқандығын, көтерілісшілер жағынан көп кісі құрбан болғандығын айтты. Басқа көтерілісшілердің көңілін түсіру үшін бұл өсекті үкімет тыңшыларының таратып жүргендері соңынан мәлім болды.

---

[154] Аққозы Қосақұлы – деректе осылай көрсетілген. Соңғы жылдардағы тарихи әдебиеттерде Аққөз Қосанұлы деп жазылып жүр.

Пішпекке келген соң да Меркінің жағдайы жағынан шын хабар естимін бе деп қанша әрекет қылсам да ол ойым орындалмады және Меркіге қайтпақшы болып бастасам, оным да болмады. Менім Меркіге қайтуыма рұқсат берілмеудің себебі – жолда менен қауып келе ме дегендей қылып, пошта алып менімен бірге жүруден қорқып орыс хат тасыйтындардың берген арыздарынан болды. Көтеріліс жайынан, өзімнің әке-шешемнің жайынан да ешқандай хабар ала алмаған соң, амалсыздан қара қолға баруға тұра келді. Бұл көтеріліс басылғаннан бір ай кейін, жол ашылған кезде Пішпектен жіберіліп жатқан бірінші хат хабарды алып бара жатқан кезімде еді. Бұл мен үшін ең қорқынышты сапардың бірі еді. Өйткені, қазақ болған соң көтерілістен қорлық көрген орыс қара шаруалары жол-жөнекей өш ала ма деп қауыптандым. Оның үстіне жолаушы бара жатқан жолдастарым да онша сенімді емес еді. Меркіде көтеріліс жасағандардың бәрін қинатыпты деген хабарды естіген соң әке-шешемді, жора-жолдастарымды, көтеріліс жасағандарды ойлап қатты жайсыздандым.

Тоқпаққа келіп түскен жерде бұл ауданда көтеріліс жасалудың себептері жайында әркіммен сөйлестім.

Бұл ауданда көтеріліс жасалудың себебін олар былайша ұқтырды: сол ауданның орыс қара шаруалары, біздің балаларымыз отанды қорғап соғыс майданындарында өліп жатыр, ал қазақ-қырғыз халқы біз орыстар қандай құқыққа ие болсақ, олар да сол құқықта бола тұрып үйінде отыр. Олай болғанда бұл құқықтардан пайдаланбауы керек еді, деп және осы құқықтан пайдаландырмау үшін жергілікті халықтың егістік жерін, егістігін, мал жайылым жерлері мен жоңырышқалықтарын өз беттерімен тартып ала бастаған. Мұны тоқтатуға шара қарастырылмағанына қарағанда, бұл жердегі тыңшылар дем беруден құры емес деуге болады. Осылайша талап жүрген кезде зорлыққа наразылық білдіргендерді сабағандар болған. Көтеріліс жасауы дұрыс, деп көтеріліс жасағандарды ақтап шығарды. Қара қолға бара жатқан жолымыз да көтеріліс жасағандардың мүліктерін алып бара жатқандары, солдаттардың крестьяндармен бірігіп көтерілісшілердің қалдырып кеткен ауыл-қыстауларын аралап, олардың қалдырған нәрселерін талап алып жүргендерін көрдім. Осы кісілер жолда кездескен қазақтарды ұстап алып, өз беттерінше сот жасап жүрді. Тоқпақтап Прежевальский (Қарақол) арасында көп қыстақтарды көтерілісшілер өртеп, бұзған екен. Қашып кеткен орыс қара шаруалар аздап қайтып келіп, қазақ мүлкін талағаннан, қолға түсірген нәрселермен үйлерін жөндеп, қысқа лайықты қылып жатқандары да кездесті.

Жолда да Қарақолдың өзінде де маған өз беттерімен сот жасамақ болғандар бар еді. Бірақ менім аман қалуымының себебі: бір пошта тасыйтынның «бұл орыс дініндегі қазақ» деген сөзі болды. Прежевальскийде мемлекет мекемесінде қалған қызметкер қазақтарды бір күн далаға шығарып атып жіберіпті.

Қашқанды көтерілісшілерден қалған және тартып алынған олжа хаттарындағы 30 мың шамасындағы аяқты малды ешкім қарауылдамай, кім көрінген ұрлай берді, бұлар халыққа да үкіметке де пайдасыз болып текке құрылды. Мүлде кей жерлерде жолаушылардың қоралап айдап кеткендері болды. Қарақолдан Пішпекке қайтып келіп Меркі ауданының көтеріліс жасаған халқы өз жеріне келген соң, Меркіге баратын болдым. Мұнда келген соң, көтеріліс туралы және оның қалай жүріп жатқандығы туралы толық мағлұмат алдым.

Түрлі жағдайлардың арқасында көтерілістің өршігенін жоғарыда айтқан едім, көтерілісшілермен қатынасы бар кейбір кісілер өзінің жолдастарының шағымымен әкімшілік ретінде ауданның шегінен қуылған еді. Мәселен, сол кезде қуылғанның бірі Ресей Құрама Кеңес республикаларының халық комиссарлар кеңесі ағасының осы күнгі орынбасары болып тұрған Тұрар Рысқұлұлы жолдас еді.

Көтерілістің бет алысы мынадай еді: Меркі ауданның көтеріліс жасаушылар 10 мың кісі шамасында «Тоғайтал» деген жерге жиылысты. Бұлар шабуыл жасайтын күні бітім жасау туралы сөйлесу және құралды көтеріліс жасамауға үгіт айту үшін, қасына Меркі ақсақалы Атамұрат Айдарбайұлын, өзінің хатшысы шала қиынды ертіп бірнеше солдат өзінің полициялары және бірнеше қарашекпендерді ертіп Пурыстев, Лундин шықты.

Көтерілісшілер өкілдерді ала көзбен қарсы алды, бітім туралы сөйлесіп отырған жерде ұстап алмақшы болды. Бірақ, өкілдер көтеріліс жасаушылардың ішіндегі Шынбатша деген артынан қуып жеткен кісіні алты атармен атып өлтіріп, құтылып кетті. Шынбатша көтерілісті бастап жүргеннің бірі еді.

Шымбатшаны өлтірген соң, көтеріліс жасаған жұрт Меркі және Кузминка деген қыстаққа ат қойып бірнеше (үйді) өртеді. Бірақ, қыстақтың ішіне кіре алмай түн бойы қамап тұрып, ертесін кейін шегінді. Артынан солдаттар келіп қыстақтың жанынан қуып шығып, бұлар солдаттарға қарсы келе алмай құмға қашып, ай жарым сонда жасырынып жатты, соңынан үкімет рұқсат берген соң ғана қайтып келді.

Халықтың болуынан жеке қарашекпендер және Меркі қыстағындағы жергілікті өзбектер пайдаланды. Бұлар көтерілісшілердің қыстауларында қалған барша мүліктерін талады. Көтерілісшілердің қылған зияны анағұрлым көп болмады, бірақ, Шалдау қыстауының жанында тыныш қалған қазақтар қатты зәбір шекті. Бұл жерде құралданған қарашекпендер 30-40 үйлі «Санырақыш» деген ұруды[155] тегіс қинап шықты.

1916-ншы жылғы көтерілістің тарихын толықтыруға қолдан келгенді істеуді өзімнің міндетім санаймын. Бір мейрамдайын деп отырған көтерілістің болғанына 10 жыл өтіп отыр, сондықтан менім мағлұматтарымда кемшілік болуы мүмкіндігін ескеріп, көтерілісте болған менім жақылыштарымды, қалдырып кеткен жерлерімді және кемшіліктерімді жөндер деп үміт етемін.

Енді көтерілістің негізгі себептері және оның тезден жойылуы турасында бірнеше сөз айтып өтелік. Мұның шығуына жергілікті халықтың соғыс майданындағы қара жұмысқа алынуы, көтеріліс шыққан аудандарға жіберілген әскердің бассыздығы, көтеріліс туралы таралған мағлұматтардың дұрыс еместігі және басқалар себеп болды, деп жоғарыда айтып өттім. Мұның басты себебі – патша үкіметінің саясаты және оның әкімшілік кісілерінің ауыл бастықтарына шейін тұтынған жолдарының нашарлығы.

Мұндағы жолсыздықтың негізі - жер мәселесі мен судан пайдалану мәселесінде. Меркі алынғалы патша үкіметін Меркі, Шалдуар, Қарабалта деген поселке орнатып, жергілікті халықты жерден қысып тауға, құмға қуа бастады. Соңынан үкіметтің рұқсатымен қалған қазақтарды тағы қуып, әлгі поселкелердің ара-арасына жаңадан орыс ауылдарын орната берді. Сондай ауылдарға

[155] «Ру» мағынасында

жататындар Кузьмин поселкесі, бұл поселкенің бір жағы Құрақата болыс 6 ауылдың жерінде, бір жағы Аспары жерінде. Соның қатарында бұл поселке көшпелілердің тауға баратын жолын да алып отыр. Екінші Петропавл қыстағы. Бұл Шұңғыр болысы жерінде және Каменка Қарақыстақ болысының жерінде. Роптой қыстағы Шалдуарда Аспары болысы бұқарасының жерінде. Осы жерлерде қуылған қазақтардың қыстаулары мен жоңырышқалықтарының орны әлі күнге дейін жойылған жоқ. Үкіметтің рұқсатымен бұл поселкелер жан-жағындағы халықтың есептеріне өз бетімен көбею жолы арқасында жерге иеленулері бір сары. Олардың жерден қуып шығуға тұтынған негізгі жолы – егінге қазақтың малы түсіп, шамалы таптаса, соғыс көп мөлшерде ақы алу болатын.

Бұлай қылу үшін үнемі жан-жақтағы аудандардан мал айдап келіп те жүрді. Сонымен қатар бұл поселкелер үстем болатын және көбінше негізгі судан пайдаланушылардан жоғары болатын.

Міне соның арқасында үнемі суды байлап алып отырды, соңғы кездерде сол аудандағы халықтың көбі судан айырылған соң егін салуды қойды. Судан пайдаланудың мүмкіндігі болмаған соң, ауданда орыстармен араздық өрши берді.

Үкімет отарлау қорына жер алуды қолындағы барына місе қылмауды, 1914, 1915, 1916 жылдарында жаңадан отарлауға қор табуға екпінді түрде іс жүргізді. Бұл қорға кіретін жерлер «Мың қазан» сияқты ең жақсы жерлер болатын. Осының бәріне зор қызмет көрсеткен персовке, землемерге сенімді көрініп, соның арқасында өзінің орнын нығайтып алу мақсатымен артық жер туралы теріс есеп беруші болыс әкімшілігі болатын. Одан кейін әкімшілік орындарының жәрдемімен жер сатуға үйреніп қалған, сол өнерінің арқасында қазақ халқының жерінің артықтығы туралы пікір туғызған жеке Ревбастығы, байлар, атқа мінерлер болатын.

Міне, осы жер тапшылығы, судан байланудың тәртіпсіздігі, көшпелілер жолының бұзылуы шаруашылыққа әсер етті, халық надан болса да, осы зұлымнан құтылу туралы ой жүгіртпесе де болмайтын болды, мұның аяғы осы 1916-ншы жылдың көтерілісіне келіп соқты.

Мәселені анағұрлым толықтыру үшін бірнеше сөзбенен болса да, 1916-ншы жылғы көтерілісте тұтқан қазақ оқығандарының орны қандай болғандығын айтып өту керек болады. Оқығандар бұл көтерілісте басты орын тұта алмады, өйткені бұлар мүлде аз еді, оның үстіне көпшілігі өз халқына дұшпан болған, Остроумовтан тәрбие алған, учитель Қарабай Әділбекұлы сияқты патша үкіметінің тілмаштары болатын.

Оқығандардың ішінен көтерілісті жақтап, байланыс жасаушы жоғарыда айтып өткен жолдас Рысқұлұлы сияқты оқушы жастар болатын.

Жоғарыда көрсетілген көпшілік оқығандардың жүргізген істері теріс болатын. Көтерілістен кейін қазақ, көтерілісшілер деген аттан құтылмақ болған оймен, бұлар халықты тірідей тұтады. Мәселен, Қарабай Әділбекұлы көтеріліске қатысқан Тұрғымбайұлы дегенді, көтерілісшілердің бастығысын деп айыптап 300 қойын алған.

Егер артынан кездескен 1917-нші жылдың аштығымен көтеріліс қазақ халқына зор апат болып жабысса, оқығандардың жоғарыда көрсеткен топта (Әділбекұлы, Ауғанұлы, Қайдаралыұлы) зар дәулет болды. Айта берсек,

Әділбекұлы қарашекпендердің қазақтарға өз беті жөнсіз салған 500 сом шамасындағы айыбын төлеу жағында болды және Рысқұлұлы жолдас жер аударудан қайтып келіп осы іске араласып айып төлеткізбеді.

Көтерілісшілер қайтқан соң үкімет көтеріліс жасағандардың бастықтарын (100 кісіден артық) ұстады. Егер 1917-нші жылында қан ішер Николай үкіметі құламағанда, патша сотының бұларға қатты жаза бұйыруы шексіз еді. Көтеріліс жасаған халық тыныш тұрмысқа көшсе де, жаза беретін отряд офицерлерінің бейбастақтығы тоқтамады, талау, өз бетімен біреуге сот жасау болып жатты. Бірақ, округтік соттың төтенше тергеушісі, осы күні қазақ саудасының орынбасары болып тұрған Нашабек Болатқанұлының дұрыс істегендігі арқасында бұл жағдай жөнделді. Көтерілісті басқарғандардың көбі өш алушылардың қолынан өліп кетті. Мәселен, Аққозы Қосақұлы деген 1917-нші Новотроицкіліктердің қолында өліп кетті. Кейбіреулер патша үкіметінің теріс саясаты арқасында жүзеге шықан, ұлт арасындағы дұшпандықтарды жоюдың әдісін білген, кеңес үкіметінің дұрыс ұлт саясаты арқасындағы осы күнгі шейін тірі қалды.

Қызыл Қазақстан. – 1925. – №15-18. – 166-172-б. Араб графикасы.

№68
Шардараны мақталы өлкеге айналдыруға арналған «Шардараға айрықша назар салынсын» мақаласы

Шардара даласы Сырдария станциясынан 100 шақырым, Сырдарияның бойында. Елі бұрынғы Шардара, Қызылқұм, Пиялты болыстарының елдері. Қазір бәрі бірігіп Қызылқұм болысы болған. Шардара дария бойында. Суарып егіс егу қолайлы. Ауа жер жағдайы егіске қолайлы. Сондықтан Шардара даласын суландыру мәселесі көтерілген. Орта Азияның мемлекеттік университеті қасындағы жер жағдайын зерттейтін институт мағлұматына қарағанда Шардара даласы мақта егуге қолайлы көрінеді. Жерінің қыртысының асты құмақ, суарылған жер батпақ болмайды, жері суланбайды. Бұған қарағанда Шардара даласын суландырғанда бір жағынан егіс молайып көшпелі ел отырықшылыққа айналса, кездеме фабриктарымызға керек мақта жетістірмекпіз.

Шардара даласын суландыру жұмысын бастаған Шардараның өз елі. Ел өзі ортасынан жер суландырушы серіктіктер ашып үкіметтен жәрдем сұрады. Бұрынғы Түркістан республикасының су шаруасының мекемесі елдің тілегін орындау үшін 1924 жылы Шардара даласын зерттеген. Зерттеуден ел тілегін орындау мен қатар бүкіл Шардара даласын суландыру мәселесі қолға алынды. Шардара даласына 300 мың гектар (десятинадан аз-кем) жерге суарып мақта егу болатыны анықталды. Бес жылға арнап жасалған программа бойынша бес жылдың ішінде 87 мың гектар жерді суландыруға ұйғарылды. Оның ішінде 21 мың 300 гектар жер, жер суландырушы серіктіктердің күшімен суландырылмақ болды. Бірақ мұндай жаңа жұмысты жер суландырушы серіктіктер дұрыс меңгере алмады. Дұрысында Түркістанда жер суландыру серіктіктерінің өзі де 1923-1924 жылдан бастап ашылды. Әуелі-ақ жер суландырушы серіктіктер өзіне-өзі сене алмады. 21 мың гектардан артық жерді суландыруды болмастай, орындалмастай көрді. Оның үстіне серіктіктерінің өз жұмысы да дұрысталмаған

еді. Жерді серіктіктердің күшімен суландыру жұмысы, су мекемесінде жаңа жұмыс еді. Бірақ 1924 жылдағы жұмыстың тәжірибесі жоғарыда айтылған қиыншылықтардың онша көп керегі болмайтынын көрсетті. Қазіргі уақытта серіктіктердің де, су мекемесінің де жұмысы едәуір алға баса бастады. Ұйғарылған жұмыстың, жасалған жоспардың орындалып жердің суландырылуына енді су мекемесі де, серіктіктер де, ел де сенеді. Серіктіктердің күшімен 21 мың 300 гектар жерді суландыру үшін ұзындығы 70 километр (шақырымнан аз-кем) арық қазу керек еді. Соның 49 километрі қазылып болды, 6 километрі болуға жақын. Мұнымен 1926-1927 жылдың егісі науқанында 5300 гектар жерді суарып, оның ішінде 3200 гектар жерге суарма егіс (жарыдан көбі мақта) егуге болады елдің тілегін орындау үшін Қазақстанның су мекемесі суландырылған жердің бірсыпырасын елдің пайдасына беру жағын қарастырды. Бұл мәселе негізінде шешілді. Енді, мұның іс жүзінде орындалып, елдің пайдасына берілген жерді еңбек сіңіріп меңгеруіне шаралар істелмек.

Бірақ жұмысқа кейбір мекемелеріміздің дым кеңсешілдігі кедергі жасайды. Мұндай кеңесішілдік шаруа банкісімен ақша комиссариатынан көрініп тұр. Су мекемесінің жұмысына 1926-1927 жылдың бюджетінен 240 мың сом қаржы керек болды. Өзінде болмаған соң су мекемесі бұл қаржыны шаруа банкісінен сұрады. Бірақ шаруа банкісі ақша бола тұрса да, су мекемесінің сұраған қаржысын бермеді, ақша комиссариатының кепілдігін сұрады. Ақша комиссариаты да су мекемесінің сметасы өзінен өтпеген соң, су мекемесіне кепіл болғысы келмеді. Мұның кесірінен ұйғарылған жұмыс тоқтап қалар еді, бірақ, мемлекет банкісінің Орта Азиядағы бөлімі 180 мың сом беріп көтермелеп жібереді.

Бұл – жұмыстың маңызына, алдағы пайдасына түсінбегендік. Шардараның жерге орналасатын кедейіне үкімет әлі де көп жәрдем бермек. Сондықтан мұндай кеңсешілдікті, селқостықты осы бастан жою керек.

Шаруа банкісі өзіндегі кедейлерге берілетін жәрдем қорынан ақша бергісі келмеді, ол қордың жерге орналасқандарға берілмей, кедейлерге берілетін айтар. Бірақ суландырылған жерге орналасатын елдің көбі сол кедейлер. Шаруа банкісі сияқты орындар жәрдем көрсетпесе, бұл кедейлер өзіне тиген жерін өз күнімен меңгеріп пайдалана алмайды.

Қоныстандырушылардың қазіргі күшті міндеті жерге орналасатын Шардара еліне керек жәрдемінің шамасын білу. Жәрдем мәселесі осыдан кейін ғана тиісті мекемелерде шешілмек.

Шардара даласы Қазақстан түгіл бүкіл Кеңестер Одағына пайдалы (мақтасымен) жер болғалы тұр. Сондықтан, Шардараның жерге орналасатын еліне айрықша назар салып, айрықша жәрдем беру керек. Шардара ауданын басқа аудандармен теңеуге болмайды. Көшпелі елін орналастырып жерге иелендіру бізге үлкен сын. Ауызбен айтқанымызды іспен көрсететін жеріміз осы. Тек биылғы 5300 гектар жерді иеленумен қоймай, қалған жерді де иеленуге ықтият етуіміз керек. Сондықтан, бұл жұмысқа бүкіл партия, кеңес мекемелерінің ат салысуы өте қажет.

Еңбекші қазақ. – 1926. – 23 сентябрь. – №210 (647). Араб графикасы.

№69
Кендір кәсібі туралы «Қазақ мақтасы – кендір» мақаласы

Кендірді «қазақ мақтасы» деуге болады. Қазақстан шаруасында кендірдің қандай маңызы барлығын комиссарлар кеңесінің қаулысы ашық көрсетіп отыр.

Кендірдің фабрик бұйымы болу, тоқыма өндірісіне іске асу мәселесі де шешілген деуге болады. Ендігі бірінші кезекте тұрған мәселе – кендір өсімдігі көлемін зорайту, онан тоқыма кәсібіне келер бұйым өнімін молайту.

Бұл жалғыз кендір мекемесінің ғана міндеті емес, бұған Қазақстанның болашағына көңіл бөлушілердің бәрі де ат салысқаны жөн.

Кендір шаруасын өркендету үшін не істеу керек?

Ел шаруасын көтеруге кендірдің қандай маңызы барлығын халық елге толық түсіндіру керек. Кендірге кең жол ашылды. Кендір пайдаға аса ма, аспай ма, деп екі ойлы болатын орын жоқ. Қанша кендір, қанша ұрығы болса да кендір комитеті сатып алады. Мұны шаруалар оң құлағымен тыңдасын. Бұл жөнде ауыл кеңестері, ел ішіндегі оқығандар, ауыл шаруа кооперативтері жалпы жұрт болып, кендірге бұрынғы көз қарасы қойып, оны алтын деп есеп ету жөн. Кендір өсімдігін боршы туды халықтың өзі қолдағаны дұрыс. Басқа өсімдіктердей емес, кендір егу оңай, көп күш, қаржы керек қылмайды. Өнімі басқалардан артық болмаса, кем емес. Кендірдің басқа өсімдіктерден тағы мынадай бір өзгешелігі бар: ол жылма-жыл жаңадан себіліп отырмайды. Бір рет себілген тұқымын әлде неше рет кендір орып алуға болады. Сондықтан, оның алғашқы жыл егілгені бітік болмауы да мүмкін. Оның есесіне келер жылдар да бейнете көп болмайды, тек егістікті шөп-шардан аршып отырса болғаны. Мұнымен қатар жабайы өскен кендірді де қору тиіс.

Кендір ауыл кедейлеріне үлкен кәсіп. Жарлы-жақыбай шаруалар мұны жақсы ұғу керек. Кендірді молырақ еккен шаруаларға қаржы берілуге мүмкіндігі бар.

Кендір дайындау жұмысы бұдан былай өзгертілгені дұрыс. Ауыл кедейлері бірлесіп, серіктесіп өздері кендір дайындайтын орындар ашқаны жөн.

Кендір жинағы молайғаннан кейін кендір мекемесінің әдейі агент шығып, шаруалармен есеп-қисап жасайды, тиісті пұлын төлейді. Агенттер баулап, ұсақтап кендір алмайды.

Кендір дайындау жұмысында ауыл шаруа кооперативінің маңызы үлкен. Мәселен: кооперативтердің сол міндетін өтей алуында, кендір дайындау жұмысын жөнге сала болуында.

Кооперативтер болсын, «Қосшы» ұйымдары болсын, кендір соғатын машиналардың ел ішіне таралуына жәрдем берулері керек. Бұл үшін кендір комитетіне күн ілгері мәлімдеме беріп қойғандары жөн. Ондай машиналарды сатып алу жеке-жеке шаруаның қолынан келмейді. Оны бірлескен шаруа ұйымдары арқылы таратқан дұрыс.

Кендір өнімін өркендету жөнінде үгіт-насихат жұмысына шұғыл кіріскен жөн.

Еңбекші қазақ. – 1926. – 26 октябрь. – №247 (975). Араб графикасы.

№70
Кооперативтің маңыздылығын дәлелдеу мақсатындағы «Ауылда кооператив жасау туралы»[156] пікірі

(*III-пленумге*)

Партияның өлкелік комитетінің алдағы III пленумындағы қаралатын мәселелердің бірі – ауылда кооператив жасау мәселесі. Қазаққа қандай кооператив болса да керек екендігі дау жоқ. Бірақ қазаққа қандай кооператив керек, қазақ шаруасына қандай кооператив үйлеседі, талас мәселесіне осы. Дұрысында бұл мәселеде қазақтың тұрмысының, шаруасының өзгеше жағдайынан туып отыр. Бұған дейін қазақ даласының көп жерінде кооператив ашылған жоқ. Ашылған жерінде кооператив жұмысы нашар. Қазаққа қандай кооператив керек деген мәселенің III пленумге қойылу мәнісі осы. Мен кооперативтің екі түрі турасында сөз қозғамақпын: 1- Ауыл шаруаның кооперативін; 2- Тұқым кооперативі. Кооперативтің 3-[ші] түрі жер суландыру кооперативін (мелиорация) бұл туралы әзірше қоя тұрып, жоғарғы айтылған кооперативтің екі түріне келейік. Қазақ ішіне кооперативтің жоғарғы айтылған түрдің екеуінде ашып көрдік. Бірақ екеуінің де қазақ еліне тигізген пайдасы аз болды. Кооператив жұмысы дұрысталмады. Бұған себеп не?

Бірсыпыра жолдастар: «Қазақ надан, надан елде кооператив ашып, кооператив жұмысын күшейтуге болмайды»,− дейді. Рас, надандық кооператив жұмысына көп кесір қылады. Бірақ, қазақ ішінде кооператив ашуға болмайды деу қате. Қазақ ішінде кооператив жұмысына қолайлы жағдайдың көбі бар. Кей жердегі едәуір іс істеп, куә бұл туралы Исаұлы жолдастың «Еңбекші қазақ»-та басылған мақаласындағы пікірі дұрыс.

Меніңше қазақ арасында кооперативтің алға баспауға надандықтан басқа да түрлі себептер бар. Ол себептерді табу үшін мынадай мәселелерді шешу керек:

1) Ауылға қандай шаруа қойылады;
2) Елді кооперативке қалай тарту керек;
3) Кооперативтің қаржы жеткіліксіз, оны қалай табу керек?

Қазақ мал өсіреді, егін егеді. Кеңес үкіметінің Қазақстандағы бір мақсаты - қазақтың мал шаруасын егін шаруасын күшейту, өнерлі жолға қою, қоғамшылдық жолына салу. Мұның үшін қазаққа кооператив ұйымдары керек. Менімше бұл айтылған мақсатқа жету үшін, қазаққа ауыл шаруашылық кооператив керек.

Ауыл шаруашылық кооперативтің мақсаты – ауыл шаруасынан өнген бұйымды тиімді бағасын тауып өткізу, ауыл шаруасының өнерлетіп өнімі арттыруға шара істеу керек.

Бұл уақытта «Ауылға керек зауыт-фабрика тауарын кім жеткізеді?» деген мәселе туады. Ауыл шаруасының алға басу үшін, ауылға арзан тауар жетістірілу керек. Мемлекеттік сауда орындары бізде ауылға тауар жетістіре алмай отыр. Бұлар қаладан ұзап, оншама ел арасына шыға қойған жоқ.

Ол уақытта қайтпекпіз? «Тұтым» кооперативін ашамыз ба? Менімше тұтым кооперативін ашудың керегі аз.

---

[156] Пікірталас білдіру ретінде.

Өйткені, елде екі түрлі кооперативтің жұмысын дұрыстап басқарғандай қызметкерлер жоқ, екі түрлі кооператив ашылса елдің қаржы-күші бөлінеді, кеңес шығыны көбейеді. Тағы да осы сияқты қолайсыз жағдайлар туады. Сондықтан, «Тұтым» кооперативінің жұмысын (елге тауар жетістіріп беруді) ауыл шаруашылық кооперативіне міндет ету керек. Бірақ ауыл шаруашылық кооперативінің негізгі мақсаты – жұмысы қай уақытта да ауыл шаруасын күшейту, ауыл шаруасын өнерлі, өнімді жолға қою болу керек.

Ендігі бір үлкен мәселе – халық бұқараны кооперативке қалай тарту туралы. Бұған дейін бас болып, ел ішінде кооператив ұйымдарын ашып жүргендер көбіне елдегі атқа мінерлер, жалдап саудагерлер.

Бұлар кооперативті елмен кеңесіп, ел пайдасы үшін ашқан жоқ. Өз бетімен өз пайдасы үшін ашып келеді. Мұнан былай кооперативті халық бұқараға жақындатып, кооператив ұйымының халық бұқараның өзінің бастауымен халық бұқараның ортасынан ашылу керек. Мұнан былай жалдаптар, саудагерлер кооперативі болмасын, елде тек халық бұқараның кооперативі болсын. Осыны елге жақсы түсіндіру керек. Бұл жеңіл жұмыс емес, бұл жұмысқа елдегі Кеңес партия кәсіпшілер ұйымдарының белсене ат салысу керек.

Қазақ ішінде кооперативтің күшеймеуіне бір себеп – қаржының кемдігі. Кооператив ұйымының түп қаржысы мүшелердің жарнасынан жиналады. Мүшелер жарна бізде әрі аз, әрі уақытында жиналмайды. Оның үстіне үкіметтің беретін жәрдемі де аз. Кооперативтің қаржысын молайту үшін:

1) Кооператив ұйымының ауқатты мүшелерінен алатын жарнаны көбейту керек;

2) Жарна төлей алмайтын кедейлердің жарнасы кооператив қорынан берілсін. Мүшелік жарналардың уақытымен жиналауына күш салынсын;

3) Үкіметтің кооперативке беретін жәрдемі шамадан келгенше көбейтілсін;

4) Ауылдың қаладан қашықтығы, бытырандылығы, қатынастың нашарлығы ескеріліп, шаруашылық кооперативке қарызға, несиеге берілетін ақшаның, малдың, машина-сайман төлеу срогы ұзайтылсын, қарызға-несиеге берілетін бұйымының ақшаның төлеу срогы қысқа болғандықтан бұған дейін кооператив ұйымдары қаржысын молайта алмай, дұрыс пайда істей алмай келді. Көбіне қарызын уақытында төлей алмай кейбір кооператив ұйымдары жабылып қалып жүр.

Оның үстіне ауылда кооперативтің күшеюіне кеңес, сауда ұйымдарының барынша жәрдемдесу керек. Бұлардың ауылда істейтін саудасын алдымен елдегі кооператив ұйымдары арқылы жүргізу керек, кооператив ұйымдары бар жерлерде контор агенті сияқтылардан безу керек. Кооператив ұйымы бар жерлердегі контор агенттер кооператив ұйымдарына жол бермей, кооператив ұйымдарының нашарлауына себепші болады.

Мемлекет ұйымдары елдегі саудасын кооператив арқылы жүргізсе, өзіне де, кооперативке де пайда. Бұған дейін кейбір сауда ұйымдары ел ішіндегі саудасына кооператив ұйымдарын да, агенттерін де қатар жұмсап келді. Бірақ агенттерге ақшаны көбірек берді. Бұл күйде «жұмысты толық орындамай» деп кооперативке өкпелеу қате. Агенттерге тиым салынып, кооперативке қаржыны мол берсе, кооператив мемлекет ұйымдарының жұмысын толық орындайды.

Кооперативтің күшеймеуіне бір үлкен кедергі – елде іскер, таза қызметкердің кемдігі. Іскер қызметкер даярламай кооператив алға баса алмайды, кооператив қызметкерлерін курс ашып даярлау керек. Әзірше кооператив қызметкерлері жетістіру үшін іскер партия мүшелерін ауылға кооператив жұмысына жіберу керек. Бұл адамдар ауылға барғанда бір жағынан кооператив жұмысын күшейтсе, екінші жағынан ауылдағы партия жұмыс басшылық етеді. Жалғыз бұл жұмыс емес, ауылдағы басқа жұмыстарға да жәрдемі тиеді. Міне менің әзірше айтатын пікірім осы.

Еңбекші қазақ. – 1926. – 23 ноябрь.– №260 (697). Араб графикасы.

№71
Мақта өсіруге қажетті су шаруашылығын дамыту туралы «Қазақстанда жер суландыру жұмысы» мақаласы

Жер суландыру жұмысының керек екені, Қазақстанның көп жерінде сусыз тіршілік жоқ екені белгілі.

Сырдария, Жетісу, Қарақалпақта соғыстан бұрын суғарылып егілетін жердің ұзын саны 920 мың десе шамасында еді. Енді өткен 1926 жылдың ішінде бұл үш губернияда суғарылып егілген жердің саны 575 мың десе болып отыр. Мұның себебі: неше заманнан бері елдің өз күшімен қазып шығарған тоғандары бұзылып бұрынғыдай жеткілікті мөлшерде су бере алмағандығынан болған.

Бұдан Қазақстан шаруашылығына бір кемшілік келсе, жалпы Кеңестер одағының кездеме тоқитын фабриктері мақтаны шет мемлекеттерден қымбат бағамен алдырып, екі зиян әкеліп отыр.

Қазіргі мақсат – мемлекет су шаруашылығын неғұрлым тез өсіру, олай болса халық өз әуенімен, өз күшімен шамасы келгенше істей берсін деп қарап отыруға болмайды, сондықтан халыққа үкімет тиісті жәрдем беріп, жер суландыру жұмысын қолға алулы.

1926 жылғы жоспар бойынша 46 мың десятина мақта өнуге тиіс еді. Одан арттырып 52 мың десятиналық мақта ектіріп отыр. Мұнымен біз керегіміздің бәрі өтерлі деп отырғанымыз жоқ. Бұл жөнде кемшіліктеріміз де, керегіміз де толып жатыр. Міне осындай кемшіліктерді түзетіп, жер суландыру жұмысын күшейту үшін үкімет жәрдемі: Сырдарияға 1 миллион 837 мың 800 сом, Жетісу губерниясына 182 мың сом, Қарақалпаққа 358 мың сом, бұлардан басқа Орта Азиямен байланысқан тоғандарға жұмсалатын ақшаның саны 2 миллион сом.

Биылғы жылы Мырзашөлді суландыру жұмысы басталғалы отыр. Мырзашөлдің жұмысы 7-8 жылға созылса керек. Жетісу жерін суландыру ісіне керегінше ақша берілмеген.

Жоғарғы айтылған жоспар жасалған кезде Жетісу темір жолын жүргізу деген сөз жоқ еді. Енді жол мәселесі шешілген соң Жетісу жайы қаралмақшы болып отыр. Сонда кейін лайықты ақша берілуге тиіс. Жетісу темір жолы Семеймен ұштасатын болғандықтан Семей губерниясында да жер суландыру мәселесі тууға тиіс, туып та отыр. Бұдан басқа да Қазақстан Орталық аткомның 3-нші жиылысы шығарған қарары бойынша Қазақстанның басқа губернияларында суландыру ісін қарастыру керек. Қазақстанның бірсыпыра

жерлерінде суландыру ісі керек емес деп жүрген біраз жолдастардың пікірі дұрыс емес. Ресейдің Самара, Саратов секілді қара топырақты жерлерін суландыру керек екені анықталған. Бұлардан қазақ жері артық деуге болмайды. Қазақ жерінде болсын, бүкіл Ресейде болсын, жұт, ашаршылық секілді апаттардың бәрі де құрғақшылық салдарынан болып отыр. Мұндай апаттан аман болудың мықты шарасы жер суландыру. Сондықтан бұл жұмысқа шұғыл кіріспей болмайды.

Еңбекші қазақ. – 1927. – 12 январь. – № 9(737). Араб графикасы.

№72
Губерниядағы күрделі мәселелерді қарастырған «Сырдарияның III губерниялық партия конференциясы» мақаласы

Губерниялық партия конференциясының бітірген жұмыстары көп. Бәрін бір мақалаға сиғызу мүмкін емес. Сондықтан ірі-ірі жұмыстары жайынан ғана жазып өтпекпіз.

Конференция күрделі мәселелердің бәрін де шешті деуге болады. Жікшілдік салдары мен көңілдегідей іс істей алмай келген Сырдария губерниясында бұл жолы қаралған мәселелер аса маңызды болды. Мәселен ауылды кеңестендіру, ауылда партия ұйымы түзеу, кооператив жұмысын көркейту жайы осы конференцияда түзу шешілді. Ауылды кеңестендіру мәселесін қарағанда губерниялық конференция III пленумның жолын түзу деп тауып, тұрған елдің жағдайына қарай мынадай екі түрлі жаңа жоба қосты:

1) Егіндік, пішіндік жерлерді меңгеріп бөлу жайындағы декретке Сырдариядағы жоңышқалық жерлермен үлкен бауларды да бөлу реті кіргізілсін;

2) Бұл декрет Қазақстандағы өзбек арасына да жүргізілетін болсын.

Жер мәселесі Сырдарияда Қазақстанның басқа губерниялырынан гөрі өзгерек Сырдарияда бұрыннан жерді меншікті мүлік қылып алғандар бар. Бұл қалып жалғыз отырықшы орыс, өзбек елдерінде ғана емес, қазақ арасында да ілгеріден болып келген. Бұл патша заманынан қалған мирас қой. Өзбек кедейлері болсын, қазақ кедейлері болсын күні бүгінге шейін байлар мен ортақтасып, я солардың малайы болып дүн елтіп жүр.

Ілгеріде жүргізілген жер өзгерісі – қазіргі жерге орналастыру жұмыстары бұл іске өзгеріс кіргізе алған жоқ. Өзбекстанда болған жер өзгерісі сипайлас Сырдария кедейлерінің де құлағын елеңдетіп отыр.

Ташкенттің қазақ уезіндегі кедейлерді жоғарғы айтылған декретті тезиске асыруын сұрап, жоңышқалық пен бауларды да бөлуді керек деп уездің Аткомге күнде келіп отырғаны мәлім.

Сырдария губениясында шабындық аз болады. Бұлардың шабындығы – жоңышқа. Міне, бұл жоңышқалық жерлерде байлардың қолына жиналған.

Конференцияда жете тексеріліп қаралған мәселенің бірі – ауылда партия құрылысы жайынан болды. Сырдарияның партия ұйымы бұрын ала-құла еді, бұрын онда партияның сапасын арттырудан көрі мүшелерінің санын көбейтуге тырысқан.

Сырдария жікшілдік күшті болғандықтан партияға алынғандардың бірсыпырасы сол жікшілдік бетімен өтіп отырған. Міне, осындай себептермен ауылда партия құрылысы түзу бола алмаған. Осы айтқандары еске алып, III конференция өлкелік комитетінің III пленум қарарына қосылып, ауылда партия түзеу турасында мынадай жобалар көрсетті:

1) Ұялар осы күндегі ауылдағы лайықтанып ашылсын. Ауылдағы партия мүшелерге саяси білім үйрету жұмысы тез істелсін. Мұның үшін саяси мектептердің саны көбейтілмеуі керек. Партияда кедей табы көбеюі үшін бұдан былай, партияға кедейден, орташаның іс жүзінде көзге көрінген белсенділерінен алынсын. Ауыл коммунистерінен белсенді азаматтар шығару, оларды жұмысқа салдыру жағы ескерілсін. Ауылдағы партия ұялары мен қатынас бұдан былай қағазбен болмай, іске жетік нұсқаушылар арқылы болсын деді.

Конференцияда қаралған ірі жұмыстың бірі – ауыл халқын кооперативке кіргізу мәселесі еді. Өткен жылдарға қарағанда Сырдария кооператив істері не дәуір ілгерілген екен. Тұқым үлестіретін ұйымдар 33-тен 48-ге жеткен. Мұның іс жүргізетін жылдық сомасы 1 660 000 сомнан 3 759 329 сомға жеткен. Тұқым кооперативі мұндай болғанымен басқа түрдегі кооперативтерде кемшілік бар көрінеді. Мәселен, ауылдық шаруа кооперативі. Мұның кемшілігі – дұрыс басшылықтың жоқтығынан, екінші – кооператив мүлкін ішіп-жеушілердің көбейгендігінен болған.

Сырдарияда бұлардан басқа тағыда жер суландыру кооперативі мен мақта егу кооперативі бар. Бұлар үкіметтің жәрдемі арқасында жақсы болған, саны да артып отырған. Жер суландыру кооперативінің саны губернияда 70-ке жетіп, мүшелері 40 000-нан асқан. Мақташылық кооператив саны 41-ден асып, мүшелері 23 654 болған. Бұлардың көркеюіне тағы бір себеп Сырдария елінің тұрмысы сумен, мақтаға байланысқандықтан.

Конференцияда қаралған мәселелердің ішіндегі маңыздысы – Сырдария партия ұйымдарының ішкі тұрмысы болды. Өткен жылы Сырдарияның партия ұйымдары өлкелік партия комитетінен «Сырдария партия ұйымдарында жікшілдік күшті, кедейлер партияда аз» дегендей сын алып еді. Сырдария ұйымдары бұл аурудан жаздай құтыла алмай келген болса, мынау III конференцияда біз аз жазылғанын көрдік. Бұл аурудан жазылмауына себеп болған нәрсе – өлкелік партия комитетінің жолы тұралығынан еді.

Губком мен губерниялық бақылау комиссиясының тұралығы арқасында жікшілдік біраз жойылған, партияда кедейлер көбейіңкіреген. Бірақ Сырдария ұйымында бүкіл Қазақстандағы жіктердің «оңшыл», «солшыл» түрлері әлі де жойыла қойған жоқ. Мұның белгісі екінші конференцияда-ақ білінген еді. Алғашқы кезде талас пәлендей орынға адам сайлау жөнінде болып басталған. Кейінгі кезде губком мүшелерінің біразы жауапты хатшы Помпин жолдас демалысқа кеткенде талас бұрынғыдан да күшейіп, губкомның қалған мүшелері өздерін жақтайтын адамдарды сайлау тырысқан, өз адамдарын ауылға шейін жібермекші болып, ауыл кеңестерінің бастықтарын да алмастыра бастаған.

Мұның түбі Шаян оқиғасына келіп соққан. Губком бюросының ішінде болған мұндай күрес губком істеріне де зор кесірін тигізсе де, губком бір талай жұмыс бітіріп, партия жолын тұра жүргізіп, III конференцияға қарсы губерния ішіндегі жұмыстарды ретке салған. Мұны кооперацияның әр мәселеге іс жүзінде қарағандығы, мұнда жікшілдіктің болмағандығы, ауыз бірлігі көрсетіп отыр. III

конференция ірі-ірі мәселелерді көңілдегідей қылып партия жолымен шешіп отыр. Сырдария ұйымы бұрынғы ауруына иығып, III пленум көрсеткен мәселелерін іс жүзінде жүргізе алатындығын конференция қаулыларынан көріп отырмыз. Ендігі міндет – конференцияның қорытынды қаулыларын іске асыру болу керек.

Еңбекші қазақ. – 1927. – 31 январь. – №24 (752). Араб графикасы.

№73
Қазақстандағы өнерлі кәсіптің өткені мен болашағы жайындағы «Қазақстанның өнерлі кәсібі» мақаласы

Ұлы Октябрь төңкерісі еңбекші тапқа азаттық жолын ашты. Ресейде байлар үкіметі құлады, кеңес үкіметі – еңбекшілер үкіметі орнады. Міне сол Ұлы Октябрь төңкерісіне 10 жыл толды. Осы 10 жыл ішінде қаншаға жұмыс бітті, негізгі мақсатымызға қаншама жақындадық, келешегіміз қандай? Октябрь 10 жасқа толғанда арттырмай, кемітпей 10 жылдың ішінде істеген жұмысымызды есепке алып баға беруіміз керек.

Ресейдің патша үкіметі тек алпауыттардың, ірі кәсіпші байлардың ғана пайдасын көздеп қалың еңбекші бұқараның, бұратана ұлттардың мұң-мұқтажына көңіл бөлген емес. Байлардың, алпауыттардың орнатқан шаруасы, кәсіби жиынгер соғысында мықтап бөлінді. Кеңес үкіметі орнаған кезде өнерлі кәсіп, ауыл шаруасы нашарлап қалған еді.

Жан-жағымыздан жау қамап тұрғанда кеңес елінің еңбекшілері бір жағынан жауына дайын тұрса, екінші жағынан әлеуметтік шаруасын құру өнерлі кәсібін күшейте берді.

Өнерлі кәсіпті күшейту жағдайы әсіресе Қазақстанда қиын еді. Патша үкіметі Қазақстанның байлығын тек ішкі Ресейге тартуды білді, Қазақстанның өз жерінен зауыт-фабрика салмады. Қазақстан елінің мұң-мұқтажымен есептеспеді. Өнерлі кәсібі болмаған соң қазақтан инженер, техник сияқты мамандар, өнерлі жұмыскерлер шыға алмады. Оның үстіне Қазақстан тек 1920 жылы ғана автономиялы республика болды. Қазіргі Қазақстан елі тек 1925 жылы басын қосты.

Бүкіл кеңес елімен, бүкіл жер жүзінің еңбекшілері мен ұлы октябрьдің 10 жылын тойлағанда біз тек 7 жылда істеген жұмысымызды алға тартамыз. Қазақ елінің патша үкіметінің, оның бер жағында ақтардың құлдығынан құтылып өз алдына отау тігіп кеңес елінің бірі болғанына, іргелі ел болып кәсібін, шаруасын күшейтуге кіріскеніне тек 7 жыл болды.

Сол 7 жылдың ішінде істеген жұмысымыздың есебін жасап, келешегімізді болжағанда, көбінесе Қазақстанның өлкелік, жергілікті өнерлі кәсібін сөз қылмақпыз.

Патша үкіметі қазақ даласынан тек өз пайдасын шығаруды білген. Қазақ даласының өнерлі кәсібін күшейтуді ойламаған. Кен байлықтарын көбінесе байларға берген. Байлар қазақ байлығын көп шығын шығармай пайдасына асырудың амалын істеген. Машинадан да жұмыскер еңбегі арзанға түсетін болған соң машина істейтін жұмыстарды жұмыскерлерге істеткен. Сондықтан байлар Қазақстанда негізді зауыт-фабрика орнатпады. Мұның салдарынан, Ридер

мен Атбасар зауыттарынан басқа жердегі кәсіп орындары бытыранды, әр біреуі әр жерде, машина-сайманы, басқа жабдығы жеткіліксіз болып қалған. Мұндай алды-алдына тарыдай жаман бытырап жатқан ұсақ кәсіп орындарын басқару, тәртіпке салып күшейту өте қиынға соғады.

Бірақ, Қазақстанның кәсіп орындары бытыранды, ұсақ болса да, ол уақыттағы Ресей шаруасынан көрнекті орын алып Ресей үкіметіне көп пайда келтіріп тұрушы еді. Мәселен: Қазақстанның балық кәсібінен жылына 6 миллион сомдық 8 миллион пут балық өнуші еді. Қазақстан балығы ішкі Ресей базарланынан асып шет мемлекеттерге (көбінесе Румынге, Юнанға) шығарылып жүрді.

Патша үкіметі тек ішкі Ресей байларының пайдасын көздеді, бұратана, отар елдердің мұң-мұқтажын елемеді.

Октябрь төңкерісі арқасында құрылған кеңес үкіметі шаруасын күшейтуге әр ұлтқа ерік берді. Басқа елдермен қатар Қазақстан өнерлі кәсібінің күшеюіне де жол ашылды.

Соғыстан бұрын өзі шағын Қазақстан өнерлі кәсібі (соғыстан бұрын жылдық өнімі 23 817 000 сомдық еді) жиянгер соғысы, ел соғысы кезінде мықтап бөлінді. Қазақстан өнерлі кәсібі күшеюге бет аларда (1922 жылы) Қазақстанда тек бірнеше жүріп тұрған кәсіп орны бар еді. Олардың жылдық өнімі 5 629 000 сом шамасы еді. Онан кейін де алғашқы кезде Қазақстандағы өнерлі кәсіптің өз қаржысы болмады. Қазақстан бюджетінің қаржысы мардымсыз болды. Басқару жұмысы дұрысталмаған. Басқару жұмысы дұрысталмаған соң қай кәсіпке қанша ақша беруге болатыны анықталмады.

Сондықтан алғашқы жылдары Қазақстанның өнерлі кәсібі көңілдегідей күшее алмады.

Халық шаруасының орталық кеңесіндегі мағлұматқа қарағанда 1921, 1922, 1923-нші жылдарда Қазақстан өнерлі кәсібін күшейтуге берілген ақша бірнеше жүз мың сомнан аспайды. Әрине, ондай аз ақшамен Қазақстан өнерлі кәсібін көңілдегідей күшейтуге болмады.

Халық шаруасын, оның ішінде өнерлі кәсіпті күшейту үшін мемлекет бюджетінен де, жергілікті бюджеттен де ақша алу керек болды.

Соңғы жылдарда Қазақстанның өнерлі кәсібін күшейтуге мынадай қаржы берілді:

1923-1924-нші жылы 40 000 сом;

1924-1925-нші жылы 1 159 000 сом;

1925-1926-ншы жылы 8 708 000 сом;

1926-1927-нші жылы 14 067 000 сом.

Бұған қарағанда Қазақстан өнерлі кәсібіне берілген қаржы жыл сайын көбее берген, өнерлі кәсіпке берілген ақша көбеюмен қабат өнерлі кәсіптің өнімі артып маңызы күшейген.

Соғыстан бұрынғы ақшаның құны мен есептегенде Қазақстан өнерлі кәсібі өнімінің артуы мынадай:

Қазақстандағы, орталық үкіметтің қарауындағы кәсіп орындарының өнімі: 1922-1923-нші жылы 3 597 000 сом болса, 1926-1927-нші жылы 5 912 000 сом, 1922-1923-нші жылғыдан 64% артқан.

Қазақстанның орталық үкіметіне қарайтын кәсіп орындарының өнімі: 1922-1923-нші жылы 930 000 сом болса, 1926-1927-нші жылы 6 106 000 сом, 1922-1923-нші жылғыдан 6,5 есе артқан.

Губерниялық, уездік мекемелерге қарайтын кәсіп орындарының өнімі:

1922-1923-нші жылы 495 000 сом болса, 1926-1927-нші жылы 3 669 000 сом, 1922-1923-нші жылғыдан 7,5 есе артқан.

Қазақстандағы жалпы өнерлі кәсіптің өнімі: 1922-1923-нші жылы 5 022 000 болса, 1926-1927-нші жылы 15 687 000 сом, 1922-нші жылғыдан 3 еседен артығырақ көбейген.

Қазақстанда социалдық негізіне құрылған өнерлі кәсіп күшеюмен қабат Қазақстан жұмыскерлерде көбейіп келеді Қазақстандағы орталық үкіметке қарайтын кәсіп орындарындағы барлық жұмыскер: 1924-1925-нші жылы 3 444, қазағы 1 402 болса, 1926-1927-нші жылы барлық жұмыскер 4 733, қазағы 1 545.

Қазақстанның орталық үкіметіне қарайтын кәсіп орындарындағы барлық жұмыскер: 1924-1925-нші жылы 1 942, қазағы – 229 болса, 1926-1927-нші жылы барлық жұмыскер 2 306, қазағы 535.

Губерниялық, уездік мекемелерге қарайтын кәсіп орындарындағы барлық жұмыскер: 1924-1925-нші жылы 824, қазағы 289 болса, 1926-1927 жылы барлық жұмыскер 1 816, қазағы 325.

Қазақстандағы кәсіп орындарындағы барлық жұмыскер: 1924-1925-нші жылы 6 121, қазағы 1 927 болса, 1926-1927-нші жылы барлығы 885, қазағы 2 406.

Бұл есепке қарағанда жалпы жұмыскер саны арту мен бірге қазақ жұмыскерлерді көбейіп, қазақ кедейі зауыт-фабрикке араласып келеді. Сол сияқты әйелдерді аздап зауыт-фабрика жұмысына қатыса бастады.

Бірақ, бұрынғы ата салтынан, ескі әдет-ғұрпынан арылмаған қазақ әйелі зауыт-фабрика жұмысына әлі болса онша ынталы емес. Қазақ әйелдері арасында мәдениет-ағарту жұмысын күшейтіп бұл кемшілікті жою керек. қазақ әйелі өндіріс-кәсіп жұмыстарына қатысқанда ғана толық азаттық алмақ. Қазақ кедейін зауыт-фабрика жұмысына араластыру жөнінде істелетін жұмыстар әлі көп.

Ендігі жерде қазақ жұмыскерлерін көбейтумен қатар оларға өнер үйретіп, қазақ кедейінен зауыт-фабрика жұмысына араластыру жөнінде істелетін жұмыстар әлі көп.

Ендігі жерде қазақ жұмыскерлерін көбейтумен қатар оларға өнер үйретіп, қазақ кедейінен өнерлі жұмыскерлер дайындауымыз керек. бұл мақсатқа жету үшін қазірден зауыт-фабрика өнерін үйрететін мектептер ашылып жатыр. Қазақ жұмыскерлерінің орталық губерниялардағы зауыт-фабриктерге өнер үйренуге жіберілгендер бар. Фабриктің өзінде маман оның үстіне зауыт орыс жұмыскерлері қазақ жұмыскерлеріне өнер үйретеді.

Қазақстан өнерлі кәсіптің қоры

Өнерлі кәсіптің күшею үшін, оның жеткілікті шикі қоры болу керек. Ол қор бізде аз емес. Қазақстан шаруашылығының негізі – ауыл шаруасы. Ауыл шаруасының дені (60%) мал шаруасы, онан қала берді егін шаруасы, мал шаруаамынан өнерлі кәсіпке керек тері-терсек, жүн-жабағы өнеді. Егін шаруасынан астық, майлы ұрық, мақта сияқты мата тоқитын егіс өнеді. Оның үстіне Қазақстанда тас көмір, түрлі метал, мұнай, алтын, тұз сияқты жер кені де көп. Қазақстан өнерлі кәсібі осы шикі қордың ыңғайына қарай күшеймек.

Халық шаруасының Ресейлік кеңесі соңғы пленумда, әр өлкеде жергілікті шикі байлықты іске асыратын өнерлі кәсіпті күшейтуге қарар қылды. Мәселен: Қазақстанда тері-терсек, жүн-жабағы мол. Олай болса Қазақстанда алдымен соларды пайдаға асыратын былғары, шұға зауыттары көбейтілу керек. Олай болса қандай ауданнан қандай өнерлі кәсіпке қорта білетінін зерттеп, өнерлі кәсіпті соған қарай күшейтуіміз керек. Қазақстанның мал шаруасынан, егін шаруасынан жылма-жыл өнетін шикі байлық мынадай:

1. Ірі мал терісі – 817 000;
2. қой терісі – 3 772 000;
3. Жүн:

Қазақы қой жүні – 10 422 тонна[157];

Түйе жүні – 1 829 тонна;

Биязы шүлен қой жүні – 167 тонна;

4. Ешкі түбіті – 132 тонна;
5. Мақта – 70 000 десятина шамасы;
6. Май шығатын ұрық – 66 830 тонна;
7. Кенеп – 35 тонна;
8. Темекі – 1 217 тонна;
9. Опиум – 66 тонна.

Қазақстанның өнерлі кәсібі өзіне керек шикі бұйымды жергілкті шикі байлықтан алады. Бірақ сол жергілікті шикі байлық толық пайдаға асырылмай жатыр.

1925-1926-ншы жылы: ірі мал терісінің 18%-і, қой терісінің 4%-і, жүннің 3%-і, майлы егістің 8%-і, темекінің 40%-і пайдаға асырылған. 1926-1927-нші жылы: ірі терінің 26%-і, қой терісінің 3%-і, жүннің 3%-і, майлы егістің 7%-і, темекінің 60%-і пайдаға асырылған.

Оның үстіне жазғытұрғы қозы күземінің жүні көбінесе есепке алынбайды. Сауда ұйымдары қозы күземінің жүнін толық жинамайды. Бұл жүннің өзі дұрысында 189 мың путтан кем болмаса керек. Қозы күземінің жүні ең қадірлі жүн. Қозы күземінің жүні биязы шүлен жүннен көп кем болмайды. Қозы күземінің жүнін дұрыс пайдаға асырса, Қазақстанның шұға фабриктері биязы шұға толық шығарар еді.

Сол секілді тері-терсек толық пайдаға асырылмайды. Тері-терсектің зауытқа тек 26%-і кетеді. Тері-терсектің көбі жай иішілердің, ауыл шаруасының өзінде қалып ауыл шаруасының керегіне асады.

Ауыл шаруасына былғары, қайыс сияқты тауарды жетістіріп қол өнершілерінен алатынын зауыт-фабриктен берсек, иішінің шаруаның қолында қалатын тері-терсекті пайдаға асырар едік. Бірақ, мұның үшін зауыттың істеп шығарған былғарысының жай иішінің істеген былғарысынан әрі жақсы, әрі арзан болуы керек.

Бұл айтылғандарға қарағанда былғары, шұға кәсібіне жетерлік шикі байлық мол. Оны пайдаға асыру үшін зауыт-фабриктерді көбейту керек.

Рас, бүкіл Кеңестер Одағын алғанда жүн-жабағын мен тері тек әлі де жеткіліксіз, олай болса жаңадан зауыт-фабрика салмай қазіргі бар тұрған зауыт-

[157] Тонна 62 пұт шамасы.

фабриктерді үлкейтіп Қазақстанның өзінен артылатын жүн-жабағасын, тері-терсегін соған берсек қайтеді? Бірақ бұл пікір дұрыс емес.

Ел шұға, былғары тауарларына өте мұқтаж. Құр бұрынғы фабрика-зауыттарды үлкейтумен ел мұқтажы толық өтелмейді, жаңадан зауыт-фабриктер керек. елдің, әсіресе, шикі байлықты өндіретін елдің мұқтажының дұрыс өтелуі үшін, тауардың да, тауар істелетін шикі байлықтың да арзанға түсуі үшін зауыт-фабриктің, алдымен шикі байлықты өндіретін өлкелерде салынуы керек. ондай өлкенің бірі – Қазақстан.

Тері-терсек, жүн-жабағы іргеде, қазақтың өзінде зауыт-фабриктен шыққан тауар өтімді, базарда қасында. Олай болса Қазақстан зауыттарынан өнген тауар әрі көп, әрі арзан болуға тиіс, бірақ іс жүзінде Қазақстанның зауыт-фабриктері бұл жағынан ақсап отыр. Машина-сайманы, жұмысы тәртіпке салынбаған. Сондықтан онан шыққан тауар әлі де арзан емес. Келешекте бұл кемшілікті жойып арзан тауар істеп шығару керек.

Жоғарыда айтылған шикі байлықтардан басқа соңғы жылдарда Қазақстанда мақта шаруасы күшейіп келеді. Биыл 70 мың десятина мақта егілді. Мұнан басқа Қазақстанда майлы ұрықты егістер көбееді. Биыл бір жарым миллион путтай майлы ұрық жиналды. Майлы ұрықты егіс көбею мен қабат май шығатын зауыттар көбейіп келеді.

Келешекте тоқыма кәсібінен көрнекті орын алатын Қазақстан байлығының бірі кендір шөбі. Кендірден түрлі мата тоқуға болатыны анықталып отыр. Осы күні кендір шөбін пайдаға, кендір шөбін қолдан егу шарасына кірісіліп жатыр.

Бұлардан басқа Қазақстанда орман байлығы аз емес. Келешекте Қазақстанда кен кәсібінің күшеюі анық. Кен жағына келгенде Қазақстан жер жүзіндегі мемлекеттердің қай-қайсысы мен де таласа алады. Орал-Ембі ауданында көзге көрініп тұрған 120 миллион пут мұнай бар, зерттелмей, көзі шығарылмай жатқаны 6 миллиард пут шамалы. Зерттелген тас көмірдің өзі 400 миллиард пут шамасы болады. Алтын, күміс, тұз, селитра секілді кендер де аз емес.

Қазақстанның қазіргі өнерлі кәсібі

Бүкіл кеңестер одағында өнерлі кәсіп қазір соғыстан бұрынғы патшасынан асып отыр, Қазақстанның өнерлі кәсібі әлі соғыстан бұрынғы патшасына жеткен жоқ. Оның себебі: жоғарыда айтқандай Қазақстанның өнерлі кәсібі бұрын да негізді емес еді, машина-сайман, жабдығы кем болды, оның үстіне соғыс уақытында көбі тозып істен шықты.

Алтын, балық кәсіптеріндегі машина-саймандар жарма-жары тозды. Тұз, метал, тағам кәсіп орындарындағы машина-саймандар 40% тозды. Ағаш зауыттары мен кездеме фабриктерінің машина-сайманы 30% тозды. Химия зауыттарының сайманы 25% тозды. Бірсыпыра кәсіп әсіресе кен кәсібі көп қаржы жұмсамаса қайтадан күшее алатын болмады. Ондай көп қаржыны Қазақстанда орталық үкімет те кезінде таба алмады. Оның үстіне Қазақстан аштыққа ұшырады. Мұның салдарынан Қазақстанның өнерлі кәсібіне уақытымен жеткілікті қаржы бере алмадық. Сонда да Қазақстанның өнерлі кәсібі көріне күшейіп отыр. Қазақстан өнерлі кәсібінің өнімі 1922-1923-нші жылы 5 миллион 22 мың сом болса, 1927-нші жылы 15 миллион 680 мың сомға жетіп 312% өсіп отыр.

Оның үстіне Қазақстандағы өнерлі кәсіптің дені – мемлекет қолындағы социалдық негізге құрылған өнерлі кәсіп.

1926-1927-нші жылы Қазақстандағы барлық өнерлі кәсіптің 81%-і мемлекет қолында, 7%-і кооператив ұйымдары қолында, тек 12%-і ғана жай адамдар қолында.

Қолөнерлі кәсібі мен жай адамдар қолындағы өнерлі кәсіп көбінесе ауыл шаруасынан өнетін шикі байлықты іске асырады. Бұлар, көбінесе ұн тартатын кішкене дермендер.

Бүкіл Қазақстанның өнерлі кәсібі бүкіл халық шаруасының 14,4%-індей, қазір соғыстан бұрынғы пардасының 78%-іне жетін отыр.

Көп ақша жұмсалып, басқару жұмысы жаңа жолға қойылғаннан кейін Қазақстан орталығына қараған кәсіп тез күшеюге бет алды. Жергілікті өнерлі кәсіп те көп қаржы жұмсалып, өндіріс өлке етілгендіктен, кәсіп сомасы көбейтілгендіктен күшейіп отыр.

Зауыт-фабрикті жөндеп, жаңадан зауыт-фабрик салып өндірісті арттыруға жұмсалған ақшаның есебі мынадай:

Алтын кәсібіне берлген ақша: 1923-1924-нші жылы – 15 мың сом болса, 1926-1927-нші жылы – 325 мың сом.

Тұз кәсібіне берлген ақша: 1925-1926-ншы жылы – 90 мың сом, 1926-1927-нші жыл 128 мың сом.

Қорғасын кәсібіне берілген ақша: 1926-1927-нші жылы – 70 мың сом.

Былғары кәсібіне берілген ақша: 1924-1925-нші жылы 120 мың сом, 1926-1927-нші жылы – 385 мың сом.

Балық кәсібіне берілген ақша: 1923-1924-нші жылы – 30 мың сом, 1926-1927-нші жылы – 270 мың сом.

Басқа кәсіптерге берілген ақша: 1924-1925-нші жылы – 29 мың сом, 1926-1927-нші жылы – 256 мың сом.

Қазақстанда жаңадан салынатын зауыт-фабриктердің бір үлкені Семейдегі шұға фабригі. Бұл фабриктің тек өзінің салуына 3,5 миллион сом ақша шығарылады. Фабрика жылына бір миллион метр шұға тоқып шығарылмақ. Бұл 1928-1929-ншы жылда салынып болады. Мұнан басқа Семейде жылына 100 мың ірі тері шығарылатын былғары зауыты салынады. Бұл зауытқа 800 мың сом шығарылады. Бұл да 1928-1929-ншы жылы салынып болмақ.

Бұлардан басқа Алтай метал кәсібі, Атбасар метал кәсібі күшейіп жатыр. Алтай кәсібін күшейтуге 6 жылдың ішінде 38 320 000 сом ақша жұмсалмақ. Қазірден 5 750 000 сом алынып орынды жеріне жұмсалды. Атбасарда метал кәсібін күшейтуге 10 498 000 сом ақша берілмек. Атбасар метал кәсібін күшейту жұмысы алдағы жылда аяқталмақ биыл Атбасар метал кәсібінен 2 000 тонна (бір тонна – 62 пут шамасы) мыс өнеді, алдағы жылда 5 000 тонна мыс өнбек. Әзірге зерттелген мыс кені …...[158] 10 жыл шығаруға жетеді. Соңғы уақытта бұл ауданда жаңадан түрлі мыс кендері табылып жатыр.

Қолөнері кәсібі

Шикі байлық мемлекет қолындағы зауыт-фабриктерден артылып қалатын болған соң Қазақстанда қолөнері кәсібі күшеюге бет алды.

[158] Дерек көзінде осылай, мыс кенінің атауы көрсетілмеген.

Қазақстандағы қолөнері кәсібінің 31%-і түрлі дайын азық істеп шығаратын кәсіп. 27% шамасы – балық кәсібі. 14%-і ұсташылық кәсібі. 12,5%-і былғары, аяқ киім дайындау кәсібі. Қалғаны басқа түрлі қол кәсібі.

Қазақстанда барлығы 32 291 қол өнершісі бар. Мұның 26,1%-і Ақмола губерниясында, 24,2%-і Орал губерниясында, 19,8%-і Семей губерниясында, қалғаны басқа губернияларда.

Қолөнершілерінің тек 12%-і ғана ұйымдасқан. Қолөнершілерін кооперативке ұйымдастыру алдағы үлкен жұмыстың бірі. Алдымен Арал теңізінің балықшыларын ұйымдастыру керек. арал теңізінде 3500 балықшы бар, оның 72%-і қазақ. 3 500 балықшының тек 710-ы ғана ұйымдасқан.

Қаржы жайы

Қазақстанның орталығына, губерниялық, уездік мекемелеріне қараған өнерлі кәсіп қаржысы өте аз. Машина-сайман, жабдығы тозған. Үдейі жаңғыртып, жөндетіп тұрмаса болмайды.

1926-жыл апрельдің 1-нде алынған есепке қарағанда Қазақстан өнерлі кәсібінің сомасы (капиталы) мынадай:

Алтын кәсібінің барлық сомасы – 732 000 сом;

Тұз кәсібінің барлық сомасы – 513 000 сом;

Қорғасын кәсібінің барлық сомасы – 84 000 сом;

Былғары кәсібінің барлық сомасы – 1 252 000 сом;

Жүннен мата тоқу кәсібінің барлық сомасы – 667 000 сом;

Балық кәсібінің барлық сомасы – 1 277 000 сом;

Химия кәсібінің барлық сомасы – 1 298 000 сом;

Басқа кәсіптердің барлық сомасы – 2 764 000 сом;

Қазақстан өнерлі кәсібінің барлық сомасы – 8 587 000 сом.

Шикі байлықтың, кеннің молдығына қарағанда бұл сома өте кем. Оның үстінде бұл соманың ішінде кәсіпке жұмсалмайтыны да көп. Сонда кәсіпке жұмсалатын қаржы басына тартсаң, аяғына жетпей кемшілік қылады.

Өнерлі кәсіптің қаржысын күшейту үшін 1927-1928-нші жылда зауыт-фабриктің машина-сайман, үй жабдығын түзетуге 2 962 000 сом, кәсіп (оборот) сомасын күшейтуге 1 210 000 сом берілмек.

Қазақстан өнерлі кәсіптің келешегі

Қазақстан өнерлі кәсібінің келешегі Қазақстанның шикі байлығына, кен байлығына байланысты. Бұл жөнде кеңестер одағының байлығы жөнді пайдаға асыра алмай келеді десек, ол уақытта Қазақстанның шикі баялығына, кен байлығына қол тимеген деуге болады. Пайдаға асыа білсек Қазақстанның шикі байлығы әлде неше жүз жылдарға жетеді. Оның барлығын пайдаға асыру өзіне бөлек үлкен мәселе, қазір алдағы 5 жылдағы өнерлі кәсіпті сөз қылайық. Өнерлі кәсіптің 5 жылдық жоспары бойынша 5 жылдың ішінде Қазақстан өнерлі кәсібіне негізгі капиталға 23 936 000 сом, оборот (кәсіп) капиталына 4 249 000 сом беріледі. Оның ішінде: 15 230 000 сомға жаңадан зауыт-фабрика, кәсіп орындары салынады. 8 706 000 сомға қазіргі бар зауыт-фабриктер үлкейтіледі, мұның ішінен 2 186 000 сом пәтер үйлер салдыруға жұмсалады. Бұл қаржылық мынадай орындардан беріледі:

1. Мемлекет бюджетінен – 15 776 000 сом;

2. Жергілікті бюджетінен – 3 288 000 сом;
3. Өнерлі кәсіптің өзінің – ----------
4. Жинаған қаржысынан – 1 028 000 сом.

Қалған қаржы басқа кірістерден беріледі.

Мұндай қаржы жұмсалғаннан кейін 5 жылдың ішінде өнерлі кәсібіміздің жалпы өнімі 132 499 000 сом болмақ.

1926-1927 жылғы жалпы өнім 9 812 000 сом, 5 жылдың ақырында 1931-1932-нші жылы жалпы өнім 37 914 000 сом болып 4 есе артпақ. Жұмыскер саны қазір 2 893 болса, 5 жылдың ақырында 7 556 болып 4 663 жұмыскер артпақ.

5 жылдық жоспарға қарағанда Қазақстанда өнерлі кәсіптің негізгі мақсаты ауыл шаруасының өнімін пайдаға асыру, кен байлығын пайдаға асыру болмақ.

Өнерлі кәсібіміздің кейбір тараулары халық шаруасын электірлендіру, машина-сайман жетістіру кәсіптерін күшейту болмақ.

Қазақстанда өнерлі кәсіптің күшеюіне бір жағынан ұйымдастыру жұмыстарының, қаржының кемдігі кедергі болса, екінші жағынан жол қатынастың нашарлығы кедергі болып келіп еді. Қазақстанның шикі байлығы мол аудандарын кәсіп ететін Түркістан-Сібір жолы және басқа салуға ұйғарылған жолдар салынғаннан кейін бұл кедергі де жойылмақ.

Қазақстанның пайдасыз жатқан байлықтары пайдаға асып өнерлі кәсіп тез күшеймек.

Қорытынды сөз

Октябрьдің 10 жылында Қазақстанда өнерлі кәсіпті күшейту ретінде не істелгені туралы есеп көрсеткенде, біз 7 жылдың есебін көрсетеміз. Қазақстанның өз алдына болғанына 7 жыл. Оның үстіне Ақмола, Семей губерниялары мен Қарақалпақ облысы 1925 жылы қосылды. Қазақстан елі жұтқа, аштыққа ұшырады. Мұның бәрі өнерлі кәсіпті күшейту жұмысына кезінде үлкен қамашау болды. Өнерлі кәсіп жұмысының құрытындысын жасағанда осы жағдайларды ескермей болмайды. Сонда да Қазақстанда өнерлі кәсіпті күшейту жөнінде көп жұмыс істеліп қалды.

Жұмыс жағдайы қанша қиын болса да коммунист партиясының, кеңес үкіметінің дұрыс басшылығы, қалың еңбекші бұқараның белсенділігі, жәрдемі арқасында Қазақстанның өнерлі кәсібі көріне алға басты, өнімі 3 есе артты. Орталық үкіметтің, партияның дұрыс басшылығы арқасында Қазақстан тұрақсыз шаруадан арылып, өнерлі кәсіпті ел болып кеңес елінің социалдық негізіне құрылған шаруасына бейімделеді.

Өткен уақытта жұмыстың қорытындысын жасағаннан кейін алдағы мақсаттарымызды да көрсетпей кетуге болмайды. Алдағы мақсаттар: өнерлі кәсіпті күшейген үстіне күшейту мен қабат еңбек өнімін қазіргісінен де арттыру, қазіргі зауыт-фабриктерді толық пайдалану. Өндірісті, басқару жұмысын тәртіпке салу, кәсіп өнімін жақсылау. Қалың бұқараға керек тауар істеп шығару. Тауарды, қалың еңбекші бұқараның әлі жеткендей қылып арзандату. Жұмыскерлерге жеткілікті пәтер үй жетістіру. Өндіріс кәсібіне тұрғын елдің жұмыскерлерін, әйелдерді қатыстыру. Жұмыскерлердің өнерін арттырып еңбек ақы мәселесін тәртіптеу. Өнерлі кәсіпті дұрыс басқару. Бұл мақсаттардың орындалуы оңай емес. Бұл мақсаттар, Қазақстанның қалың еңбекші бұқарасы,

партия, кеңесі, кәсіпшілік ұйымдары тегісінен ат салысқанда ғана толық орындалмақ.

Қызыл Қазақстан. – 1927. – №10-11 (66-67). – 32-43- б. Араб графикасы.

№74
Су шаруашылығының маңыздылығын дәлелдеген «Қазақстанда су шаруашылығының міндеті» мақаласы

Су шаруашылығының маңызы зор екенін де талас болмау керек. Ол бірінші жақтан қара шаруаның жерін суарып берсе, екінші жағынан Қазақстан түгіл барлық Кеңестер одағының шаруашылығында қатардан орын алады. Қазақстан мал, жер кәсібімен тіршілік қылатын ел. Мемлекет бюджетінің 88,4%-і ауыл шаруашылығына, 11,6%-і кәсіп шаруасына түседі (бұл цифр шаруашылық кеңесінің 1924 жылғы мағлұматынан алынды). Олай болса біздің партия, кеңес мекемелеріміздің алдында тұратын бірінші мәселе су шаруашылығы болуында талас жоқ.

Жұмыскер мен қара шаруаның одағы, қара шаруа алпауыттардың жерін қолына түгіл алған күні ғана табанын тап басады. Қазақстан жағдайында бұл жұмыстың орнына келуі, суарылған, оңды жерлерді еңбек ететін диқандарға берумен шешіледі. Олай болса үкімет жарамсыз жерді түгелімен жарайтын қылып, содан кейін қара шаруаға ұсыну керек.

Қазақтың көп уақытқа шейін шаруа түрі мал бағу болды. Патша үкіметі отаршылдық саясатын қолданып, қазақтың бар оңды жерін тартып алды, ыңғайсыз жерге қамады. Екінші жақтан надан қазақ елі қолдағы бар жерін пайдаланып көңілдегідей іске жаратпады. Құрғақшылықпен күресу шарасын істемеді. Жалғыз-ақ жиянгершілік соғыс алдында ғана жер кәсібімен айналысу жұмысы басталды.

Соғыстың әлегі, төңкерістің дауылы, 1921 жылғы жұт, аштық осылардың бәрі қазақ елінің көбін егін шаруасына үйретті. Әсіресе, Қазақстанның оңтүстік елі көшпелі тұрмысын отырықшылыққа айналып егін кәсібіне көбірек жұмылды.

Қазақстан тұрмыс ыңғайына, жер жағдайына қарап әлде неше ауданға бөлінеді. Соның біреуі Сырдария, Жетісу губерниялары, Қарақалпақ облысы. Бұл ауданның басқа Қазақстаннан өзгешелігі бар. Қазақстанда мақта егілетін аудан осы жақ. Мақтаның бағасының қандай екенін айтып қажеті жоқ. Бұл аудан ауыл шаруашылығының өте пайдалы жері екені жоғарғы дәлелдерден ашық көрініп отыр, бұл бірінші жағынан. Екінші жағынан Қазақстанның Орта Азия жақ шегінде отырған аудан болғандықтан Орта Азиямен де шаруашылық қатынасы күшті.

Сырдария губерниясында 21,5 миллион гектар[159] жер бар. Мұның 2,5 миллион гектары ғана өңді жер. Бұдан басқа 284 мың гектар қолдан өңделген жер бар. Мақта егілмей қарап тұрған жердің саны бір 1 250 000 гектар. Оның 40 мың гектары далада, 350 мың гектары Шардара ауданында, 40 мың гектары Отырарскийде, жүз мың гектары Сырдария мен Қазалы уездерінің маңында.

[159] Гектар 0,915 десятина.

Шардара мен даланың жерін зерттеп болдық. Оны өңдеу үшін жоба да жасалды. Ал, Сырдария өзенінің тармағы кететін жерлерде күріш егуге болатындығы дәлелденіп отыр.

Мақта егудің төмендегідей келешегі бар: бір шаруа үйге 6,5 гектар өңделген жер берілмек. Себілетін жердің 40%-і мақта болмақ. Осы түрімен аз жылда 155 мың күшті шаруасы бар үй жасамақпыз. Ол үйлер жылына 40 мың гектар жерге мақта екпек. Бір гектарға 20 путтан қойғанда, 40 гектардан 20 миллион пут мақта алынады. Ақшаға шаққанда 80 миллион сом болады.

Осы күні тоқыма кәсіп орындарында тоқылуға жұмсалатын заттардың жылдық есебі 22 миллион пут. Кеңестер одағының өз жерінен жылына 11,5 миллион пут-ақ мақта шығады. Қалған 11 миллион пут мақтаны шеттен сатып алады. Егерде біз мақта егісін көбейтсек, бір жағынан елдің шаруашылығын көтереміз де, екінші жағынан шет мемлекеттен мақта сатып алмайтын боламыз. Мұнымен қатар, түрлі кәсіп орындары ашылып, дикандардан өндіріс орнына кісі тартамыз.

Сырдарияда қазір бір үй орта есеппен 1,5 гектар мақта егеді. Бұл көңілді қанағаттандырмайды. Екінші жағынан жаңадан мақта шаруасына кісі тарта алмайды. Соның үшін оны көбейту керек.

Енді Жетісу губерниясына көшейік: Жетісуда 20 миллион гектар жер бар. Шойын жолдың жоқтығынан мал шаруасын орынша өркендеп, Қазақстан шаруашылығынан түрден орын ала алмайды. Жетісу жолы жүріп, Фрунзе қаласы мен Алматының арасында поезд қатынасы түскеннен кейін бұл губерния Қазақстанның шаруа жағынан мықты губерниясының біреуі болмақ. Жетісудің бір жақ шеті Орта Азия республикаларына тұтасады. Олармен қатынасы күшті болғандықтан Жетісуда мал шаруасына да, егін шаруасына да тез өсуге мүмкіндіктер бар. Жетісуда соғыстан бұрын 372 463 гектар жер өңделген екен. 1925 жылы 173 847 гектар жер өңделген.

Жетісу губерниясының Алматы уезі мен Жаркент уезі жер шартына қарай Сырдария губерниясымен сыбайлас. Соның үшін бұл уездердің шаруашылық түрі Сырдария ыңғайымен жүруі керек. Сырдарияда себілетіндер ол уездерде себілуі керек. Жаркент уезінде он жылдан бері темекі, кендір себу ісі басталып жүр. Шығысы жақсы. Әсіресе, Іле өзенінің бойында кендір өңді өседі. Олай болса Алматы мен Жаркент маңында өнерлі егістерді шығаруға болмайды деген пікірлер дұрыс емес. Жанындағы Орта Азияда өнерлі егістіктер егіліп жатқанда, Жетісуға олар әсер бермей қоймақ емес. Мұнымен қатар, Жетісуда мал шаруасын өсіруге де мүмкіндіктер көп.

Қарақалпақ облысы: Бұл облыста 22 миллион гектар жер бар. Бұл жердің соғыстан бұрын 87 мың десятинасы ғана өңделген. Қарақалпақтың мақта егуге ең қолайлы жері Арал теңізі жақ беті. Жиналған мағлұматтарға қарағанда өңдеуге қолайлы Шорақан округінде жарты миллион десятинадай жер бар. Амудария Сары қамыс арығынан су жіберген уақытта 40 жүз мың десятина жерді суаруға болады. Бұдан басқа Қоңырат округінің 2 жүз мың десятина жері суарылады. Мұның бәрін қосқанда жаңадан өңделуге жоба жасалған жердің саны бір миллион 2 жүз мың десятина. Су байлығына қарағанда, Қарақалпақ нағыз мақта егудің қордасы болатын жер.

Қысқасын айтқанда, Қазақстанның оңтүстік жақ беті қолдан суармаса көңілдегідей егістік бермейді. Егерде қолдан суарылатын болса, ол уақытта

маңызы өте зор. Соның үшін бұл жағына айырықша назар салмай болмайды. Орта Азияда су шаруашылығының қалай пайдаланылуы, әр республика өзіне керекті суды мол түрде тұтынуы қай жағынан болса да толғаусыз шешіле қоятын мәселе емес. Үкіметтің ел шаруасына жұмсайтын қаражатын далаға жібермеу үшін су шаруашылығын көркейтеміз дегенде, бізге ол туралы келешек үшін жоба жасап, сонымен істемей болмайды. Бұлай болған күнде су мамандығымен пайдалану, жерге орналасу жұмысын жандандыру, өнімді өсімдіктерді егу жұмысы бір орнынан тарап, ынтымақпен істелуі керек. Онсыз істен жеміс шықпайды.

Өткен жылда Орта Азияда болсын, Қазақстанда болсын, жер өңдеу мәселесі солғын қаралғандықтан егістік көңілдегідей болмады. Мәселен 1916 жылмен салыстырғанда 1923 жылдың егістігі 40-50% кеміп отыр. Бұдан бірінші жақтан шаруасы бөлінген ел іші пайда көре алмаса, екінші жағынан кәсіп орындарымыз мақтаға зар болып қалды. Соның үшін Түркістан ауданында мақта жұмысын өркендету ісіне 1923 жылдан бастап қатты кірісуліміз. Себебі бүкіл Кеңестер одағында Түркістан ауданынан мақта егісін мол беретін жер жоқ.

Жетісу, Сырдария, Қарақалпақтың – мақта егілетін жерлеріндегі шаруаларды егістік жерлерін қолдарынан суарады. Су жіберетін машина жоқ. Әркім өзінің күші келген суына ие, біреуге біреу жәрдемдеспейді. Осыдан судың қанша байлығы пайдаланылмай жатыр.

Жер өңдеу, жерді суару жұмысын көрнекті жолға қою үшін су шаруашылық мекемесінің алдына қойып отырған мәселесі мынау:

1. Жер өңдеу жұмысын өсіріп соғыстан бұрынғы дәрежесіне жеткізу, алдымен жерге орналасқан қазақ кедейлерінің жерін суарып беру, суды жұртқа тең жеткізу;
2. Мақта егетін жердің санын көбейтіп егісті өнімді қылу;
3. «Шардара, Жалаңаш дала» деген пайдаланылмай жатқан аудандарды іске жаратып, онда да мақта егу жұмысын бастау.

Су шаруашылығын басқаратын мекеменің қазіргі қолданып отырған шаралары:

1. Өткен жылдарда өңделген егістік жерлерді сол күтімінің кемітпеу;
2. Тұрғын халықтың жер өңдеу жұмысын тәртіпке түсіріп өнімін арттыруды қарастыру;
3. Кейбір себептер арқылы бұзылып қалған жер өңдеу тәртібін қайтадан аяққа бастыру;
4. Жерлерді зерттеп шаруашылық, ауа жағдайы, тағы басқаларының ырқын табу.

Бұрынғы Түркістан республикасынан бөлінген қазақ аудандарындағы жерді Қазақстандық су шаруа басқармасының қолына алып істей бастағанына жаңада ғана екі жылға толық келеді. Бұл аудандарда істеліп отырған істің көрнектілері судың бар байлығымен пайдаланып, өңдеген жердің санын көбейтуге тырысты. Бұл жерлерді өңдеу жұмысына 1924-1925 жылы 3 705 621 сом 59 тиын жұмсалды. Августтағы мағлұматқа қарағанда 1925-1926 жылы 3 900 000 сом кетеді деп шамалап отырмыз.

Жерді өңдеу жұмысына халықтың өзі жегілмей, көңілдегідей іс істей алмаймыз, су шаруашылығы осыны еске алып жері өңделетін ауданның шаруаларын жер өңдеу кооперациясына тартуға тырысты. Бұл жұмысқа

айырықша көз салғанның арқасында не дәуір іс істеп бірсыпыра ұйым ашты. Ұйымдар ісін жандандыру үшін оған үкімет қалпына жетерлік жәрдем берді. Осы қолданған шараның арқасында қазір 40 жерде жер өңдеу кооперативі ашылды. Жалпы мүшелерінің саны 60 мың. Жер өңдеу серіктігіне үкіметтің екі жылда берген жәрдемі 799 345 сом 62 тиын. Бірақ, жер өңдеу серіктіктерінің жұмысы түгелімен көңілдегідей емес. Көбінің ішінде көңілсіз жұмыстарда ұшырасады. Бұлай болуына себеп олардың жаңа жұмысқа түсінбеуінен. Сондықтан, су шаруашылық басқармасы дұрыс ұйымдасудың жаңа жолын табуға қам қылып жатыр. Жалпы алғанда оңтүстік ауданның халықтарына жоғарғы көрсеткен пайдадан басқа су шаруашылығының кооперацияға тарту үшін де маңызы зор.

Жоғарғы көрсетілген кемшіліктерден басқа су шаруашылығының алға басқандығы да жоқ емес. Ұйымдастыру жұмысының дұрыс жолға қойылғанын былай қойғанда, жер өңдеу жұмысымыздың өзі де бұрынғы жылдан молайып отыр. 1924-1925-1926 жылдардың суы аздығына қарай жер өңдеуді биыл бұрынғысынан Сырдария губерниясында 7%, Жетісуда 26% молайттық.

Қазір алдымызда бесжылдық планымыз бар. Бұл план үкімет пен партияның ұрандарына сәйкес келетін план. Сол планды жүзеге асыру үшін (1927-1931) 5 жылдың ішінде 75 724 204 сом ақша жұмсамақпыз. Алдағы планда мақта егу жұмысын молайтпақпыз. 1925 жылы 36 900 гектар мақта ексек, 1931 жылы 108 660 гектарға жеткізбекпіз. Қарақалпақта 1925 жылы 8 500 гектар жерге мақта сепсек 1931 жылы 28 900 гекта сеппекпіз. 1925 жылы барлық Қазақстанда 457 672 гектар жер өңдеткен еді. Оны 1931 жылы 756 254 гектарға апармақпыз. Қысқасын айтқанда 1931 жылы 1925 жылмен салыстырғанда жер өңдеу жұмысы 70% молаймақ. Мақта егу жұмысы 1931 жылы 194% болмақ.

Бұл планнан 1926-1927 жылға арнап отырған жұмысымыз үшін барлық Қазақстанға жұмсайтын 7 743 896 сом қаражат керек. Бұдан басқа Қарақалпақ үшін 794 000 сом керек. Бұл ақшаларды түгел жұмсағанда алдағы жылда 20 000 гектар жерді еркін өңдейміз.

Су шаруашылығының жұмысын көңілге алғандай орындай алмауға бөгет болатын жұмыстар:

1. Қызметкерлердің толық жетпеуі;
2. Жер өңдеу жұмысының күнделік саясатпен қатыспауы;
3. Төменде қызмет істейтіндердің еңбек ақысының аз болып халықтың дегенін істей беруі;
4. Су шаруасына арналған заңның жоқтығы;
5. Ұлт республикаларының шекараларының тиянақталып айырылмағандығы;
6. Жерге орналасуының шалалығы;
7. Әр жердің шаруасының өзгешелігі.

Бұл кемшіліктерді жоймай су шаруасын көтеру қиын. Соның үшін алдағы күнде су мәселесі Қазақстандағы ірі маңызды мәселенің біреуі болуы керек. Солай еткен күнде ғана 5 план дұрыс жүзеге асады.

Қызыл Қазақстан. – 1927. – №22-23 (декабрь). – 66-72-б. Араб графикасы.

№75
Өнеркәсіп орындарына мамандарды тартуды көтерген «Қазақстанда жұмысшы мәселесі» мақаласы

Келешекте өнерлі кәсіп шаруасының өркендеуі – өнерлі жұмысшылардың көбеюіне байланысты.

Бұл жалғыз біздің Қазақстанда ғана емес, бүкіл кеңестер одағындағы маңызды мәселе.

Америка, Герман секілді мемлекеттерде өнерлі кәсіптің техникасы ескі емес.

Олардың өнерлі кәсібінің өркендеуіне себеп болып отырған жаңа техника. Кеңестер одағында өнерлі кәсіпті өркендету үшін бізге де жаңа техника керек, ал енді жаңа техниканы кіргізу үшін оның әдісін білетін жұмысшы керек.

Сондықтан өнерлі жұмысшы даярлау, жұмысшылардың білімін арттыру деген – маңызы үлкен нәрсенің біреуі. Бұл кеңестер одағында қандай қиын мәселе болса, Қазақстан жағдайында одан да қиын. Себебі бірден Қазақстанда жұмысшы аз. Екіншіден бар жұмысшыларымыз елден жаңа келген. Іске жаңа үйреніп келе жатыр.

Міне сондықтан біздің өнерлі кәсібіміздің өркендеуіне үлкен бөгеу болып отыр. Ал енді Қазақстаннан басқа жерден алып келген мініскер жұмысшылар көп баянды болып өмір сүрмейді.

Біраз істеген соң кетіп қояды. Оның орнына жаңадан жұмысшы алып келіп отыруға тағы мүмкіндік жоқ. Себебі – бұл мәселелердің бәрі де шығынға байланысты. Егер жұмысшылардың бірін жіберіп, бірін шақырып сапырыстырылып отырғандай болсақ, өндіріс орындарынан келетін өнімінің бәрін соған жұмсауға тура келеді.

Бұл бір жағы. Ал енді екінші жағы – біздің өндіріс орындарынан шыққан өнім қымбатқа түседі. Бағасы көтеріңкі болады. Сондықтан бұйым бағасын арзандату деген ұраны орындай алмаймыз.

Мінекей сонымен бұйымның бәсін арзандату, өнерлі кәсіпті өркендету, жұмысшылар даярлау мәселесімен қатты байланысты.

Тағы бір ірі мәселе – Қазақстандағы V-нші, VI-нші партия конференцияларының қаулысы бойынша қазақ жұмысшыларын көбейту керек.

Мұны жүзеге асыру мәселесі оңай емес. Қазақтан шыққан қара жұмысшы өте аз.

Өндіріс орындарында қазақтан жұмысшыларды көбейту үшін ауылдағы малай мен кедейге тарту керек. Жұмыстың жалпы түрін түсінбеген қазақтан жұмысшы әзірлеп шығару мәселесі де қаражатқа байланысты.

Елдің шаруасын көтеруге 5 жылдық жоспарымен бірге, 5 жылда жұмысшылар даярлау жоспары да бекіліп отыр. Бұл жоспар бойынша біздің өнерлі кәсіп орындарымызға 5 557 жұмысшы керек. оның 1 647-сі білімді өнерлі жұмысшы болуы керек. мұның 397-сін қол өнерімен кәсіп етіп жүргендерден алу керек. 250-ін жұмыссыз жүргендердің арасынан еңбек комиссариаты арқылы таңдап алуға болады. Қалған мың адамды оқытып үйрету керек.

Бұл 1000 адамды былайша даярламақшымыз: 130 адамын фабрик-зауыт қасындағы мектептер арқылы, 50 адамды жеке оқу арқылы, 418 адамды бригадный оқу, қалған 402 адамды шет жердегі мектептер арқылы даярлап алуға тура келеді. Жоғарыда айтылған 598 адамды даярлау үшін 496 мың сом ақша

шығады, ал қалған 402 адамды даярлауға 227 мың сом ақша шығады. Бірінші шығын өнерлі кәсіп орындарында ұсталады. Қалған 227 мың сом Қазақстан бюджетінен ұсталады.

Мінекей 5 жылдық жоспарды орындау үшін осындай шығын шығарғанымызда жұмысшыларымыздың 70-75%-і қазақ болу керек. қазіргі уақытта қазақ жұмысшыларының 32-35%-тей ғана қазақ.

Бұл айтылғандармен қабат өнерлі кәсіпті өркендету үшін бізге инженер, техник секілді мамандар керек.

Бұл жоспарды орындау үшін істелетін жұмыстарымыз көп. Бұл жөнде халық ағарту комиссариатының міндеті де аз емес. Жұмысшылардың сауатсыздығын жою, жұмысшылардың білімін арттыратын мектептер ашу. Доссор, Қарсақбай, Ридер секілді орындарда техникумдар ашылуы тиісті. Бұл халық ағарту комиссариатының басты-басты міндеттері. Мұнымен қатар Қазақстанның өндіріс орындары бар жерлердегі мектептерде өнерлі кәсіп туралы білім беру жағдайын істеу керек. ол туралы оқытушылар жіберу керек. Бұл жөнде ыңғайы бар оқушыларды стипендиядан мұқтаж қылу керек.

Жұмысшылар даярлау мәселесі бұл күнге шейін де болған, бірақ оған ұсталатын қаражаттың аздығынан көзге көрінгендей жемісті жұмыс істей алмай келіп еді. Ал енді жаңа жоспарда бұл кемшіліктер түгел ескерілмей отыр. Шет жердегі оқуға жіберілетін жұмысшылардың айлық ақысы көбейтілмекші.

Сонымен бұл жоспарды жүзеге асыруға қам қылынып жатыр. Бұл жоспар ешбір бөгетсіз жүзеге асқандай болса Қазақстанда жұмысшы мәселесі түзеу жолға қойылмақшы. Бірақ жоспардың түзу жүзеге асырылуы зерттеліп отырылуы керек.

Еңбекші қазақ. – 1927. – 8 декабрь. – №282 (1010). Араб графикасы.

№76
Былғары өңдейтін және қой терісін илейтін зауыттар салу жөніндегі «Былғары, тері зауыттары туралы» мақаласы

Қазақстандағы былғары зауыттары мен қой терісін илейтін зауыттары әр губернияда әр түрлі түрде ұйымдастырылып, алты түрлі треске қарайды. Бұл трестердің біреуі-ақ өлкелік маңызы бар трест. Қалғандары губерниялық маңызы бар трестер. Бұл трестердің ішінде түрлі зауыттар бар. Пима жасайтын трест те бар еді. Орал тресінде кірпіш жасайтын және сол секілді басқа зауыттар бар. Былғары трестерінде былғары, тері илеумен қатысы болмаған өнімдер көп болған соң, Қазақстанға өте керекті болған былғары мен тері илеу жұмыстарына айтарлықтай көңіл бөлінбей келді. Жоғарыда айтылған алты тресте былғары зауыттары мен тері илеу зауыттарының жалпы саны 12. Оның 9 былғары зауыты, қалған үшеуі тері илейтін зауыт.

Қызылжарда былғары зауыты екеу, Ақтөбеде біреу, Семейде біреу, Оралда екеу, Жетісуда екеу, Қарақалпақта біреу. Бұл айтылған зауыттар жылына 241 мың 500 тері илеп шығарады.

Ал енді тері илейтін зауыттарға келсек, Қызылжарда біреу, Семейде біреу, Оралда біреу. Бұлар жылына 250 мың тері илеп шығарады. Қазақстандағы

былғары зауыттары мен тері илеу зауыттарының барлық капиталы 1 миллион 88 мың 290 сомдық. Оның ішінде негізгі капиталы 440 515 сом. Айналдырып отыратын сауда капиталы 647 775 сомдық.

Соғыстан бұрын Қазақстандағы өнерлі кәсіптің бірі осы былғары зауыттары еді.

Ол уақытта былғары зауыттарының саны 100 еді. Бір жылда істеп шығаратын былғарысы 450 мың шамалы еді. Бұл зауыттардың көбі төңкеріс заманында бұзылып қалды. Ал енді осы күндегілері жаңа шаруашылық саясаты шыққаннан бері ғана түзете бастағандар. Бұл зауыттар 1924-1925-нші жылы 1 511 400 сомдық нәрсе өндірген. Бұл үш жыл ішінде едәуір өскендігіміз бар. Бірақ, қандай өстік десек те соғыстан бұрынғы халге әлі жеткеміз жоқ.

Қазақстанда қазіргі қолға алынып отырған мәселенің бірі – мал шаруасын өркендету. Бұл жөнде VI партия конференциясы түрлі жол-жобалар көрсетіп кетті. Малдан шығатын шикі бұйымдарды дұрыс пайдалану үшін былғары зауыты мен тері илеу зауытын көбейту керек. Былғары зауыты мен тері илеу зауытын өркендету жөнінде түрлі-түрлі шаралар қолдану тиіс.

Өйткені қазіргі былғары, тері илеу зауыттарында көп жетіспеген жеріміз бар: ол мыналар:

Біздің зауыттарымыздың көбі бұрынғы (1880-нші) жылы уақытта салынған ескі зауыттар. Бұларды қайтадан түзеу, өңдемесе көңілдегідей жұмыс жүзеге алмайды.

Және бұл зауыттардың өндірісі де аз. Мәселен 1927-1928-нші жылдың жоспары бойынша 5 миллион сомдық нәрсе өндіру керек. Қолдағы сома тек 804 700 сом. Бұл қаражатты 5 миллионға жеткізу үшін кемінде 2-3 жыл уақыт керек.

Бұл екі-үш жыл уақыт жеріміздің кеңдігіне, машина зауыттарымыздың ескілігіне қарағанда өте аз. Бұл бір қиыншылық.

Екінші қиыншылық – трестеріміздің қоры бар бірдей емес, біреуінің қоры көп болса, екіншісі аз. Бұған Оралдың былғары зауыты зор дәлел болуға жарайды.

Қазақстанда кішкене трестерден алтау бар. Оның алты басқарушысы бар. Олардың әр қайсысында сауда бұйымдары бар. Бұлардың бәрінде жыл сайын қаражат керек. Жылдық қаражаттары 337 400 сом. Былғары, тері илеу зауыттарының өнімі 790 сом. Әрине, осының бәрі де өндіріс орындарының дұрыс жолға қойылмағандығы. Осы айтылған қиыншылықтарды жою үшін мынадай шаралар істелу керек.

Былғары, тері илеу зауыттарын өз алдына бөліп, түрлі жетіспегендіктерден құтқару керек.

Жоғарғы артық шығындарды жойып, трестердің қолындағы соманы бәріне жеткілікті қылып пайдалану тиіс. Мұнымен қатар, ұсақ трестерді біріне-бірін қосып, бәрінде бірақ басқарма болғаны жөн.

Былай болғаннан жаңа 337 400 сомдық қаражат азайып 212 мың сом болмақ. Мал басы түсетін шығын да азаяды.

Бірақ, трестердің бір жерге қосылуын көпшіліктің мақұл көрмейтін жері бар болуы мүмкін. Олардың ойынша трест бір жерге жиылса, трестің зауытпен байланысы болмайды, басшылық жұмысы кем болады, дейді.

Біздің ойымызша зауыттардың құқығын үлкейту керек. Бұл мәселе үкімет декретінде еске алынған. Бұл жөнде зауыт бастықтары алып-сату секілді әдетті қойып, тек зауыт жұмысымен айналуы керек.

Былай болу зауыттың өркендеуіне үлкен себеп және трестердің зерттеуші адамдары болсын. Олай өнерлі кәсіп орнындағы басқарма жұмыстарын бақылап отырсын.

Қазақстанның қазіргі жағдайына қарағанда трестерді әр жерге болудан пайда шықпайды.

Сондықтан, Қазақстан шаруа кеңесі былғары, тон-тері өнерлі кәсіпті біріктіру керек, деп отыр. Бұларды біріктіру жоғарғы үкіметтер жоспарында да бар.

Еңбекші қазақ. – 1927. – №290 (1018). – 18 декабрь. Араб графикасы.

№77
Қазақстандағы өнеркәсіп орындарының жетістіктері мен кемшіліктерін көтерген «Өнерлі кәсіптің күрделі міндеттері» мақаласы

1927-1928 жылға жасаған жоспарымыз бойынша Қазақстан өнерлі кәсіп орындарының жұмысына ұстайтын сомамыз 5 миллион 911 590 сом болмақ. Бұл сомадан өнерлі кәсіп орындарын жаңадан салумен бұрынғыларын түзету үшін 5 миллион 172 590 сом сол өнерлі кәсіп орындарының айналмалы сомасын күшейтуге жұмсалмақ.

5 миллион 172 590 сомды өнерлі кәсіп орындарына бөлу реті мынадай: Семейде Шұға фабригі салуға 1 миллион, тері зауытын салуға 650 мың, кірпіш зауытын салуға 175 мың сом.

Алматыда кірпіш зауытын салуға 175 мың, тақтай зауытына 300 мың, тері зауытын салуға 115 мың сом. Қызылорда уезінде силитра зауытын жасауға 27 мың сом. Ақтөбеде тері зауытын салуға 100 мың сом, (мұның ішінде Алматыда салынатын 3 зауыттың ақшасы, Алматыны түзеуге деп белгілеген үкімет Қазақстан ұсталмақ).

Жоғарыда көрсетілген 5 миллион 172 мың, 590 сомнан Қазақстандағы өнерлі кәсіп орындарын түзеуге 1 миллион 915 мың сом берілмек. Мұнан 250 мың сом «Ашшысай»дағы қорғасын зауытын түзеуге, 158 мың сом Шу ауданындағы цемент зауытын үлкейтуге, 435 мың сом Арал теңізіндегі балық кәсібін күшейтуге, 277 мың 500 сом Арал теңізі мен Семей губерниясындағы тұз кендерін машиналандыру жабдығына, 100 мың сом Қарабұғаздағы сульфат (тұздың бір түрі) кені жұмысын күшейтуге жұмсалмақ.

Және, Түркістан-Сібір теміржол бойындағы жер кендерін зерттеуге 335 мың сом берілмек.

Өнерлі кәсіп орындарының айналмалы сомасын күшейту үшін шығарылған 739 мың сомнан Арал балық тресіне 100 мың сом, Семейдегі отын дайындайтын орынға 65 мың, сульфат зауытына 54 мың, Аралдағы тері зауытына 70 мың сом берілмек, қалғаны басқа зауыттарға бөлінбек.

Жоғарыда көрсетілген өнерлі кәсіп орындарына жұмсайтын 5 миллион 911 мың 590 сом қаржының 3 миллион 302 мың 840 сомы Мәскеуден мемлекет

қорынан 933 мың 900 сомы Қазақстан өлкелік бюджетінен, 594 мың 550 сомы жергілікті бюджеттерден, қалған бір миллион 80 мың 200 сомы өнерлі кәсіп орындарының өзінен алынбақ.

1927-1928 жылға жасаған бұл біздің өз жоспарымыз, Мәскеу біздің өнерлі кәсіп орындарына ұстайтын қаржымызды 2 миллион 300 мың сом болсын деп отыр.

Біздің жоспарымызда көбейтіліп көрсетілудің мәнісі мынадай:

Мәскеудің әлгі көрсетілген жоспарына біздің Алматыдағы өнерлі кәсіп орындарының ақшасы кірмей қалған бұл бір. Онан соң Семейде салынатын кірпіш зауытының ақшасымен, Түркістан-Сібір теміржолы бойындағы кендерін зерттеу үшін шығарған ақшасы Ресейдің комиссарлар кеңесінің қаулысымен қосымша шығын қылып кіргізіп отырмыз және Семейдегі тері зауытын биыл бітіру үшін бұрынғы мөлшердегі 190 мың сомның үстіне 300 мың сомды орталықтан қоса сұрағалы отырмыз. Бізге лайықтаған Мәскеу цифрымен біздің цифрымыздың қабысыңқырамай отырған себептері осы.

Өткен 1926-1927 жылда өнерлі кәсіп орындарына ұстаған жылдық сомамыз 1 миллион 619 мың сом еді...

Ол қаржымен сол жылдың жоспарындағы істелетін істің 86% істеліп бітті. Биылғы жоспарымызда өнерлі кәсіп орындарына ұстайтын қаржымыздың сомасы 4 еседей өсіп отыр деуге болады. Біздің өнерлі кәсіп орындарына берілетін қаржыны молайтусыз арқасында өнерлі кәсіп орындарына өнетін өнім де молаюлы, мәселен өнерлі кәсіп орындарымыздың 1925-1926 жылғы 8 миллион 663 сомдық өніміне 1926-1927 жылда 2 миллион 10 мың сом қосылып, 10 миллион 673 мың сом өнімі болды.

Енді 1927-1928 жылдың жоспарында көрсетілген 5 миллион 911 мың 590 сом түгелімен өнерлі кәсіп орындарына берілетін болса, өнімі (өнерлі ксіп орындарының өз жағасымен) 14 миллион 28 мың 900 сом болмақ.

Процентпен есептегенде: 1926-1927 жылға қарағанда, 1927-1928 жылдың өнімі 33% артық.

Өнерлі кәсіп орындарымыздың жұмысы ілгерілеп, өнімі молаю үшін орталық бюджет пен өлкелік бюджет өздеріне тиісті сомаларын мезгілімен беріп тұрулары керек.

Оның үстіне өнерлі кәсіп орындарымыз былтырғы істеген кемшіліктерін сабақ алып, жалпы кемістіктерін жоюға жұмыстарын бұрынғыдан да жақсы жолға қоюға тырысулары керек.

Өнерлі кәсіп орындарымыздың саны көбею, өнімі молаю мен бірге жұмысшылардың да саны өсіп келеді. Былтыр Қазақстанда барлық өнерлі кәсіп орындарындағы жұмысшылардың саны 3 мың 413 еді, биыл одан 23% өспек.

Өнерлі кәсіп орындарындағы кеңсе қызметкерлерінің саны кеміп келеді. Өткен жыл кеңсе қызметкерлері жұмысшыларға қосып есептегенде 12% еді. Биыл 11% болмақ.

Өнерлі кәсіп орындарымыздың сапасы ілгерілеумен бірге жұмысшылардың жалақылары да өсіп келеді. Жалақылары былтырғыға қарағанда биыл 8% өсті.

Былтыр, шамамен айтқанда бір жұмысшының ақысы 45 сом 87 тиын болушы еді. Биыл 49 сом 48 тиын болмақ. Олай болуға себеп: жұмысшылардың міндетті жұмыстары былтырғыдан биыл өсіп отыр. Бір жұмысшының істейтін қызметі былтырғыдан 16% өсіп, қызметтің өсуі мен бірге еңбек ақысы да өспек.

Үкіметтің өнерлі кәсіп орындарының алдына қойып отырған міндетінің бірі өнерлі кәсіп орындарынан шығатын нәрселердің бағасын арзандату болып отыр.

Бұл міндетті орындау үшін қорғасын 23%, шұға 2,5%, ұлтандық былғары 8%, былғары 10%, сеңсең 4,5%, кірпіш 12% арзандап отыр. Бірақ үкіметтің көрсеткен «6% арзандасын» деген жоспарын түгіл орындай алмай отырмыз. Оған түрлі себептер бар: былтырғы жыл нәрселердің бағасын өте арзандатып жіберген. Олай өте арзандауы әзірге көтере алмаймыз. Бұл бір, екінші – шикі заттардың бағасы көтеріліп отыр. Мәселен, жүн бағасы 30%, май жасап шағаратын «дән»дердің бағасы 17%, астық 4% көтеріліп отыр. Оның үстіне салықтар көбейтіліп отыр. Ағаш салығы 12%, басқалары тағы сондай.

Мұнымен қабат жергілікті өнерлі кәсіп орындарының нәрсе бағасын қалай арзандату әдісіне түсіне алмағандықтары да үлкен себеп болды, үкімет көрсеткен жоспардағы процентті түгіл орындап жалпы нәрсе бағасын арзандатуға шара қолданбақпыз.

Үкімет, өнерлі кәсіп орындарының кеңсе шығыны 20% кемісін деген еді, жергілікті орындардың 20%-тен асырып кесіткендері де бар. Бірақ, жалпы алғанда әлі 20%-ке жеткен жоқ, бұған да себеп, жергілікті орындарымыз қалай кеміту әдісін түсінбею мен оған ынталарын салмай салақ қарағаны. Орталық шаруа кеңесі мұның да шаруасын қолданып жатыр.

Қысқартып айтқанда жұмысымыздың аяғын нық баса алмауына жергілікті өнерлі кәсіп орындарымыздың үкіметтің мойындарына артқан міндеттерін толық атқара алмаулары, кейбір істерді шорқақтығы, салақтығы себеп болып отыр. Сондай кемістіктерді жою шарасына орталық шаруа кеңесі бар ынтасыг салмақ.

Екінші – жұмысшымыздың ілгерілеуіне өнерлі кәсіп орындарына керекті қаржыны жеткілікті түрде беріп тұруымыз керек. Өнерлі кәсіп орындарындағы тозығы жеткен машина-саймандарды түзеусіз керек. Ол түзелсе оның өнімі де түзелмек.

Еңбекші қазақ. – 1928. – 13 январь. – № 10(1037). Араб графикасы.

№78
Қазақстан Орталық Кеңес Комитетінің сессиясында сөйлеген сөзі

Қазақстан өнерлі кәсібі

«Қазақстанның өнерлі кәсібі бұған дейін Қазақстандағы кендерді толық пайдаланып, ауыл шаруасын өнерлі жолға салғандай болып күшейген жоқ» (VI Өлкелік партия конференциясының қарарынан).

Өнерлі кәсіптің қазіргі жайы

Қазақстанның өнерлі кәсібі ауыл шаруасынан, көбінесе мал шаруасынан өнген өнімді және жер кенін пайдаға асырады. Мұның арқасында Қазақстан елінің мұқтажын өтіп, керегін жетістіреді. Кеңестер одағының социалдық шаруасының күшеюіне жәрдемдеседі. Онымен бірге Кеңестер одағының, Оның ішінде Қазақстанның өнерлі кәсібіне шикі байлық жетістіретін шаруаның күшеюіне себепші болады. Қазақстан өнерлі кәсібінің бұл бағыты партияның көрсеткен жолына үлесіп отыр.

Басқару жағынан Қазақстан өнерлі кәсібі 4-ке бөлінеді:

1. Ридер, Ембі, Атбасар кендері, алтын кендері тура Кеңестер одағына қарайды;

2. Еділ-Каспий балық тресі Ресейлік құрамының орталығына қарайды;

3. Шұға фабриктері, сантонин зауыты, Арал балығы, сульфат, селитра кендері Қазақстан орталығына қарайды;

4. Жергілікті кәсіп орындары Қазақстан губернияларының қарауында.

Мұның ішінде шаруашылық жөнінде ең маңыздысы, Кеңестер одағының орталығына қараған өнерлі кәсіп.

Қазақстанда орталық шаруа кеңесі басқарып отырған кәсіп орындары 36. Бұлардың көбі нашар күйде, машина-саймандары тозған, оның үстіне көбі жиянгерлік соғыстары кезінде құрылған үйлері, машина-сайман қолайсыз, еңбек қорғау шартына өндірісті молайтуға үйлеседі.

Ауыл шаруасының өнімін пайдаға асыратын кәсіп орындары Қазақстанның шикі қорын көңілдегідей пайдаға асыра алмайды. Болғаны: жүн-жабағының 1,8%-ін, ұсақ терінің 3,6%-ін ғана пайдаға асырады.

Кеңестер одағының өнерлі кәсібі соғыстан бұрынғы пардасына жетіп, жөнделіп болғанда, Қазақстан өнерлі кәсібі ол пардаға жете алмай келеді. Сонда да жыл сайын дүрлеп күшейіп келеді.

1926-1927-нші жылы Қазақстан өнерлі кәсібінің өнімі 1925-1926-ншы жылдағыдан 50% артты. 1927-1928-нші жылы 40% артпақ. Қазақстан өнерлі кәсібінің бұған дейін жөнделіп болмау себебі: Қазақстанның өнерлі кәсібін жөндеу жұмысына кеш кірісілді. Оның үстіне өнерлі кәсіпті жөндеуге жұмсалатын қаржы аз болды. 1925-1926-ншы жылға дейін Қазақстан өнерлі кәсібі өз қаржысымен күшейіп келді. 1925-1926 жылдан кейін ғана Қазақстан өнерлі кәсібін күшейтуге бюджеттен қаржы беріле бастады. Сол уақыттан бастап өнерлі кәсіп жұмысының жоспары жолға салынды.

Қазақстан өнерлі кәсібінің негізгі капиталы 86% пайдаға асырылды.

Трест бағасымен есептегенде Қазақстан өнерлі кәсібінің өнімі: 1925-1926-ншы жылы 8 миллион 835 мың сом, 1926-1927-нші жылы 12 миллион 955 мың сом болды. 1927-1928-нші жылы 16 миллион 312 мың сом болмақ.

Кеңестер одағының орталығына қараған өнерлі кәсіптің өнімі: 1925-1926-ншы жылы 5 миллион 543 мың сом, 1926-1927-нші жылы 7 миллион 195 мың сом, 1927-1928-нші жылы 12 миллион 185 мың сом. «Ембі-нефть»тен басқа кәсіп орындары әлі жөнделіп жеткен жоқ.

Қазақстанды орталық шаруа кеңесіне қараған кәсіп орындары өндіріс-ақша жоспарын жақсы орындап келеді: 1925-1926-ншы жылы 97%, 1926-1927-нші жылы 96% орындады. Бірақ, бәрі тегіс мұндай орындаған жоқ, бірсыпырасы кем, бірсыпырасы артық орындады. Мұның себебі: қаржы кем берілді, егін-шөптің шығысы кем болды. Оның үстіне жоспар дұрыс жасалмады.

Өнерлі кәсіпті күшейтуге жұмсалған ақша

1925-1926-ншы жылдан бастап Қазақстан өнерлі кәсібіне бюджеттен қаржы беріле бастады, жұмыс жоспарлы жолға түсті. 1925-1926-ншы жылы өлкелік бюджеттен 357 мың сом, мемлекет бюджетінен 790 мың сом берілді. 1926-1927-нші жылы 1 миллион 532 мың сом берілді, 1927-1928-нші жылы 2 миллион 294 мың сом беруге ұйғарылды.

Кеңестер одағының орталығына қараған өнерлі кәсіпке берілген ақша: 1925-1926-ншы жылы 15 миллион 488 мың сом, 1926-1927-нші жылы 12 миллион 291 мың сом, 1927-1928-нші жылы 13 миллион 478 мың сом.

Бірақ, берілген ақшаның орындалуында бірсыпыра кемшіліктер болды. 1926-1927-нші жылы кәсіп орындарын жөндеуге, жаңадан үйлер салуға 1 миллион 776 мың сом арналып еді, бірақ соның тек 83,6%-і ғана жұмсалды. Мұнымен қатар, кәсіп орындарын жөндеуге ұйғарылған мөлшерден артық шығын ұстаған, жоспарды бұзған, ақшаны орынсыз жұмсаған ұйымдар болды.

Бұл кемшіліктердің себебі:

1. Жоспарды орындау тәртібі күшті болмады;
2. Кәсіп орындарын жаңа негізге тұру жұмысының дұрыс жасалған жоспары болмады;
3. Өнерлі кәсіп мекемелері толық басшылық көрсете алмады;
4. Қазақстан өнерлі кәсібінде жеткілікті іскер мамандар болмады.

Өнерлі кәсіпке жұмсалған ақшадан шыққан пайда

Өнерлі кәсіпке берілген ақшамен мынадай жұмыстар істелді:

Жаңадан 4 жерге кәсіп орны құрылды (Сырдария қорғасын кәсібі, селитр зауыты, Қарабұғаз сульфат кәсібі, Аралдың тұз тресі). Бұларға 120 мың 500 сом жұмсалды. Бұлардың жылдық өнімі 714 мың 170 сомдық. Бір сом шығына 6 сомдық өнім тура келеді.

Бұған дейін тоқтап тұрған 2 былғары зауыты, бірсірә зауыты жүргізілді, бұларға 68 мың 391 сом шығарылды. Бұлардың жылдық өнімі – 690 мың 697 сомдық, бір сом шығынға 10 сом өнім тура келеді.

7 кәсіп орнының өнімі арттырылды (тұз кәсібі, темір зауыты, ағаш зауыты, былғары-сеңсең зауыты, киіз-байпақ зауыты, балық зауыты, май зауыты). Бұларға 522 мың 600 сом шығын шығарылды. Жылдық өнімі 3 миллион 366 мың 500 сомдық. Бір сом шығынға 6,5 сомдық өнім тура келеді.

Жалпы алғанда шығарылған шығындардың бір сомына 6 сом 70 тиындық өнім тура келеді.

Бұл шығарылған шығындар негізгі капиталдың 15%-тей. Мұның арқасында кәсіптің өнімі 46% артып отыр. Бұған қарағанда шығарған шығын босқа кетпеген, көрнекті пайда келтіріп отыр.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер болмағанда шығарылған шығынның пайдасы мұнан да көп болар еді.

Бұл мағлұматтардан ақша аз жұмсалғанда да, Қазақстан өнерлі кәсібінен көп пайда шығатыны көрініп отыр. Бұған Қазақстан үкіметінің де, орталықтың да айырықша көңіл бөлуі керек.

1927-1928-нші жылы жоспар бойынша Қазақстан өнерлі кәсібін күшейтуге 2 миллион 736 мың сом жұмсалады. Оның ішінен 410 мың 600 сом оборот капиталына беріледі.

Бұл шығынның арқасында өнерлі кәсіп өнімі 8 миллион 780 мың сом артпақ.

Өнерлі кәсіпті тәртіпке салып, тауарды арзандату жұмысы

Қазіргі үлкен мақсаттың бірі – фабрика-зауыт тауарын арзандату. Оның үшін шығынды кемітіп, зауыт фабриктің өзіне керек бұйымды арзанға түсіру керек. Оның арқасында өнерлі кәсіптің өнімі арттыру керек.

Бірақ, бұл жұмыстар бұған дейін Қазақстанда толық орындалмай келді. Қазақстан зауыт-фабриктерінің керегі Қазақстанның өзінен табылып тұрса да, басқа аудандарға қарағанда тауар қымбатқа түсіп отыр.

Тауардың қымбатқа түсу себебі: зауытқа керек шикі бұйым, отын қымбаттап кеткен, кәсіп мекемелері толық басшылық етпеген, өндіріске керек жәрдемші заттар орынсыз жұмсалған.

Өткен жылы кәсіп трестерінің көбі тауар бағасын кесткенде өз қаржысының есебінен кемітті. Мұның салдарынан партия мен үкіметтің тапсырған жұмысы орындалмады, оның үстіне өнерлі кәсіптің өзіне зиян әкелді.

Шығынды кемітіп, зауыт-фабрика тауарының өзіне түсетін бағасын кемітудің бір жолы – кәсіпті өнер-техника жолына салып тәртіптеу. Бірақ, бұл жұмысты да Қазақстан кәсіп орындары көбінесе орындаған жоқ. Оған себеп: пайдасы тез қолға тиетін жұмыстардың шығынынан қаштық. Кәсіпті өнерлі жолға қою мәселелерін қарауға әдейі маман ұстамадық.

Биыл тауарды арзандату, тауардың зауыт-фабриктерін өзіне түсетін бағасын кеміту ретінде бірсыпыра шаралар белгілеп отырмыз. Бұл шаралар бойынша отын, көмекші материалдар өте үнеммен (мөлшермен) жұмсалмақ. Жалпы зат шығындары кемітілмек. Басқа да сондай шаралар істелмек.

Өнерлі кәсіптің қаражат жайы

Орталық шаруа кеңесіне қараған өнерлі кәсіптің балансы мынадай:

1925-1926-ншы жылы – 12 миллион 369 мың 700 сом;

1926-1927-нші жылы – 15 миллион 895 мың 500 сом, 28,5% артық;

1927-1928-нші жылы – 19 миллион 791 мың сом болмақ, 1925-1926-ншы жылғыдан 60% өседі.

Бұл уақыттың ішінде өнерлі кәсіптің обороты 1925-1926-ншы жылғыдан 1926-1927-нші жылы 46,6%, 1927-1928-нші жылы 90% өскен. Бұған қарағанда ауыл шаруасының байлығын, кен байлығын пайдаға асыру ретінде өнерлі кәсіп едәуір күшейген. Бірақ, оборот капиталының өсуі негізгі капиталдың өсуінен едәуір кем. Оборот капиталының кемдігінен өндіріс қымбатқа түседі, кейде жұмыс тоқтап қалады. Кейбір кәсіп трестері өткен жылы 107 мың 790 сом зиян көреді.

Мәселен: Қызылжар былғары трестің барлық сомасы 1 миллион 84 мың 971 сом болмақ. Оның 1 миллион 40 мың 264 сомы – 95,8%-і қарызға алған сомы. Орал кәсіп трестінің барлық оборот сомасы 549 мың 656 сом болса, оның 518 мың 294 сомы – 94,2% қарызға алған сома.

Кәсіп орындарының өз сомасы мұндай кем бола тұрса да, 1926-1927-нші жылы кәсіп орындары 1 миллион 390 мың 567 сом пайда қылды. Пайда сома жалпы өнімінің 9,9%-тей.

1925-1926-ншы жылымен салыстырғанда өнерлі кәсіптің пайдасы: 1926-1927-нші жылы 12,5% артты, 1927-1928-нші жылы 22% артпақ.

Еңбек өнімі мен еңбек ақы

Бір жұмысшының бір жылда істеп өндірген өнімі:

1925-1926-ншы жылы 3 510 сомдық;

1926-1927-нші жылы 4 063 сомдық;

1927-1928-нші жылы 4 547 сомдық;

1925-1926-нші жылымен салыстырғанда:

1926-1927-нші жылы 15,7% артқан;

1927-1928-нші жылы 29,5% артпақ.

Бұл уақыттың ішінде орташа еңбек ақы 44 сом 56 тиыннан 49 сом 48 тиынға жеткен – 11% артқан.

Еңбек ақының өсуі кейбір кәсіп орындарында кемірек. Бірақ, бұл кемшілікті жоюға биыл тиісті шара істелмек.

Қазақстанда еңбек ақының да, еңбек өнімінің де өсуі ішкі Ресейдегінен 12% шамасы кем. Оған себеп: Қазақстан өнерлі кәсібі толық дұрысталып жетпеген, азық-түлік арзандамақ, оның үстіне Қазақстанда жұмысшылардың өнері ішкі Ресей жұмысшыларынікінен кем.

Қазақстан өнерлі кәсібі.
Жұмысшылар жетістіру және өндірісті қазақыландыру жұмысы

Қазақстан өнерлі кәсібіндегі тұрақты жұмысшы: 1925-1926-ншы жылы – 2 516; 1926-1927-нші жылы – 3 213, 27,7% артқан; 1927-1928-нші жылы – 3 778, 1925-1926-ншы жылдағыдан 50,1% артқан. Бұл уақытының ішінде қызметкерлер 427-ден 535-ке жеткен.

1925-1926-ншы жылы қызметкерлер жұмысшылардың 16,9%-і болса, 1927-1928-нші жылы 14,1%-і.

Бұрын өнерлі кәсіп нашар болған соң, Қазақстанда ұйытқылы кәсіп жұмысшылары болмақ. Сондықтан, өнерлі кәсіп жұмысшыларын жетістіру Қазақстанда үлкен жұмыс.

Бұған дейін бірсыпыра жұмысшыларды басқа аудандардан алдырып, артық шығын шығарып келдік.

Бұрын Қазақстанға жұмысшы жіберіп тұрған аудандарда өнерлі кәсіп күшейген кезде, олар бізге жұмысшы бере алмайды. Сондықтан, бізге ендігі жерде тұрғын елден жеткілікті жұмысшы жетістіру керек.

Кәсіп орындарында қазақыландыру жұмысы көңілдегідей емес.

Ембі-нефть, Атбасар тресі сияқты ірі кәсіп орындарын қосқанда барлық қазақ жұмысшылары 2 858, барлық жұмысшылардың 31,19%-і. Оның үстіне қазақ жұмысшыларының есебіне күзетші, делбеші сияқты өндіріске қатыспайтын жұмысшылар да қосылады. Бірсыпыра қазақ жұмысшылары тек маусымды жұмыстарды ғана істейді. Жаз жұмыс істесе, қыс кетіп қалады.

Үкімет те, партия да кезінде өнерлі кәсіпті қазақыландыру туралы тиісті нұсқау, бұйрық-жарлық таратса да, қазақыландыру жұмысы кәсіп орындарында толық және дұрыс орындалмады. Оның себебі: әуелі-ақ қазақыландыру жұмысының бағыты дұрыс болмады. Екінші - өндіріске қатысқан қазақ жұмысшыларының өнерін арттыруға тиісті шара істеледі. Үшінші – қазақ жұмысшыларына пәтер тауып беріп, басқа да мұқтажын өтіп, оларды тұрақтандыруға, бұрынғысынан тұрмысын оңдауға жеткілікті шара істелмеді.

Төртінші – тұрмыс, салт бөлек қазақ кедейлерін өнерлі кәсіпке тартуға өзіне бөлек әдіс-жол керек болды.

Өнерлі кәсіпті жаңа негізге, білім-техника негізіне құру үшін жұмысшылардың өнерін арттыру керек. Бұл жұмысты оқу комиссариатының қатты ескеру керек.

Пәтер үй жетістіру. Еңбек қорғау жұмысы

Қазақстанда бір жұмысшыға келетін пәтер мөлшері ішкі Ресейдегінен кем емес. Бірақ, бізде пәтер мөлшері кәсіп орындарының бірінде мол болса, бірінде өте кем. Оның себебі: Қазақстанның кәсіп орынды қаладан қашық. Аудандарда құрылып отыр. Жұмысшыларға керек пәтер үйдің бәрін де жаңадан салу керек. Сондықтан, пәтер үй жетістіру Қазақстанда үлкен жұмыстың бірі болып отыр. Жұмысшыларға пәтер үй жетістірмей, өнерлі кәсіпті көңілдегідей күшейте алмаймыз.

Пәтер үй 1925-1926-ншы жылы 15 398 шаршы метр еді. 1926-1927-нші жылы 23 939 шаршы метрге жетті. 1927-1928-нші жылы және 10 403 шаршы метр көбейтіліп, 43,5% артпақ. Сонда тұрақты жұмысшылардың 61,40%-не пәтер жетістіруге болады.

Пәтер жетістіру жұмысында да бірсыпыра кемшіліктер болды: пәтер үйлер салу жоспары орындалмады. Трестер салақтық қылды, ақша бөлімдері пәтер салуға арналған ақшаны уақытында бере алмады. Пәтер салуға арналған ақша кейде басқа жұмыстарға ұсталып кетті. Өзі аз сомамен жұмысшыларға пәтер жетістіру үшін мұндай кемшіліктерді жою керек. Бұл туралы бірсыпыра шара белгіленіп отыр: жұмысшыларға қолайлы пәтер үйдің жобасы жасалмақ, пәтер үйлерге арналған ақшаны уақытында беріп тұруға қам қылынбақ. Ақшаны орынды жеріне үнемдеп жұмсау туралы қатты нұсқау берілмек.

Еңбек қорғау мәселесінің маңызы да мұнан кем емес. Байлар Қазақстанда зауыт-фабрик секілді жұмысшылардың еңбегін қорғауға қам қылмаған. Бұл кемшілікті бір жылда бітіре қоюға болмайды. Сондықтан, кәсіп орындарында еңбек қорғау шарттарын жақсылау - өнерлі кәсіптің негізгі жұмысының бірі.

Өнерлі кәсіпті басқару жұмысы

Өнерлі кәсіпті, әсіресе, бытыранды кәсіп орындарын басқару – ең қиын жұмыстың бірі.

Өнерлі кәсіпті басқару жолы дұрысталып, тұрақталған жоқ.

Төңкерістен кейін өнерлі кәсіпті басқару жұмысында талай өзгерістер болды. Әуелі кәсіп бір орталыққа қарады, онан кейін басқару жұмысы бөлініп кетті. Осы күні бұл екі жол аралас, әрине, өнерлі кәсіпті тек бір жол, бір әдіспен басқаруға болмайды. Бұл мәселені шешкенде жердің қашықтығы, қаражат жайы, өнерлі кәсіп мекемелерінің құрылысы сияқты жағдайлармен есептесу керек.

Қазақстан жағдайында өнерлі кәсіпті, әсіресе, кәсібі бірыңғай, кәсіп орындарын кіргені трестерге бөліп, ұйымдастырып келдік. Бірақ, мұның кемшілігі: басқару шығыны көбееді, кәсіптің өнімі қымбатқа түседі. Трест көбейіп кеткен соң, түрлі іскер мамандар жетіспейді. Кәсіп орындары ұсақ бытыранды болған соң қаржы бөлінеді, аз қаржыдан көңілдегідей нәтиже шықпайды. Тұз, ағаш кәсіптерін ірілендіріп, әртүрлі кәсіпті бір жерден басқаруға ұйғарылып отыр. Мұнан келетін пайда көп. Мәселен: былғары кәсібінің қазіргі басқару шығыны 337 мың 400 сом, я барлық оборотының 6,2%-тей екен. Өлкелік трест құрып бір жерден басқарғанда басқару шығыны 222 мың 100 сом, я жалпы оборотының 4,2%-тей болмақ.

Іскер қызметкерлері. Маман жетістіру жұмысы

Қазақстан өнерлі кәсібінде іскер қызметкерлер кем, іскер қызметкерлердің кемдігінен кәсіп-қаржы жоспарларының біреуі толық дұрыс жасалған жоқ. Дұрыс жасалмаған жоспар орталыққа барғанда әлде неше өзгертіліп, кешігіп қала береді. Оның үстіне кәсіп орындарында инженер-техниктер кем, кейбіреулерінде мүлде жоқ. Бұл күйде өнерлі кәсіпті жаңа техника негізіне құра алмаймыз.

Сондықтан, биылдан бастап өнерлі кәсіпке іскер қызметкерлер, жеткілікті мамандар тауып беру керек. Әйтпесе, 1927-1928-нші жылдың жоспарын да толық орындай алмаймыз.

Жергілікті кәсіп орындары түгіл инженер-техниктер Қазақстан шаруа кеңесінің өзінде де кем. Ақшаның аздығынан қызметкерлерді кесімді мөлшерден артық алуға болмайды. Ақшаның кемдігінен керекті қызметкерлерді, білімді, іскер мамандарды қызметке ала алмаймыз. Жұмыстағы мамандарымыз жұмыс басты болып отыр, өнерлі кәсіп мәселелеріне жеткілікті көңіл бөле алмайды. Оның үстіне, кейбір мамандарға өзіннің мамандығына жатпайтын жұмыстарды тапсырамыз.

Және бір кемшілік – қаржының кемдігінен жергілікті кәсіп орындарына барып кәсіп жұмысымен таныса алмаймыз. Оларға басшылық көрсете алмаймыз. Жергілікті қызметкерлерге жәрдем бере алмаймыз. Кәсіп орындарын уақытында зерттеп, олардың кемшілігін жоюға тиісті шара істей алмаймыз. Әрине, мұнан кәсіп орындарының жұмысына кемшілік келеді.

Қатынас жұмыстарына беріліп отырған қаржы өте аз. Қазақстан шаруа кеңесі, әсіресе, губерниялық шаруа кеңестері уездік маңызы бар кәсіп орындарына дұрыс басшылық ете алмай келеді. Ондай кәсіп орындары 46 жылдық өнімі 763 мың сом. Мұншама өнім беріп отырған кәсіп орындарына мұнан былай жеткілікті көңіл бөлу керек.

Қолөнері кәсібі

Бұған дейін қолөнері кәсібіне көңіл бөлінбей келді. Бар болғаны қолөнері кәсіп ұйымдарын тіркеп, оларға шикі бұйым жетістіру ретінде түрлі ұйымдарға бұйрық берумен қанағаттанып отырдық. Бұған дейін қолөнері кәсіптің жайы-күйі туралы қолда толық мағлұмат жоқ. Қолдағы бар мағлұматқа қарағанда, Қазақстанда қолөнері кәсібінің жылдық өнімі кеміне 36 миллион сом шамасы екен. Бұған қарағанда қолөнері кәсібінің маңызы өте зор. Елдің, әскердің бірсыпыра керегін осы қолөнері кәсібі жетістіріп тұрады.

Мұнан былай қолөнері кәсібін күшейтіп, дұрыс жолға салу үшін:

1. Қолөнершілерін есепке алу керек;
2. Қолөнершілерін түрлі артельге ұйымдастыру керек;
3. Қол өнері кәсібіне дұрыс бағыт беріп, әсіресе, керекті Қазақстанның өзінен табылатын қолөнері кәсібін күшейту керек.

Мұнан басқа қолөнері кәсібін басқаратын округтік, керек болса өлкелік мекемелер құру керек.

Бұған дейін Қазақстан ауыл союзының қолөнершілерін ұйымдастырып, олардың жұмысын жолға салу керек.

Тауарды арзандату.
Әкімшілік шаруа шығындарын кеміту жұмысы

Қолдағы бар мағлұматқа қарағанда әкімшілік-шаруа шығындарын кеміту туралы орталықтың бұйрығы толық орындалмаған.

Әкімшілік-шаруа шығынын кеміту жұмысын кейбір кәсіп орындары (шұға фабригі, сантонин зауыты, Қазақстан ағаш тресі) артығымен орындаса да, жалпы Қазақстан өнерлі кәсібінде әкімшілік-шаруа шығындары орта есеппен болғаны 3,3% кеміді. 1927-1928-нші жылдың жоспары бойынша әкімшілік-шаруа шығыны 3,8% кемітілмек. Сонда 88 мың сом үнемдейді. Бұл да аз.

Әкімшілік-шаруа шығындарын кеміту ретінде Қазақстан шаруа кеңесі уақытында тиісті шаралар белгілеп, жер-жерге толық нұсқау беріп еді. Бірақ, жергілікті кәсіп мекемелері оны орындауға күш салған жоқ.

Мұндай жұмысты тек кәсіп орындарына міндет етіп қоюға жарамайды. Басқа мекемелер ұйымдардың толық жәрдемі керек.

Қорытынды сөз

Өнерлі кәсіптің өткен жылдардың ішінде бітірген және 1927-1928-нші жылда істейтін жұмысын көптің алдына тартқаннан кейін айтатын қорытынды сөзіміз мынау:

1. Өткен 2 жылдың ішінде өнерлі кәсіп мықтап өсті;
2. Қазақстанның өзінен өнетін шикі бұйымды, жер кенін пайдаға асыратын кәсіп орындары күшейді. Өнерлі кәсіптің бұл бағытпен өсуі Қазақстан шаруасының мұқтажын өтейді, VI Өлкелік партия конференциясының көрсеткен жолына үйлеседі;
3. Өнерлі кәсіп мұндай өсе тұрса да, Қазақстанның шикі байлығының жер кенінің молдығына қарағанда, өнерлі кәсіптің бұл өсуі әлде де кем. Тап көңілдегідей күшеймеуіне ақшаның кемдігі, басқа сондай жағдайлар кедергі болды;
4. Өнерлі кәсіпті күшейтуге қаржы жұмсау орынды жұмыс болып шықты, онан көрнекті нәтиже шықты;
5. Өткен жылдарда өнерлі кәсіп жұмысында бірсыпыра кемшіліктер болды. Өнерлі кәсіпті жаңа негізге құруға жасалған ұлы жоспар болмады. Кәсіп орындары, үйлер салу жұмысында бірсыпыра кемшіліктер болды. Өнерлі кәсіпті басқару жұмысы дұрысталған ашық. Жергілікті өнерлі кәсіп, қолөнері кәсібі жоспарланып, дұрыс жолға салынған жоқ. Әкімшілік-шаруа шығыны жеткілікті кемітілген жоқ. Тұрғын елді өнерлі кәсіпке тартып, олардың өнерін көтеру жұмысы жоспармен істелмеді.

Алды жылдағы мақсаттарымыз

Бұған қарағанда өнерлі кәсіптің алдағы жылдардағы негізгі жұмыстары мынадай болу керек:

1. Қазіргі кәсіп орындарының капиталын пайдаға асыру жұмыстарын күшейту керек;
2. Қазіргі кәсіп орындарын үлкейтіп, ұзатпай жаңадан ауыл шаруасының, әсіресе, мал шаруасының өнімін пайдаға асыратын кәсіп орындарын салуға, кен байлықтарын пайдаға асыруға бағыт ұстау керек;

3. 5 жылдық жоспар жасағанда, қазіргі кәсіп орындарын жаңа негізге құру жоспарын жасап, кәсіп орындарын сол жоспар бойынша үлкейтіп отыру керек;

4. Өнерлі кәсіпке жұмсаған ақшадан көрнекті нәтиже шығып отыр. Сондықтан, өлкелік бюджеттен, жергілікті бюджеттен өнерлі кәсіпке арнап берілетін ақшаны көбейту керек. Қазақстанның байлығына қарлы өнерлі кәсіпке орталықтан берілетін ақшаны да көбейттіруге қам қылу керек. Өнерлі кәсіпке қаржыларды бір қолдан дұрыстап жұмсау керек.

5. Өткен жылдарда кәсіп орындарын, үйлер салу жұмысын да бірсыпыра кемшіліктер болды, оның салдарынан бірсыпыра кәсіп орындары ақшаға тарығып қалды. Сондықтан, бұл жұмысқа толық басшылық етіп, қатты бақылап отыру керек. Үйлер, кәсіп орындары салуға арналған ақшаны уақытында бердіріп, бұл жұмысты бүкіл әлеуметтің бақылап отыруына қам қылу керек;

6. Жұмысты өзбей істеп тұруға, жұмыс жағдайын дұрыстауға кәсіп орындарының оборот қаржысы кем. Бұл кемшіліктерді жою үшін:

А) Оборот қаржысын молайту керек;

Б) Кәсібі бірыңғай кәсіп орындарының, трестерінің оборот қаржысын бір жерден жұмсауға тиісті шара істеу керек;

В) Бұл қаржыларды орынды жеріне жұмсап дұрыс пайдалану ретінде трестердің жұмысын дұрыстау керек.

7. Шығынды кемітіп, өнерлі кәсіптің негізгі тарауларын үлкейту үшін бірыңғай кәсіп орындарын (былғары, тұз, ағаш кәсіптерін) өлкелік трестерге ұйымдастыру мәселесін қолға алу керек. Бұған өзі тілеген губернияларды (округтерді) қатыстыру керек.

8. Партия мен үкіметтің ұлт саясатының бір негізгі мақсаты – жергілікті тұрғын елден ұйытқылы жұмысшы (проллетариат) тобын жасау. Мұның үшін өнерлі кәсіпті тез күшейтіп, оған тұрғын елдің кедейлерін тарту керек. Бірақ, бұл жұмыс көңілдегідей орындалмай келеді. Бұл жұмысты күшейтіп, қазақ жұмысшыларының өнерін арттыру керек, тұрмысын жөндеу керек. Мұның саясаттық маңызы өзіне басқа, оның үстіне шаруашылық ретінде де пайдасы аз емес. Шеттен жұмысшылар алдырып артық шығын шығарғанша, жұмысшыларды өнерлі кәсіптің қасынан, тұрғын елде алып отырсақ, көп қаржы үнемделеді, өнерлі кәсіптің тез күшеюіне көп жәрдем болады.

9. Қазіргі өнерлі кәсіпті күшейтіп, ауыл мен қаланы жақындастыратын жұмыстың бір үлкені – тауарды арзандату, тауардың зауыт-фабриктен шыққандағы бағасын кеміту. Мұның үшін шамадан келгенше өндірісті тәртіпке салып, шығынды кеміту керек. Тауардың зауыт-фабриктің өзіне түсетін бағасын кеміту керек. Мұның үшін өнерлі кәсіпті жаңа техника негізіне құрып, өнімін арттыру керек.

10. Бұл жұмыстарды орындау үшін өнерлі кәсіпті басқарып отыратын мекемелердің орталықта да, жер-жерде де іскер, жұмысқа икемді болу керек. Бір жағынан әкімшілік-шаруа шығындарын кеміте барып, осындай іскер, жұмысқа икем мекемелер құруымыз керек.

Еңбекші қазақ. – 1928. – 27, 29 сәуір. – №94 (1121), 95 (1122). Араб графикасы.

№79
Орал округіндегі байларды тәркілеу барысы туралы «Орал округінде конфискация науқанының қорытындысы» мақаласы

Кедей, жалшылар науқан жұмысына белсеніп қатысты. Партия ұйымдары еңбекші бұқараға басшылық етіп, атын ақтады.

Орташалар-кедей, жалшы жағына ауды. Бір кемшілік әйелдерді науқанға көңілдегідей қатыстыра алмадық. Орал округінде 71 бай кәнпескеленді. 1500 үй кедей, жалшы 6164 мал, коллективтер 2802 мал алды. Жаңадан 21 коллектив құрылды.

Орал округіндегі кәнпеске жұмысының қорытындысын жазбастан бұрын ауылдың кәнпескеден бұрынғы жайы күйін көрсетіп өтелік. Өйткені ауыл тұрмысының бұрынғы күйі кәнпеске науқанының кезінде едәуір әсер етіп отырды.

Үкіметтің, партияның соңғы жылдардың ішінде жүргізген күрделі жұмыстары (Қосшы одағын құру, жер бөлісі, астық дайындау науқаны, ауыл салығы, басқа да сондай жұмыстар) арқасында ауыл тұрмысы көп өзгерген. Бұрынғы ескі ру, ақсақалдық салты бұзылып, тап тартысы күшейген, кедей жалшылардың тап сезімі артқан. Онымен қатар жаңа шаруашылық саясаты арқасында капиталдық шаруа артып, оның арқасында байлар-жалшы, кедейден пайдалануын күшейткен.

Ауылда тап жігінің ашылып, тап тартысының күшеюі – кәнпеске науқанына көп жәрдем болды.

Ру басылардың, ақсақалдардың ықпалынан шыққан, тап сезімі артқан кедейлер, жалшылар кәнпеске науқанына ат салысып байлардың жасырған мал мүлкін тауып беріп отырды. Байды жақтаған кедей, жалшы шығайда біреу болды. Оның үстіне кедей, жалшылар коллектив шаруаның пайдасына түсіне бастаған. Бұрын да коллектив шаруалар көп екен. Кәнпеске науқанында да кедей жалшылар коллектив болып ұйымдасты.

Қысқасынан айтқанда ауылдың кедей, жалшылары кәнпеске сияқты ұлы науқанға дайындалған. Олай болса VI-партия конференциясының ірі байлардың кәнпескелеу туралы шығарған қаулысы уақытымен шығарылған, орынды қаулы болды.

Қазақ байлары тап соғысында онша мұқалмаған, шаруасы онша күйзелмеген. Жаңа шаруашылық саясаты шыққаннан кейін кедейлердің мүгедектігінен, оларға үкіметтен беріліп жатқан жәрдемінің кемдігінен пайдаланып, байыған үстіне баюға бет алған.

Бұрынғы ата салтын, ру салтын ортаға салып, кедейлерге ықпалын жүргізген.

Байлар жер бөлісінде, емін-еркін пайдаланатын жерінен айырылған соң шаруасын күшейту, кедейлерді пайдалану ретінде екінші жолға түскен. Малдың санын азайтып, тұқымын асылдандырған, машина сайманды, қымбатты мүлікті көбейткен (мәселен: Бөкейхан тұқымдары сияқты ірі байлар). Малай жалдауды азайтып, оның орнына кедейлерге көлік сауын сиыр таратқан. Кедей байдан сауынға бір сиыр алса, оның орнына 5-6 бойдақ малын бағып беретін болған кедей, жалшыларға, орта шаруаларға ықпалын жүргізу үшін жергілікті үкімет

мекемелерін өз қолдарына алуға тырысқан. Үкіметтің өздеріне зиянды жұмыстарына (жер бөлісі сияқты) қарсылық көрсеткен.

Кедейді орташамен одақтастыру жұмысы нашар болған. Бұл туралы жеке жеке науқанды жұмыстар (сайлау, бөліс, ауыл салығы сияқты) жүргізілсе де, астық дайындау, бөлісі науқандарында зиян көрген орташалар болған. Мұндай кемшіліктер кедейдің орташа мен одақтасуына едәуір бөгет болған.

Дайындық жұмыстар жоғарыда айтылған ауылдағы тап тартысының кедейлердің салт-санасының ретіне қарай істелуге тиіс болды.

Кәнпеске мәселесі партия ұйымдарына VI-партия конференциясының қаулысынан[160] кейін мәлім болды. Дайындық жұмыстары июль ішінде басталды. Байлардың мал-мүлкі есепке алынды. Жергілікті партия кеңес мекемелерін күшейтіп, оларды кәнпеске науқанына дайындауға тиісті шаралар істелді, ауылдағы кедейлер, жалшылар, қосшы ұйымдары арасында кәнпескеге дайындалу жұмыстары істелмеді. Бұл кемшіліктен кәнпеске науқанында бірсыпыра зиян көрдік.

Байлар кәнпескеге қалай дайындалды

Байлар кәнпескенің хабарын алаш ордашылардан, байшыл коммунистерден естіп алып, кәнпеске науқанына округтік мекемелерден де бұрынырақ дайындала бастады. Сауынға сиыр, мінуге ат үлестіріп кедей, жалшыларды өз жағына тарта бастады. Байлығынан пайдаланып, қазірет молда, атқамінерлер, байшыл оқығандар арқылы өсек таратып орташаны азғырды. Жалғыз бай емес, орташалардың, дәулеттілердің де малы алынады екен деп лақап шашты. Малдарын бір жағынан жасырып, екінші жағынан топтап сана бастады. Байлар кедей жалшыларды өз жағына аудара алмаса да, орташаларды алғашқы кезде көбінесе өз жағына қаратып алды. Малын сатты, жасырды. Байлардың өтірік өсегіне иланып қалған орташалар алғашқы кезде біздің айқанымызға сенбеді, тегісінен байды жақтамаса да (орташаның байрақтары байлар жағына шығып кетті), байға да, кедейге де қосылмай істің ақырын күтті. Байлардың өсегіне еріп малын сатты, ішінара байлардың малын жасырысты. Байлар әсіресе малын көп сатқан, жасырған малы да көп болған. Кәнпескеленген малдың саны алғашқы есептің маңына да жусайды. Мәселен: Азғыр ауданында алғашқы есеп бойынша кәнпескеге ілінетін мал 20 600 еді, іс жүзінде кәнпескеленгені 6 581. Біздің есебіміз бойынша Бөкейханұлының сатқан малы 116, кәнпескеленген малы 120. Ермекұлының сатқан малы 130, кәнпескеленген малы 48. Өзінің айтуынша Өзбекұлы 4000 сомдық мал сатысқан, басқалары да осындай.

Дайындық жұмыстары

Орал округінде дайындық жұмысына мен барғаннан кейін, сентябрьдің 1-нде кірісілді. Кәнпеске жұмысын басқаратын комиссия құрылды, аудан-ауданға өкілдер жіберілді. Кәнпеске декреті, нұсқаулар талқыға салынды. Орталықтан

[160] VI партия конференциясының қаулысы – 1924 ж. 11-16 мамыры аралығында Орынборда болған конференцияда халықаралық және ішк жағдайлар, халық шаруашылығын қалпына келтіру, өнеркәсіпті дамыту, кедейлердің «Жарлы» одағын ұйымдастыру, кәсіподақ, жастар, бақылау комиссиясының жұмыстарына байланысты мәселелер қарастырылып, шешімдер қабылданған.

келген тізім қаралып қорытынды берілді. Жұмыс жоспары жасалды. Жер-жерде дайындық жұмысына, өкілдер барғаннан кейін сентябрьдің 7-9-нда кірісілді.

Дайындық жұмыстарындың мақсаты – халық бұқараны кәнпеске науқанына дайындау:

а) жергілікті партия, кеңес әлеумет ұйымдарын кәнпеске жұмысымен таныстырып, науқанға әзірлеу;

б) кәнпескеге ілінетін байларды тауып тізімге киргізу; кедейлердің, жалшылардың өзгертетін жері болмаса, тізімді іске асыру;

в) малды есепке алу, бағу жұмыстарын зерттеу;

г) кәнпескеден мал алатын кедей, жалшыларды, коллектив шаруаларды есепке алу;

д) кедей, жалшылардың аудандық конференцияларын өткізу еді.

Орал округіндегі 15 ауданның 11-нде кәнпеске жұмысы жүргізілуге тиіс еді. Әуелі аудан-ауданға 16 өкіл жіберілді. Оның ішінен 3 өкіл орыс болыстарында, бір өкіл кәнпеске жұмысы жүргізілмейтін қазақ ауданында жұмыс істемек еді. Еуропалық аудандарға еуропалық қызметшілер, қазақ аудандарына қазақ қызметкерлер жіберілді, елі бытыранды және шекарадағы Азғыр ауданына өкілге қосып және бір қызметші жіберілді. Оның үстіне орталықтың тапсыруы бойынша, белсенді қазақ қызметшілерінен 9 адам үгіт-түсініс жұмыстарын күшейтуге жіберілді.

Дайындық жұмыстары сентябрьдің 7-9-нда басталып 20-23-нде аяқталды. Бұл уақыттың ішінде жалшы, кедейлердің жиылыстары, орташалардың қатынасуымен жалпы жиылыстар, партия, комсомол, әлеумет ұйымдарының жиылыстары, кеңес мекемелерінің пленумдары өткізілді.

Бұл жиылыстарда үкіметтің декреті, партия комитеттерінің нұсқаулары талқыға салынып түсініс берілді. Кәнпескеге ілінетін байлар, шонжарлар есепке алынды.

Ауылдағы партия ұйымдары дайындық жұмыстарға белсеніп қатысты. Қалың бұқараны ұйымдастырып басшылық етті. Кедей, жалшылар дайындық жұмыстарға толық қатынасып, тап сезімінің артқанын іс жүзінде көрсетті. Жиылыстарда сөз сөйлеп, кәнпескеге ілінетін байларды көрсетіп отырды. Кедей-жалшылардың 80-90%-ы жиылыстарға қатысты.

Комсомол ұйымы[161] кей жерлерде жұмысқа жақсы қатынасып кедей-жалшы жастарға басшылық етті. Бірақ көбінесе кедей, жалшы жастарды ұйымдастыра алмады, іс көрсете алмады. Кәнпеске жұмысына немқұрайды қарап теріс лаққандары да болды (Шалқар ауданының №16 ауылы, Таловканың аудандық комсомол ұясы). Қосшы ұйымы да аудандардың көбінесе ұйым болып іске

[161] Комсомол ұйымы (Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағы) – КСРО-дағы жастардың қоғамдық-саяси ұйымы. 1917 жылдың тамызында Петроградта өткен РСДР(б)П-ның VI съезінде жұмысшы жастардың коммунистік ұйымын құру мәселесі көтеріліп, 1918 жылдың 29 қазанында Москвада Жұмысшы және шаруа жастарының 1-съезінде құрылды. 1991 жылдың СОКП-ның жұмысына тыйым салды. Қазақстан Жастар Одағы бастапқыда кішігірім зауыт, фабрикаларда құрыла бастады. Сырдария мен Жетісу облыстарында комсомол ұйымдары 1920 жылы қаңтарда құрылды. Осы жылдың қаңтарында Түркістан комсомолының съезі өткізіледі. Қазақ жастарының «Жас қазақ» қоғамдық-саяси және әдеби журналы шығарыла бастады.

қатынаса алмады. Қосшы мүшелері бұқарамен бірге науқан жұмысына ат салысты. Жалшылар ұйымы мен ауылдық кеңестер науқан жұмысына шамасына келгенше жәрдем көрсетті. Аудандық мекемелердің, өкілдердің жұмысындағы бір үлкен қате – орташаларға, әйелдерге жеткілікті көңіл бөлмеді. Кәнпескеге дайындалу жұмысына әйелдер де, орташалар да жеткілікті қатынаспады.

Дайындық жұмысында мұндай бірсыпыра кемшіліктер бола тұрса да – жалшы, кедейлерді, орташалардың бірсыпырасын ұйымдастыра алдық. Оның арқасында кәнпеске науқаны көңілдегідей өтті.

Кәнпеске жұмысын өткізу үшін аудан-ауданда кәнпеске жұмысына 172 қызметкер жегілді. Оның ішінен: коммунист – 162, комсомол – 5, партияда жоқ қызметші – 5, әйелдер мен орташалардың науқанға толық қатынастырылмағаны болмаса, аудандардың көбінде дайындық жұмысы жақсы өткізілді. Кей аудандарда көзге түсерлік кемшіліктер де болды.

Шалқар ауданында жалшы, кедейлер жеткілікті ұйымдастырылмаған. Олардың белсенділігін арттыра алмаған. Кәнпеске жұмысы оншама шиеленісіп тұрмаған соң Таловка ауданының бірсыпыра жерінде көмекші комиссиялар құрылмаған. Азғыр ауданында байлардың жасырған малын табу, байлардың малын есепке алу жұмысы көңілдегідей болмаған.

Бұл кезде байлар кедей, жалшылардың жиылыстарымен қатар өздерінің жиылыстарын жасап жатты. Байлардың жиылыстарына орташалар, ішінара кедейлер де қатынасты. Жиылыстарында байлар атқамінерлер, аласшылар оқығандар арқылы кәнпеске науқанынан қарсы үгіт жүргізді. «Кәнпеске малы кедейлерге үлестірілмейді, қазынаға алынады», «Кәнпеске законын орталық бекітпеген, кәнпескеге Смағұл (Садуақасұлы)[162] қарсы» деп, басқа да сондай лақап таратып, елді азғырды. Бұрын аз болсын, көп болсын байдың сөзіне қалың бұқара ерсе де, бұл сапар ермеді. Жалшы мен кедейлер байлардан бөлектеніп шықты. Орташалар да байлардан безуге айналды. Бұл кезде орташалар кедей жағына ауды, дәулеттірек орташалар екі жағына да қосылмады. Бұлардан үмітін үзген соң байлар жапатармағай малын сата бастады. Кедейге жақынорташалар науқанның басынан ақ кедейлерге қосылды, кедей, жалшылар мен қатар кәнпеске науқанына белсеніп қатысты.

Қысқасынан айтқанда кәнпескеге дейін қалың еңбекші бұқара біздің жағымызға шығып, байлар тек өздері қалды. Кәнпеске жұмысына қалың еңбекші бұқараны өзімізге ертіп барып кірістік.

Кәнпеске жұмысы қалай өтті

Байлардың мал-мүлкін кәнпескелеу жұмысына сентябрьдің 20-23-нде кірістік. Мұның алдынан кәнпескеге ілінетін үйлердің тізімі газетте жарияланды.

---

[162] Смағұл Сәдуақасұлы (1900-1933) – бұрынғы Көкшетау обл., Ақжар ауданында туған, қазақ. 1925-1926 жылдары «Еңбекшіл қазақ» газетінің жауапты шығарушысы, әрі «Қызыл Қазақстан» («Ақиқат») журналының редакторы, 1925-1927 жылдары Қазақ АССР Халық ағарту комиссары, 1927-1928 жылдары Ташкенттегі қазақ педагогика институтының ректоры қызметтерін атқарды. 1928-1932 жж. Мәскеу көлік инженерлері институтын оқып бітірген соң Мәскеу-Донбасс темір жол құрылысында инженер-құрылысшы болып еңбек етті. 1933 жылы Мәскеу-Донбасс темір жол құрылысындағы апатта қайтыс болды.

Округ кеңес комитетінің қаулысы бойынша Орал округінен кәнпескеге 71 үй ілінді. Оның ішінен: байлығымен ілінгендер – 56, шонжарлығымен ілінгендер – 15.

Кәнпескеге ілінгендер: бүкіл ауылды, кейде бүкіл ауданды пайдаланып отырған ірі байлар, ақсүйектер (Ғылманұлы Рақым, Бөкейханұлы сияқтылар), Теке қаласының полицмейстері (Қаратайұлы), крестьянский начальник (Күшебқалиұлы), 3 атасынан бері болыстық кетпеген, өзі 30 жыл болыс болған, Николай патшадан талай наград, сийлық алған шонжар (Есетаманұлы), Алашорда үкіметінің мүшелері (Омарұлы Салық[163]), бандаларға қосылып 90 қызыл әскерді бірге өлтіріскен байлар, бұрынғы болыстар (Омарұлы Латып), қысқасынан айтқанда кедейді, жалшыны езген, ауылдың кеңестенуіне бөгет болған тап дұшпандары. Кәнпеске басталған күні елдегі кедейлер топ жинап, ел аралап байларға қыр көрсетті. Қыр көрсетуге ауылдағы жалшы, кедей, ортша шаруа, ауылдағы ұйымдар тегісінен қатынасты. Жиын топтың алдында байлардың мал-мүлкі қатталды. Кәнпескеленген мал табанда көмекші комиссиялармен ауыл кеңестеріне бағуға берілді. Бұған дейін кедей жалшылардың ішінде кәнпескенің іске асуына сенбеушілер болса, байдың малының, мүлкінің алынып жатқанын көргенде, еш күмәні қалмады. Кедей, жалшылардың белсенділігі бұрынғысынан да артты.

Жалпы алғанда кәнпеске ұрыс-қағыссыз өтті. Тек Сұлтан келіні деген бай әйел кәнпескенің алдында көшіп кетіп бандыларға барып қорғалаған екен, кедейлер, жалшылар өз арасынан отряд құрып барып Сұлтан келінін оның балаларын және 3 бандыны ұстап алды. Бандының біреуі қашқан жерінде оққа ұшты. Кәнпеске науқанының көңілдегідей өтуіне қалың еңбекші бұқараның науқанға толық дайындалғандығы, дайындық жұмыстардың дұрыс орындалғандығы себеп болды.

Кәнпескелеген мал-мүлік

Кәнпескеге ілінген 71 үйден ірі мал есебімен 10 310 мал алынды. Мүліктен 8 сепоратор, 147 фургон, 10 сабан, 19 тырма, 83 киіз үй, 129 зиманка, 22 текемет, 147 кілем, 193 киіз, 32 шөп машинасы, 99 шана, 4 ат тырмасы, 1 тұқым шашқыш машина, 5 астық елейтін машина, 4 егін-шөп машинасы, 1 егін машинасы, 42 алтын, күміс бұйым алынды.

Алғашқы жоспарларға есеп бойынша 71 үйден 51 мың мал (ірі мал есебімен есептемегенде) алынуға тиіс еді. Іс жүзінде онан көп кем шығуының мәнісі: а) алғашқы есептің өзі дұрыс болмады; б) алғашқы есепте мал ірі малға аударылмай есептелді, жас мал да үлкен малдың есепбімен кетті; в) есеп әр уақытта алынды жұттан қанша мал кемігені есепке алынбады; г) байлар малын сатты, жасырды (Бөкейханұлы ірі мал есебімен 116 мал сатқан); д) кей жерде жасырылған малды таба алмады (Азғыр ауданы).

Жергілікті ұйымдардың январьдің 1-іне берген мал есебі декреттегі мөлшерге толып артып кетті, алғашқы жобалаған есептің 70-75%-дей болды. Оның үстіне кәнпескеленген үйлердің көбі отырықшы. Мұны ескерсек

[163] Омарұлы Салық – Орал облысы Жымпиты уезі Өлеңті болысы Жетікөл ауылында дүниеге келді. Батыс Алашорда қайраткері.

байлардың малы декрет мөлшерінен асып кетті. Олай болса күйіп кеткен бай жоқ, бәрі де кәнпескеге дұрыс ілінді.

Кәнпескеге ілінетін байларды есепке алу жұмысында бірсыпыра қате болса да, кезінде түзетілді, оған себеп: алдымен кәнпескеге ілінетін байлар мекемеде отырып белгіленді. Бұл жұмысқа кедей жалшылар толық қатынастырылмады. «Кедей, жалшылар өшпендікпен біреуді жазықсыз күйдіріп жібере ме» деген ой болды. Бірақ бұл сенімсіздік қате екен. Кедей, жалшылар ондай бұрған жоқ, дұрысын айтып, тізімге өзгеріс киргізіп отырды. Кейбір қателер аудандық комиссиялардың, аудандық өкілдердің салақтығынан болды (Азғыр ауданы).

Кәнпескеленген мал-мүлік қалай бөлінді

Кәнпескенің мал-мүлкін бөлу жоспарына науқанның басында кірісілді. Кедей, жалшы шаруаларының, коллектив шаруалардың жайы-күйі тексерілді. Кәнпеске малының 30%-ы коллектив шаруаларға, қалғаны жеке шаруаларға берілетін болды. Егін коллективтеріне көліктік мал, машина сайман, мал шаруасының коллективтеріне сайын мал, тұқым мал, жеке шаруаларға көлік, сауын мал, жеңіл-желпі машина сайман берілетін болды.

Кәнпеске жұмысына белсеніп қатынасқан әсіресе байдың жасырған малын шығарған жалшы, кедейлерге малды артығырақ беруге ұйғарылды.

Малды бөле келгенде жеке шаруасы бер кедей, жалшылар 6 164 мал алды. Оның арқасында жаңадан 149 жеке шаруа құрылды, 1 441 үйдің шаруасы бүтінделді. Коллектив шаруаларға 2 802 мал берілді. Жаңадан 21 коллектив құрылды, 67 коллектив нарленіп қалды. Бөкейханұлының асыл тұқым малдары мал тұқымын асылдандыратын орынмен кеңестік шаруаға, қалған малы кедей жалшыларға берілді.

Кәнпескеден алынған мүлік қалай пайдаға асырылды

129 зиманканың 24-і мектепке, 9-ы дәрігерлік пунктеріне берілді.

87 киіз үйдің: Қызыл отауға[164] берілгені – 8, оқу үйлеріне берілгені 27, қосшыға берілгені – 2, жалшылар ұйымына берілгені 7, музейге берілгені 1, аудандық кеңес комитеттеріне берілгені – 26.

147 кілемнің 10-15%-ы асыл, қымбатты кілемдер екен. Бұларды сатып ақшасын мәдениет қорына беруге ұйғарылды. Қалғаны клубтарға, Қызыл отауларға, сауыт мектептеріне, оқу үйлеріне, қосшы ұйымдарына, жалшылар ұйымдарына берілетін болды.

Киіздердің 7-і мектептерге, 2-і музейге берілді. Қалғаны кедей, жалшыларға үйлестірілді.

42 алтын, күміс бұйым – сатуға берілді.

Мал-мүлікті бөлгенде бәлендей дау, наразылық бола қойған жоқ.

---

[164] Қызыл отау – кеңес өкіметінің ауыл тұрғындарына арналған саяси-ағартушылық жұмысының бір түрі. Клуб, мектеп, дәрігерлік көмек, заңгерлік кеңес беру сияқты қызметті жүзеге асыруды көздеді. Әйелдер арасында сауатсыздықты жою, қолөнер және тағы басқа істерге үйретуге бағытталды. Оқыту арқылы оларды кеңестік қызметке тартуды да негізге алды. Қызыл отау жұмысын насихаттау үшін 1926 жылы «Әйел теңдігі» журнал жарық көре бастады.

Кедей, жалшылар жатып ішер жалқауларды, малды пайдалана алмайтын адамдарды көрсетіп, мал алатындардың тізімінен шығартып отырды.

Ауылдағы ұйымдар науқанға қалай қатынасты

Елдегі партия ұйымдары, ауыл коммунистері жалпы алғанда еңбекші бұқараны ұйымдастырып, кәнпеске науқанында оларға басшылық етті. Кейбір партия ұялары босаңдық көрсетсе де, босаңдығы басшыларының нашарлығынан, аудандық комитеттерінің жеткілікті басшылық етпегендігінен болды. Партия ұяларының байлардың жақтағаны болған жоқ. Жеке коммунистердің жалтақтағандары болды, кәнпеске арасында беделі артты. Кәнпеске кезінде жалтақ коммунистер (9 адам) партиядан шығарылса, оның орнына топтап-топтап кедей, жалшылар алынды. Партияға кіруге 292 адам арыз беріп еді.

Оның ішінен ноябрьдің 1-не дейін партияға алынғаны 71.

Комсомол ұйымдары жалпы алғанда кәнпеске науқанына көңілдегідей қатыса алмады, кәнпеске жұмысына салқын қарады, байды жақтағандары да болды.

Әрине, кәнпеске жұмысына жақсы қатысқан ұйымдар да болды, бірақ мұндайлар аз.

Бұл кемшіліктің себебі: комсомолдар арасына еңбекшілерге жат адамдар кіріп кеткен, тәрбие жұмысы нашар. Кәнпеске кезінде округтік комсомол комитетінің басшылығы кем болған.

Қосшы ұйымы[165] да өз міндетін атқара алмады. Көбінесе ұйым болып кәнпеске науқанына қатынаса алмады. Бытырап кетті.

Қосшы мүшелері комитеттеріне қарап тұрған жоқ. Жалпы кедей, жалшылармен бірге кәнпеске науқанына белсеніп қатынасты. Науқан кезінде, қосшы ұйымына, еңбекшілерге жат адамдардың кіріп жүргені анықталды.

---

[165] Қосшы ұйымы (одағы) – алғашында Түркістан республикасында, кейіннен ҚАКСР ауылдарында кеңес өкіметінің нығаюы мен қазақ кедейлерін мемлекеттік және шаруашылық құрылысқа тарту мақсатымен құрылған кедейлердің қоғамдық бұқаралық ұйымы. «Қосшы» одағының тарихи негізі ретінде 1918 ж. қазанынан бастап Түркістан республикасында құрылған кедейлер одағын айтуға болады. Бастапқы кезде қазақ кедейлері мен батырақтардың одағы деп, кейінірек мүлдем жері жоқ немесе аз диқандардың одағы аталған. 1921 ж. желтоқсаннан «Қосшы» одағы деліне бастады. Одақ бастапқы кезде 1924 ж. дейін Түркістан АКСР-нің құрамында болған Қазақстанның Жетісу мен Сырдария губерниялары да құрылды. Орта Азия мен Қазақстанды ұлттық-мемлекеттік межелеуден соң және қазақ жерлерінің қосылуына орай Қазақ өлкелік партия конференциясы (желтоқсан, 1925 ж.) барлық республика территориясында «Қосшы» одағын құру жөнінде шешім қабылдады. Одақ ауылда әлеуметтік өзгерістер мен жер-су реформаларын жүзеге асыру мәселелерімен шұғылданды. Мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізіп, ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеуге қатысты. 1926 ж. «Қосшы» одағына 1921 ж. бері өмір сүріп келе жатқан «Жарлы» одағы қосылды. Одақ 1926-1927 ж. жүргізілген егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу науқаны кезінде белсенді рөл атқарды. 1928-1930 ж. байларға қарсы жүргізілген кешенді шаралар мен жаппай ұжымдастыру барысында, 1930 ж. 17 қаңтарда Қазатком Президиумы бекіткен «Кедей одағын ұйымдастыру жөніндегі ережеге» сәйкес, осы жылдың 29 қаңтарында өзінің алдына қойған міндеттерін толық орындады деп есептелген «Қосшы» одағы өз қызметін тоқтатты.

Жаңадан құрылған ұйым болса да, жалшылар ұйымы (ауыл, орман шаруасындағы жұмысшылар одағы) өз міндетін толық атқарды, жалшы, кедейлерді ұйымдастырып байға қарсы аттандырды. Жалшылар ұйымында жалтақтаушы, байларды жақтаушы болған жоқ.

Ауыл кеңестері жеткілікті белсенділік көрсете алмады. Кеңес мүшелерінің жалтақтағандары, байды жақтағандары көп болды. Кәнпеске науқанында еңбекші бұқара кеңес мүшелерінен 26 адамды (біреуі аудандық кеңес комитетінің ағасы) орнынан түсіріп тастады.

Қалың бұқара науқанға қалай қатынасты

Кәнпеске науқанында бүкіл округте барлығы 913 жиылыс болды (жалпы жиылыстар, кедей, жалшылардың жиылыстары). Бұл жиылыстарға 68 696 адам қатынасты, оның ішінен әйел – 5 641. Жиылысқа қатысқандар жалпы елдің 21,7%, сайлаушылардың 50%. Жиылысқа қатысқандардың ішінен жалшылар 6 823, кедейлер – 25 319, орташалар – 13 823.

Кедей, жалшылар науқан жұмысында үлкен белсенділік көрсетті, тап мақсатын орындап отырды, кәнпеске жұмысын өз жұмысын деп қарады.

Орташаның науқанға қатынасы алғашқы кезде босаң болса да, кәнпеске жұмысы ұлғайған сайын күшейе берді.

Өткен науқандардың қатесінен аузы күйіп қалған орташалар, әсіресе дәулетшілері алғашқы кезде науқан жұмысына салқын қарады. Оның үстіне байлар өсек жүргізіп орташаларды қорқытып қойған, кәнпескенің мақсаты, рет-жөні жеткілікті түсіндірілмеген.

Сондықтан алғашқы кезде орташалар науқан жұмысына көңілдегідей қатынаспады, тек кедейіректері қатынасты. Дәулеттіректері байды жақтап, байдың малын жасырысты, сатысты. Соңынан түсініс беріліп үгіт жүргізілген соң орташалар кедейлер жағына ауса бастады. Кәнпеске жұмысына белсеніп қатынасты. Кей жерлерде тізімге кірмей қалған байларды, байшыл кеңес мүшелерін көрсетті. Көмекші комиссиялардың жұмысына қатынасып, жасырылған малды тауып берді. Кәнпескеленген мал-мүлікті бөлуге жәрдемдесті.

Бұған қарағанда орташалардың кедей жалшылармен одақтасуы сөзсіз.

Тек былтырғыдай қателерден сақтанып оларды өз жағымызға тарта білуі керек.

Жалшы, кедей, орташа шаруа әйелдерді кәнпеске науқанына толық қатынастыра алмадық (жиылыстарға қатынасқаны 5 641). Кәнпеске жұмысына, әсіресе байлардың жасырған малын табу ретінде, әйелдердің көп пайдасы тиетін еді.

Әйелдердің науқан жұмысына кем қатынасу себебі: партия ұйымдары әйелдерге жеткілікті көңіл бөлмеген.

Партия ұйымдары басшылық етсе, әйелдердің науқан жұмысына белсеніп қатынасуы анық еді. Кей жерлерде әйелдер еркектерден де артық белсенділік көрсетіп қорғалақтаған еркектерге басшылық еткен.

Байларға келсек: байлар өсек таратып орташаларды үркітті, малын саттырып бірсыпыра орташаларға зиян келтірді. Бәрі бір соңынан орташалар байларға ерген жоқ. Кәнпеске малы кедейлерге үлестірілмейді, қазынаға алынады – деп

қарады, онда да болмаған соң малын сатты, жасырды, арыз үстіне арыз жаудырып кәнпеске жұмысына бөгет болды.

Байлар бірсыпыра малын сатып үлгірсе де жасырған малын сіңіре алмады. Ішінара білінбей қалғаны болмаса, жасырған малдарды кедей, жалшылардың көрсетуімен табылып отырды.

Кәнпеске науқанына орыс еңбекшілерінің көзқарасы

Кәнпеске туралы үгіт-түсініс жұмысы орыс арасында да жүргізілді. Орыстың байлары кәнпескеден өздері де қорқып үркіп тұрды. Кедей, орташалары кәнпеске жұмысын дұрыстап, науқан кезінде қазақтың кедей, жалшыларына жәрдемдесті. Байлардың поселкелерге жасырып қойған малдарын тауып берді. Орыс кедейлерінің «орыс байларын да кәнпескелеу керек» дегендері болды. Мұндайларға тиісінше түсініс берілді.

Қысқасынан айтқанда кейбір кемшіліктер болмаса, жалпы қалың еңбекші бұқара кәнпеске науқанына белсеніп қатысты. Әкімшілік былай қалды. Еңбекші – бұқара жұмысты өзі атқарып, байларды өзі кәнпескеледі.

Кәнпеске науқанының саяси олжасы

Біздіңше кәнпеске науқанының саясат жүзіндегі олжасы мынау:

а) кәнпеске ауылдағы жалшы, кедейлерді ұйымдастырды, тап сезімін арттырды, байға қарсы аттандырды, тап тартысын күшейтті.

б) тап дұшпанымен күреске еңбекші бұқара арасынан кедей, жалшы белсенділері шықты.

в) шаруашылық, саясат жүзіндегі теңдігі үшін байға қарсы бірлесіп аттанып, кедейлер мен орташалар көпшілігінің одағы күшейді. Орташа байдан бұрынғысынан да алыстады;

г) кеңес мекемелері, қосшы, жалшы ұйымдары кәнпеске тізіміне түсіп сыннан өтті;

д) партия ұйымдары байлармен тартысып бұрынғысынан да шынықты, сыннан өтіп міндетін толық атқанды. Партияның беделі артты. Кәнпеске арқасында партия жат адамдардан тазарды. Топ-топ жалшы кедейлер партияға алынды;

е) ауыл бұған дейін кедей, жалшы, орташалардың қанын сорып келген, ескі салттың, рушылдықтың басшылар – ірі байлардан, бектерден, төре, атқамінерлерден арылды.

ж) бектік-рушылдық жұртшылығы жойылуға бет алып, жалшы, кедейлер, рушылдық ықпалынан шығуға айналды. Ескі салттан біржола құтылу үшін әлде де партия мен үкіметтің жәрдемі керек.

Шаруашылық ретіндегі олжамыз

Шаруашылық ретіндегі олжамыз тек алған мал-мүлік емес. Олжамыздың үлкені кәнпескеден алынған малмен 1 550 шаруа бүтінделіп қалды, жаңадан 21 коллектив құрылды, 67 коллектив көмек алды. Коллектив жұмысы күшейіп, жаңа ауылға негіз салынды.

Кәнпеске арқасында мектеп, денсаулық, мәдениет орындарының бірсыпырасы мұқтажы өтелді.

Алдағы мақсаттар

Кәнпеске науқаны арқасында ауылдың тұрмысымен, ауылдағы партия, кеңес әлеумет ұйымдарының жұмысымен толығырақ таныстық. Ендігі жерде кәнпеске науқанының тәжірибесінен пайдаланып, күнбе-күнгі жұмысымыздың қисығын түзеу отырусыз керек.

Кәнпескенің саясат жүзіндегі олжасынан пайдаланып, кәнпеске кезінде жарыққа шыққан белсенділерді партияға тартып тәрбиелеу үшін партия ұйымдарының кедей, жалшы арасындағы жұмысты күшейтуі керек.

Қосшы жұмысын жаңа жолға салып тап мақсаттарын күшейтіп, қосшы одағын жат адамдардан тазарту керек.

Ауыл, орман шаруасындағы жұмысшылар одағының жұмысын күшейтіп, ауылдағы жалшыларды тегіс ұйымдастырғандай, жалшылардың күнбе-күнгі мұқтажына қарасып отырғандай қылу керек.

Негізгі мақсатымыздың бірі кәнпескеден алынған мал-мүлкімен шаруаны көркейту. Кәнпеске малымен құрылған шаруалар мемлекеттен жәрдем болмаған жерде өз бетімен күшейіп кете алмайды. Шаруаның өнерлі жолға салу, өнімін арттыру ретінде мемлекеттің жәрдемі керек.

Кәнпеске кезінде жаңадан коллектив шаруалар құрылса да, коллектив болуға құмар кедей, жалшылар әлі де көп. Сондықтан жуыққа маңда жаңадан құрылған кедей шаруаларын коллективке ұйымдастыруымыз керек.

Бұл шаруаларды күшейту – партия, кеңес, әлеумет ұйымдарының үлкен міндеті қосшы ұйымдары мен жалшылар ұйымдарының кәнпеске науқанында құрылған жеке шаруаларды коллективтерді қамқорлығына алуы керек.

Еңбекші қазақ. – 1928. – 20 ноябрь. – №267 (1294). Араб графикасы.

№80

Тәркілеу қорытындысы мен ұжымдық шаруашылықтарды күшейту мәселесіне арналған «Конфискациядан мал алғандардың қамы» мақаласы

Конпеске науқаны ауылдағы батырақ-кедейлердің таптық сезімін күшейтті, елсенділігін көтерді. Ауылды шын мағынасында кеңестендіруге кең жол ашты. Декабрьде өткен Өлкелік партия комитетінің III пленумы[166] конпеске науқанының нәтижесін қорытып және кемшіліктерін де көрсетті. Осымен қатар, саясат-шаруашылық жағынан бірсыпыра табыстардың барлығын ескертіп өтті. Негізгі табыстардың бірі – неше жылдар бойы еңбекшілер жұртшылығы қанап-езіп, билеп-түстеп қалған 700 ірі байлардың аты шулы шонжарлардың мал-мүлкі канпескеленіп, өздері жер аударылды. Канпеске малдары мыңдаған батырақ-кедейлерге, ұйымдасқан коллективтерге үйлестіріліп, социалдық негізге құрылған ауыл шаруашылығын көркейтуге берілді.

Канпескенің қорытындысындағы саяси-шаруашылық табыстарын нығайтып бекіндіруді III пленум партия кеңес жұртшылығына негізгі міндет есебінде

[166] Өлкелік партия комитетінің III пленумы 1925 ж. 25-30 қарашада Қызылордада болып, онда өлкелік комитеттің бюросын толықтыру туралы, өлкелік және губерниялық партия конференцияларын шақыру мерзімдерді туралы және басқа мәселелерді шешті.

жүктеп отыр. Бұл туралы III пленум: «Округтік, аудандық кеңес комитеттері канпескеден мал алған барлық жеке шаруаларды, коллективтерді есепке алып, келешекте олардың шаруашылығы ілгері басуына басшылық істесін, жәрдем көрсетсін. Жәрдем көрсеткенде қарыз берілсін, жеңілдік істесін. Сөйтіп, оларды коллективке ұйымдастыруға тиісті шаралар қолдансын», − деген. Сондықтан, мал алған жеке шаруаларды, коллективтерді алдымен шаруашылық жағынан күшейтуіміз керек. Өйткені бұл ірі жұмысты шаруашылық жағынан бекіте алмасақ, канпескенің саяси маңызын арттыра алмаймыз. Бұл жөнде жергілікті партия кеңес ұйымдары басшылығын күшейтуі керек. Жергілікті ұйымдар дұрыс нұсқап, жақсы басшылық істемесе, бұл жөндегі мақсат орындалмайды. Әрине, өлкелік ұйымдар не бар жұмысты орындардың мойнына арта салып қарап отыруға болмайды. Өлкенің де басшылығы, жәрдемі керек. Жақында болып өткен Орталық Кеңес комитетінің 3-нші сессиясы канпескенің қорытындысы туралы Нұрмақұлы Нығмет жолдастың баяндамасын тыңдап, канпеске науқанының нәтижесін бекітуге шаруашылық жағынан тиісті болған шараларды тезірек қолдансын, деп Қазақстан жер-су комиссариатына тапсырған.

Газет жөнінде бұл мәселені көтергендегі мақсат – канпеске жұмысының қорытындысын, оның нәтижесін бастағаннан кейін орта жолда қалдырмай, іс жүзінде жарыққа шығару, жергілікті және өлкелік ұйымдарының назарын аудару.

Канпеске науқаны кезінде түрлі әңгімелер болды: канпескеге қарсы болып, бұл жөнде қыңыр пікір туғызушылар да болды. Канпескеге қарсы болғандар көбінесе байшылдар, Алаш орда оқымыстылары, бірен-сараң «коммунистер»ден де болды. Бұлар: «Канпеске қазақ шаруашылығын бүлдіреді, мал алған батырақ-кедейлер ол малды ұқсатып жұмсай алмайды, бәрі бір шашады», − десті. Кейбір Қазақстанның қазіргі тұрмысынан алыстап кеткендер, қазақтың батырақ-кедейлерін баяғы патша тұсындағы батырақ-кедейлер деп біледі, осылай қарайды. Бұл үлкен шатасқандық. Батырақ-кедейлердің төңкерістен бері қараған жердегі халын-тұрмысын жете білмегендік, не білсе де көре тұра білгісі келмегендік.

Партия мен үкіметтің бұған дейін жүргізе келген бірнеше тап тартысын күшейту жұмыстары (жер бөліс, астық дайындау науқаны, кеңес сайлауы тағы-тағылар) арқасында батырақ-кедейлердің таптық сезімін көтеріп отыр. Канпеске науқаны батырақ-кедейлердің таптық сезімі күшейтіп, саяси саңылауы өскенінің арқасында ғана дұрыс жүргізіліп отыр. Дұрысында канпеске науқанын өткізуші батырақ-кедейлердің өзі. Қазіргі уақытта ауылдың шаруашылық түрі бұрынғысынан анағұрлым өзгеріп отыр. Кедейлер қатарға қосылып, ауыл орташаланып отыр. Ауылдың шаруа тұрмысында орташалар орталық орынға ие болып отыр. Мұны көрмеске болмайды.

Канпеске науқаны мал шаруашылығының тауар өндірісін кемітті, жалпы мал шаруашылығының ілгері басуына зиян келтірді деп жүргендер де жоқ емес. Бұл жөнде біздің ескертетініміз Қазақстан шаруа құрылысының 5-жылдық жоспарында мал шаруашылығы негізгі орын алып отыр. Қазақстан халық шаруашылығының ішінде мал шаруашылығы соғыстан бұрынғы сапасынан артып түсіп отыр. 1928-1929-ншы жылы не бар малдың саны Қазақстанда 41 миллион жарым болып отыр. Канпеске мал шаруашылығының ілгері басуына кедергі істеді ме, енді осыған келейік. Канпескенің кедергі істеген жері жоқ,

қайта соңғы кезде мал шаруашылығының ілгері басуына жақсы жағдайлар туғызып отыр. Бірінші – малдың көпшілігі кедейлер мен орташалардың қолында отыр, бұларға канпескенің қатысы болған жоқ. Екінші – канпеске науқанын жүргізгенде малдың тұяғын санағамыз жоқ, алдымен еңбекшілер жұртшылығына зиянды аты-шулы шонжарлардың мал-мүлкін канпескеледік. Үшінші – енді канпеске бітті деп ауылды хабарландырып отырмыз. Сондықтан мал өсіруден жұрттың тауы қайтқан екен, мал шаруашылығын төмендеткен екенбіз деп айтудың жөні жоқ, бұл қисынсыз құрғақ сөз.

Канпеске мал шаруашылығының тауар өндірісін кемітуге әсер етті деуге үлкен адасқандық. Қашанда болса, төңкеріс жайдан жай өтпейді, төңкеріс кезінде төрт жағың құбыла болып тұрмайды. Орыстың бір мақалы бар: «Ағашты кесіп жатқаныңда жаңқасы жан жаққа ұшып жатады», − деген.

Мал шаруашылығының тауар өндірісіне бұлайша қарау дұрыс емес. Үстіміздегі жылғы мал шаруашылығының тауар өндірісін алып қарасақ, бастапқы жылдардан (1926-1927 жылдардан) артып отыр. 1927-1928-нші жылы жоспардың кейбір тауарынан азық кем, үстіміздегі жылғы дайындық жоспарымыз бұрынғысынан кемер деп еш ойламаймыз.

1927-1928-нші жылы шикі зат дайындау жұмысымыз бір қалыпты болар деп ешкім ойламаған, әсіресе, тері-терсек, ет жағы. Неге десеңіз, жұттың салдары тиді, астық кем болды, оның үстіне канпеске болады екен деген зиянды өсектер тарап жүрді.

Канпескелеген малдардың ұзын мәні не бары Қазақстандағы барлық малдың санына шағыстырғанда шамалы ғана процент. Канпеске науқанын өткізуге шыққан өлкелердің байқауынша, канпескеден мал алған батырақ-кедейлердің көбі мал ұстауға өте шаруа көрінеді. Малды шашады екен, ұқсата алмайды екен деген сөз, шындылығы жоқ өтірік сөз, өсек сөз. Біз, ауылдағы орта ғасыр, одан арғы ғасырлардың салтын ұстап, байлығына бектіліне сүйеніп, батырақ-кедейлерді шаруашылық жөнінен билеп-төсеп, ауылдың өндіріс күшін ілгері бастыруға қырсық болып келген зиянды ірі байлардың шаруашылығын жеміріп, тамырынан балта шауып отырмыз. Осының арқасында қырсықтардан ауылды тазартып, өршуіне, өндірісінің ілгері басуына жақсы жағдай туғызып отырмыз. Келешекте ауылдың өндірісі ілгері басуын да сөз жоқ.

Мақаламызда негізгі мәселелерден азырақ шыға жиылып кеттік, шыға жиылмай болмайды. Канпеске және оның қорытындысындағы ашық мәселелерді бұрмалап, теріс ұғыныс беріп жүргендерге, көзбен көріп отырған шын мәселелерді ашып айтып бергіміз келді.

Канпеске науқанының қорытындысындағы шаруашылық табыстарды бекітуге әлі де болса толық шаралар қолданылмай келеді, қолданып отырған шараларымыз жеткіліксіз, жоғарғы партия, кеңес орындары бұл тұрасында тиісті нұсқауын беріп отырғанымен орындардың бұл жөндегі жұмыстары нашар. Мүмкін канпескені жүргіздің, малды бөліп бердік, осымен іс бітті деп ойлайтын шығар. Бұл үлкен қате. Мал алған батырақ-кедейлерді ескермей кетуге болмайды. Біз оларға мал, берген малдың өсу жабдығын жөндеп бермесек тағыда болмайды. Оларға жәрдем көрсетпесек ілгері басылмайды, мал шаруашылығының өндірісін көбейту былай тұрсын, қолдағы малын шет пұшпақтап жұмсауға кіріседі.

Канпескеден мал алған кедейлерге жәрдем көрсету туралы бір мекеменің бастығымен сөйлескенде, ол: «Бұл жұмысқа арнап шығарған қаржы жоқ, қаржы болмаған, ондай жұмыстарға кіріскені керегі не?», − деді. Әрине, бұл әдейі қаржы шығарылмаса да, канпескеден мал алған кедейлерге жәрдемдесуге болады. Бізде кедейлерге таратуға, жұмыс малын алуға, машина-сайман таратуға, егіске, жүнге шарт жасауға арналған қарыз ақша бар. Бұл ақшаның бірсыпырасын канпескеден мал алған 20 мың үй кедейге таратсақ, олардың шаруасының алға басуына едәуір жәрдем көрсетеміз. Оның үстіне канпескеден мал алған кедейлерді алым-салықтан босатуға я салығын кемітуге болады. Бұл да жәрдем. Бұған қарағанда канпескеден мал алған кедейлерге жәрдем көрсетуге болады, тек бұл жұмысқа толық көңіл бөлу керек.

Канпескеден мал тиген шаруалар бізсіз де ондай жәрдемді алмай ма? - деушілер болар, бұл да қате пікір. Канпескеден мал алған шаруаларға қанша жәрдем, қандай жәрдем керек екенін анықтамасақ, белгіленген жәрдемінің орындалуын тиісті мекемелерге міндет етпесек, канпескеден мал алған шаруалар көп ішінде қағажу қалып, жәрдемінен құр қалуы мүмкін.

Қысқасынан айтқанда, канпескеден мал алған кедейлерге жәрдемдесу үшін мынадай жұмыстар істеуге керек:

1) Канпескеден мал алған шаруалардың мұқтажы тезінен есепке алынсын. Олардың мұқтажының, ол мұқтажды өтеуге берілетін қаржының шамасына қарай жәрдем жұмысының жоспары жасалсын.

2) Қарыз тарататын, ауыл шаруасының өніміне шарт жасасатын мекемелерде канпескеден мал алған шаруаларға, коллективтерге жәрдем көрсету жоспары болсын. Олар жоспардың орындалуын бақылап, бұл туралы тиісті мекемелерге есеп беріп отырсын.

3) Жер-су комиссариаты мен ақша комиссариаты канпескеден мал алған кедейлерге алым-салық ретінде жеңілдік беру мәселесін қарастырсын.

Басқа да осындай жәрдемдер көрсетілсін.

Егіске шарт жасасу, қарыз тарату сияқты жұмыстардың маусымы жақындап қалады, сондықтан бұл жұмысқа осы бастап кірісу керек.

Еңбекші қазақ. – 1929. – 15 январь. – № 12 (1341). Араб графикасы.

№81
Революция көсемі Ленин жайындағы «Ленинсіз өткізген бес жыл» мақаласы

«Жаңа шаруашылық саясатын қолданған Ресейден социалшылдық негізіне құрылған Ресейді жасаймыз».

Ленин.

Ұлы көсеміміз Лениннің дүние салғанына міне бес жыл толды. Рақымсыз өлім, бізді қырағы данамыздан, басшымыздан айырды. Бірақ оның салып кеткен жолды айтқан өсиеті қалды. Кеңестер одағының пролетариаты мен қара шаруалар. Большевик партиясының дұрыс басшылығы арқасында Ленин жолын іс жүзінде орындай бастағанына міне жыл өтті.

Ленин жолы тек қана бір елде (Кеңес одағында ғана) қолдануға жарайтын оралымы қысқа білім емес, Лениннің салып кеткен жолын бүгін де бүкіл жер жүзі пролетариаты қолданып отыр. Лениннің өзі жасап кеткен коммунистер интернационалы дүние жұмысшыларын Ленинше бастап отыр.

Осы Ленин жолын іс жүзінде қолданып отырған, жер жүзі жұмысшылар қозғалысының алдыңғы қатардағы тобы – Кеңес елінің жұмысшылары мен қара шаруалар екенін де дау жоқ. Бұл аздық топ, ұлы көсемінің өлгеніне бес жыл толған күнінде, берісі өз елінің алдында, арысы жер жүзі пролетариаттары алдында социалдық құрылысын жасау жөнінде Ленин жолын қалай қолданып жатқандықтарына есеп берулері тиіс.

Ленин жолы тұрмыстың қай жағында ішіне алып отырады. Біз бұл мақаламызда халық шаруашылығы құрылысында оның социалдық белгілерін күшейту жөнінде Ленин жолын қаншалық өмірге асырғанымызды тексермекпіз. Ленин бұ жөнде, 1917-нші жыл сентябрь айында жазған бір кітабында:

– «Ресей бірнеше айдың ішінде саясаттық жағынан алдыңғы қатардағы елдерді қуып жетті. Бұл төңкерістің бергені. Бірақ бұл аз. Біздің алдымызда екі жол бар. Я өлім, я алдыңғы қатардағы елдерді шаруашылық жөнінен де қуып жету, оларды басып озу керек...» (Ленин XIV том. 2-бөлім, 213 бет) деген болатын.

Осы өсиетті орындау жөнінде партия мен үкімет не істеді?

Бұған цифрмен жауап берейік. Егер халық шаруашылығының түрлі тарамдарын 1913-нші жылғы халдерімен салыстырып қарасақ, одақтық жоспар комиссиясының мағлұматтары бойынша мынадай: электр құрылысы жөнінде кеңес: «Үкіметін жасау, отанымызды электрлендіру – міне коммунизм деген осы», – деді Ленин. (XVII том, 427-428 бет). Қазіргі электр өндірісі 1913-нші жылдағы ернеуінен 340 процент өсіп отыр. Тас көмір шығару өнімі 14 280, мұнай шығару өнімі 137% өсіп отыр.

Машина құрылысы жөнінде кәсіп орындарының ішкі құрылысына керекті машиналардың өнімі 506%, ауыл шаруашылық машиналарының өнімі 260% өсулі. Мата жағы соғыстан бұрынғы мөлшерден 13,7% артық өсулі.

Ауыл шаруашылығына келсек, егістің – 89,2%, мақта – 115,7%, кендр сабағы – 76,2%-ке жетулі, …лайғылары да осылай. Ауыл шаруашылығының екінші бір ірі тарауы – мал шаруашылығы 1928-29-ншы жылы, соғыстан бұрынғы мөлшерінен асып, 102,3%-ке жетіп отыр. Жол қатынасы, жүріп тұрған темір жолдың ұзындығы 1925-26-ншы жылы 74,6 мың километрге жетіп еді, енді биылдары 77,7 мың километр болуы тиіс. Мемлекет бюджеті биыл 7 694,8 миллион сом мөлшерленді, сонда былтырғысынан 20% өскен болады, егер істелген жұмыстардың саяси жағына көз салсақ, онда өткен шаруашылық жылының қортынды цифры мынаны көрсетеді: ірі мемлекет кәсіп орындарының өнімі 22,5% өскен.

Егер, 1925-26-ншы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 17 370 миллион сомдық болып отырғанда кәсіп орындарының жалпы өнімі 12 жарым миллиард болған болса, биылғы жылы бақылау цифры бойынша кәсіп орындарының өнімі ауыл шаруашылығының жалпы озбақ, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 18 624 миллион сомдық болса, кәсіп орындарының жалпы өнімі 19 жарым миллиард сомдық болуға тиіс.

Бұл жұмысшы табы мен өнерлі кәсіптің халы едәуір күшейіп тұрақтанғанын көрсетеді. Ауыл шаруашылығының бірлестік түрі де күшейіп келеді. Мысалы, коллективтердің егістік жерлерінің көлемі 0,87 миллион гектардан 1,70 миллион гектарға шейін өсті. Кеңестік шаруалардың егісі – 1,26 миллион гектардан 1,30 миллион гектарға жетті.

Міне, бұл цифрлар біздің шаруашылық күйімізді толық суреттейді. Осының өзі Ленин мақсатын өмірге асырағандық болады.

Осы арадан бөліп алып Қазақстанның халық шаруашылығын тексерелік. Жалпы одақтық халық шаруашылығының ішінде Қазақстан халық шаруашылығы жуық маңда шикі зат қоры есебінде кіру тиіс. Сонда одақтың социалдық өнерлі кәсібіне азық тауып беретін аудан болады.

Сондықтан біздің халық шаруашылығымыздың өсуі деген сөз шикі зат қорының өсуі деген сөз. Қазақстан халық шаруашылығының негізі мал шаруашылығы өткен жыл қорытындысына қарағанда соғыстан бұрынғы мөлшерден көп ілгері аттап кеткен. Малдың саны 41 миллионнан асып, егіс көлемі 91 жарым процентке жеткен. Мақта сияқты егістеріміз соғыстан бұрынғы мөлшерден анағұрлым озып кеткен.

Жалпы одақтық халық шаруашылығының ішінде Қазақстан шикі зат қоры есебінде кіруі тиіс дедік. Былай болушылық, әрине, өнерлі кәсіптің өркендеу жұмысына бөгеу болмайды. Әсіресе ауыл шаруашылығын өнерлендіру жұмысына тоқтау салмасқа тиіс. Кәсіп орындары бізде халық шаруашылығының негізгі түрі болмаса да, бұ жөнінде де Қазақстанның табыстары аз емес.

Тау кендеріндегі ірі кәсіп орындарынан Ридер мен Қарсақпай сияқты үлкен орындарымыз бар, Семейде үлкен тері зауыты салынып жатыр, бітіп қалды, басқа да толып жатқан өндірістер бар. Ауыл шаруашылығын өнерлендіру мақсатын көздеп, соңғы жылдары бірсыпыра электрлер (Ақтөбеде), ет тоңазытатын зауыттар (Текеде, Семейде), май зауыттары, жүн жуатын үлкен зауыттар салынды, салынып та жатыр. Егер бұрын Қазақстанның көп жерлерінде бір тілді – екі тілді сабандар да салмаған болса, қазірде Қазақстанның жалпақ даласында 797 трактор жердің қыртысын айналдырып жүр. Бұл тракторлар тесігімізге тығыз бола қалмағанымен, ауыл шаруашылығын өнерлі кәсіпке бейімдейді. Шаруашылығымызды білім жолына салуға жол ашады.

Халық шарашылығының өсуі жолында табыстарымыз көп. Егір кеңес үкіметі бұл табыстарды сырттан ешбір көмексіз тауып отырғандығын еске алсақ, қанша жерге жұмсалғаны тағыда ашығырақ көрінеді. Бұл табыстарға жұмысшылар мен шаруалардың жігері арқасында. Олардың төңкеріс ісіне шындап көңіл қойғандығы арқасында ғана жетіп отырмыз. Лениннің большевиктер партиясы мен оның орталық комитетінің дұрыс бастауы арқасында жетіп отырмыз. Коммунистер партиясы өз көсемінің өсиеттерін мүлтіксіз жүзеге асырып келе жатыр. Келешекте де Ленин өсиеттері толығымен жүзеге асырылатынына ешбір күдік жоқ.

Еңбекші қазақ. – 1929. – 22 январь. – № 18(1347). Араб графикасы.

№82
Мақта өндірісінің кемшіліктері мен даму бағыттары көрсетілген «Қарақалпақ облысында мақта егісін күшейту шаралары» мақаласы

Қарақалпақ облысын түгелімен алып қарасақ, бұл мәдени егістік ауданы, әсіресе мақта егісі бұларда өте үлкен орын алады. Сондықтан егіс нақанындағы Қарақалпақ елінің негізгі міндеті – мақта егісін мейлінше көбейту болуға тиіс. Іс жүзінде осылай болып отыр ма, осы міндетін Қарақалпақ облысы, ішін ара облыстық жоспар комиссиясы мен жер басқармасы қаншалық ескеріп отыр? Бұған жауап беру үшін олардың егіс жоспарын талдап тексерелік.

Егіс науқанына әзірлену жөнінде Қарақалпақ жұртшылығы өткен жылдан көрі биыл не дәуір ілгері аттап отыр. Егіс науқанына мезгілімен даярланып жатыр. Егіс жоспары – уақытында жасалып, орындарға ерте жіберіліп, өткен кеңес съезінде де, су пайдаланушылар съезінде де, талқыға салынып сыннан өтіп отыр. Қарақалпақ облысының тиісті орындарының мағлұматтары бойынша, 1927-28-інші жылы егіс көлемі 86 567 гектар жер екен. Содан мақта егісі 27 мың гектар екен, сөйтіп жоспар цифрынан 2 мың гектар артып шыққан екен. Бұл табыс өзгеше бір істелген шаралардың нәтижесі емес, жоспарлаудың кемшілігінен, мақта егісін күшейту жөніндегі Қарақалпақ облысының мүмкіндіктері жете есептелмегендіктен болып отыр.

Өткен жылдың егіс науқанында басқа да үлкен-үлкен кемшіліктер болған: орындарға басшылық кем болған. Коллективтерді басқара білмеген. Өндіріс тауарлары мен тұқымдық астық жетістіру жоспары орындалмаған, кедейлерге қарыз беру жұмыстары кеш басталған. Бұл кемшіліктер облыстық мекемелердің ғана айыбы емес, көбінесе өлкелік мекемелердің айыбы.

Биылғы жылдың жоспары осы кемшіліктерді бәрін ескеріп жасалған. Биылғы жоспарда егіс көлемін 99 528 гектарға жеткізіп, егісті 12 жарым процент арттыру көзделген. Содан мақта егісіне 32 469 гектар жер шамаланған. Осы жоспар бойынша басқа егістер мен мәдени егістердің көлемі де артпақ: күзгі егілген бидай – 6% артады, жазғы бидай – 2,4%, жүгері – 6%, тары – 9%, күріш – 9%, арпа – 7%, кендір, бұршақ, кукуруза 24% артады, барлық тұқымдық егістер орташа алғанда – 7% арттырылады да, мақта – 16,8%, жоңышқа – 21,3%, бақша – 9%, күнжүт – 15%, басқа мәдени егістер – 7% артатын болады. Барлық егіс көлемі 12 жарым процент артып, мақта – 16,8% қана арттырылмақ. Бұны бірсыпыра реттерден қарағанда дұрыс деп санауға болмайды.

Бірінші – мақта егісі не дәуір артық өсетін болған мен, жалпы егіс көлемінің артуы мен салыстырғанда азайып қалып отыр (16,8% және 12,5%). Бұл арттырылып отырған егістердің ішінде керектігі жөнінен қарағанда, күнжүт егісі үлкен даулы нәрсе. Себебі, күнжүттің бүтіне сауда комиссариаты орташа алғанда 4 жарым сом қақ кәсіп отыр. Ал биылғы жылғы мақтаның орташа бәсін алсаңыз 3 сом 65-ақ тиын. Бидайдың 8,4% артуының дәлелі жоқ. Өйткені жалпы облыс астықты шеттен алып отыратын ел ғой. Қанша өсіргенмен бидай егісі бұл облыста өркендемейді, одан да жаратылыс байлықтарын пайдаланып басқа егіс жағының өсуін тоқтатпай керек еді. Жүгері егісінің сонша арттырылуы да дұрыс емес. Жүгері жерді тез тоздырады.

Осы айтылғандардың бәрін жиып-теріп келгенде, жоспар жасаушылар Қарақалпақтағы егіс науқанының негізгі міндеттерін есептемеген деуге болады.

Жоспардың тағы бір кемшілігі – аудан сайын әдейі арналған белгілі бағыт жоқ. Қарақалпақтың қай аудандарында барлық егістерді бірдей өсірмек болған. Аудандарды егіске қарай түр-түрге бөлмеген. Мақта аудандарында басқа егістерді жерді жаңалау ретінде ғана қолдану керек еді.

Жуырда болып өткен агрономдар мен шеркеттер (мақта кооперативі) съезі жоспарды бұлай жасауға қолайсыз деп тапты. Сөйтіп жоспарды қайта қарау керек деп қаулы алып, осының нәтижесінде егіс жоспары өзгертіліп мынадай болып шықты: бірінші – егіс көлемі 99 528 гектардан 101 226 гектарға жеткізілді, әр егіс мынадай болып шықты: мақта 34 939, жүгері – 17 гектар, бидай – 17 847 гектар, жоңырышқа – 14 869 гектар, күріш - 3 772 гектар, күнжүт – 1 618 гектар, былайғы жер қалған егістерге арналды. Сөйтіп жоспар, бірінші – жалпы егіс көлемін арттырып, екінші – мақта егісін арттырып өзгертілді. Үшінші – адандарды түр-түрге бөлетін болды. Мысалы, Қыпшақ, Төрткөл, Ашаппыз сияқты таза мақта егісі аудандарынан күріш егісі алынатын болды. Күнжүттің оңтүстік және мақта егісі нашар аудандарға көшірді.

Енді бұл егіс жоспарын орындау, ішін ара мақта жағын орындап шығу үшін, осы жоспарға көмек келтіретін бірсыпыра басқа жоспарларды да орындау керек.

Бірінші негізгі жағдай – **суландыру жұмысы**. Қарақалпақ облысы мақта егісінің ең күшті ауданы. Бұған суландыру жұмысы жөнінен көп назар салыну керек. Бірақ қаржы кемдіктен, басқа да себептерден бұдан оңған жұмыс істелген жоқ. Осыларға қарамастан Қарақалпақ облысы биылғы жылы суландырылған егістік жердің соғыстан бұрынғы мөлшеріне жетіп отыр. Бұл Қарақалпақ диқандарының өздері көп күш, көп қаржы жұмсағандықтарының ғана нәтижесі. Мысалы, қыз кеткен ауданындағы істелген жұмыс. Өткен жыл Қараөзек ауданындағы Ишан жеккен деген каналды ұзындығы 60-70 километрдей қазып, Арал теңізіне жақындатқан.

Жоғарғы егіс жоспары мен мақта жоспарын орындау үшін жазғытұрымға шейін 278 479 километр жер қалызмақ. Бұны жұмыс күніне айналдырғанда, 769 252 жұмыс күні болады. Бұған 40-42 мың жұмысшы керек. бүкіл Қарақалпақ елінің жұмысқа жарамды халқының тең жарасы осынша-ақ болады. Бұл күштен тыс үлкен жұмысты, Қарақалпақ диқандарының жаппай қара күшімен міндетті түрде ғана орындауға болады. Бөтен жол жоқ. Әйтпесе бұл жұмысқа шығатын қаржы бір жарым миллион сом болар еді. Бұл жұмысқа су шаруашылық мекемесінің басшылығы да керек. Су шаруашылығы арық қазудың мән, жайын көрсетіп отыруы керек. Әйтпесе істелген жұмыс босқа кетеді, сондықтан су шаруашылығының мекемесі, бірінші – облыстық су шаруашылығы мекемесінің қызметкерлерін таңдап қоюы тиіс, әсіресе төменгі қызметкерлерді оңдап қою керек. екінші – егер мүмкіндік болса қаржы беруді молайту керек. су шаруашылық мекемесінің қызметкерлері былтырғы науқанда мынадай сөкет іс жасаған: диқандар бір айда істеп бітіруге шамаланған жұмысты 13 күнде бітіріп берсе, су шаруашылық мекемесінің қызметкерлері бұған не дәуір ренжіп қалулы. Тіпті жоспарды бұзушылық деп табулы. Биыл бұндай жедел істеушілікті жоспарды бұзды деп қарамай, қайта жұмысты неғұрлым тездету керек. Өйткені биыл қыс ұзаққа созылғандықтан, жұмысқа жылдағыдан 15 күн кеш шышуға түрі келіп отыр.

Жоспарды орындаудың екінші шарты – **тауармен астық жетістіру жұмысы**. Бұ жөнде былтырғыдан көрі кішкене ілгері басқандық бар. Астық та,

тауар да көп арналып отыр. Бірақ осының әлі күнге шейін тасылмағаны мақта науқаны үшін үлкен кедергі болатын түрі бар. Қарақалпақта жан басына берілетін тауар мөлшері Өзбекстан мен Түркменистанның көрші облыстары Хорезм мен Ташауыздардан көп кейін жатыр. Егіс науқанынан кешіктірмей астық пен тауарды жеткізуге қатты шара қолдану керек. Халық комиссарлар кеңесінің қаулысы бойынша, биылғы жылы жан басына берілетін тауар мөлшерін Өзбекстан мен теңеп, ол тауарды Амудария мен Арал теңізінде қатынас тоқтағанға шейін жеткізіліп үлгіру керек.

Жоспарды орындаудың үшінші шарты – Қарақалпақ облысына **шаруашылық машиналарын кезінде беру** болады. Бұл жұмыста берекет жоқ. Мүлде аяқсыз қалуға жақын. Бұ жөнде жер комиссариаты, мемлекеттік құрал-сайман склады, Қазауылсоюз сияқты өлкелік мекемелерімізде айыпты. Қарақалпақтың облыстық атқару комитеті мен жер басқармасы да айыпты. Жер комиссариатының айыбы сол. Ол өз жоспарының уақытында орындалуын бақылаған жоқ. Партия мен үкімет орындарының шығарған қаулыларының орындалуын да бақылаған жоқ. Ал Қазауылсоюз бен мемлекеттік склад Қарақалпаққа машина жеткізу туралы өзара шарттарына қол қоюды ұзын сонарлы созу мен келді. Партия мен үкімет кейін қалған ауыл шаруашылығын көтеру, социалдық өнерлі кәсіпше керекті мақта сияқты өте қымбатты шикі затты күшейту үшін биылғы егіс науқанына орасан зор маңыз беріп отыр. Сөйтіп, отырғанда да жоғарғы мекемелердің осындай ірі жұмысқа төрешілдік жасаулары үлкен қылмыс.

Қазақстан халық комиссарлар кеңесі мақта егісінің жоспарын қарап, Қарақалпақта бір гектар жерден түсетін мақтаны орташа есеппен 54 пут болады деп бекітті. Осындай мөлшер кескендегі сүйенгені – жоспарланған егістік жердің 75%-ін жақсы тұқым мен қамсыздандырамыз және жерді өңдейтін 70 мың путтай материал береміз дегендік еді. Дұрысында Қарақалпақта жақсы тұқым кем болып отыр, бар тұқым егістік жердің 55%-не ғана жетеді. Сол тұқымның өзінің жақсылығы, облыстағы бірсыпыра беделді агрономдардың айтуына қарағанда, үлкен күдікті көрінеді. Сөз жоқ, бұл жағдайлар халық комиссарлар кеңесі кескен мөлшерді кеміте алмайды. Өйткені бұл мөлшер, бірінші – ең аз деген мөлшер, екінші – облыстағы мағлұматтарға қарағанда мақтаның шығымдылығы жоғарғы мөлшерден артық болатын көрінеді. Бұған дәлел сол, дикандар мақта комитеті мен шарт жасасқанда, алдымен, егістің көлемін емес, беретін мақтасының мөлшерін сөз қылатын көрінеді. Осыны біліп алып дикандардың көбі, толық бір гектар жерді сеппейтін көрінеді, тек шарттағы пут мөлшеріне есептеп қана себеді екен. Сөйтіп, былайғы жерлерін басқа, әсіресе, бидай себуге үнемдейтін көрінеді. Мақта егісін күшейтудің тағыда бір негізгі шарты – **мақташыларға ауыл шаруашылық қарызын беру жұмысы**. Қарақалпақ облысының жағдайында жұмыс малының мәні зор. Өйткені бұнда машиналандыру жұмысы әлі жүргізілген жоқ. Бірақ кедейлер мен орташаларда жұмыс малы өте аз. Сондықтан бұларға қарыз беріп я аяғынан тік басқан көлік беріп, жұмыс малына қолдарын жеткізу керек. берілетін қарыз дикандардың қолына уақытында тиетін болсын, сонда ғана нәтижелері болады. Егер жұмыс малын беру мәселесін шаруашылық кооперативтері қолға алса тіпті де жақсы болар еді. Бірақ кооперативтер бұл мәселені, қолға алып отырған жоқ, сөйтіп, өзінің негізгі міндеті − өндіріс түріне қарай жұмыс жасауды аяқ асты қылып отыр.

Қарақалпақтың ауыл шаруашылық кооперативтерінің қайта тексеріп, олардың жұмыстарын қазіргі дәуірдің негізгі міндеттеріне байланыстыру керек болады. Қарақалпаққа машина жетістіру жұмысының құлауына себеп болып отырғанының ірі осы кооперативтер.

Қарақалпақ облысында егіс науқанына, ішін ара мақта егісіне даярлық жұмысының қорытындысы осы. Бізіңше, егіске даярлық жұмыстары кезінде істеліп жатыр. Жұмыста кемшіліктер де аз емес. Оның басты-бастыларын жоғарыда талдап тексердік. Егіс науқаны Қарақалпақта жедел өтініс десек. Сол кемшіліктерді күні бүгін түзу керек. егіс жұмысы басталып қалды, бүгінгі міндет осы.

Еңбекші қазақ. – 1929. – 31 март. – №71(1400). Араб графикасы.

№83
Қарақалпақ облысының жағдайы тақырыбындағы «Қарақалпақ облысының шаруашылық, мәдениет құрылысы» мақаласы

Қарақалпақ халқы қашаннан бері мәдениет, шаруашылық жөнінен ерекше артта қалып, патша мемлекетінің отаршылдық саясатында қатты езілген халық болатын. Әсіресе, Қарақалпақ елінің еңбекші қара бұқарасы қорлықтың неше түрлерін көрген. Кедей, батырақ, диқандары өздерінің байларының, ишан-қожаларының қанауына, солардың таяғының астында күн еліткен. Сөйтіп, Қарақалпақ еңбекшілері патша үкіметінің отары болып, патша төрелерінің қанауы мен бір езілсе, өздерінің бай, ишан, ақсақалдарының тепкісінде солардың айдауында құл есебінде тағы қорлық көрген. Бұл жөннен қарағанда Қарақалпақтың кедей, батырақғ диқандары ескі уақыттағы қазақ еңбекшілерінен көрі де қатты езілген халық.

Қарақалпақ халқы октябрь төңкерісінің арқасында ғана іргелі ел болып, ерікті облысы аталып отыр. Өз тақдырын өзі шешетін ерікті облыс болғанына міне биыл 3 жыл өтіп 4-нші жылға аяқ басты. Қарақалпақ облысы Қазақстан секілді артта қалған ел болғандықтан Қазақстан үкіметінің тигізген жәрдемі, істеген жолбасшылығы арқасында ел болуға бағытын біріктіріп отыр. Сондықтан олардан көрі мәдениеті, шаруашылығы күштірек саналған Қазақстан үкіметі Қарақалпақ ерікті облысының жайына көз салмай, қолдан келген жәрдемін бере алмай отыра алмайды.

Өткен 3 жылдың ішінде Қарақалпақ кедей, батырақтарының жігері мен Қазақстанның қолдан келгенше көрсеткен жәрдемі, партияның тура жолбасшылығы арқасында бұрынғыға қарағанда едәуір ілгерілегенін көріп отырмыз. Шынында еркін Қарақалпақ облысы кеңес үкіметінің шын еркіндік, теңдігін танып, жаңа жұртшылыққа кірісе бастағаны – өз алдына ерікті облысы болғанынан бері ғана деуге болады. Өйткені бұрын Түркістан республикасына қараған кезінде мойны алыс, шетте жатқандықтан іргелі жұмыс аз істелді. Батырақ, кедейлер де тап сезімі оянбаған бай ишандардың ықпалы күшті. Әлсіздерді қанау, неше түрлі әдет-ғұрып салтынан құтылған жоқ еді.

Енді соңғы 3 жылдың ішінде Қарақалпақ облысының қандай жетіскендіктері бар десек, төмендегі цифрларды келтіруге болады.

Қарақалпақ облысының шаруашылығы

Қарақалпақ облысының байлығы ауыл, қыстақ шаруасы, оның ішінде үлкен орын алатыны диқаншылық болады. Ал енді диқаншылықтың жайына келсек оның өсуі мынадай:

1925-1926 жылы 53 667 гектар, мұның 31% мақта.

1926-1927 жылы 61 272 гектар, 36% мақта.

1927-1928 жылы 88 492 гектар, 31% мақта.

1928-1929 жылы жоспар бойынша егістік саны 101 266 гектар болмақшы. Оның мақтасы 34 939 гектар болуға ұйғарылып отыр.

Бұл цифрларға қарағанда Қарақалпақтың негізгі шаруашылығы жылма жыл өсіп келе жатқанын көрсек, әсіресе, кедей, диқандарға да үкіметке де аса керекті, ерекше маңызды болған мақта шаруашылығының тез өсіп келе жатқанын да көріп отырмыз. Бұл Қарақалпақ облысының шаруашылығы ілгері басқанына айқын дәлел.

Ендігі негізгі шаруасының бірі – мал шаруашылығы. Оның ішінде қаракөл қой шаруашылығы. 1925-1926 жылы мал саны 958 121 болса, 1927-1928 жылы 1 341 480-ге жетіп отыр. Қаракөл қойдың саны 200 мыңнан асады.

Егін шаруашылығының ілгерілуі жалғыз санында ғана емес, саны өсумен қатар сапасы да өсіп отыр. Егіннің түсімін қарасақ мынадай: бидай бір гектардан 1925-1926 жылы 102%, 1926-1927 жылы 106%. 1927-1928 жылы 109%. Күріш (сол жылдарда) 81,7%, 81%, 77,5%. Мақта 57,7%, 57%, 55,7%.

Қарақалпақта 3-нші орын алатын шаруашылық өнерлі кәсіп шаруашылығы, және қолөнері кәсібі. Өнерлі кәсіптің өсу түрі мынадай:

	1927-1928 жылы	1928-1929 жылы
Мақта зауыттарының өнімі	4 997 000 сом	6 246 000 сом
Май зауыттарының өнімі	346 000 сом	433 000 сом
Сабын зауыттарының өнімі	77 000 сом	96 000 сом

Қолөнері кәсібінің толық есебі әлі алынған жоқ. Солай болса да, оның өнімі бұдан да көп болуға тиіс. Өйткені Қарақалпақ диқандарының керек-жарағын жетістіретін көбіне сол қол өнері кәсібі. Мәселен: кетпен, орақ, күрек, арба тағы басқалар секілді.

Облыстың шаруашылығы өсуі мен қатар саудасы да өсіп келеді. Мысалы: 1926-1927 жылы үкімет саудасының обороты 4 730 000 сом болса, 1927-1928 жылы 3 320 000 сом болған. Бүкіл сауданың кооператив пен обороты 1926-1927 жылы 9 307 000 сом болса, 1927-1928 жылы 10 931 000 сом болып отыр. Оның ішінде жай саудагерлердің обороты да 4 308 000 сом болған. Бұған қарағанда үкімет саудасы өскен. Сонымен қатар жәй саудагерлердің саудасы да өскенін көріп отырмыз. Мұның себебі: облысқа үкімет, кооператив орындарының әлі аздығы, құшсіздігі болып отыр.

Облыстың шаруашылығы өсуінің арқасында кіріс-шығыс (бюджеті де) өсуде. Мысалы: 1926-1927 жылы кіріс 20 107 000 сом да, шығыс 1 829 000 сом болған. 1927-1928 жылы кіріс 2 146 910 сом, шығысы 2 152 000 сом. 1928-1929 жылы кіріс 2 825 700 сом шығыс да сондай болмақшы. Сөйтіп, бір жағынан бюджет өсіп келе жатса, екінші жағынан пайдалануы да жақсыланып келе

жатыр. Мәселен 1926-1927 жылы расходтардың бөлінуі мынадай болған: кеңсе қызметкерлерінің шығыны 33,7%. Мәдениет жұмыстарынікі 37,4%, шаруашылық істеріне 14,2%. 1928-1929 жылы мынадай болмақшы: кеңсе шығыны 19,7%, мәдениет істеріне 39,7%, шаруашылық істеріне 21,5%. Сонымен биылғы жоспар бойынша кеңсе шығыны азайып, шаруашылық, мәдениет істеріне жұмсалатын қаражат көбеймек.

Ағарту жұмыстары

Қарақалпақ облысында хат білетін адам бұрын тіпті аз болған. Жалпы халқының (орыстан басқа) жүзден бірақ проценті хат таниды екен. О да болса, ишан, молдалар ғана болуы тиіс. Кейінгі уақытта хат танитын адам 2%-тен асыр отыр. Бұрын мектеп деген болмаған деуге болады. Ол уақыттағы бар мектептер «Құран» оқытып баланың миін шірітуден басқаға жарамаған. Қазір соңғы 3 жылдың ішінде кеңес мектептерінің қсуі мына түрде:

	1925-1926 жылы	1927-1928 жылы	1928-1929 жылы
Әлеуметтік тәлім-тәрбие (Соц. вос.) мектебі	53	98	137
Өнер кәсіп мектебі	3	6	17
Саяси ағарту мектебі	121	105	169

Биылғы жылы оқуға жарайтын балалардың 28,77% оқытылмақшы.

Денсаулық істері

Халықтың денсаулығы туралы бірсыпыра жұмыстар істелді. Соңғы жылдарда емханалардың саны мына түрде:

	1925-1926 жылы	1927-1928 жылы	1928-1929 жылы
Облыстық	2	5	6
Қалалық жерде	3	10	14
Аудандарда	7	15	25

Міне, жоғарғы цифрларға қарағанда өткен 3 жылдың ішінде облыстың шаруашылық жағынан да, мәдениет жағынан да ілгері басқанын көріп отыр. Бұлардың саяси маңызы, таптық салмағын қарасақ та олжасын емеспіз. Коллектив шаруаның саны жыл санап өсіп келеді. Былтыр 14 коллектив шаруашылығы бар еді. Биыл жаңадан тағы 18 коллектив шаруашылығы құрылмақшы. Бұлардың саны да, сапасы да өсулі.

Қара бұқараны кооперативке тарту жұмысы да дамып келеді. 1925-1926 жылы кооператив мүшесі 12,3% еді, 1927-1928 жылы 50% болып отыр.

Біздің бұл айтып отырғанымыз – өткен үш жылдың ішіндегі жетіскен жақтары. Осы жетіскендіктер мен қатар жетіспегені де аз емес. Жоғарғы айтылғандар мен істің бәрі істеліп қалды деуге болмайды. Келешекте істелетін жұмыстары әлі толып жатыр. Енді келешекте істеуге тиісті болған кезектегі жұмыстарға тоқталып өтелік.

Мақаламыздың басында облыстың негізгі шаруашылығы егін, онан халқы мал шаруашылығы деп едік. Облыстың шаруашылығы ілгерілеуі де осы егін-мал

шаруашылығының ілгері басуына, дамуына байланысты. Сондықтан келешекте істелетін істің мықтысы да осы жөнде болуы тиіс.

Қарақалпақта егін шаруашылығының өсуі жерді суландыруға байлаулы. Жер суланса мақта егуге жарайтын жердің саны миллиондаған десятина болады. Бір ол ғана емес, шынында осы күнгі егілетін жердің өзі де жылма-жыл түзеп, суландыру жұмысын қадағалап отырмаса болмайды. Мәселен: мақта шығатын аудандардағы Шорақан секілді үлкен арықтарды жылында түзетіп тұрмаса, осы күнгі егілетін жердің өзне су жеткізе алмайды.

Облыста ең ірі жұмыстың бірі суландыру ісі. Үкіметтің жәрдемімен қатар суландыруға жердің көбеюі де диқандардың өз күшімен болып отыр.

Биылғы жылы жоғарғы көрсетілген 101 268 гектар жерді суландыру үшін Қарақалпақ диқандарына азы 278 000 текше метрлік (куб. метр) топырақты арықтардан шығарып тастау керек. Бұл жұмысты орындау үшін кеміне 42 000 жұмысшы керек. Ақшаға шаққанда бір жарым миллион сомдық жұмыс болады. Қанша қиын болғанымен бұл жұмыс істелуі тиіс. Әйтпесе, егін судан қалуы мүмкін.

Қазіргі күнде Қарақалпақ ең үлкен жұмыс қазу жұмысы. Бұл жұмысқа үкімет жәрдем қылмаса, Қарақалпақта диқаншылықтың өркендеуі қиын. Үкімет жәрдемсіз бұл ауыршылықтан диқандар өз бетімен құтыла алмайды. Қазу жұмысы, әсіресе, кедей мен орташа диқандарға ауыр тиеді. Өйткені олардың жері арықтың сағасынан алыс. Жақын жерді бұрыннан байлар бейімденіп алып, кедейлерді шетке ығыстырып жіберген. Арыққа су түкенімен егіске су барған болып табылмайды. Көп жерлерде суды шығырмен шығарады.

Суландыру жұмысына үкіметтің жәрдемі мына жолдармен болу керек: үлкен арықтардың сағасын тереңдетіп түзету, онан соң керекті жерлеріне су болатын машиналар құру. Қазудың ең ауыр жұмысы арықтарды тазалау. Қарақалпақта арықтардың табаны терең, жылдағы шығарған топырақтары жағасына таудай болып ұйылып қалады. Ұйылған топырақтың биіктігі жұмысты он есе ауырлатады. Егер осы топырақтарды тазалайтын машиналар болса, қазу жұмысына үлкен жеңілдік болар еді. Бұл машиналар Германияда істеледі және де біздің зауыттарда істелуі мүмкін деп біздің мамандар айтып жүр. Міне, осы мәселені тез қарастыру Қазақстандық су мекемесінің міндеті болу керек.

Қарақалпақ мақта кәсібі өркендейтін жер, сөздің басында айтып едік. Мақта егісіне Қарақалпақтың ауа райы мен топырағы аса келісімді. Мақта шаруашылығын өркендетуге Қарақалпақта жағдайы мол. Кеңестер одағының өнерлі кәсібіне мақта жетпей жатқанда, екінші жағынан диқандарға пайдалы боп тұрғанда мақта шығатын жерге басқа дақыл егілгені қолайлы болып табылмайды. Сондықтан Қарақалпақта диқаншылықтың ілгергі қатарында мақта шаруашылығы тұру керек. Басқа егістер соның мәндуіне сәйкесті болу керек. мақтаның керекті екенін диқандарда біліп отыр. Өйткені кейінгі уақыттарда мақта шаруашылығы тез өсіп келе жатқаны соны дәлелдейді. Мәселен, бұрын 100 мыңнан аса гектар егістіктің 8 000 гектары ғана мақта егісі болған қазіргі күнде (1928-1929 жылы) жоспар бойынша 101 мыңнан аса гектар егістің 34 939 гектары мақта егісі болмақшы. Бұдан да көбейтуге жол бар ма? Десек, жол бар, деп жауап беруге болады. 101 мың гектар жердің 34 939 гектарынан басқасына әр түрлі дақылдар егіледі. Оның ішінде күріш, бидай, тары да бар. Онан басқа да түрлі дақылдар бар. Мұның ішінде күріш, жоңырышқа секілді дақылдарды

қалдырған кезде де, басқа дақылдарды мақта шығатын жерлерден басқа жаққа ауыстырып, олардың орнын мақтаға беру керек. Бұл жолды қолданғанда қазіргі су шығатын жердің кеміне 40-50% мақташылық етуге болады. Сол уақытта Қарақалпақта мақта егілетін жердің мөлшері 40-50 мың гектарға жетуі анық. Қарақалпақта мақта көбейтудің онан соңғы ең керекті бір жұмысы диқандарға азық-түлік, көлік малын жеткізіп беру. Өткен жылдарда бұл жұмыс жақсы жолға қойылды деуге болмайды. Жөнделсе, биылдан бастап қана жөнделіп келе жатыр. Азық-түлік пен көлік малын жеткізіп беру жұмысын жақсы жолға қою келешектегі ірі міндеттің бірі.

Қарақалпақта мал шаруасының өсуі екі түрлі жолмен болу керек. Бірі диқандарға көлік малын жеткізу, екінші қаракөл қойының тұқымын асылдандырып көбейту. Қаракөл қойының әзірге өсіп өнген жері тамды ауданы, Тамды ауданының жетіспеген жері бірінші базарлы жерден мойын алыс, екінші шөл, шөбі аз. Қаракөл қойын өсіруге керекті жағдай – Тамды ауданында құдық қазып, су молайту, және үкімет тарапынан қой тұқымын асылдандыратын отыр ашу болу керек.

Қарақалпақ өнерлі кәсіптің өсуі ауыл, қыстақ шаруасы мен байланысқан. Ең керекті өнерлі кәсіп мақта зауыты, мақтаның дәнінен шығаратын май зауыты, сабын зауыты. Қазіргі бар зауытта облыстағы мақтаны тазалап шығаруға күш жетпейді. Келешекте де аздық қылады. Май зауыты біреу-ақ. О да болса жетісерлік емес. Мақтаның өсуіне көп себеп болатын осы зауыттар. Сондықтан алдымыздағы жылдарда бірнеше мақта, бірнеше май, сабын зауыттары салынуы керек.

Міне, Қарақалпақ облысының жалпы жағдайы қысқаша айтқанда осы. Біз бұл мақаламызда Қарақалпақ облысының алдында тұрған кезектегі істердің бәрін тізіп өтпекші емеспіз. Бірақ, жоғарғы айтылғандар қазіргі күнде ең маңызды істерден саналып, облыстың өркендеп, өсуіне байланысқан істер. Өткен үш жылдың ішінде Қарақалпақ үкіметі көп жұмыстарды істеуге шамасы жетіп отыр. Келешекте де партияның жолбасшылығы, кедей, батырақтардың, орташа диқандардың жәрдемі, қатынасы мен алдағы мақсатты істеріміздің орындалуына, оның табыстары бұрынғыдан молаюы сөзсіз.

Қызыл Қазақстан. – 1929. – №4(84). – 54-59-б. Араб графикасы.

№84
Мақта шаруашылығын өркендету жолдарына арналған «Қазақстанда мақта шаруашылығының келешегі» мақаласы

Өткен жиынгер соғысы, онан кейінгі Октябрь төңкерісі – тап соғысы дәуірлерінде Кеңестер Одағындағы мақта маруашылығы төмендеп құлдырап кетіп еді. Төңкеріс кезінде басқа жұмысқа бас бұруға пұрсат болмай, мемлекет құру проллетариат үстемдігін орнату жұмысына көңіл бөлінді де, шаруашылық жұмыстары кейін қала берді. Әсіресе, мақта шаруашылығы бұзылып бұрынғы тоған салмалары (арықтары) тозып іске жарамай қалды. Екінші жағынан мақта егетін диқандар үкімет тарапынан құрал-сайман (жәрдем) ала алмай мақта шаруашылығынан қол үзуге айналды. Сонымен төңкеріс толқыны бәсеңдеп, кеңес үкіметі орнаған соң шаруашылықтың жаңа саясаты арқасында фабрик-

зауыттар қайта жүргізілді. Фабрик, зауыттар мақтаға ділгер болды. Сондықтан бұрынғы мақта шығатын жерлердің мақта шаруашылығын көркейтіп молайту қайта қолға алынды.

Түркістанда ең алғашқы құрылған су шаруашылығының кеңсесі осы мақта шаруашылығын күшейту үшін істелген шаралардың бірі еді. Осы шаралардың арқасында өткен 6-7 жылдың ішінде бұрынғы патша заманындағы мақта егілген жердің санынан әлде қайда асып кетіп отыр. Бірақ, қолдағы бар мақта тоқыма фабриктердің керегін өтей алмайды. Әлде болса да көп мақта шет мемлекеттерден (көбінесе Америкадан) әкелініп отыр. Осы мақта үшін жыл сайын кемінде 130 миллион артық алтын ақша шет мемлекеттерге кетіп отыр. Міне, бұған қарағанда кеңестер одағында мақта шаруашылығын өркендету қазіргі үлкен міндетіміз екенін сипаттайды.

Биылғы жылы кеңестер съезінде бекітілген шаруашылықтың бесжылдық жоспары бойынша соңғы жылында Кеңестер Одағының мақта шаруашылығы 36 миллион пут мақта жетістіретін болып еді. Бірақ, бұл да тоқыма фабригінің керегін толық өтей алмайтын болды. Сол бесжылдық жоспарда фабрик, зауыттарға керек мақта 40-45 миллион пут деп белгіленген. Жақын арада орталық партия комитетіт мақта шаруашылығын басқаратын мекеменің баяндамасын тыңдап жетіскен, жетіспеген жерлерін көрсетті. Бесжылдық жоспарда көрсетілген мөлшерді аз сынып, ең кем болғанда бесжылдық ішінде 48 миллион пұт мақта өндіруді бекітіп отыр. Орталық партия комитетінің бұл қарары әшейін бұйрық үшін болған қарар емес. Ірі маңызы бар қарар. Өйткені, біздің кеңестер одағындай мақта өсетін жерге бай мемлекет көп емес, болса, біреу, екеу-ақ. Бірақ, сол мақта өсетін жерімізді бір жағынан жөндеп пайдаланбағанымыз, екінші жағынан пайдаға асатын жерлерді зерттеп су шығару жұмысы нашар болғандықтан көңілдегідей мақта жетістіре алмай отырмыз. Оның себебі: бір жағынан қаражаттың жетімсіздігі болса, екінші жағынан өзіміздің босаңдығымыздан болып отыр.

Қазірде Кеңестер Одағындағы мақта егіліп отырған жердің саны бір миллион 200 мың гектардан аз-ақ артық болса, мақта өсетін басқа аудандарда қоя тұрып бір Қазақстанның өзінде ғана пайдаға аспай жатқан жердің шамасы азы 2 миллион гектардан артық жер бар. Міне осы мақта егуге жарайтын жеріміздің біразын ғана пайдалансақ та біз шет мемлекеттерден сатып алмастан қайта шетке шығарып сататын мемлекеттің бірі болар едік.

Әрине, құр көңіл мен көбейткен мен мақта көбеймейді. Мақта көбейту үшін алдымен жерді суландыру керек. онан кейін егіс, егудің өнерін (мәдениетін) білу, егетін дақандарды үйрету керек. Бұл айтылғандар оңай болмайды. Бұған бір жағынан қаражат керек болса, екінші жағынан істейтін адам да керек. Міне, осы айтылған нәрселердің орындалуы шарасын жақындап болған орталық партия комитетінің қарары шешіп беріп отыр.

Қазақстанда мақта шаруашылығының болашақ бесжылдығына тоқталмай тұрып мақташылықтың қазіргі көлемі мен ескі бесжылдық жоспарына таныстырып өтелік.

Қазақстанның қазіргі мақталы аудандары Сырдария мен Қарақалпақ, бұрынғы заманда Қазақстан мақта өсетін ауданға қосылған емес, неге десеңіз жаңағы айтылған екі ауданда мақта егетін жердің саны 25-30 мың десятинадан асқан жоқ. Қазақстанның мақта өнетін ауданға қосылғаны осы төңкерістен кейін

ғана. Әсіресе, соңғы жылдарда. Мақта егісінің саны биылғы жылы 96 652 гектарға жетіп отыр. Жылдан жылға өсу шамасы осы күнге дейін мақталы ауданға саналып келген аудандардың бәрінен озақ. Мысалы басқа адандарда жылдық өсімі 5,10% болса, бізде 25-30-40% болып келді.

Бұдан да көбейту мүмкін еді. Бірақ, біздің мақта шығатын аудандарымыз басқа республикалардағыдай болмады. Уақытында жеткілікті қылып азық, кездеме берілмеді. Диқандар мақта егуге үйретілмеді. Басқалардай жер суландырылмады. Басқа республикаларда тоған қазу жұмысына миллион-миллион ақша шығарылған болса, біздің мақталы аудандарымызға мықтағанда жүз мыңдап шығарылды. Кейде о да болған жоқ. Мұның себебі: біздің су шаруашылығымыз бен мақташылық ісіміз өз қолымызда болмай кісінің қолында болып келді. Өткен жылы өлкелік партия комитетінің баяндамасын тыңдағанда осылар еске алып, орталық партия комитеті Қазақстанның су шаруашылық жұмысымен мақташылық жұмысы өз қолына қарасын деп шешкен. Міне сол жұмыстар биыл ғана аяқталып отыр. Өз қолымызға өткеннен пайда көрмесек зиян көргеніміз жоқ. Мәселен: биылғы жылы жоспар бойынша біз мақтаны 25% көбейтеміз дегенде жоғарғы орындарда, Орта Азияның кеңселері де аттай тулап еді. Бұлайша көп өсіреміз дегендерің орынсыз деп еді. Нәтижесінде біздің мақта егісіміздің көлемі бұл 25%-тен де асып түсіп 39,5% болып отыр. Бұл айтылғандар біздің мақтамыздың қазіргі жайы. Ал енді бұрынғы бесжылдық жоспарымызға келсек ол мынадай болған еді:

Қазақстанда

1927-28 ж.	1928-29 ж.	1929-30 ж.	1930-31 ж.	1931-32 ж.	1932-33 ж.
74 297 га	96 952 га	114 108 га	132 283 га	155 623 га	181 569 га

Аудандарда

Аудан	1927-28 жыл	1928-29 жыл	1929-30 жыл	1930-31 жыл	1931-32 жыл	1932-33 жыл
Ташқазақ	13 927	17 954	20 483	25 421	31 862	40 352
Мырзашөл	20 455	-//-	22 000	28 910	29 855	40 600
Шымкент	6 864	11 724	15 574	18 904	22 774	25 239
Түркістан	6 921	11 680	14 242	15 628	16 668	17 618
Қарақалпақ	26 130	34 588	40 759	45 870	50 420	51 960
Жаркент		250	1 000	1 500	1 500	1 750

Суғарылған жерден өнген мақта егісі сол жылдарда мына шамада болады:

	1927-28 жыл	1928-29 жыл	1929-30 жыл	1930-31 жыл	1931-32 жыл	1932-33 жыл
Сырдария	21,4%	27,7%	30,9%	33,4%	35,5%	37,8%
Қарақалпақта	30,8%	39,8%	42,3%	43,2%	43,4%	43,0%[167]

[167] Бұл есепте тура емес жерлер бар: Қарақалпақтың 1928-1929 жылғы мақтаның саны 35 500 гектар, суғарылған жерінің саны 82 000 гектар емес, 110 000 гектар, осы жылға мақта 35,5%-дай-ақ.

Бұл көрсетілген жоспардағы өсім төмендегі жұмыстарды істегенде ғана болатын нәрсе: 1-нші мақта шығатын жерден мақтадан басқа бидай, тары секілді егістерді басқа ауданға көшіру, 2-нші жер суландыру.

Жоспар бойынша суландырылатын жерлер мыналар:

Аудан	Барлық су шығарылатын жердің саны	Бесжылдық ішінде иемденіп алынатын жерлер	Оның ішінде мақта егілетін жер	% су шығарылған жер
Мырзашөл	39 000	27 400 72,0%	18,300	77,0%
Шыршық	31,700	25 000 79,40%	12 000	37,80%
Шымбай	19 000	18 000 91,0%	7 000	37,2%
Шардара	9 700	9 700 100,0%	5 100	52,6%
Досан қарабас	4 800	4 800 100,0%	1 500	31,2%
Арыс	15 000	13 000 86,0%	4 000	27,0%
	119 200	98 100 82,2%	47 900	40,2%

Кеңестер Одағындық жоспар комиссиясының түзеген жоспары бұдан да аз еді. Ол жоспар бойынша бұл бес жылдың ішінде Қазақстан 160 000 гектар мақта беруге тиіс еді. Мынау жоғарғы біздің жоспарымыз бұл 160 000-нан көбірекке түзілген.

Одақтық жоспар комиссиясының мөлшерлеп отырған бұл саны біздің мүмкіндігімізді білмегендік. Бұрынғы ескі қауыппен сенбегендігі. Қысты күні жоспарды даярлап жатқан кезде бізге баста 120 000 гектар ғана берген еді. Оны 160 000-ға зорға жеткізген едік. Енді мынау 181 569 гектарға жеткізіп отырмыз. Шынында бұ да аз. Бесжылдың ішінде мынау да көбейтуге мүмкіндік бар.

Қазіргі күнде орталық партия комитетінде жоспар қайта қаралып жатыр. Жақын арада жаңа жоспар түзеліп бітпек. Енді біз мақтаны көбейтуге қандай жолдар бар, соған тоқтамақпыз, екінші жағынан алдымызда қандай міндеттер туады, соны көрсетпекпіз.

Мақтаның жоспарын қай жолмен көбейтуге болатынын мынау ескі жоспарды жақсылап тексерсек соның өзінен шығады. Бұл жоспар бойынша осы бес жылдың ішінде жаңадан су шығарылатын жердің саны 119 200 гектар одан осы 5 жылдың ішінде пайдаланатыны 98 100 гектар (82,2%). Бұл су шығарылатын жердің 18%-і жоспар бойынша пайдаға аспайды деп отырмыз. Гектар санымен алғанда 21 100 гектар жер. Ол пайдаланылатын жердің ішінен 40,2%-ті, жердей алғанда 47 900 гектары ғана мақташылық болмақ. Бұл жоспардың кемшілігі – 1-нші, күшпен суарылған жердің 18%-ті пайдаға аспай қалып отырса, 2-нші сол пайдаға асқан жердің 40,2%-ті ғана өңкей мақташылық

болғалы отыр. Пайдаға аспаған жер болып және мақта емес басқа егістікке пайдаланылатын жер болып суарылатын 119 200 гектар жерден 71 300 гектар (60%-ті) мақташылыққа пайдаланбай отыр, Орта Азия комитеті: бесжылдық мақта жоспарының жетімсіздігі деп көрсеткені осы. Шынында да көп күш, көп ақша шығарып жер суландырылса, сол суландырылған жердің 40%-ті ғана мақтаға берілгені қай көзбен қарағанда да дұрыс деуге болмайды. Біздің ойымызша бесжылдық жоспардағы түзететін жерінің бірі осы. 1-нші суарылған жердің бәрін 100%-тін пайдаға асырудың шарасын табу, 2-нші суарылған жердің азы 50-60%-тіне мақта егуге жоспарлау керек. Мұндай жоспар болғанда жаңа суарылған жердің ең кемінде қазіргі 47 900 гектардың орнына 72-75 мың гектары мақта егісі болмақ. Екінші бір жол: ол, орталық партия комитетінің қарарында көрсетілген қазіргі мақталы аудандарда суарылған жердің азы мақта егісі де, көбі басқа егістер. Олардың ішінде тары, қонаққа шейін бар. Мұның ең үлкен себебі – осы уақытқа шейін жеткілікті азық, оның ішінде бидай жеткізіліп берілмегендік. Мәселен: Сырдарияда биылғы жылы мақта егісі 27,7%-ақ. Қарақалпақта 35%. Бесжылдың жоспары бойынша Сырдарияда 37,8% болмақшы да, Қарақалпақта 43%-ақ бұ да аз. Қазіргі уақытта біздің кейбір мақталы аудандарымыз да мақта 60-65% егіледі. Мақта өсетін жерлерде мақта егісінің санын басқа егістерден көбейт десек, біздің бірсыпыра агрономдарымыз, жер-су қызметкерлерін көбейтуге болмайды, деп зыр ете түседі. Олардың айтуы мақташылық көбейсе, жер азады сонымен қатар өнімі де азаяды дейді. Бірақ, тәжірибе жүзінде мақта егісі 60-65% болған жерлерде жер азып, өнімі азайғаны әзір белгісіз. Екінші жағынан бұдан былай жерді дәрілеп жаңарту көбейтілетінін еске алғанда – бұл жолдастардың құрғақ уайымынан қорққанымыз жөн емес, осы бес жылдық жоспар бойынша жоғарғы айтылған мақталы аудандарда мақта егісінің санын кемінде 50%-ке жеткізу керек болады. Сонда Сырдарияда тағыда 12,13%, Қарақалпақта 7,8% мақта егісін қосуға болады.

3-нші бір жол: мақталы жаңа аудандарда мақта шаруашылығын көбейту, бұл күнде мақталы ауданға қосылып отырған аудандар: Жаркент, Әулиеата, Меркі және Шиелі аудандары. Біздің бұрынңы бесжылдық жоспарға бұл аудандардың ішінен жалғыз-ақ Жаркент ауданы ғана кіргізілген еді. Жоспар бойынша бұл ауданда 5 жылдың ішінде мақта егісінің саны 1 750 гектар ғана болмақшы еді, басқа аудандарда мақта өсетіні анықталса да, жоспарда ескерілген емес. Ол аудандарда мақтаның өсуі мынадай:

Әулиеатада биылғы жоспар бойынша 50 гектар егілмекші еді, 150 гектар егіліп отыр. Шиеліде 300, 400 гектар. Меркіде жоспарда жоқ та болса, 50 гектар егілген, бұл мақталы аудандардың ішінде ең жақсысы Жаркент ауданы. Оның ауасы, топырағы мақта өсіруге лайықты. Биыл Жаркент басқа мақталы жаңа аудандардағы мақтаның өсімімен танысқалы Мәскеуден келген өкіл – бұл аудандардың бәрінің де мақтасы жақсы шыққанын көрді, мақта өсімінің келешегі мен танысып, әсіресе, Жаркентте 5 жылдың ішінде мақта егісінің саны 25-30 мың гектарға шейін көбейтуге болады деп отыр. Жақын арада Жаркент барып қайтқан Павлоцкий жолдас та осы цифрды нығытып отыр, Жаркент ауданында мақта егісін көбейту үшін 1-нші жерге орналастыру жұмысын күшейту, екінші суландыру жұмысын жақсы жолға қою керек. Жаркентте жер суландыру жұмысы басқа аудандарға қарағанда арзан түспек. Басқа жерлерде бір гектарды суландыру 200 сомнан бастап 500 сомға шейін барса, Жаркентте су

шаруашылығы мекемесінің есебіне қарағанда 50 сомнан аспайды. Сонымен Жаркентте 25-30 мың гектар мақта егістігі болса, басқа аудандарда кемі 10 мың гектарды жоспарға күргізу көп болмаса керек.

Мақта егісін көбейтетін жолдар жоғарғы айтылғандар ғана емес, тағыда көп жолдар бар. Зерттеліп суаруға даярламаған Қазақстанда тағы бір-екі жер бар. Олар – Мырзашөл даласы, Келес ауданы. Құрылған жоспар бойынша Мырзашөлде 400 мыңнан артық жер суландыруға болады. Келешекте де 300 мыңға жақын жер бар. Бұлардың Мырзашөлде 100 мыңдайы, келешекте тең жарасы Өзбекстан жерінде. Осы бесжылдық жоспарда осы көрсетілген екі даланың біреуі жоспарға кіріп іске асырылуы керек. Бір жағынан мақта егісінің санын көбейтсек, екінші жағынан сапасын да көркейтуіміз керек.

Төңкерістен бұрынғы мақта шаруашылығынан сан жағынан асқан мен сапа жағынан жетіспегеніміз көп. Алдағы тұрған ірі міндеттің бірі – мақтаның (гектарының) өнімін көбейту. Мұны орындау үшін мақта егетін диқандарды азық-түлік, кездеме жағынан қамтамасыз ету, екінші жағынан сол керек-жарағын мезгілінде жеткізіп тұру шарт.

Қазақстанда мақта егісінің көбеюі ұйымдастыру мәселесі мен байлаулы: осы уақытқа шейін бізде, диқандарға мақта егу турасынан жолбасшылық болған жоқ, болса, бірлі-жарым аудандарда ғана болып келді. Басшылық мәселесі бір жағынан мақталы аудандарда агрономдар көбейту мен байланысса, Жаркент секілді ірі мақталы аудан болғалы тұрған. Жерлерде мақта комитетінің бөлімі ашылып, күнбе-күн жолбасшылық көрсетіп отыруы тиіс. Бізде агрономдар аздығы жұртқа белгілі. Әсіресе, қазақтың жайын білетін агрономдар жоқ. Алдымызда тұрған міндеттің ірі осы агрономдарды көбейтетін шара керек. Агрономдардың үлкені болмаса да, орташа агрономдар шығаратын ауыл шаруашылық техникумдары болады. Осы жылдан бастап мақталы аудандарда кемінде 2-3 осындай техникумдар ашу керек.

Мақта шаруашылығын келешекте өсуі жер суландырумен байланысты. Жер суландыру жұмысы бізде әлі күнге дұрыс жолға қойылмай келе жатыр. Бір жағынан жер суландыру жұмысының жаңалығынан болса, екінші жағынан бұл жұмысқа орындарда жөнді назар салмайды. Қазылатын арықтар мезгілімен қазылмайды. Су уақытында диқандарға берілмейді. Суды пайдалану тәртібі жоқ. Суды керек уақытында көпшілік пайдаланбай, қолы жеткендер әсіресе, байлар пайдаланып кетеді. Қазу жұмысы қымбат. Міне, осы жетіспегендіктерді жоймай мақта өнімін жақсы жолға сала алмаймыз. Бұл жұмыстар бір жағынан су шаруашылығы мекемелерін өңдеумен байланысты болса, екінші жағынан халықтың өзі қолға алып бақылауын күшейтуге байланысты.

Кеңестер одағының бесжылдық жоспары жеке мекеме ғана емес, көптің күшімен орындалады деп өткен одақтық XVI партия конференциясы айтып кеткен. Бұл өзінен өзі белгілі нәрсе. Оның ішінде мақта шаруашылығы бір үлкен майдан, әсіресе, көпшіліктің көп жәрдем беріп кірісетіні осы мақта жұмысы, оған байланысқан жер суландыру жұмысы.

Тағы бір жетіспегендік – осы күнге шейін жер-су комиссариаты мен су шаруашылығы мекемесінің жұмыстарында байланыс жоқ. Жер комиссариаты су шықпаған жерден барып жерге орналастыру жұмысын жүргізсе, су шаруашылық мекемесі елсіз жерді барып суғарған жерлері жоқ емес, осы күнге шейін су шығарылған жерлерге жерге орналастыру жұмыс жүргізілмеген жерлер бар.

Жоғарғы жоспарда су шығарылған жердің бірсыпырасы жоспар бойынша пайдаланылмайды деп көрсетілгені де осыдан туған. Сондықтан келешекте бұл екі мекеменің жұмысын байланыстыру алдағы бір үлкен жұмыс.

Міне, жоғарғы айтылған жұмыстарды істей отырып жоспарды қайта қарап мақта егісінің санын көбейтсек, диқандарға жолбасшылық етудің шарасын жақсыласақ бір жағынан орталық партия комитетінің қарарын орындағанымыз болады. Екінші жағынан біздің фабриктерімізге мақта жағынан кемшілік келтірмей кеңестер одағын өнерлі кәсіпке айналдыру ісін күшейткеніміз болады. Мұның жоспардың орындауы қиындау көрінер, бірақ, қалың еңбекші кедей, орта шаруа, жұмысшылар осы уақытқа шейін партияның жолбасшылығы мен талай қиыншылықты басынан өткізіп, сол қиыншылықтарды жеңіп шығып, кеңестер одағының шаруашылығын ілгері бастырып келді. Келешекте де осындай жігер мен баса қимылдаса жоспарды уақытымен орындайтынына сеніміміз күшті.

Қызыл Қазақстан. – 1929. – №6(86). – 38-45-б. Араб графикасы.

№85
Мақта өсірудің негізгі бағыттарын көрсеткен «Мақта кәсібінің бесжылдық жоспары» мақаласы

Бесжылдық жоспардың аяғында Қазақстанның мақта кәсібі 48 миллион пут мақта беретін болуы керек. Мұны орындау үшін: жер суландыру, тыңнан мақта егілетін жерлер шығару мақта егілетін жерде басқа егістікті азайту істерін күшейту қажет.

Жалпы өнерлі кәсіп ішінде тоқыма кәсібіміздің күшеюі, тоқыма кәсібіне керекті мақта сияқты заттарды өз мемлекетімізден тауып шетелге жалыншақтықтан құтылу қажеттігі, мақта кәсібін күшейту жолындағы барлық мүмкіндіктер бұл уақытқа дейін толық пайдаланылмай келуі – одақтық үкметке бесжылдық жоспардың мақта кәсібі жағын қайта қаратып отыр. Үкіметтің мақта кәсібін қайта қараудағы мақсаты: тоқыма кәсіпке керекті мақта мөлшерін қамтамасыз ету. Бесжылдық жоспарда бұл мөлшерді үкімет 48 миллион пут деп белгілеп отыр. Ал, бастапқы жоба бойынша кеңестер одағының мақта егетін аудандары бесжылдық жоспардың ақырына дейін 36 миллион пут мақта шығарарлықтай болуы керек еді.

Ендігі міндет мынау екі жобаның арасындағы үстеу санды бесжылдық жоспардың ақырына дейін өз ішіміздің шығаратын болу оның үшін мақта егістігі көлемін ұлғайту, бұрынғы 450 мың – 500 мың гектар мақта егілетін жерде мақтаның шығымын арттыру қажеттігі туады. Мұның орындалуы үшін әрине, тиісті техника шаралары қолданылмай болмайды. Үкіметтің мақта кәсібін күшейту жөніндегі көздеп отырған мақсаты – одақтағы мақта кәсібін жүргізетін аудандардың барлығына да ортақ. Олай болса мақта кәсібінің бесжылдығын өзара қайта қарап, қайткенде мақта кәсібі күшеетін жағын қарастыру мақта егетін аудандардың бәріне міндет.

Қазақстан соңғы жылдарда ғана мақта егетін аудандардың қатарына қосылып отыр. Қазақстанда мақта егу кәсібі ілгерілегені төңкерістен соң, әсіресе соңғы біраз жыл ішінде ғана. Бірақ, мақта кәсібі ілгерілегені мен бұл кәсібі шын

мәнісінде көркейте аларлық амал, әдіс қолданбай келдік. Мақта кәсібіне біз 1928 жыл өлкелік партия комитеті орталықта баяндама жасап, жоғарғы партия орындар сілтеу шығарғаннан кейін ғана айырықша көңіл қойды.

Қазақстанда мақта кәсібін күшейтуге қандай жолдар бар? Бұған жауап табу үшін әуелі мемлекеттің жоспар комиссиясы жасаған бесжылдық жоспар мен қысқаша болса да танысып өту керек. Бұл бесжылдық бойынша Қазақстанда мақта кәсібі мына ретпен ілгерілмек:

1927-1928 жыл 74 мың 297 гектар.
1928-1929 жыл 96 мың 652 гектар.
1929-1930 жыл 114 мың 108 гектар.
1930-1931 жыл 132 мың 283 гектар.
1931-1932 жыл 155 мың 623 гектар.
1932-1933 жыл 181 мың 569 гектар.

Мақта егетін жеке аудан ішінде егістік көлемі мына ретпен ұлғаяды:

Таш қазақ ауданында:
1928 жыл – 13 мың 927 гектар.
1929 жыл – 17 мың 954 гектар.
1930 жыл – 20 мың 483 гектар.
1931 жыл – 25 мың 421 гектар.
1932 жыл – 31 мың 862 гектар.
1933 жыл – 40 мың 352 гектар.

Бетпақ далада:
1928 жыл – 20 мың 455 гектар.
1930 жыл – 22 мың гектар.
1931 жыл – 23 мың 910 гектар.
1932 жыл – 29 мың 855 гектар.
1933 жыл – 40 мың 600 гектар.

Шымкент ауданында:
1928 жыл – 6 мың 864 гектар.
1929 жыл – 11 мың 724 гектар.
1930 жыл – 15 мың 574 гектар.
1931 жыл – 18 мың 904 гектар.
1932 жыл – 22 мың 774 гектар.
1933 жыл – 25 мың 229 гектар.

Түркістан ауданында:
1928 жыл – 6 мың 921 гектар.
1929 жыл – 11 мың 680 гектар.
1930 жыл – 14 мың 242 гектар.
1931 жыл – 15 мың 628 гектар.
1932 жыл – 16 мың 668 гектар.
1933 жыл – 17 мың 618 гектар.

Қарақалпақта:
1928 жыл – 26 мың 130 гектар.
1929 жыл – 34 мың 588 гектар.
1930 жыл – 40 мың 759 гектар.
1931 жыл – 45 мың 870 гектар.
1932 жыл – 50 мың 420 гектар.

1933 жыл – 51 мың 960 гектар.

Жаркент ауданында:

1929 жыл – 250 гектар

1930 жыл – 1000 гектар

1931 жыл – 1500 гектар

1932 жыл – 1500 гектар

1933 жыл – 1750 гектар.

Бесжылдық жоспардың ақырына дейін суармалы мақта егістігінің көлемі мына мөлшерге жету керек:

Сырдария:

1928 жыл – 21,4%;

1929 жыл – 27,7%;

1930 жыл – 30,9%;

1931 жыл – 35,5%;

1933 жыл – 37,8%.

Қарақалпақта:

1928 жыл – 30,8%;

1929 жыл – 39,8%;

1930 жыл – 42,3%;

1931 жыл – 43,2%;

1932 жыл – 43,4%;

1933 жыл – 43%[168].

Мақта егістігі көлемінің жыл сайын осы мөлшерде ұлғаю үшін мақта егетін аудандарда астық, басқа түрлі егістікті азайып оның үстіне төменгі түрде жер суландыру жұмыстарын жүргізу керек болады. Бетпақдалада пайдаға асырылып отырған 39 мың гектар жердің 27 мың 400 гектарын мақтаға шығарып, оның 18 мың 300 гектарын суландыру.

Шыршық ангренде пайдаға асырылып отырған 31 мың 700 гектар жердің 25 мың 200 гектарын мақтаға шығарып, оның 12 мың гектарын суландыру. Шымбайды (қыз кеткенде) пайдаға асырылып отырған 19 мың гектар жердің 18 мың гектарын мақтаға шығарып, оның 7 мың гектарын суландыру. Шардарыдағы пайдаға асырылып отырған жердің 9 мың 700 гектарын мақтаға шығарып, оның 5 мың 100 гектарын суландыру. Досанқара бастағы пайдаға асырылып отырған жердің 4 мың 800 гектарын мақта егістігіне шығарып, бір мың 500 гектарын суландыру. Арыстағы пайдаға асырылып отырған 15 мың гектар жердің 13 мың гектарын мақта егістігіне шығарып, оның 4 мың гектарын суландыру.

Мақта егістігін жоғарғы көрсетілген мөлшермен ұлғайту жөніндегі Қазақстан жоспарының одақтық мемлекет жоспар комиссиясы жасаған жоспардағы мөлшерден 20 мың гектар артығы бар. Мақта егістігін бұл айтылғандай ұлғайту үшін жер суландыру жұмысына 77 миллион 107 мың сом ақшадай, 15 миллион сомасын ел күшімен, барлығы 92 миллион 107 мың сомдық қаржы шығару керек.

[168] Егер Қарақалпақта 1928-1929 жылдың мақта егістік көлемін 110 гектардың орнына 84-ке түсіріп кемітіп алатын болсақ, мынау көрсетіліп отырған мөлшер бұдан да кемиді.

Қазақстанда мақта егістігін бұдан да ұлғайту үшін тағы не істеу керек дегенге келсек алдымен жер суландыру жұмыстарын жүргізу керек. Мақта егілетін жерде басқа егістіктерді азайту керек.

Онан соң соңғы жылдары ғана мақта егілетін аудандардың қатарына қосылып отырған сландыруына қаржыны көп тілемейтін жерлердегі жұмысты күшейту керек.

Бесжылдық жоспар бойынша мақта егістігін ұлғайту жөнінде тыңнан қосылғалы отырған 100 мыңнан астам гектар жердің 34 мың 761 гектары басқа егістіктерді кемітуден өндірілмек.

Моншалық жер мақта егістігі көлеміне қайткенде қосылып алды. Мұндай жер егер бесжылдық жоспардың ақырында Сырдариядағы мақта егістігі жоспардағыдай 37% Қарақалпақта 43%-ке жеткізілгенде ғана қосыла алады.

Орта Азия мен біздің кейбір (Ферғана Бетпақдала) мақта егістігі күшті аудандарымызда мақта егістігі жалпы егістің 60-65%-тей келеді. Бұл мөлшерді төмендетіп жібермей оп-оңай болмаса да бірақ, әзірше бұл мөлшердің төмендетіп кеміп қалғандығы байқалмайды.

Олай болса, егістік мөлшері кемімей келе жатқан болса, мақта егістігін жоғарғы аталған аудандар да жоспарға кіргізіп отырған шамада арттыра алмаймыз деуге орын жоқ. Оның үстіне Түрксиб жолы салынып мақта егетін аудандарға арзан астық жеткізіп бергелі отырмыз. Мақта егістігі мөлшерін бұл бес жылда Ферғана мен Бетпақ даладағы 60-65%-ке жеткізем демей-ақ, 50%-ке жеткізген күнде де Сырдария егістігі 12,3%, Қарақалпақ егістігі 7% өскелі отыр.

Мақта егістігін ұлғайту үшін тағыда істелетін жұмыстар мақта егетін аудандарға астық жетістіру онан соң шөл егістерін өркендету. Шөл егістігі аудандарында күзгі егінді күшейтуге айырықша көңіл бөлу қажет болады.

Бұлай ету үшін биылғы жылдың болсын, ілгерідегі болсын, жоспардағы күзгі егістік жайын қайта қарау керек.

Қазақстанның мақта егістігін ұлғайтуда үлкен орын алатын жаңадан мақта егілетін аудандар.

Бірақ бесжылдық жоспарда жаңадан қосылған жердің мөлшері тым аз.

Барлығы бір мың 750 гектар ғана жер. Оның көбі де Жаркент ауданынан қосылған. Әулие-ата, Меркі, Шиелі сияқты жерлер ескерілмеген де. Ал, бұл аудандарда Әулие-ата да бұрынғы 50 гектардың орнына 150 гектар, Шиеліде 400 гектар, жоспарда қаралмай кеткен Меркінің өзінде 50 гектар жерге біз биыл шарт жасасып отырмыз.

Бұл аудандарда негізгі міндет қара шаруа диқандардың басқа түрлі егістіктерінің орнына мақта егістігін қолдандыру. Жаңа аудандарда мақта егінін күшейту үшін әртүрлі жеңілдіктер беретін болу керек. Жеңілдікті мүмкіндігінше бұрыннан мақта егіп келе жатқан аудандағыдан көрі де күштірек жүргізу керек. Жаңадан мақта егістігіне айналдыратын аудандардың ішіндегі ең көрнектілерінің бірі Жаркент ауданындағы аты Шулы Үш тұрпан жазығы. Бұл ауданда мақта егістігін күшейту әңгімесін біз 1926-1927 жылдар қозғағамыз. Бірақ, бұл уақытқа дейін берекелі іс істелмей келуінің себебі мақта жұмысын басқаратын, әсіресе, жоғарғы мақта басқармасының кері тартпалығынан болды.

Егер Ресейдің үнем кеңесі міндеттендірмеген де биылғы жылға дейін біз шарт жасаспаған болар едік.

Ол кезде бұл ауданды сөз қылғанда суландыру жағы әңгіме болған еді. Суландыру үшін Қорғас өзені бар тағы басқа жерден су бөліп жіберетін айлалар жасау керектігі айтылған еді. Бұл Үш тұрпаннан 10 мың гектардай жерді мақта егістігіне шығару үшін 500 мың сом шығару керек болған. Сонда бір гектарға 50 сомнан ғана кетеді. Мақта егістігіне мұншалық аз шығын шығатын жерді іздесе табуға болмайды.

Мақта егістігін күшейтетін істердің ірі-ірі жер суландыру жұмысын жүргізу деп жоғарыда айттық. Бұлай етуге **т**ұрарлық жерлер Бетпақ дала, Шыршық ангірен, Шардара, Шорақан оның ішінде де Бетпақ далада суландыру жұмысын көңілдегідей орындағанда Бетпақ дала 400 мың гектардай жер бере алады. Мұның 300 мыңдайы Қазақстан жерінде, 100 мыңдайы Өзбекстан жерінде. Шыршық Ангіреннен де 200 мыңнан бастап 300 мың гектарға дейін мақта егетін жер шығаруға болады. Бұл шаралардың қайсысын іске асырғанда да біздің мақта кәсібімізді көркейтіп жіберуге, бұл жерлерде толып ілім әдістерін қонданға жарайды.

Онан соң бізде Қарақалпақ сияқты су тартатын машина орнатпай суландыруға оңай көнбейтін аудандар бар. Қарақалпақта трактордың жер жырту үшін одан соң су тартатын машина есебінде қолданып қараудың тәжірибесі нәтижелі болып шықты.

Бұлай еткенде трактордың пайдаға асырылатын күндері кемитіні рас бірақ, мақта егістігі ұлғаю жағына тиетін пайдасы оны басып кетеді. Бұл ауданда трактор күшімен пайдалануды күшейт**е** түссек, мақта егістігін әжеп тәуір көркейтетін түрі бар.

Онан кейін мақта егінін арттыру үшін шығымын көтеру, суды дұрыс пайдалану сияқты уақ шаралар бар. Мақта кәсібінің бесжылдық жоспарын қайта қарағанда осының бәрі еске алынуы керек. Ал жоспарды қайта қарағанда негізгі көзделетін жағы жоғарғы айтылған жағдайлар болуы керек. Бұл жағдайлар мөлшер цифрын қайта қарауға да негіз бола алады.

Өткен жазғытұрым егін науқаны біздің егіс жоспардың оншалық өмірге асымды болмағандығын көрсетті. Бұған себеп біздің мақта егілетін аудандар мен таныс еместігіміз болды. Мақта егістігін күшейтерліктей мүмкіндіктерді біз толық пайдалана алғамыз жоқ. Ал, мақтаны егіп отырған көпшіліктің біздің жоспармен таныстығы болған жоқ.

Біздің жоспарымыз мақтаның егуші иелерінің талқысынан өтіп шықпады. Бұлай еткенде біз пайдадан басқа зиян көрмейтін едік. Осыны еске алғанда біздің алдымызда тұрған міндет мақта егіннің бесжылдық жоспарын да, мөлшердің талқысына салып, жергілікті мақта кәсібі ұйымдарының қарауынан өткізіп алу екендігі көрінеді.

Сөйтіп, қорытып келгенде жаңадан мақта егілетін аудандар шығару үшін істелетін жұмыс:

а) Сырдария Қарақалпақ сияқты негізгі аудандар мақта егістігі мөлшерін 50%-ке жеткізіп мақта аудандарында басқа түрлі егістікті азайту қарқынын қайта қарап өту.

б) Мақта егістігін тезден күшейте алардық шараларды қарастырып жаңа аудандардан кемінен 15-20 мың гектардан мақта егетін жер шығаратын қылу.

п) Бетпақ дала мен Шыршықтағы суландыру жұмыстарын күшейтуді жоспарға кіргізу. Шыршықта суландыру істерін жүргізуде оның сландыру жұмысына қолайлы келетн оң жақ жағасын пайдаланатын болу.

т) Шыршықта мақта кәсібін көркейту үшін шаруашылық жағынан қолайлы, Шыршықтағы жұмыстардың програмына үлес келетін уақ әдістерін қолдану жұмысына қаражат шығарту.

Міне, мақта кәсібінің бесжылдық жоспарын қайта қарағанда орындалуға тиісті міндеттер осылар.

Еңбекші қазақ. – 1929. – 13 август. – № 159 (1488). Араб графикасы.

№86
Статья «Основные итоги социалистического строительства в Казакстане 1928-1929 года и задачи 1929-1930 года»

Как правильно характеризовал V-й пленум Краевого Комитета ВКП(б), истекший год прошел под знаком развернутого социалистического строительства народного хозяйства Казакстана и решительного наступления на капиталистические элементы города, аула и деревни. Каковы итоги истекшего года в области накопления материальных ресурсов для укрепления социалистической позиции рабочего класса в Казакстане? Эти итоги громадны. Мы приведем здесь основные из них.

Основной отраслью народного хозяйства Казакстана является сельское хозяйство. Оно остается стержневой проблемой национальной политики ВКП(б). Итоги сельского хозяйства особенно характерны для оценки темпа социалистического строительства у нас. Если возьмем основные итоги года по сельскому хозяйству, то получим следующую картину. Общая посевная площадь возросла на 8,4% при росте в среднем по СССР в 5%. В ответ на социалистическое наступление мы имели бешеное сопротивление кулаков и баев, которые сократили свои посевы. Но несмотря на это, посевные площади возросли за счет громаднейшего увеличения посевных площадей со стороны социалистического сектора (колхозов на 215,5% и совхозов на 110,5%), превысившего на много плановые предположения, и за счет роста посевных площадей и хозяйственного удельного веса казакской части бедноты и середняков (посевы увеличились на 7,8%, удельный вес с 29% 1927-1928 года до 32% в 1928-1929 году).

В последних цифрах нашла свое отражение правильность земельной политики, провозглашенной на 6-й Всеказакской партийной конференции. В итоге первого года пятилетки плана мы имеем бурный рост колхозного движения в Казакстане.

Рост колхозов с 2315 до 4348 (на 1 июля 1929 г.), усиление и укрупнение их с неопровержимостью доказывают, что это движение теперь становится массовым движением, движением всей бедности и основной массы средняков аула и деревни.

Практика этого года раз навсегда и бесповоротно отвергла теорию правых уклонистов о, так называемой, деградации сельского хозяйства и о «размычке» со средним крестьянством.

Промышленное развитие за последние годы начинает принимать тоже другой размах. В частности, истекший год является годом приступа к ускоренной разработке богатых недр Казакстана, как-то: цветных металлов (Казмедьстрой), каменного угля (Караганды), фосфоритных залежей и т.д. и более усиленного развития обрабатывающей промышленности и промышленности строительных материалов. Усиленный рост промышленности (на 67,7% в 1928-1929 г.) означает увеличение удельного веса ее в народном хозяйстве (с 3% до 5%). Темп роста промышленности, далеко обгоняющий средний рост по СССР, находится в полном соответствии как с директивой XII партийного съезда о «создании промышленности в отдельных национальных республиках», так и в соответствии с решением XVI Всесоюзной партийной конференции о «географическом перемещении промышленности на восток» и, наконец, вполне отвечает ресурсам и возможностям Казакстана.

Истекший год дал целый ряд положительных итогов. Так, например, по колхозному строительству уже выполнено пятилетнее задание. По некоторым отраслям промышленность, например, цветная металлургия идет гораздо большим темпом и размахом, чем он был предусмотрен в этой пятилетке.

Мы не касаемся здесь других блестящих итогов года, как, например, в области социально-культурного строительства.

На примере социалистического развития Казакстана, как отсталой национальной республики мы можем доказать и показать вздорность всех тех утверждений правых уклонистов о «деградации» сельского хозяйства и о «размычке» со средним крестьянством. Не трудно также доказать нашим местным идеологом буржуазно-националистических течений вздорность их положений насчет «дистанции от верблюда до социализма». Эти идеологи неспособны понять того положения Ленина, что возможен переход к социализму, минуя стадию капиталистического развития для бывших отсталых стран, находившихся ранее на положении колонии или полуколонии, при условии диктатуры пролетариата, при его моральной и материальной поддержке.

Истекший год доказал, что Казакстан вместе со всем Советским Союзом действительно вступил в полосу социалистической реконструкции и в полосу развернутого социалистического строительства.

Отметим далее успехов в области транспортного строительства, главным образом железнодорожного. Успешное выполнение плана истекшего года Турксибом дает возможность раньше срока (к 1-му мая 1930 года) сомкнуть оба участка магистрали, доведение дороги до Акмолинска – все это облегчает и ускоряет темп социалистического переустройства Казакстана.

Все эти итоги явились результатом преодоления больших помех на пути социалистического строительства, в особенности преодоления в основном правого уклона в партии, тянувшего партию назад, навязывающего партии свою антиленинскую идеологию.

Мы осязаем уже результаты решительного наступления на капиталистические элементы города, аула и деревни, широкого участия в социалистическом строительстве рабочих масс (социалистическое

соревнование), а также бедноты и середняков, убеждающихся в преимуществе коллективного земледелия перед единоличным. А в условиях Казакстана можно считать, что преодолены националистические течения, отражающие напор казакского байства, тянувшего Казакстана назад, ко временам полуфеодальной эксплоатации.

Задачи текущего года вытекают из задач выполнения плана великих работ – пятилетки. Текущий год в этом отношении является хребтовым годом, по меткому слову тов. Кржижановского. Успешное выполнение плана этого года во многом должно предопределить судьбу всей пятилетки.

Итог истекшего года показал, что вопреки предсказаниям националистических элементов, Казакстана фактически приступил к развернутому социалистическому переустройству казакского аула и деревни. Темпы, взятые на этот год пятилетки, почти в 2 раза превышаю по вложениям темпы истекшего года. Если в истекшем году на хозяйственное и социально-культурное строительство было вложено 167.846 тыс. рублей, то в этом году вложения составляют около 341.476 тыс. рублей. По отраслям они распределяются следующим образом:

На сельское хозяйство – 133.949 тыс. руб. (против 42.200 тыс. руб. в 1928-1929 г.). т.-е. рост на 217,4%.

На планируемую промышленность – 52.148 тыс. р. против 20.069 тыс. руб.) – рост на 159,6%, из них на краевую и местную промышленность – 7.365 тыс.р. (против 3.989 тыс.р.) – рост 84,6%.

На транспорт – 90.700 тыс.р. (против 74.858 тыс. руб.) – рост 21,2%.

На торговлю – 30.872 тыс.р. (против 10.000 тыс.р.) – рост на 208%.

На просвещение – 8.400 тыс.р. (против 5.554 тыс.р.) – рост 51,2%.

На здравоохранение – 3.026 тыс.р. (против 1566 тыс. р.) – рост 93,2%.

На связь – 3.570 тыс.р. (против 928 тыс. р.) – рост 384,7%.

На коммунальное хозяйство 3.130 тыс.р. (против 2.700 тыс. р.) – рост 115,9%.

На жилищное строительство – 13.597 тыс.р. (против 8.553 тыс. р.) – рост на 154% и т.д.

Основные вложения идут по линии основных отраслей народного хозяйства: сельское хозяйство, промышленность, транспорт и торговое строительство. Торговое строительство, содержащее в себе строительство, главным образом, предприятий по переработке продукции сельского хозяйства, в основном направлено на индустриализацию сельского хозяйства, что целиком соответствует задаче увеличения и улучшения товарности сельского хозяйства и его интенсификации.

В результате всех вложений мы должны получить следующий эффект как в количественном, так и в качественном выражении.

По линии сельского хозяйства: валовая продукция сельского хозяйства возрастает на 16%, посевная площадь возрастает на 14,3%[169], в том числе под зерновым культурами на 13,3%, хлопок на 46% (абсолютно с 96228 га 141000

[169] Впоследствии цифры посевной площади уточнены и сессией КЦИК-а принят рост в 16,8%.

га.). Урожайность зерновых культур поднимается по индивидуальному сектору на 7%, а по социалистическому сектору на 10%.

Общая численность скота должна возраста на 3%, при чем стадо крупного скота на 4%, овец и коз 3%и свиней на 20%. На ряду с общим ростом сельского хозяйства бурно растет социалистический сектор его. Посевы в колхозах должны составить 813 тыс. га, в совхозах 153 тыс. га (рост по колхозам на 214,5%, по совхозам на 416,8%). Количество колхозов увеличивается с 4348 до 7436 (171%) и совхозов с 11 до 22. Кроме того должны быть организованы 4 крупных мясных совхоза и 6 молочных[170]. В связи с таким ростом обобществленного сектора его удельный вес в продукции зернового хозяйства поднимается до 22,4%. Выполнение плана дальнейшего усиления обобществленного сектора сельского хозяйства должно обеспечить получение от социалистического сектора на урожай 1930 года не менее 40% товарного хлеба. Это должно гарантировать успешное выполнение плана хлебозаготовок. В вышеприведенном плане не учтены моменты перехода на сплошную коллективизацию. Целых округов зерновых – Кустаная и Петропавловска, хлопковых – Сыр-Дарьи и ряда районов. Это должно сильно изменить соотношение. Не учтены также последние решения ЦК партии о развитии животноводческого хозяйства.

В области развития промышленности этот год для Казакстана является годом приступа к развернутому промышленному строительству. В этом году мы приступаем к строительству гиганта комбината «Казмедьстрой» на Караганда, цинкового завода на Риддере, свинцового завода на Турланских месторождениях, крупной реконструкции Карсакпайского медеплавильного завода и перципатитного завода на фосфоритных месторождениях в Актюбинском районе и т.д.

В результате вложения валовая продукция всей планируемой промышленности возрастает с 35.392 тыс. руб. до 52.950 тыс. руб. – рост на 49,8%, при среднем намечаемом росте продукции промышленности по Союзу на 31,2%. Рост по Казакстану, как видно, выше, чем средний по Союзу. Это вполне соответствует установке на подтягивание бывших отсталых окраин и директивам XII партийного съезда «О создании промышленных очагов в национальных районах».

На промышленность Казакстана в этом году возлагаются по контрольным цифрам ответственные задачи. Этими задачами являются: снижение себестоимости промышленной продукции не менее, чем на 11,3%, поднятие производительности труда на 28%, заработной платы в номинальном выражении на 9% и в реальном не менее, чем на 12%.

Безоговорочно должно быть выполнено снижение стоимости строительства, принятое по всему Союзу.

По транспортному строительству предусматривается окончание строительства Туркестано-Сибирской железной дороги, доведение дороги до Караганды и начинание других дорог. В результате такого строительства мы должны будем к концу года иметь новых 897 км. Рельсовых путей. Эти дороги уже во многом разрешают, во-первых, задачу снабжения хлопковых районов

[170] В связи с новой установкой увеличивается количество совхозов, как мясных, так и молочных.

дешевым хлебом и мясом, во-вторых, обеспечивают связь с центрами цветной металлургии и каменного угля и, в-третьих, – поднятие новых зерновых районов (Акмолинск).

Большой рост вложений идет на торговое строительство. Основная задача – механизировать торговлю и индустриализировать сельское хозяйство. Теперешнее состояние этого участка нашего хозяйства далеко неблагополучное. Например, из нашего края вывозится шерсть, вымытая, в лучшем случае, холодным способом. Получается солидный процент грязи и других отбросов, который является излишним накладным расходом для промышленности и ненужным грузом для транспорта, который и без того слабо справляется с вопросом перевозок. Отсутствие рациональных складов шерстяного сырья отражается на качестве его обработки. Недостаточное развитие мельничного хозяйства не дает возможности экспортировать хлеб, переработанный в муку; таким образом край лишается дополнительного корма, необходимого для интенсивного животноводческого хозяйства. Очень большие убытки и неудобства проистекают от перевозки скота в потребляющие районы в живом виде.

Задачи интенсификации сельского хозяйства упираются во многих отношениях в проблемы его индустриализации. Осуществление контрольной цифры торгового строительства даст нам к концу года две новые мельницы, стоимостью в 6 миллионов рублей, 12 линейних элеваторов, 2 мясных комбината, стоимостью 3.225 тыс. рублей, 3 сырьевых скалда, 2 горячие шерстомойки, ряд кишечных заводов, маслобойных заводов и др.

Очень заметный рост проектируется по линии хозяйства связи. Выполнение плана работ обеспечивает рост обслуживания населения средствами связи: население будет охвачено почтовой связью на 56,5%6 районные исполнительные комитеты на все 100%, сельские советы на 62%. Будет построена большая широковещательная станция в Алма-Ата. Посредством радиотелефона столицы Казакстана будет связана со многим окружными центрами.

Темпы строительства, взятые на второй год пятилетки, далеко обгоняют темпы, проектированные на этот год пятилеткиой. Контрольные цифры на 1929-30 год являются напряженными. Но они будут выполнены, если мы будем продолжать вовлекать в хозяйственное строительство широкие слои рабочих и всех трудящихся, путем участия их в социалистическом соревновании, в ударничестве, при условии дальнейшего и широчайшего развития самокритики, борьбы с бесхозяйственностью, бюрократизмом и волокитой, при условии дальнейшего решительного наступления на капиталистические элементы города, аула и деревни и усиления социалистических элементов в сельском хозяйстве, посредством широкого вовлечения бедноты и середняков в коллективны, при условии перестройки всей работы наших советских, хозяйственных органов и общественных организаций на другой темп, – темп революционный.

Не приходится говорить о том, что необходима дальнейшая борьба за окончательное преодоление правого уклона в теории и на практике. Необходимо продолжать борьбу с проявлениями как местного национализма, так и великорусского шовинизма. Вместе с тем не следует, однако, забывать о борьбе с так называемыми «левыми загибами», отрыжкой контр-революционного

троцкизма. Возникает далее огромная задача – обеспечить пятилетий план кадром руководителей и исполнителей.

Мы не коснулись в нашей статье вопроса о переводе ряда предприятий на непрервыную производственную неделю. Как правило, должны быть переведены на непрерывку предприятия, работающие на недицитном сырье, предприятия, производящие строительные материалы и само строительство.

Эффект от непрерывки бесспорен: она даст дальнейшее увеличение валовой и товарной продукции промышленности и должна сократить сроки строительства.

Задачи текущего года возлагают величайшую ответственность на партию, рабочий класс и на все организации Казакстана: пятилетка должна быть выполнена в четыре года. И этот лозунг претвориться в жизнь.

Народное хозяйство Казакстана. – 1929. – №10-12. – С. 3-8.

№87
Ірі құрылыстардағы кемшіліктер мен одан арылу жолын нақтылаған «Халық шаруашылығындағы ұқыпсыздық тез жойылсын» мақаласы

Мекендіктен жылына 200 миллионға жақын ақшаны орынсыз жоғалтып келеміз.

1928-1929-ншы жылы кәсіп құрылысында себепсіз қыдырымпаздық салдарына бір жұмысшының 4,43 күні босқа өткен. Егерде кәсіп құрылысында 2,3 миллион жұмысшы болса, бір жұмысшы суткасына 19 сом 54 тиындық жұмыс істесе, сонда жылына келетін зиян 200 миллион шамасы болады екен.

Бұл жөндегі зияндарды жеке ірі құрылыстардың құнына шағылыстырғанда былайша: мысалы Түрксиб 183 миллион сом тұрады, Днепрострой – 495 миллион сом тұрады. Егерде жоғарғы кемшілктерді жойсақ, бірнеше Түрксиб, бірнеше Днепрострой салған болар едік.

Барлық Кеңестер Одағында халық шаруашылығындағы кемшіліктерді, салақтықтарды, ұқыпсыздықты жою жөніндегі қазіргі күнде жүргізіліп жатқан науқан осы жағынан қарағанда шаруашылық жөнінен өте маңызы күшті науқан болып саналады. Барлық партия, кеңес жұртшылығының, жұмысшы көпшілігінің ықыласы осы мәселеге көбірек аударылып отыр. Соңғы кездерде шаруа құрылысындағы кемшіліктерді жою, бұл жөндегі фабрик-зауыттардың табыстарын, жұмысшылардың жеке ұсыныстарын, инженер-техниктердің табыстарын газет бетіне жазып жұртшылықтың алдына салып отыру жұмысы да күшейіп отыр.

Халық шаруашылығындағы кемшіліктерді, ұқыпсыздықты, салдыр салақтықты жою жұмысын кеңес топырағында кеше ғана басталып отырған жұмыс емес, бұл жұмыс басталғалы едәуір уақыт болып қалды. Мысалы: ұқыптылық ісін жарыққа шығару, қызметшілер санын ықшамдап кеміту, әкімшілік шығындарды кемітіп мекемелердің және өндіріс орындарының жұмыстарын ықшамды жолға салу тағы басқа істер. Бұл жұмыстар кеңестер одағында жұмысшы қара шаруа испекцияларының басшылығымен жүргізіліп келді.

Сөз жоқ, бұл жөнде едәуір табыстарымыз бар (Қазақстанда қызметшілер санын ықшамдап кеміту арқасында 1927-1928-нші жылы не бары 927 мың сом үнемдедік. Бірақ, әлі де болса қолға алынбаған, алынса да толық жүзеге асырылмаған жұмыстар аз емес. Әсіресе Қазақстан жағдайында орындалмай жатқан істер көп. Рас, Қазақстанның халық шаруашылығында ұқыпсыздықтан, салақтықтан қанша зиян болып тұратындығы туралы айырықша есеп жоқ. Бірақ, жеке деректерге қарағанда жақсы емес.

Бізде мал мамандығы жұмыстары нашар, жеке аудандарда мал азығы кемдеу. Сондықтан, мал шаруашылығы жөнінен көрі келген зиянымыз жүз миллионнан кем есептелмейді. Түрлі жұқпалы (қарасан, ала өкпе, жамандату) аурулардан жылына он, жүз мыңдап мал өліп тұрады. Бізде зиянды жәндіктерге қарсы күрестің нашарлығынан егіс шаруашылығымыз да көп зиян болып тұрады.

Міне, бұл сияқты мысалдарды келтіре берсек аз емес. Қазақстандағы шаруа құрылыс майданында жұмысты күшейту түсу керектігі осыдан анық көрінеді.

Шаруашылық құрылыс майданындағы кемшіліктерді ұқыпсыздықты, салақтықты жою ісі халық еңбекшілер жұртшылығының қатынасы мен жүру керек. Бұнсыз мақсат ойдағыдай орындалып шықпайды.

Шаруашылық майданындағы кедергілерді жою жұмысы қазірде барлық кеңес топырағында іс жүзінде басталып отыр. Бірақ, Қазақстанда бұл жұмыстың орындалуы мардымсыз, әлі де болса орталық мекемелер жеткілікті көңіл бөле қойған жоқ.

Кеңестер одағының орталық мемлекеттік жоспар комиссиясының өкіл келгеннен кейін Қазақстан мемлекет жоспар комиссиясы бұл жұмысты қолға алды. Бұл жөнде бірсыпыра шаралар қолданып, онысын комиссарлар кеңесіне салып бекіттіріп алды. Өлкелік мекемерге іс бастау жөнінде тиісті нұсқауын берді. Екпінді топтар ұйымдастырылып, осылар арқылы өндіріс орындарында кеңселерде іс бастасын деді.

Өлкелік мекемелерге нұсқау, деректива берілгелі бір қауым уақыт болып кетсе де мардымды іс атқарып жатқан ешкім көрінбейді. Толық көңіл бөлінбеген, бірсыпыра мекемелердің бастықтары бұл жұмыстың мән-жайын, маңыздылығына әлі де болса жете түсініп жетпеген.

Ендігі міндет не болу керек? Біздіңше негізгі жұмыс мыналар болу тиіс: Өндіріс орындарында, ауыл шаруашылығында, шикі зат дайындауда, кеңес мекемелерінің жұмыстарында іске зиян келтірерлік нендей кемшіліктер, кедергілер салақтықтар, ұқыпсыздықтар бар. Іс жүзінде осыны ашу керек. Бұл кемшіліктер ашылғаннан кейін осыны жоюға барлық жұмысшы, еңбекшілер көпшілігі толық қатынастырылуы тиіс. Бұл жөнде өндіріс орындарында түрлі ұйымдарда арнаулы 10 күндік науқан ашылу өндіріс мәжілістерінің жұмысы күшейтілуі жөн. Мекемелер жанында екпенділер тобы ұйымдастырылып, орталық штаб құрылып, топтарға басшылық бір жерден осы штаб арқылы жүргізіліп отыратын болсын.

Екпінді топтардың, осыған байланысты басқа жұмыстар газет бетінде көбірек жазылып отырсын, өндіріс орындарындағы жаңа кеңселердегі жоғарғы айтылған кемшіліктерді жою да жақсы ұсыныс жасағандарға бүкіл Қазақстан көлемінде **конкурс** (бәйге) жариялансын. Мәне, бұл жөнде орындалатын негізгі міндеттер осылар болу керек.

Халық шаруашылығында ұқыпсыздықты жоюдағы негізгі мақсат социалдық құрылыс жұмысына қосымша қаражат жетістіріп, бесжылдық жоспарды орындауды жеделдету. Сондықтан, бұл жұмыс дереу қолға алынып, барлық партия-кеңес жұртшылығының толық қатынасы мен жүргізілетін болсын.

Еңбекші қазақ. – 1930. – 3 февраль. – №27 (1632). Араб графикасы.

№88
Қарақалпақ облысындағы мақта өсірудің маңыздылығына тоқталған «Қарақалпақтың бес жылында мақта шаруасы» мақаласы

Орта Азия ұлт аралары шектелуі соңында бұрынғы Түркістан республикасы мен Хорезмнің бөлімдерінен осы күнгі автономиялы Қарақалпақ облысы құрылған болатын. Қарақалпақ жері Амудария аяқ бойында. Көлемі 131 мың 641 шаршы километр. Халқының саны 359 мың 140 адам. Қарақалпақтың негізгі кәсібі ауыл шаруашылық. Оның ішінде күрделі, көрнекті орын алатыны мақта кәсібі. Қарақалпақтың өткен бес жылдағы жұмыстарына қорытынды жасап көрсек. Алдымен мақта шаруашылығына тоқталуға тура келеді. Өйткені Қарақалпақтың тіршілік жөнінен бар сүйенген, таянғанның өзі осы мақта шаруасы десек – асырып айтқан болмасақ керек.

Төңкеріске дейін Қарақалпақта мақта кәсібі пәлендей өркендеп кете алған жоқ еді. Барлығы 8000, 9000-дап қана гектар жерге мақта егілетін еді. Бұлай болуына себеп ол замандағы патшаның орташылдық саясаты бұл кәсіпке халықтың негізгі көпшілігі кедей мен орташаларды қатыстырмап еді.

Мақта кәсібі жеке байлардың ишандардың бектердің қолында болып диқаншылар көпшілігі соларға батырақ, шарикірлік қылып қана мақта еге алатын еді.

Қарақалпақта мақта кәсібі төңкерістен кейін, ұлт аралары шектеліп, Қарақалпақ автономиялы облыс болып құрылғаннан кейін ғана өркендеді.

Қарақалпақта соңғы үш жылда мақта кәсібі өркендеуінің жайы төменгі цифрлардан көрінсе керек:

1927-1928 жыл 26 170 гектар, жәкі 123%;

1928-1929 жыл 35 512 гектар, жәкі 135,9%;

1929-1930 жыл 53 783 гектар, жәкі 151,5%.

Міне, бұл цифрлар Қарақалпақтың мақта кәсібі жылдан жылға өсіп келе жатқандығын көрсетеді. Мұның ішінде суару жолымен егілетін жер биылғы жылы 46,4%-дей келейін деп отыр. Мақта кәсібінің бұл секілді өркендеуі – халықтың негізгі көпшілігі кедей батырақтарды жер жағынан қамсыз етіп. Бұларға мемлекеттік тағы басқа жәрдемдерді толық көрсетудің нәтижесі деуге болады. Соңғы жылдарға дейін Қарақалпақтың мақта кәсібі жеке шаруалардың қолында болып, солардың қолында өркендеп келді. Жеке адамдардың қолында болған соң бұл кәсіптің кемшілігі де аз болған жоқ. Бұл кемшіліктер мақта кәсібінің бұдан да өркендей түсуіне кедергі болып келді. Партия мен үкіметтің кедей орташалар арасында шаруаның коллектив түрін өркендету жөніндегі саясаты дұрыс шығуы арқасында Қарақалпақ диқаншыларының да

шаруашылығы өркендеп, социалдық секторлар көбее бастап отыр. 1927-28 жылдар Қарақалпақта бірде коллектив шаруасы жоқ еді.

1928-1929 жылда Қарақалпақта коллектив шаруаларының мақта егетін жерлерінің көлемі 435 гектарға жетті. 1929-1930 жылдың жоспары бойынша 15 300 гектарға жетуі керек. Бұл жалпы мақта егісі көлемінің 28,2%-тей келеді.

Сөйтіп, Қарақалпақ облысының 5 жасқа толған күнінде мақта жөнінен ғана табыстар емес, жалпы әлеуметшілік қайта құрылыс жөнінен де табыстар барлығы көрініп отыр.

Қарақалпақтың мақта кәсібінде соңғы жылға дейін техника жағы нашар болып келді. Болса өте аз болды. Агроном пункттері соңғы жылдарда ғана көбейіп келеді. Мысалы: 1927-1928 жыл бүтін Қарақалпақта 2-ақ пункт бар еді. 1928-1929 жыл 6-ға жетіп, 1929-1930 жыл 23-ке жеткізілмек. Прокат-пункттер де осындай қарқынмен өсіп келеді. Үстіміздегі жылда жер жұмыстарына барлығы 385 мың сом қаржы жұмсалмақ. Трактордың қоспағанда Қарақалпаққа биылғы жыл 147 мың сомдық ауыл шаруашылық машина-саймандар берілмек. Халық комиссарлары кеңесінің қаулысы бойынша бұл жоспар ең кемінде екі есе көбейтілу керек. Биылғы жылы мақта шаруасының бас комитеті Қарақалпаққа 30 трактор бермек. Машина-сайман, тракторлардың бұл айтылған сандары бүтін Қарақалпақта мақта кәсібін өркендетіп жіберу үшін жеткіліксіз болса да ірі мақта коллективтері үшін техника тірегі бола алуға жарайды.

Қарақалпақта мақта кәсібі өркендеуі себепті мақта, май зауыттары салына бастап отыр. Соңғы жылда қор жейілде үш сменамен істегенде 4 мың 800 тонна, 4 кезекпен істегенде 5 500 тоннадай өндіріс күші бар мақта зауыты салынды. Осы күнде Қарақалпақта екі жерде мақта зауыты бар. Шымбайда 2 батарейлі тағы бір зауыт салынбақ.

Қарақалпақтың мақта кәсібі суармалы жолға салынуы қажет. Осы күнде суарылатын мақта егістігінің көлемі 115 946 гектардай келеді. Жер суландыруды өркендету жұмысы осы биылғы жылдан бастап қолға алынбақ.

Онан соң Шорақанда жер суландыру жөнінен үлкен құрылыс. Жұмыстары басталып отыр. Мұндай жұмыс кешікпей Шымбайда да басталмақ. Шорақан жұмыстарына 500 мың, Шымбайдағы жұмыстарға 783 800 сом берілмек болып отыр.

Біздің жалпы Қазақстан жол қатынасы жағынан зарушылық көріп, отырса, бұл Қарақалпақта өте күштірек сезіледі. Биылғы жылы Қарақалпақта теміржол салу жұмыстарына 175 075 сом берілмек.

Қарақалпақтың бес жылға толуында мақта шаруашылығының қорытындылары осы айтылған болса, бес жылдық жоспардың ақырына дейін жалпы шаруашылық жөнінен болсын, әлеуметшілік қайта құрылысы жөнінен болсын табыс қорытындылары бұдан да өзгеше болмақ. Бес жылдықтың ақырына дейін Қарақалпақтың суарып егілетін жерінің көлемі 180 722 гектарға жетпек. Мұның 109 426 гектар жерінде мақта егіліп 1927-28 жылғы мен салыстырғанда 418,7% өсіп шықпақ.

Сол уақыттарға дейін коллектив жерлерінің көлемі 96 826 гектар, кеңес шаруаларының жер көлемі 12 600 гектар болмақ.

Сөйтіп бұл бес жылда, мүмкін одан да бері, Қарақалпақтың мақта кәсібі түгелі мен коллектив кеңес шаруаларының басқаруына көшеді деуге келеді.

Бесжылдықтың ақырына дейін Қарақалпақта кендір тресінің тракторларынан басқа 287 трактор болуы керек. Бұдан басқа 1 006 195 сомдық ауыл шаруашылық машина-саймандар берілуі керек.

Сөйтіп бес жылдықтың ақырына дейін Қарақалпақ Қазақстанның негізгі мақталы ауданының бірі болмақ. Шаруасы кеңестік, коллектив шаруаларының жолымен өркендемек. Қазақстанның өзге аудандарымен қос ұстаса отырып ұлы одақтың қойынында социалдық тұрмысқа енбек.

Еңбекші қазақ. – 1930. – 13 февраль. – №36(1641). Араб графикасы.

№89
Алдағы бесжылдықты қабылдаудың ерекшеліктері мен маңыздылығы жөніндегі «Бесжылдық жоспар» мақаласы

Қазақстанның халық шаруашылығын өзгерту мен мәдениет құрылыстарының қазіргі жасалып отырған бесжылдық жоспарының бұрынғы жасалған жоспарлардан көп айырмасы бар. Ол айырма сол: бірінші – бұл жоспарда халық шаруашылығын өркендетудің жолы бұрынғыдан мүлдем өзгертіліп отыр. Екінші − өнерлі кәсіпті болсын, халық шаруасын болсын өркендетудің қарқыны бұрынғыдан шапшаңдатылып отыр. Үшінші – бұрынғы жоспардан айырықша жаңалығы сол – бұл соңғы жоспарға жұмысшы, қызметшілер дайындау мәселесі кіріп отыр.

Бұл жоспар партия мен үкіметтің соңғы берген деректива, бағыттары бойынша жасалып, мемлекетіміздегі шаруаның ілгерілуіндегі табыстары, ауыл шаруа құрылысында коллектив өркендеуі жөніндегі олжалар толық ескеріліп жасалып отыр. Қазақстанның өткен күніне қарасақ: бектік, туыс салттары жайылып, көшпелілікті ғана ұстанып қалған жұрт. Соның салдарынан мәдениеттен жырақ қалған жұрт. Қазақстанның барлық шаруашылығын алғанда оның ішінде ауыл шаруасынан өнетін жалпы кіріс 85%, тауар өнімі 74% келсе, өнерлі кәсіптің жалпы кірісі 5%-тей-ақ келеді. Қазақстанның жалпы ауыл шаруашылығы мәдениетсіз жолмен жүргізіледі десек, оның ішінде ең негізгісі саналған мал өсіру кәсібі тым-тұрақсыз тиетін жолмен жүргізіледі.

Оның үстіне Қазақстанның халық шаруашылығында «кем кетікті» жерлері бар. Ол «кем кетіктің» ең үлкен Қазақстанда теміржол қатынасы жоқтығы. (Барлық Қазақстан жерінде 3 241 километр ұзындығы шамалы ғана теміржол бар) Бар жолдың орталық ауыл шаруашылық, өнерлі кәсіп аудандарынан қашықтығы, сондықтан бұл байлықтарды пайдалануға мүмкіндік аз болатындығы. Қара жолдың дұрысталмауы 83 951 километр ұзындығы бар. Барлық қара жолдың 100 километр жер шамалысы ғана жөнделіп, мұның ішінен ондаған километр жерде ғана тас төселулі. Онан соңғы үлкен «кетіктік» бірі – су қатынас өркендей алмауы. Қазақстанда Ертіс, Амудария, Сырдария, Іле, Орал, Арал теңізі, Балқаш сияқты өзен-көлдер бар. Бұлардың бәрінде бірдей су қатынас дұрыстала алған жоқ.

«Кетік»-тің енді бір зоры – сауатсыздық. Қазақ халқының 90%-і қара танымайды. Бұдан социалдық құрылысқа келетін кемшілік күшті. Тағы, тағы

талай «кетік»-тер бар. Міне, осылардың көбі үстіміздегі бесжылдық жоспарда толықтырылады дейміз.

Қазақстан осыншалық артта қалған жұрт болса да, бұдан былай Қазақстанды өркендетерліктей, бірсыпыра жерлердің түсінетін кірместіктей айырықша жолдар бар. Жоспардың соңғы жасалуында Қазақстан туралы негізге алған мағлұматтарымыз – халық шаруашылығының кейбір түрлерін Ресейлік, одақтық жоспардағы Қазақстан туралы жасалған бөлімдегіден анағұрлым күшті қарқынмен өркендейді деп жоба жасарлықтай.

Ол өркендететін жолдар қайсы? десеңіз:

1. Қазақстанда егіске жарамды миллион гектар жер барлығы;
2. Пайдаға асырарлық табиғат күштерінің байлығы (көмір, су күштерінің көптігі, Алтай, Алатау сулары);
3. Метал, темір, кен, мұнай секілді жер асты байлығының күштілігі.

Сөйтіп, Қазақстанда суы бар, көмірі бар, жері бар – барлығының күшін қосқанда 239,5 миллион ат күшіндей келеді.

Түсті металға қордалындық жағынан, Қазақстан одақта теңдесі жоқ аудан болып танылып отыр. Қазақстанда 5 мыңнан артық жерде түсті метал кені бар. Бұл жердегі кендердің қордасы (запасы) 1 миллиардтан тоннадай бар.

Ең ақырында Қазақстан одақта астық егістігі, мәдениет егістігі мал кәсібі жақтарынан да, алдыңғы қатардан орын алуымен қабат, ауыл шаруашылығының шикі заттары жағынан да қордалы ауданның бірі болып саналады.

Ауыл шаруашылығы

Қазақстан халық шаруашылығының негізгі түрі қашан да ауыл шаруасы болмақ. Бұл ауыл шаруашылығы жөнінен бесжылдық жоспарға Қазақстанның өзінен асып бүтін одақ үшін маңызды боларлық талай мәселелер кіріп отыр. Олар бірден астық, өнерлі кәсіп егістіктерінің мәселесі, екінші жағынан, мақта кәсібінің мәселесі. Қазақстанда мақта егерлік те жер көп. Өнерлі кәсіп егістіктерін (мақта, кендір, күріш сияқтылары) егетін де жер көп. Міне, біздің бесжылдық жоспарға одақтың басқа аудандарындағы секілді осындай ірі мәселелер де кіріп отыр. 1932-1933 жылға барлығы 14 880 500 гектар жерге егін салуға жоба жасалып отыр. Оның 81,8%-тей жеріне, 12 180 500 гектарына астық салынуы керек. 415 мың гектар жерге мақта, 193 мың гектар жерге кендір егілуі керек. Бұл егістердің өткен жылы мөлшері қандай болды десек: 3 496 800 мың гектар жерде астық, 72,9 мың гектар жерде мақта, 8 мың гектар жерде күріш егілген. Сонда егістің бұрынғы соңғы мөлшерін салыстырғанда астық 400%, мақта 500% өсетін болады.

Егістің көлемінің мұншалық өсуі (өткен жылғы 5 миллион 131,5 мың гектардан өсіп бесжылдықтың ақырына дейін 14 миллион 880,5 мың гектарға жететін болуы), шаруаның коллективке кіруі, күшеюі арқасында табылған табыс деуге болып отыр. (Қазір де шаруаның 40%-і коллективке ұйымдасулы.) Бесжылдықтың ақырына дейін түгіл жаппай коллектив болмақ. Бесжылдықтың ақырына дейін коллективтердің егіс көлемі 11 миллион 696 мың гектарға жетеді. Қай түрлі болсын барлық совхоздардың егіс көлемі 3 миллион 73 мың гектарға жетеді. Мұның ішінде астық трестіне қарайтын совхоздардың егіс көлемі 2 миллион жарым гектарға жетеді. Егіс көлемі екінші жағынан мұнша өсіргелі отырған бірден жалпы қазақ халқының егіс көлемі бұрынғыдан ұлғаюы болса,

екінші – бесжылдықтың ақырына дейін 500 мыңдай көшпелі, шала көшпелі шаруалар отырықшылыққа айналып, 1 миллион гектар шамалы егістің жер қосылғалы отыр. Онан соң, одақтың жері тапшы ішкі аудандарынан 97,5 мың шаруа переселендер келтіріліп, бұлардан 600 мың гектар егіс көлемі қосылғалы отыр.

Оның соңында егіс көлемі өсуін қамсыз еткелі отырған себептің тағы ауыл шаруашылығының машина, құрал, ат-өгіз секілді көліктермен қамсыз етілетіндегі. (Бесжылдықтың ақырына дейін Қазақстанға 48 мың трактор келтірілмек.)

Егіс шаруашылығына мұндайлық құрал, көлік берілу совхоздардың егісін 100%, коллективтердің егісін 75% қамсыз ете алады.

Диқаншылық кәсібінің тауар өнімі 11,9 миллион центнерден өсіп, 66,7 миллион центнерге жетпек. Яки 6 есе өсетін болады.

Оның ішінде астық тауарының өнімі бұрынғы 8,3 миллион центнерден өсіп, 51 миллион центнерге жетеді. Бұ да 6 есе өскен болады. Жеке бидайдың өзі ғана 7,2 миллион центнерден өсіп, 109 миллион центнерге жетеді. Мұның өсімі 5,7 еседей келеді. Астықтан басқа егістіктердің тауар өнімі 3,7 миллион центнерден 15,7 миллион центнерге жетеді. Оның ішінде мақтадағы 483,5 мыңнан өсіп, 4 миллион 379,4 мың центнерге жетеді. Бұл бұрынғыдан 9 есе өсетін болады.

Ауыл шаруашылығында екінші орын алатын күрделі түрінің бірі мал өсіру кәсібі. Мал өсіру кәсібі жағынан да Қазақстан Кеңес одағында бірінші орын алатын аудан болып саналады. Мал кәсібінен өнетін шикі заттардың кейбір түрінен (мәселен жүн секілді) Қазақстан бүтін одақтан өнгенінің 40% дейін береді. Соншалық ірі маңызды барлығына қарамастан Қазақстанның мал өсіру кәсібі осы уақытқа дейін тұрақсыз, мәдениетсіз жолмен жүргізіліп келді. Бұлай болуына себеп, қазақ шаруалары көшпелі, шала көшпелілік салттан қол өзе алмай келді. Сондықтан қазақтың малы жұтқа, індет апаттарына оңай ұшырап отыратын болды!

Осының барлығының салдарынан соңғы жылдарда Қазақстанда мал санының өсу қарқыны өте шабандағандығы байқалды.

Мал өсу қарқыны шабандауының ең үлкен себебі – бұған жете көңіл бөлінбеді. Әсіресе, мал өсіретін социалдық сектор (совхоз, коллектив) жағы ескерусіз келді. Онан соңғы бір себеп: бұрын мал көбі қолында болған байлар жағының шаруашылығы төмендегендіктен, бұлар аса кеміген мал санының орнын жете ұсақ шаруалардың кірісі толтыра алмады.

Мал өсіру кәсібінің бесжылдық жоспарында бұл шаруаның әлеуметтік шаруа жағын да қайта құру жолы қаралып отыр.

Жыл сайынғы малдың өсу мөлшері мына шамалы болмақ:

1928-1929 жылда 40 миллион 508,2 мың бас мал бар;

1929-1930 жылда да сол шамалы;

1930-1931 жылда 43 миллион 335 мыңға жетеді. 7% өседі;

1931-1932 жылда 47 миллион 666,2 мыңға жетеді. 10% өседі;

1932-1933 жылда 53 миллион 381,8 мыңға жетеді. 12% өседі.

1929-1930 жылда мал саны өсе алмауы одан кейінгі екі жылдағы өсімінің аздығы, тап күресі майданында бізге қарсы шыққан бай құлақтардың мал қырып, қастық істеуінің салдары деуге болады.

Бесжылдықтың программа бойынша шаруаның социалдық секторлары күшейтілмек. Барлық мал санының 11 миллион 324,4 мыңы совхоздар қолында болуы керек. 41 миллион 324,4 мыңы коллективтерде болуы керек. сонымен қатар мал мүліктерінің түріне де өзгеріс кіріуі тиіс. Мысалы: 1928-1929 жылда жылқы жағы 10,4% болса, бесжылдықтың ақырында барлық малдың 8,2%-ке дейін ғана жылқы болуы керек, ірі қара мал жағы бұрын 18,4% болса, енді 22,8%-ке жетуі керек. Қой жағының проценті бұрынғы 54,2-ден 55,5-ке жететін болады, өсімі бәрінен де күшеетіні шошқа болады. Бұл бұрын 0,7% болса 3,8%-ке жетеді.

Қазіргі жобаланып отырған шөп егістігі, тамырлы өсімдіктер егістігі 6 түрлі қорытылған дәндердің сырындылары бірден малдың азық жемін қамсыз ететін, екінші жағынан мал өсіру кәсібін өнерлі жолға бастайды.

Бесжылдық жоспарда малдың сапасын күшейту жағы да қаралып отыр. Бесжылдықтың ақырына дейін совхоз, коллективтерде салт, міндет аттардың саны 45 мыңға жетуі керек. Қой өсіретін 67 совхоз ұйымдастырылып, бұларда жүндес қой саны 118 мыңға жетуі керек. Сонымен қатар, 10 мың қаракөл қой өсіретін совхоз құру мәселесі бар. 1932-1933 жылында жүндес қой өсіретін – 19, қазақ қойын өсіретін – 41, қаракөл қойын өсіретін – 7 қой қоралар ұйымдастырылып, мұның барлығындағы қой саны 46 мыңға жетуі керек. Бесжылдықтың ақырына дейін тұқымы асылдандырылған қой саны жалпы қойлардың 26%-тей келуі керек. Үстіміздегі жылда мерьянос қойының саны 312 мың, ірі жүнді қой саны 2 миллион 156 мың, қаракөл қойының саны 546 мың, аралас қанды қаракөл қойының саны 119 мың, тұқымы асылындандырылған қазақ қойының саны 4 миллион 290 мыңға жетеді.

Малдың жалпы саны өсуімен қатар малдың тауар өнімі де күшейгелі отыр.

Тауар өнімі құн жағынан мөлшерлегенде 1928-1929 жылғы 194,8 миллион сомнан өсіп, 410 миллион сомға жетпек. Ет өнімі 96,2% артылып, құны бұрынғы 126,5 миллион сомнан 2482 миллион сомға жетпек.

Ірі тері жағы бірақ кемімек. Бұлай болуының себебі ілгерінде мал саны өсуі үшін ірі жағын сақтаға арналған саясаттан туып отыр.

Ұсақ терінің тауар өнімі де 53,5% өседі. Бұрын 13,8 миллион сомнан 21 миллион сомға жетпек. Жүн 400% өседі. Бұрын 27,6 миллион сомдық болса, енді 25,74 миллион сомдық болады.

Мал кәсібінің тауар өнімі жағынан совхоздардың қолындағы өнім 0,3%-тен өсіп 16%-ке жеткізіледі. Коллективтерде 1,4-тен өсіп 81,3%-ке жетеді.

Мал кәсібінің өнімі артыруына себеп болғалы отырған: социалдық секторлардың күшеюі. Өнімінің шаруа қолында іргеліп қалмайтындығы, мал кәсібінен өнетін шикі заттарды қорыту жағының күшеюі, ең соңында мал кәсібінен өнімдерін пайдалану жағы дұрыс жолға салынатын болуы.

Кәсіп құрылысы

Кәсіп құрылысының бесжылдық жоспарындағы түйінді мәселелер түсті метал мен ауыл шаруашылығынан өнетін шикі заттарды істеп шығаратын орындарды салдыру жұмыстары болып саналады. Қазақстанда кен байлықтары мол, сондықтан, Қазақстанда кәсіп құрылысын күшейтуге үстіміздегі бес жылда едәуір көңіл бөлініп отыр. Кәсіптің кейбір тарамдарының бесжылдық жоспарында Қазақстан бірінші орынды алғалы отыр. Түсті метал кәсібінің бесжылдық жоспары бүкіл одақ көлемінде метал кәсібінің өршуіне жол ашады.

Түсті метал өндірісі төмендегіше болмақ: мыс – 38 мың тонна, мырыш (цинк) – 25 мың тонна, қорғасын – 33 мың тонна, мырыш концентраты – 60 мың тонна. Үстіміздегі бес жылда төрт жерде түсті метал кәсібі (орталығы) салынады. Олар: Ридерде, Қарсақпайда, Тұрланда, болмаса Шымкентте және Қарағандыда. Қарағанды комбинаты жалғыз Кеңестер одағында ғана емес бүкіл Европада ең үлкен комбинаттың бірі болмақшы. Үстіміздегі бес жылда бүкіл Кеңестер одағында өндірілетін түсті металдың үстіне бірінен артығырақ Қазақстанда өндірілгелі отыр.

Сонымен, болашағы кең ірі кәсіптің бірі жердің топырағын асылдандыруға керекті заттар шығатын кен кәсіптері. Ақтөбе округіндегі фосфорит шығарылатын кендер сан жағынан да, сапа жағынан да жақсы кеннің бірі болып саналады. Ақтөбедегі фосфор кені жер ыңғайынан Орта Азия мен Қазақстанның мақталы аудандарына және кен табысын керек қылатын басқа аудандарға жақын. Сондықтан, фосфорит кәсібін күшейтіп, табысын молайтуға жедел шаралар қолдануды керек қылып отыр. Үстіміздегі бес жылда фосфорит зауыты салынбақшы, табысы – 40 мың тонға жеткізілмек.

Жердің топырағын асылдандыруға керекті заттар шығаратын кендерді күшейту үшін, Ридерден 125 мың тонға дейін суперфосфат алынуы керек және де Қарағанды кенінде коксы (көмірдің бір заты) өндірісін күшейту түсу тиіс.

Ауыл шаруашылығының өнімі ұлғая түсумен қатар жергілікті шикі заттарды өндіріп, іске жарататын кәсіп құрылысы да күшейіп, көбейіп келеді. Мысалы: тері зауыттарында бұған дейін 237 мың ірі тері иеленсе, енді 960 мыңға жеткізілмекші. 140 мың ұсақ тері иеленсе, енді 560 мыңға жеткізілмекші. Бұған дейін 295 мың қой терісі иеленсе, енді 2 миллион 600 мыңға жеткізілмекші. Осы бес жылда Қызылжар, Алматы және басқа қалаларда тері зауыттары салынбаққа жоспарланып отыр.

Тоқыма кәсібі де күшейгелі отыр. Бұған дейін тоқыма кәсібі орындарында 120 мың 400 метр тауар шығарылған болса, енді – 3 153 600 метр тауар шығарылмақшы. Бес жылда Семей мен Ақтөбеде екі шұға фабрика салынады. Алматыдағы шұға фабрика кеңейтіледі. Бұл фабриктерде тауарлы жүннің 6%-і істеліп шықпақшы.

Бесжылдық жоспарда кәсіп орындарына керекті құрылыс салынады. Алматыдағы шұға фабрика материалдарына едәуір көңіл бөлініп отыр. Кәсіп құрылысы жыл санап күшейіп келеді. Бірақ құрылыс материалдары кемістік қылып отыр. Сондықтан, құрылыс материалдарын істейтін кәсіп орындары төмендегі қарқынмен күшейтілмекші: бұрын 2 мың 360 тонна цемент жасалса, енді 4 мың 800 тоннаға жеткізіледі. Бұрын 5 миллион кірпіш жасалса, енд 51 миллионға жеткізіледі. Құрылысқа керекті ағаш дайындау жұмысы 163 мыңнан 990 мың текше метрге жеткізіледі. Тақтай болып кесілетін ағаш 18 мыңнан 225 мың метрге жетеді.

Сауда комиссариаты дайындайтын өсімді қоспағанда жергілікті кәсіптің тауарлы өнімі 1927-1928-нші жылы 18 миллион 200 мың сомдық болса, бес жылдың аяғында 186 мың сомдық болмақшы. Ал енді одақтық мәні бар кәсіп орындарының тауарлы өнімі 2 миллион 900 мың сомнан 98 миллион 300 мың сомға жеткізіледі.

Қазақстан сауда комиссариаты мен кооперативтердің қарамағындағы кәсіп орындары да едәуір күшейтілді. Егін және бақша өнімдерін жасап шығаратын

кәсіп орындарына 105 миллион сом шығарылады. Мал шаруашылығы өнімдерін жасап шығаратын орындарға 83 миллион 600 мың сом шығарылады. Балық кәсібіне – 25 миллион 400 мың сом шығарылады. 31 ірі тиірмендер салынады, ауыл-поселкелерде 100 тиірмен салынады. Барлық астықтың 60%-і осы тиірмендерде тартылмақшы. Ет мәселесі партия мен үкіметтің соңғы қаулысына сүйеніп орындалатын болуы керек. Партия мен үкімет мал болмаса, малдың еті екі күннен ұзақ жолға айдалмасын, болмаса тасылмасын деп нұсқау берген.

Бесжылдық жоспар бойынша түрлі өсімдіктерден май шығару кәсібі күшейтіліп, ірі складтар салынбақшы.

Жол қатынасы

Қазақстандағы халық шаруашылығының негізгі қосалқы жерінің бірі - жол қатынасы. Қазақстан жерінің жалпы көлемі – 3 миллион шаршы метр болса, темір жолдың ұзындығы 3 246 километр. Ұзындығы 83 451 километр қара жолдар бар, бұның көпшілігі түзетілмеген. Қазіргі темір жолдар өте жеткіліксіз, Қазақстанның негізгі аудандарының шаруашылығын ілгері бастыруға керекті жағдай туғыза алмай отыр. Темір жолдың жоқтығынан егіске және түсті метал, тас көмір, темір сияқты қымбатты кен байлықтары пайдаға асырылмай далада жатыр. Сондықтан, Қазақстан шаруашылығын ілгері бастыруда қолға алатын негізгі жұмыстың бірі – жол қатынас жұмысын күшейту болу керек.

Жол қатынас жұмысының программы халық шаруашылығының жоспарымен байланыстырылып жасалып отыр. Осы мақсатты көздегендіктен қатарлы Атбасар-Ақмола және Қарағанды-Аягөз бақты араларында темір жолдар салынғалы жатыр. Бұл жол Қазақстанның бел ортасын кесіп өтеді. Астық және мал шаруашылығы совхоздары бар, тас көмір, түсті метал және темір кендері бар аудандарда басып өтеді, Қарағанды тас көмір кені мен Магнитагор зауыты арасында темір жол салынып, Батыс Қытаймен сауда жүргізуге мүмкіншілік туғызады.

Түрксибке әкеп қосатын бірсыпыра веткалар салынбақшы. Мысалы: Алматы-Қорғас, Лепсі-Жоңғар веткалары. Мақат пен жем мұнайы арасында жол салынады. Бұл жем мұнайына азық жеткізуге мәселесін шешеді. Орал-(Орынбор) арасында темір жол салынып, бұл жол оңтүстік Сібір жолының, біздіңше айтқанда, Солтүстік Қазақстан магистралының бір тарамы болып есептеледі.

Оқу жұмыстары және қызметшілер дайындау

Социалдық құрылыс мәселелерінің ішіндегі негізгі мәселенің бірі - қызметшілер дайындау. Қазақстан халқының 90%-і сауатсыз екенін еске алғанда, қызметшілер дайындау аса үлкен мәселе болып саналады. Егерде, бесжылдық жоспарда көрсетілген жұмыстарды қиын деп қарасақ, қызметшілердің жоқтығы ол жұмыстарды одан да қиындатады.

Бесжылдық жоспарды толық орындап шығу үшін 24 480 жоғарғы білімді мамандар, 90 845 орта білімді мамандар, 500 516 төменгі білімді мамандар керек. Бесжылдықтың 3-ақ жылы қалды. Енді қалған 3 жылдың ішінде осыншама қызметшілерді Қазақстанның өзінде дайындап шығаруға үлгіреміз деу үлкен қателескендік болар еді. Сондықтан, қызметшілердің бірсыпырасы Қазақстаннан сырттарғы жерлерден әкеленіп, бірсыпырасы Қазақстанның өз ішінде

дайындалуы керек. Әрине, сауатсыздықты жойып, мектептерді көбейтпей тұрып қызметшілер дайындау мәселесін толық шешіп шығаруға болмайды.

Бесжылдық жоспар бойынша мыналар орындалмақшы: бес жылдың аяғында мектеп жасындағы (4-тен 7 жасқа дейін) балалардан қалалы жерлерде 30%, жұмысшы поселкелерінде 50%, совхоздарда 75%, коллективтерде 15% мектепке тартылады. Қазақстанда міндетті оқу 1930-1931-інші жылдан бастап жүргізіле бастайды, 1932-1933-нші жылы барлық халық сауаттанып шығуы керек. 1932-1933-інші жылы бірінші басқыш мектептердегі оқушылардың жалпы саны 838 402-ге жетеді.

Мектептерге қаражат жәрдемі де күшейтіледі. Барлық керекті мектеп үйлерінің 62%-і салынып болмақшы.

Бес жылдың аяғына дейін жоғарғы мектептердегі оқушылардың өзін саны 122 404-ке жеткізіледі.

1932-нші жылдың бірінші октябріне дейін 1 885 990 ересек ...[171] 4 ауылдың ортасында бір көшпелі кинотеатр, аудан қол астында бірден тұрақты кинотеатр болады. 9 900 жерде радио орнатылады. Мектеп құрылысы қызметшілердің керегіне қарай жоспарланады, жоғарғы білімді 17 856 мамандар сырттан шақырылуы керек. Орта білімді 23 749 мамандар да сырттан шақырылуға тиіс. Төменгі білімді мамандар негізінде Қазақстанның өз ішінде дайындалуға тиіс.

Бесжылдық жоспарды орындап шығу жұмысына 7 миллиард 5 миллион сом шамасы қаражат шығарылады. Бұны шаруашылықтың қарамдарына бөлгенде былайша келеді: 3 миллиард 300 миллион сомы - ауыл шаруашылығына. 1 миллиард 200 миллион сомы - кәсіп құрылысына, бұның 200 миллион 168 мың сомы − жергілікті мәні бар кәсіп орындарына жұмсалады. 1 миллиард 231 милион 462 мың сомы – жол қатынас жұмысына, бұның 764 910 сомы – темір жол құрылысына жұмсалады. Темір жолдан басқа жолдарға 466 552 сом жұмсалады. Сөйтіп, қаражаттың көбі ауыл шаруашылығына жұмсалғалы отырғанын осыдан көруге болады, бұл жөнде екінші орынды кәсіп және жол қатынас жұмыстары алады.

Әлеуметтік-мәдениет жұмыстарына 1 миллиард 200 миллион сом шығарылады. Мұның 973 миллион 292 мың сомы оқу жұмысына ұсталады, қызметшілер дайындау жұмысына 400 миллион 500 мыңы, денсаулық жұмысына 222 миллион 126 мыңы ұсталады.

Қазақстанның халық шаруашылығына өткен бес жылда 728 миллион 77 мың сом шығарылып еді, осы бес жылда қаншама артық шығарылғалы отырғанын осыдан көруге болады.

Халық шаруашылығын күшею негізінде Қазақстанның бюджеті де өсіп келеді. Бесжылдықтың алғашқы жылында бюджет ақшасы 75 миллион ...[172] жылдықтың соңғы жылында мемлекет көмегін қоса есептегенде 1 миллиард 127 миллион 453 мың сомға жеткелі отыр.

Бесжылдық жоспардың болашақ табыстарына тоқталып кетпеске болмайды. Олар:

Бірінші – Халық шаруашылығының социалдық секторлар бекініп, кәсіп және совхоз құрылысы күшееді. Ауыл шаруалары жаппай коллектив болады.

[171] Газет сапасының нашарлығына орай көп нүкте қойылған жерлер оқылмады.

[172] Көп нүкте қойылған жерлер газеттің сапасының нашарлығынан оқылмады.

Байлар шаруашылығы жеміріліп, оның орнына коллективтер туады. Қаладағы жеке сауадагерлер азаяды.

Екінші – Үстіміздегі бес жылда Қазақстанда өнерлі жолға салу жұмысы істе орындала бастады. Халық шаруашылығының барлық өнімінің үштің бірін кәсіп өндіреді.

Қазақстан – бұрын шаруашылық жөнінен артта қалған елдіктен шығып шаруашылығы өнерлі жолға салынып ілгері басқан елге айналуға бет алды, деген сөздің дұрыс екендігін осыдан көруге болады.

Үшінші – Бесжылдық жоспарды орындап шығу нәтижесінде 14 миллион 880 мың гектарға жетеді, кәсіп өнімі ұлғайып өнерлі проллетариат тобы көбееді (құрылыс жұмысындағы проллетариаттарды қосқанда проллетариат саны 500 мыңға жетеді, бұның 60 мыңы кәсіп орындарында болады).

Қазақстанның бесжылдық жоспары соңғы кезге дейін дайындалып болмап еді, бір азырақ кешіксе де енді тағайынды жасалды. Қазақстанның шаруашылық жөніндегі мүмкіншіліктері бесжылдық жоспарға толық енгізіліп, әрқайсысы жоспарда тиісті орнын алып отыр.

Бесжылдық жоспар Қазақстан еңбекшілерінің іс программы болуға тиіс. Бесжылдық жоспарды толық орындап шығу мәселесіне барлық партия кеңес жұртшылығының көңілін аудара білуіміз керек. Негізгі ...[173] болсын.

Еңбекші қазақ. – 1930. – 2-3 сәуір. – №74 (1679), №75 (1680). Араб графикасы.

№90
Речь[174] К. Сарымулдаева «Что же такое Центральный Казакстан?»

Вопрос о Центральном Казакстане до сего времени остается неясным. И от того, что некоторые товарищи здесь рьяно выступали, он не стал яснее. Я считаю, что никакого «Центрального Казакстана» − как полагают некоторые, нет. Мы должны говорить только об определенной территории. В некоторых научных трудах пишется и в некоторых центральных правительственных органах понимают так, что Центральный Казакстан, это – пустынная полоса, где нет людей, нет жизни, ничего нет. Это явно не отвечает действительности. Я считаю, что мы должны говорить о том, что есть отдельные районы и территории, возможные для использования при вложении соответствующих средств и труда.

Нужно точно разграничивать отдельные районы Казакстана. Нельзя, например, смешивать Уральский округ с Гурьевским, как это здесь пытались. Нельзя, исходить из того, что там, где степной ковыль, там значит везде Центральный Казакстан. Эдак можно считать, что если, например, в Семипалатинском округе имеются такие пустыни, то их надо назвать тоже Центральным Казакстаном.

На счет Уральского округа я нахожу и некоторые неточности. Там никаких пустынь нет, есть полная возможность использовать землю, и даже на мелиоративные работы во многих районах требуются не особенно большие

[173] Көп нүкте қойылған жерлер газеттің сапасының нашарлығынан оқылмады.

[174] На совещании СНК Казахстана *(Стенограмма, 9 февраля 1930 г.)*.

вложения. Отдельные районы Уральского округа обеспечены летними осадками, если не для земледелия, то для хорошего животноводческого хозяйства.

Крупные мелиоративные работы требуются в Центральном Казакстане лишь в нескольких пунктах: в Усть-Урте, Бетпак-дала эти работы, по видимому, будет затруднительно поставить в этом пятилетии; они должны быть перенесены на следующее пятилетие. Надо выделить отдельные районы, клочки, оазисы, где мы должны будем начать работу.

На счет совхозного строительства в Центральном Казакстане. Товарищи из Наркомзема утверждают, что территория Центрального Казакстана в основном предназначается для совхозного строительства. Они исходят из того, что орошение в некоторых районах возможно только при условии крупных капитальных затрат. Вопрос о совхозах нужно внимательным образом обсудить. Однако нужно на ряду с средствами государства привлекать средства самого населения. Нужно выдвинуть конкретные проблемы и на них сосредоточить внимание – определить районы использования, наметить определенные мероприятия. Мы уже второй год говорим об этом. В первый год были ассигнованы кредиты, но реальных результатов мы не имеем. Это объясняется тем, что не было правильного подхода к разрешению всей проблемы Центрального Казакстана.

Народное хозяйство Казакстана. – 1930. – №7-8. – С.83-84.

№91
Статья «Пятилетка Казакстана» об особенностях принятия пятилетнего плана

Основные показатели нашей пятилетки уже известны нашим читателям. За это время наша пятилетка подверглась проработке в центральных органах, и теперь мы имеем по ней решения Госплана Федерации и Госплана Союза, а также и СНК РСФСР[175] и СССР.

По сравнению с первым нашим вариантом в пятилетку внесен ряд изменений, являющихся результатом уточнения и увязки с общесоюзной пятилеткой.

Однако, эти изменения невелики, что видно хотя-бы из того, что капиталовложения претерпели весьма ничтожное изменение в сторону уменьшения.

Основная идея нашей пятилетки, характеризованная на VII Всеказакской партийной конференции, как план, разрешающий ряд проблем союзного значения (зерно, животноводство, цветная металлургия, хлопок, кендырь, каучуконосы), превращающий Казакстан из страны аграрно-отсталой в страну аграрно-индустриальную, получила в высших правительственных органах Союза свое полное одобрение.

[175] Постановление Совета Народных Комиссаров РСФСР от 30 августа 1930 г. Полностью приложено к сборнику «10 лет Казакстана», изд. Госплана КазАССР. – Алма-Ата, 1930 . С. 333-337.

Уместно вспомнить, что, когда пятилетка КазАССР впервые докладывалась в центре, были маловеры и оппортунисты, которые сомневались в реальности проектировок, считали взятые нами темпы головокружительными и сверхестественными.

Опыт рассмотрения пятилетки в Москве еще раз подтверждает правильность взятого направления хозяйственного развития Казакстана и запроектированных темпов. Правда, реальность пятилетки зависит не столько от признания высших органов, сколько от энергии выполнения контрольных цифр каждого года Казакстана, что является основной задачей для всех партийных, профессиональных и хозяйственных организаций.

Каковы показатели нашей пятилетки после ее утверждения высшими органами Федерации и Союза?

По линии сельского хозяйства основные показатели утвержденной пятилетки таковы: посевная площадь 1933 г. определена в 14.025 тыс. га против 14.800 тыс. га и против 4.349 тыс. га площади 1929 года. Таким образом прирост определен в 222,4%, в том числе площадь зерновых составит в 1933 г. 11.308 тыс. га, хлопка (без Голодной Степи и Чирчика) – 260 тыс. га, риса – 100 тыс. га – против 180 тыс. га, кендыря – 240 тыс.га, кенфа – 60 тыс. га. По социальным секторам распределение посевных площадей растениеводства таково? Совхозы 3,5 млн. га, колхозы10 млн. га. Удельный вес обобществленного сектора должен составить к концу пятилетия 96,4%.

Значительное изменение здесь против первоначальных наметок претерпели площади под рисом вследствие запоздания работы по подготовке площадей со стороны Рисотреста и рисоэкспедиции.

Поголовье скота в Казакстане вообще испытало значительные изменения по сравнению с прежним вариантом пятилетки, вследствие уменьшения поголовья скота в текущем году. Новый вариант, утвержденный центром, предусматривает довести поголовье стада к концу пятилетия до 48.690 тыс. голов, против 40.508 тыс. голов на весну 1929 года. Прирост за 5 лет составит 20,1 проц. По видам стадо распределяется таким образом: крупный рогатый скот составит 9.592 тыс. голов, овцы и козы – 32.113 тыс. гол. По секторам – в совхозах должно быть сосредоточено 10.774 тыс. гол., в колхозах 29.595 тыс. гол. Удельный обобществленного сектора к концу пятилетия составит 84,9%.

Соотвтетственно этому товарный выход продукции всего сельского хозяйства с учетом осуществления нами запроектированных мероприятий к концу пятилетия определяется следующим образом: зерновых хлебов урожая 1933 г. будет получено 67.950 тыс. т, хлопка-сырца – 349,2 тыс. т (115 тыс. т. волокна), риса 500 тыс. т. Товарные излишки животноводства составлят: мяса – 382,3 тыс. т, масла 27 тыс. т, шерсти 44,5 тыс. т., крупных кож 1.460 тыс. шт. и мелких 8.625 тыс. шт.

Такие темпы роста сельского хозяйства обеспечены следующими основными мероприятиями. Основными из этих мероприятий считаются: 1) перевод на оседлость 383 тыс. кочевых и полукочевых хозяйств; 2) охват колхозным движением в среднем по Казакстану 80% сельско-хозяйственного населения; 3) вселение в Казакстан до 65 тыс. хозяйств извне и 15 тыс. хозяйств извнутри Казакстана; 4) завоз до весны 1933 г. до 48 тыс. тракторов и разных сельхоз машин на сумму 412 млн. руб. с организацией 221 машинотракторных

станций, в том числе в хлопковых районах 70 МТС; 5) усиление ирригационного строительства, как базы развития хлопководства и других технических и специальных культур, с затратой на это дело до 351,6 млн. руб.

Особое внимание уделено мелиорации Центрального Казакстана, в целях создания кормовой базы для животноводства и развития потребительского земледелия в Центральном Казакстане.

Предусмотрено охватить землеустройством до 189 млн. га и отвести земель на нужды совхозного строительства и переселения до 64 млн. га. Из этого количества приходится: Зернотресту – 6.000 тыс. га, Совхозтресту – 6.000 тыс. га[176], Скотоводу – 13.000 тыс. га, Овцеводу - 17.000 тыс. га, Рисотресту 286 тыс. га, Главхлопку – 117 тыс. га, Кендыртресту – 500 тыс. га и т. д.

Сумма всех вложений в сельское хозяйство в течение пятилетия определяется в 2.364.500 тыс. руб., из них на 1930-1931 г. приходится 564.600 тыс. руб.

II

По линии промышленности Казакстана правительство Федерации и Госплана СССР поручило ВСНХ СССР особое внимание обратить на развитие цветной металлургии, химической, каменноугольной промышленности, на промышленность строительных материалов и на промышленность по переработке сельско-хозяйственного сырья.

В частности, получил положительное разрешение вопрос о снабжении Карагандинским углем Магнитогорского завода. Вопрос о коксуемости Карагандинского угля теперь можно считать разрешенным. Все сомнения на этот счет отпали: анализы, произведенные главным инженером Казугля и Угольным институтом в Харькове, дали положительные результаты даже для углей из верхних пластов. Окончательного разрешения еще не получил вопрос о направлении трассы нефтепровода, запроектированного Казакстаном от Эмба-нефти в сторону Актюбинска. Этот вопрос будет особо обсуждаться в президиуме ВСНХ СССР.

К этому времени правительство Казакстана должно представить дополнительные данные в пользу варианта Эмба-Актюбинск. Из объектов капитального строительства промышленности, запроектированных Казакстаном, сняты с плана этого пятилетия вся черная металлургия (Кентюбе и Тогай), один бумажный комбинат, хлопчатобумажная фабрика в Чимкенте, суконная фабрика в Актюбинске.

Общий размер капитальных вложений на промышленность за пятилетие определен в сумме 1.228.413 тыс. руб., в том числе по группе «А» – 1.140.542 тыс. руб. (93%) и по группе «Б» – 87.775тыс. руб. (7%). Из этой суммы на предприятия союзного значения определяется 1.058.178. т. руб. (84%)и на местную промышленность – 170.235 тыс. руб. (14%), в том числе по гр. «А» – 82.464 тыс. руб. (48%) и по группе «Б» – 87.771 тыс. руб.

Размер продукции промышленности по основным видам в натуральном выражении определен в следующих размерах: 1) каменный уголь – 600 тыс. т, 2)

[176] В настоящее время земли бывшего Совхозтреста будут переданы соответствующим сельскохозяйственным трестам.

медь – 30 тыс. т, 3) свинец – 18 тыс. т, 4) цинк – 25 тыс. т, 5) суперфосфат – 125 тыс. т. и 6) преципитат – 40 тыс. т.

По электростроительству Высшей Совет Народного Хозяйства СССР, в целях обеспечения электроэнергией запроектированных крупных предприятий, утвердил постройку в КазАССР трех электростанций: Карагандинской – мощностью (первой очереди) в 48 т. килоуатт, Ульбинской – мощностью в 15 тыс. килоуатт и Илийской – мощностью 48 тыс. килоуатт. На электростроительство вкладывается в течение пятилетия до 60 млн. руб.

Что касается районной станции на Ленгере, то она исключена из списка районных стаций, но принята как промышленная станция с первой мощностью в 4 тыс. килоуатт.

III

По транспорту Народному Комиссариату Путей Сообщения предложено обеспечить для Казакстана развитие железнодорожной сети с расчетом полного обслуживания развивающейся горной промышленности и совхозного строительства.

Список железнодорожных путей, принятых к постройке в течение пятилетия, следующий (сюда входят и фактически строющиеся и достраивающиеся, как например,Туркестано-Сибирская магитраль):

1) Орск- Актюбинск ……235 км.
2) Боровое-Акмолинск…….227 км.
3) Акмолинск-Караганды……223 км.
4) Акмолинск-Карталы……830 км.
5) Нура-Джартас……...203 км.
6) Караганды-Успенский рудник……160 км.
7) Риддер-Рубцовка……..281 км.
8) Павлодар-Акмолинск……..441 км.
9) Машатский перевал……7 км.
10) Туркси6…….1.442 км.
11) Чимкент-Ташкент…….135 км.
12) Чечен-Кара-Бертышская пристань……400 км.
13) Сыр-Дарья-Пахта-Арал……16 км.

Всего 4.599 км. Общая стоимость – 148.936 тыс. руб.

По водному транспорту огромное внимание сосредоточивается на бассейне Аральского моря, Иртыше и озере Балхаше.

Объем капитальных вложений в развитие водного транспорта определен (на остающиеся годы пятилетия) в сумме 22.340 тыс. руб., из которых: на судостроение – 13.270 тыс. руб., на изыскания и работы по улучшению судоходных условий водных путей -8.305 тыс. руб. и на механизацию перевалочных пунктов – 765 тыс. руб.

Автомобильный транспорт: в течение пятилетия должны быть завезены 14 тыс. автомашин; общий расход на автомобилизацию составит 124 млн. руб.

Размер вложений в развитие безрельсового транспорта определен в сумме 205,9 млн. руб. Почтовой связью к концу пятилетия предположено охватить население на 30%, населенные пункты – на 60%, районные исполнительные комитеты и сельские советы – на 100%.

Электрической связью предположено охватить Рики, совхозы и колхозы на 100%.

Оборудование телефонной связи предполагается в 25-ти городах. Предполагается организация радио-связи краевого центра Алма-Аты с Москвой и районами.

Орал-Ембі және Темір аудандарында енрит шығару өндірістерін қайта құру негізінде осы бұдан былайда өркендету, екінші бесжылдықтың басты мәселесінің бірі болыш қалады. Екінші бесжылдықта нефті шығару жұмысының көлемі, батысының Шығыс Сібірдің және Қазақстанның керегіне қарай белгіленеді. Нефті айыратын зауытты салу мәселесі де осы екінші бесжылдықты күтіп отырған мәселенің бірі.

Бұл секілді өндірісті өршіту жұмысының ұлы программдарын орындау мәселесі Қазақстанда құрылыс (салу) өндірістерін күшейтуді керек қылады. Оған Қазақстан ішінде толық мүмкіндіктер бар. Қазақстанның қай жері болса да салу материалдарына бай. Бұл жөнде Қазақстан және құрылыс жұмыстарын өз ішіндегі мүмкіндіктерге негіздей жүргізе алады.

Екінші бесжылдықтың негізгі мәселелерінің енді бір боса көрсететін мәселесі жеңіл өндірістер мәселесі. Бұл күнге дейін тиісінше қанатын жая алмай артта қалған келген өндірістің бұл тарауын өркендетуге Қазақстанда керекті шарттың бәрі де бір қағазсыз таңда ауыл шаруашылығы шикізаттарының молдығы екінші бесжылдықта өндірісті өндіріске шейін зат шығаратын орындарға жақындату жөнінде алынып отырған бағыт екінші бесжылдықта еңбекшілердің күй тұрмысын жөндеу жөніндегі істелейін деп отырған жұмыстар жеңіл индустрияны өркендетуді талап етеді. Жекелеп айтқанда мұның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерін: ет, жүн, мақта, кендір, тері, астық, тағы осы секілді заттарды өңдейтін түрлерін (тарауларын) өркендетуші талап етеді.

Жеңіл индустрия жөнінде қазақстан Кеңес Одағындағы ірі аудандардың бірі болмақ. Сондықтан социалдық азық мәселесіне шешу Қазақстанға жүктелмек.

Азық өндірісі тері, ет комбинатының сут, ұн, балық және май шаруашылықтарын өркендету жөніндегі Қазақстанның келешегі жалпы Қазақстандағы жалпы Кеңестер Одағы еңбекшілерінің қай жайы артықша жөнделуіне кепіл бола алады.

Егер бұларға осың бәрі де теміржол салу негізінде жүретінін қоссақ, Қазақстанның индустрия елі осының өсімі суреті ашық ақ көрінеді. Екінші бесжылдықта Қазақстанның теміржол құрылысы осы жылдық ішінде жалпы Кеңестер Одағында салынбақ. Теміржолдардың 15-20 пур. дей орын алады. Индустрияландыру програмын жүзеге асыру ең әуелі-ақ жол қатынасы жұмыстарына тірелетінін өндірісі алыптары жұмыстарының қарқыны сапалы болуы сол алапаттарды бір-бірімен теміржол арқылы болатынын байланыстыра білуімізден болатын ескермегендік те жолқатынас мәселесінің саяси шаруашылық мәні зор. Қазақстанның кең даласы ірі ауданмен өндірісті орындарына өзара тығыз байланыстырған теміржолмен тілгіленбек. Егер бұл шаруашылық жөнінен Қазақстанның мойны қашық бытыранды бөлімдерін бір-бірімен бір шаруашылық комплекс етіп байланыстыру болса, мәдениет социалдық төңкеріс жөнінен бұл пролетариат орталығы мен Қазақстанның артта қалған аудандармен байланыстыру болып шығады. Сондықтан бұл жағдай сол артта қалған аудандар кесіліне тұрмысына мәдениетіне төңкеріс жасамай отыра алмайды. Социалдық өндіріске жаңадан топ-тобымен еңбекшілерді тартады. Олардың оңтайын салт-сана сын өзгертеді, мінезін, пікірін жаңалайды.

Қазақстанның кең даласын кескілеген теміржол қазақ еңбекшілерінен социалдық өндіріске топтаған жаңа жұмысшылар қатынастырады. Сонымен кешегі көшпелі қазақты қайта жасап социалдық құрылыс қызметкеріне айналдыру жұмысын тездетеді.

Қазақстанның жол қатынас мәселесінің шешілу бағыты Қазақстан жерінің ұзынын баурап алып, тура қатынасатын теміржолдарды жергілікті үлкен жолдармен тау-кен жолдары кейіптес зауыт-зауыт арасындағы жеңілтек жолдармен қабыстыру, жалғастыру рұқсатымен шешіледі.

Жол қатынасы мәселесін дұрыс шешудің оны маңызды, пайдалы ете шешу үшін керекті жарты жол қатынас жұмысын электрлендіру болып табылады. Үлкен теміржолдар салу жұмысы от күшімен жүретін машина, қосшы жолдар жер астымен жүретін жолдары қара жолдар салу жұмыстарын тежемейді, жоймайды. Қайта бұл жұмыстарды өркендетуге жол ашады.

Екінші бесжылдықтың өндіріс жөніндегі мәселелері осылар. Екінші бесжылдық жоспарды жасағанда ауылшаруашылығының орны қандай болу керек деген мәселеге келсек, бұл жерде біз мынадай тарихи фактілерді еске алуға тиісті боламыз. Қазірде ауылшаруашылығының гөбі ортақтастырылуды ауылшаруашылығы тауарлық өнімнің жартыдан артығы социалдық (ортақтастырылған) сектр қолында колхоз шаруашылықтары жер кәсібінде көрнекті орынға ие болды. Индустриаландыру жөніндегі ірі табыстарымыз негізінде жаппай колхоздандыруды жүзеге асыру, бай құлақтар табын тап есебінде жою жөніндегі ірі табыстарымыз негізінде осы жылдың көктемінде ақ колхоз-совхоздарымыз анағұрлым салмақты (артық) болып шықты. Бұл ұлы табыстарымыздың белгісі, егісіміз көлемін бұрынғыдан 15 процент – өсіргеніміз болды. Үйткені бұл өсім бұдан бұрын біздің ауыл шаруасылығымызда өмірінде болмаған өсім еді. Бұл өсімнің өте көңілділігі, мағыналылығы тек сан жағында

ғана емес, бұдан да көрі техника жөнінен қайта құрылыс жағында, үйткені бұл шаруаларымыз ауылшаруашылығын ортақтастыру жөніндегі табыстарымызбен қол ұстаса келе Қазақстан, сапа жалпы Кеңестер Одағының ауылшаруашылығының бетін өзгертеді. Біздің күн санап өскен совхоз құрылыстарымыз жаппай колхоздандыру жұмыстарымыз ауылшаруашылығы өндірісінің барлық негізгі тарауларын, машиналандыруға, электрлендіруге мәдениетке күшін өндіруге барлық керекті жағдайтуғызғанын, қазірдің өзінде ақ тайсалмай түп-тура айта аламыз.

Совхоздарымыз ауылшаруашылығын регнике. Бұл үшін керекті шарттың бәрі де қолымызда. Бізде ұйымдастыру жөнінен бекіген ірі совхоздар машина-трактор станциялары, машина пішен станциялары бар. Совхоздарымыз ауыл шаруашылығын техникамен жолымен қайта құру жұмысының штабы болулары керек. Олар білімнің соңғы сөзіне негізделген техникамен құралдануымыз тиіс. Мұнымен қатар теңдікке ұйымдастыру жөнінен қайта құралдап, колхоздарды соңдарына ертулері тиіс.

Совхоздарымыз бұл кезге дейін де, қазірде де колхоздарда ұйымдастыру, нығайту жөндерінде қандай орын алып келген болса, колхоздарды техника жөніне қайта құралдандыру жұмысында да дәл сондай орын алулары тиіс.

Ауылшаруашылық жөніндегі негізгі мәселе мал шаруашылығын социалдық жолмен қайта құру мәселесі. Екінші бесжылдық машина-пішен стансиаларының санын өсіре келе, малазығы қорын, біріккен қорларды ұйымдастыра келеаграномдық шараларды жүргізе келе, мал шаруашылығында да электрлендіру жұмысын күшейте келе, мал шаруашылығының тауарлық өнімін бұрын жетпеген ең жоғарғы сатыға шығаруға тиіс.

Мал өсіру шаруашылықтарының өнімі сапасын көтеру мәселесі ең көрнекті орын алуы тиіс. Мал қорасын (стада) жақсарту, оны негізінен қайта құру, өнім жұмыс малдарының салмағын арттыру, малды сүтті ету, жақсы тұқымдымалдардың процентін арттыру мәселелері мал шаруашылығының негізгі мәселесі болды. Мал шаруашылығын социалдық жолмен қайта құру мәселесін тез шешу, мал өсіру шаруашылықтарын отар-отарға дұрыс орналастырғанда ғана мүмкін болады. Сондықтан мал шаруашылығы жиі мал азығы мол аудандарға ауа орналасуы тиіс.

Малдың басын, санын өсіру жөнінде екінші бесжылдық, бұрын болмаған қарқынды көрсетуге тиіс. Бұл жөнде біз тек қана соңғы жылдарда азайған мал басын құрап қоймай, онымен бірге алдыңғы қатардағы аудандарға едәуір теңдесуіміз керек.

Мал шаруашылығын социалдық жолмен қайта құрудың маңызы аса күшті, үйткені Қазақстанда бұл мәселені дұрыстап шешу, мал шаруашылығы жөніндегі табыстарымызбен қатар, бұрыңғы феодалдық қалыптардың түбірімен жою болып табылады.

Жоғары тауарлы, ірі социалдық мал шаруашылығын құрумен қатар, екінші бесжылдық, оңтүстік Қазақстанда, мәдени өсімдіктері өркендетуге де кең жол ашуы тиіс. Мәдени өсімдіктердің егіс көлемі көзге түсерліктей өсірілуі тиіс. Бұл өсім тек егіссіз жаңа жерлерді пайдалану жолымен ғана жүргізілмей оның үстіне, Оңтүстік Қазақстанда, астық егістерінде ығыстыра жүргізілуі тиіс.

Мәдени егістер жөніндегі негізгі мәселе, егістің шығымдылығын, тауарлылығын, сапалылығын арттыру мәселелері. Жер суландыру құрылыстарын

өркендете келе, ірі совхоздарды құра келе, трактор күшін молырақ пайдалана келе, астық жию жұмысын машиландыра келе, жер оңдеу жұмысын қолдана, жақсы тұқымды пайдалана келе, екінші бесжылдық, мақта, кендір күріш өсімдіктері жөнінде және жеке мәні бар өсімдіктер жөнінен де өндірісті шикізат шығаратын орындарға жақындату, сүйте келе түрлі шаруашылық индустрия комбинаттарын құру аса керектің бірі болып отыр. Бұл комбинаттардың маңызы аса зор. Әсіресе қала мен ауылдық арасындағы қайшылықты жою секілді. Социализмның негізгі мәселелерінің бірін шешу көзімен қарағанда, мәні зор.

Мәдениет өсімдіктермен қатар астық өсімдіктері де өркендетілмек. Бидайды күншығысқа ысыру шешуде де мәселесін Қазақстан үлкен орын алмақ. Астық егістері жөніндегі негізгі мәселе де, дәл мәдениет егістердегі секілді, сапа мәселесі болмақ. Екінші бесжылдықтың басты мәндеттерінің бірі жер суландыру шараларын өсіру, жер өңдеу, дәрілеу, жақсы тұқым жетістіру, зиянды жәндіктермен күресу, астық шабу, жер жырту жұмыстарын машиналандыру болмақ.

Екінші бесжылдықта өзгеше көзге түсерлік түрде қойылып отырған мәселелердің және мұны бірінші бесжылдықтан айыратын мәселелердің бірі, сол мұнда. (Екінші бесжылдықта) Қазақстанның халық шаруашылығын электрлендіру мәселесі, бірінші рет орасаң кең түрде қойылып отыр.

Тек бұл ғана емес-ау тіпті Қазақстанның халық шаруашылығын өркендетудің ұлы жолы тегіс электрлендіру болып отыр. Барлық ірі айыптар электр күшіне негізделеді. Өндірістің негізгі жұмыстары, өз ішінде электрге негізделіп жүргізіледі. Өндірістің басқа қосымша тарауларында электр күші қатыстырылады. Онымен қатар, мал шаруашылығының негізгі жұмыстарының бәріне де электр күші ендіріледі. Жол қатынас жұмыстарында да электрлендіру жұмысы кең орын алады. Міне, осыдан-ақ екінші бесжылдықта халық шаруашылығына электр күшін ендіру мәселесінің қандай орын алатынын ашықтан-ашық көруге болады.

Мұның бәрі екінші бесжылдық аяғында социализмді құру туралы партия мен үкіметтің негізгі жолына толық сәйкес келеді. Үйткені электрлендіру жұмысын еркіндетпей тұрып, қала мен ауыл, деревняда күн санап өсіп келе жатқан социалдық қалыпқа заттық негіз жасауға мүмкін емес.

Екінші бес жылдықтыңең басты негізгі бағытының бірі теңсіздікті жою: 1) Қазақстанның шаруашылық өсімі мен мәдени өсімінің арасындағы, Қазақстанның мәдени өсімі мен жалпы Кеңес Одағының мәдени өсімі арасындағы теңсіздікті жою. 2) Қазақстанның алдыңғы қатардағы (жауапты) ауылдары мен артта қалған аудандары арасындағы теңсіздікті жою.

Бұл бағытқа біз ең алдымен қызметкер даярлау мәселесін кең түрде күшейтуіміз керек. Үйткені тек индустрия алыптарын салу Қазақстанның халық шаруашылығының машиналандыру мен электрлендіру жұмыстары ғана емес, онымен қатар мәдениетін, тұрмысын қайта құру мәселелері де ең алдымен қызметкер мәселесіне тіреледі. Бұл мәселелерді дұрыстап шешу үшін мектептерді делеттегнизацияға көшірумен қатар түрлі мамандық білім беретін артта. Жоғарғы дәрежелі мектептер санын өсіру, тағы түрлі қызметкерлер даярлайтын орындарды көбейту, оларды совхоз, кәсіпорындарымен тығыз байланыстыру керек болады.

Қызметкерлер мәселесі, халықтың жалпы мәдени сатысына да тірелетін мәселе. Сондықтан сауатсыздықты мүлдем жою. Әсіресе техника жөнінен сауатсыздықты жойып шығу жұмыстарымызбен қатар халықты мәдениеттендіру жұмыстарымызды ең жоғарғы сатыға көтеруіміз керек. Социалдық мәдениет үйлерін көбейте келе, радио, кино жұмыстарын өркендете келе, түрлі ұлттың мәні социалдық мәдениетті, ұлы қарқынды өркендеуіміз керек. Тек қазақ еңбекшілерінің мәдениет тұрмыс жағдайларын социалдық жол негізінен қайта құруымыз ғана, бай-құлақтар табын мүлдем жоюға бұл негізде ақсақалдық-рушылдық қалыптың қалдығында мүлдем жоюға, арналған екінші бесжылдықтың тез жүзеге асырылуын қамтамасыз ете алады.

Индустриаландыру жұмысымыз, өнім көлемі жөнінде де, ұлы табыстарымыз бар. Бұл жағдай сапа мәселесін қолға алуға мүмкіндік беріп қана қоймайды, қайта сапа мәселесіне бұрынғыдан артықша, бұрынғыдан да тереңірек күшейтуге, бұл секілді жауапты майдандарда, «шаруашылық техника жөнінен алдыңғы қатардағы капитал мемлекеттеріне қуып жетіп, басып озуға бізді міндеттейді. Екінші бесжылдық халық шаруашылығының қай тарауында да сапа көрсеткіштерін өркендету жөнінде адам баласы көрмеген ұлы қарқын бес жылдық болады.

Егер бірінші бесжылдық сан көрсеткіштері жөнінен дүниелік ұлы қарқынға иеболған болса, екінші бесжылдық сапа жөнінен адам баласы көрмеген ұлы қарқынға ие қылмақ. Екінші бесжылдық зіл салатын негізгі мәселелері де осы өнім бағасын үздіксіз төмендету, еңбек өнімін бірден бірге арттыру, егіс шығымын көтеру мәселелері. Сапа көрсеткіштері мәселесі соңғы кезге дейін халық шаруашылығындағы бір нашар жарамсыз жағы болып келді. Егер қайта құрылыс дәуірі (бірінші бесжылдық) өнім сапасының төмендігіне үйтіп-бүйтіп шыдаған болса, екінші бесжылдықта бұған ешбір шыдауға болмайды. Өнім сапасының төмендегі социализммен алмайды. Сондықтан сапа мәселесі екінші бесжылдықтың басты мәселелерінің бірі ғана болып қоймай сапа мәселесі екінші бесжылдықтың ұлы жолы болып табылады.

Қорыта келе, біз екінші бесжылдық Қазақстанның халық шаруашылығын электрлендіру индустриаландыру негізінде, Қазақстанды индустриалы шаруашылық мемлекетіне аударып жіберетінін айта аламыз. Міне, осымен Қазақстанның шаруашылық өсімімен Кеңес Одағының шаруашылық өсімі арасында қайшылық жойылмақ. Қазақстан жалпы Кеңестер Одағындағы шаруашылық өсімі арасында қайшылық жойылмақ. Қазақстан жалпы Кеңестер Одағындағы ірі индустриалды аудандардың бірі болмақ. Заттық қорын техника жөнінен қайта құру негізінде, түрлі ұлттық мәні социалдық мәдениеттің өркендеуі қамтамасыз етілмек. Сүйте келе Қазақстан мәдениет жөнінен артта қалған халықтығын түбірімен жоймақ. Ауылшаруашылығы техника жөнінен негізінен қайта құра келе, қай тарауында да жалғыз ғана үздіксіз социалдық түрге салынған, халық шаруашылығы құрылмақ. Бұл бай-құлақтар табы мүлдем жою, онымен қатар ақсақалшыл рушылдық дәуірінің қалдығын мүлдем жоюмен байланысты.

Мұның бәрі келіп «әркімге еңбегіне қарай» деген негізді толық жүзеге асыру негізінде жалпы еңбекшілердің керек-жарағын өтеуді ең жоғарғы сатыға көтеруге мүмкіндік береді.

Сонымен екінші бесжылдық бұрын патшалы-помещикті Ресейдің отар болған Қазақстан елін социалдық шаруашылық жөнінен қайта құра келе, алдыңғы қатардағы социалдық мемлекетке аудару бесжылдығы болып табылады.

«Ұлт республикаларының жоғарғы ұлтшыл топтарына пайдалануды ойлаған Чемберлен мен Балдиндар жер жүзіндегі өздерінің үстем болып тұрған жерлерінен бізге ұқсас, тым болмаса біз түкпірді көрсеткіші! Жиангерлерге сатылып кеңес үкіметін өзектеген Шоқаев[100] пен Валидов сияқтылар бұл фактілерді жойып, қарасыңшы, бұл секілді езілген елді құлдықтан жылқұтқару жолымен түгел жүрмей-ақ тым болмаса, жүздің біріндей дәрежеде жүріп, бара жатқан бір ғана байлар мемлекетін көрсетсінші» (Голощекин).

Екінші бесжылдықтың құлашы орасан зор, сондықтан ол кейбіреулерді қорқыта да алады. Сүйтсе де екінші бесжылдық «жұрттың жанын жайландырады» деп ойласақ, үлкен қателіктен болар едік. Үйткені бұл кейбір апартуншыларға ұнамас та. Сондықтан екінші бесжылдықтың маңызын бағалай алмайтындармен де, мұның маңызын асыра бағалап «әркімге тілеуінше» деген ұранды жүргізе жүзеге асыру керек деп шығатындар мен аянбай күресу керек.

Социализм үшін күресте өлкелік партия комитеті бастаған Қазақстан партия ұйымы, миллион деген жұмысшы, колхозшыға сүйене отырып, екінші бесжылдықты жасай да, оны жүзеге асыра да алады.

Қазақстан большевигі. – 1931. – №10-11-12. – 21-26-б. Араб графикасы.

[100] Мұстафа Шоқаев (1890-1941) – мемлекет және қоғам қайраткері. Сырдария губерниясы, Ақмешіт уезінде дүниеге келген. Ресей Мемлекеттік Думасының мұсылман фракциясында хатшы қызметін атқарып, қазақ мәселесіне қатысты мәліметтер ұсынып отырған. 1917 жылы төңкеріс тұсында мықты Түркістан мемлекетін құру идеясын ұстанады. Ташкентте «Бірлік туы» газетін ашып, елде болған оқиғалармен таныстырып, қазақтың өзекті мәселелерін көтеріп отарған. «Түркістан автономиясын» құруға ат салысып, «Халық кеңесіне» мүшелікке, ал 1918 жылы қаңтарда үкімет басшысы болып сайланады. Түркістан ұлттық идеясы жолында өмірінің соңына дейін күреседі. Кеңес өкіметінің қысымынан шетелге кетіп, елге оралмады. Грузияда «Вольный Горец», «Борьба», «На рубеже», Стамбулда «Жаңа Түркістан» кейіннен «Жас Түркістан» газет-журналдары арқылы күллі өмірін азаттық үшін күреске жұмсады. Ал, 1920 жылы Варшавада Сталиндік режимге қарсы Кеңес одағының құдалауына түскен ұлт зиялылары «Прометей» ұйымын құрады. Түркиядан Германияға өтіп, одан әрі Францияға барып орнығып, «Жаңа Түркістан» кейіннен «Жас Түркістан» журналдарын шығарады. 1941 жылы белгісіз жағдайда Берлин түрмесінде қайтыс болады.

№101
Қ. Сарымолдаұлы, Ф. Голощекиннің баяндамалары негізінде шығарылған 1932 жылғы көктем егісін ұйымдастыру және колхоздардың ұйымдасу-шаруашылық жақтарын нығайту туралы Қазақ өлкелік партия комитетінің III-пленумнің қаулысы[180]

1

1. Бесжылдықтың төртінші соңғы жылындағы халық шаруашылығы жоспарын толық орындауда, колхоздардың ұйымдасу-шаруашылық жақтарын нығайтуда, социалды өнерлі кәсіптің азық-түлік, шикі зат тірегін нығайтып өркендетуде, Кеңестер одағын мақта жағынан шетке жалындырмау жолындағы күресте Қазақстанның орнын үлкейтіп қызметін күшейтуде және құнды егіс мәселесін шешуге – 1932 жылғы көктем егісінің жоспары ойдағыдай орындалуында орасан үлкен мән бар.

Кеңестер Одағында социалды экономиканың іргесі қаланып болды. Совхоздың ауыл шаруашылығы өндіріс өсті. Колхозшы қара шаруа егін кәсібінің кіндігіне, Кеңес өкіметінің ауыл-поселкедегі мықты сүйенішіне айналды. Мемлекетіміздің индустрияландыруындағы ішінара кеңес зауыттарында трактор істеп шығарудағы, ауыл шаруашылығы машиналарын істеп шығарудағы орасан үлкен табыстар арқасында ауыл шаруашылығының тез машиналану мүмкіншілігі туып отыр. Осылардың барлығының арқасында социалды егін кәсібінің тағы да, әсіресе, сапаны арттыру жағынан ілгері басып, анағұрлым өркендеуіне ерекше қолайлы жағдай туып отыр.

2. 1932 жылғы егіс науқанына кірісерде Қазақстандағы партия, кеңес ұйымдарының, жұмысшы, колхозшылардың қолында күшті МТС (73), МПС (170) бар. 58 654 ат күшіндей трактор бар. 361 мың гектар егісті 37 астық совхозы бар. Қазақстандағы кедей-орта шаруаның 65%-і колхоз болып отыр.

1932 жылы ауыл шаруашылығын жұмсалатын қаражат 338 миллион сом болмақшы.

Осынша күш, қаражатты дұрыстап, мейлінше өнімді болатын ғып пайдалану үшін колхоздардың ұйымдасу-шаруашылық жақтарын нығайтпай болмайды. Совхоз, колхоздарда Сталин жолдастың тарихи алты шартын тегіс іске асырмай болмайды. Социалды жарыс, екпінділік секілді жұмыстағы жаңа әдістердің социалды түрлерін әлде болса күшейтпей болмайды. Сонда ғана егіске ойдағыдай әзірлене аламыз. Сонда ғана егісті ойдағыдай өткіземіз. Сонда ғана Қазақстан совхоз, колхоздарының жұмыс сапасын мықтап арттырамыз.

Барлық егістің шығымын арттырып, бұрынғыдан әлде қайда асыруда, барлық совхоз жұмысшыларының, барлық колхозшы, колхозшы әйел, коммунист, комсомолдардың маңызды-маңызды агрономдық білімдерді қолына қондыруда, социалды егін кәсібінде агрономдық ғылымының шарттарын

[180] Қазақ өлкелік партия комитетінің III пленумы 1926 ж. 25-30 қарашасында Қызылордада өтіп, онда шаруашылық құрылысты қалпына келтіру, деревняда, ауылда партия ұйымдарын құру және олардың жұмысы жандандыру, ауылды кеңестендіру, көшпелі халық арасында кооператив құрылысын енгізу және дамыту, шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу және колхоздардың ұйымдасу-шаруашылық жақтарын нығайту туралы қаулы қабылданған.

шындап қолдануда, дұрыс нәубетті егіске көшуде 1932 жылғы көктем егісі үлкен өзгеріс жасайтын егіс болуға тиіс.

3. Қазақ ауылын социалды жолға салып, қайта құруда оның қазіргі өркендеу сатысындағы негізгі мәселелер жаппай қолхозданудуы күшейту, сол арқылы бай табын мүлдем жою. Колхоздар мен колхоз тауарлы фермаларының ұйымдасу-шаруашылық жақтарын нығайту. Рушылдық жұғындарын құрту, колхоз болған қазақ еңбекшілерінің тұрмыс, мәдениет жақтарын мейлінше көтеру. Осы негізгі мәселелер Қазақстандағы көшпелі, шала көшпелі елдерді отырықшыландыру қарқынын күшейтіп, шапшаңдатып, 1932-1933 жылдарда жаппай отырықшыландырып болуды тілейді.

Орталық партия комитеті мен Одақтық комиссарлар кеңесінің бұл күнге дейін кілең мал өсіруші болып келген аудандарда қосымша кәсіп ретінде ішерлік егін салу, овощ егу жағын күшейту керек деген директивін бұлжытпай жүзеге асыруда, отырықшыланушы аудандардағы партия кеңес колхоз ұйымдарының іргелі міндеті болып табылады.

Осыған сәйкес көктемгі егіске әзірленгенде егістің үстінде отырықшыланушы шаруаларды орындастыратын жерді дұрыстап іріктеп тауып қою керек. Бұл жөнде ірі өндіріс орнатудың қажеттігін ескеру керек болады. Қоныстандыру, тұқым қорын жасау, отырықшыланушы шаруалардан құралатын колхоздарға құрал-сайман жетістіріп, агрономдық жәрдем көрсету істеріне аудандық ұйымдар күн сайын көңіл қойып, ерекше қадағалап, бақылап отыруға тиіс.

4. Социалды мал шаруашылығын өркендетуде де биылғы көктем егісінің маңызы өзгеше ірі болып отыр. Мал совхоздары мен колхоз тауарлы фермаларын бұдан былай да өркендету ісі мал азығы жағын жаңғыртып толық нығайтуға нық байланысты болып отыр. Сондықтан малға азық болатын егін егуді күшейту - мал совхоздары мен колхоздарының ең іргелі міндеті.

Мал азығы егістерінің жоспарын сөзсіз толық орындау міндет, сонымен қатар шошқа, құс, үй қояны секілді тез өсетін мал шаруашылығының қамына арнап, жоспардан артық егіндер егу қажеттігін пленум әдейлеп ескертіп өтеді.

Социалды мал шаруашылығын өркендетуде МПС-тардың орны өзгеше екендігін пленум айрықша атап өтеді. Мал шаруашылығы аудандарында МПС-тардың социалды мал шаруашылығын ұйыстыруға шын басшы болуын қамту қажет, мал азығын мықтап қамтып оны жаңғыртуын, ішерлік егін салу жағын күшейтуін көздейтін болу шарт.

5. Қазақстан ауыл шаруашылығын өркендетуде жеке совхоз, колхоз және бүтін аудандары өндірістің әр түріне дұрыстап мамандандырудың да үлкен мәні бар. Қазақстан аудандарының көбі 1-2 жылда ауыл шаруашылығының түр-түріне толық маманданып бола алмайтынын ескеріп, пленум 1932-жылғы көктем егісінің жоспары мамандanған шаруашылық құрап негізгі ауыл шаруашылығы өндірісінің аудандарын іріктеп шығарудағы қажетті тұңғыш қадам деп біледі.

Жеке совхоз, колхоздардың шаруашылықтың негізгі бір түріне мамандану мәселелеріне аудан ұйымдары дұрыс көңіл қойып, дұрыс шешуінде үлкен мән барлығын пленум әдейілеп ескертеді. Олардың мамандану мәселесін шешкенде бір жағынан халық шаруашылығының тілегі ескерілуі керек, екіншіден ауданның шаруашылық, жаратылыс жөніндегі өзгешеліктері ескерілуі қажет. Колхоз егістерінің «сегіз қырлы», бәрін қамтырлық болуына қарсы күресе отырып, аудан

ұйымдары көктем егісін өткізерде мына мәселелерге толық көңіл қойылатын болсын:

а) **Егінші аудандарда** бидай егісіне көңіл қойылсын. Соны ең басты - іргелі егіс деп білсін. Бұған арам шөптерден арылған егіні бітік болатын ең маңдай жерлерді беретін болсын;

б) **Мақта және өзге түрлі құнды егіс аудандарында** осы егістерге айрықша көңіл қойылуы керек. Бұларды егетін жерлер суғаруға қолайлы суы бар, арам шөптен, ашылауыттан сау келсін, бұларды егетін дерді пісіру жағына, соның сапасына бұлардың шығымдылығын арттыруға айрықша зер салынсын, егіс нәубетін дұрыстап мамандануға бейімдеп өткізу жағы көзделсін;

в) **Мал шаруашылығы аудандарында** егін салатын жерлерді белгілеуге ерекше зер салынсын. Ол жерлердегі егіннің шығымы мейлінше жақсы келетін (пісірілген, арам шөптерден таза) жағы қамтылсын, егінді егу сапасында, тұқымды белгілі мөлшермен себуге, соның техникасына тағы-талайларына толық көңіл қойылсын.

2

1. Қазақстанда совхоз құрылысы мен колхоз қозғалысы орасан кулак жаюы арқасында ауыл-поселкеде социалды сектор жеке шаруалар секторын әбден дендеп басып кетті. Колхоз егісінің салмағы 1931 жылғы егісте 60% болды, 1932 жылғы егісте 84%-ке жетеді. Аудан ұйымдары колхоз қозғалысын жамандап, қиянаттап шығаратын бай-кулак және төңкеріске қарсы троцкийшылдық беттермен аяусыз күресуі керек, соңғылардың колхоз түріндегі өндіріске Лениннің берген бағасын мінеп, тергеп, тексеруге бет алған талаптарымен де аяусыз күресуі керек. Бұлармен қатар колхозды тым дәріптеп, апортьюныстыққа салынатындармен, колхозда тап күресінің тегі барлығын елемеушілікпен, колхозшылардың еркек, әйел арасындағы артта қалғандарының ұсақ байшылық салтын, дағдысын жеңу, жою жолында күресудің маңызын бүркеп көмескілеуге тырысатындықпен күресіп бұларға большевиктік соққы бере білу керек.

«... Колхоз мүшелері социалист болып кетті деп ойлау қате болар еді. Жоқ, колхозшы қара шаруаны қайта тәрбиелеп, оның дарашылдық салтын әбден жою үшін, оны социалды қоғамның нағыз еңбекші қызметшісі етіп шығару үшін әлі талай-талай іс істеу керек болады.» (Сталин)

Колхоз егісіне әзірленгенде, егісті өткізгенде барлық істі колхоздардың ұйымдасу шаруашылық жақтарын нығайту мақсатымен істеу керек, еңбекке көп ортасындағы өндіріс құралдарына нағыз социалды көз қарасы күшейту, істің сапасын арттыру мақсатымен істеу керек.

2. Егіске әзірленген уақытта колхоздың ұйымдасу шаруашылық жақтарын нығайту міндеті мынадай-мынадай негізгі істермен орындалуы керек:

а) Дереу барлық колхоздарда 1931-нші шаруашылық жылының корытындысы түйілсін, әр колхозшының сіңірген еңбек күндері есептеліп болсын, ақшадай, заттай берілген аванстардың барлығы да есептелсін. Сөйтіп, барлық колхоздарда табыс біржола бөлініп болсын, бұл жұмыстардың бәрі де февральдың 1-нен қалмай аяқталып болсын.

Табыс әрбір колхозшы еркек, әйелдің сіңірген еңбек күндерінің шын есебіне ғана қарай, жұмыстың сапасы ескеріле отырып бөлінетін болсын. Табысты жанға, үйге қарай бөлмеу керектігін барлық партия, колхоз ұйымдарына пленум

өте қатты ескертіп, сақтандырады. Колхозға бай-кулак көксеген теңгерушілікті енгізуге тырысқан талаптардың тамырына балта шауып құртуды тапсырады.

б) Февральдың 1-нен қалмай барлық колхоздарда 1932-жылдың өндіріс-қаражат жоспары жасалып болсын. Жоспар ішінде істің сапа жағын көрсететін белгілерге айрықша зер салынсын.

Өндіріс жоспарына қарай колхозшылар бригада-бригадаға бөлінуі керек. Бригадалар өндіріс ыңғайына қарай ғана құрылуға тиіс. Бригада құрғанда жақындыққа тарту, «үй басынан» құрау және басқа сондай теріс әдістерге қарсы аяусыз күрес ашылуы керек. Сонымен қатар, бригада ішіндегі адамдардың, әсіресе, бригадалардың тұрақтамай жиы ауыса беретіндігін тоқтату керек. Пленум атап ескертеді: мұнсыз иесіздікті құрту, көп ортасындағы өндіріс құралдарына жауапсыз, нем кетті қарайтындықты жою, социалды жарысты дұрыс жүргізу мүмкін емес. Пленум айрықша атап әдейліп ескертеді: қазақ колхоздарындағы бригада құрауға ерекше көңіл қойылуы керек. Оларда, әлде болса, рушылдық күшті ықпал жасауда келеді. Байлардың ықпалы да білініп жүреді. Ұқыпсыздық бар. Өндіріс құралдарын күтпей, қираған қиғаран жерде тастап, нем кетті қарайтындық бар. Шаруашылық ауылдар бытырап-бытырап, шашырап жатыр. Осылардың бәрі де колхоз еңбегін дұрыс ұйымдастыруға кедергі.

Ауыл шаруашылығы жұмысының басынан аяғына дейін әрбір учаскіге белгілі бригадаларды, өндіріс құралдарын басыбайлы белгілеп, тиянақты түрде тапсырып қою керек. Колхозшылардың өз қаулылары бойынша, әр бригаданың қолына берілген көп ортасындағы өндіріс құралына бригада мүшелері құндай жауап берерлік міндеткер болуы керек.

в) Партия, комсомол ұялары да, колхоз белсенділері де еңбектің есебін сан жағынан да, сапа жағынан да кемшіліксіз жүргізуге ерекше зер салуы керек. Жұмыс нормаларын белгілегенде маңдай өндірісшілермен екпінді бригадалардың 1931 жылы жеткізген шамасына қарап, колхоз өндірісінің машиналануы өсуіне орайлап белгілеу керек. Колхозшылардың еңбегі түгелімен сдельныйға көшірілуі керек. Онда жұмыстың санына да, сапасына да қаралатын болу керек. Жоспарлы міндеттерді айтулы срогында орындағанда сапа жағын аса оңдап істегені үшін жеке өндірісшілерге, екпінділерге, екпінді бригадаларға әрбір күрделі жұмыс аяқталып болғаннан кейін сый ретінде қосымша еңбек күнін жазу дұрыс деп біледі пленум. Оның бір жағында колхоздың басшы қызметшілеріне, есеп қызметшілеріне, жеке тарауларын басқарушыларына, бригадирлері мен аграномдық қызметшілеріне үдемелі-еселі еңбек күндерін жазу әдісін қолданған қолайлы. Қолданғанда жұмыстың санына (нәтижесіне), сапасына қарай үдететін-еселейтін болу керек. Және де ауыл шаруашылығы жұмыстарының ерекше түйінді, қызулы кезінде (мақтаның суғаруы, шабығы, терімі, астықтың орылып, бастырылуы) еңбекті қалыптағыдан көтеріңкі бағалау жағын білгелеу керек. Осы туралы толық нұсқау жасап, аудандарға жіберу міндетін пленум Жер комиссариаты мен Өлкелік колхоз, совхозға тапсырады.

г) Колхоздың ұйымдасу-шаруашылық жағынан нығайтуының ең іргелі шартының бірі – колхозшы еркек, әйел көпшілігінің өз ынтасын, іскерлігін күшейту, жалаң жарлық, кілең әкімшілік көрсететін кеуделеу әдістерін мүлдем құртып, колхоздың ішкі бұқарашылдығын (демократия) бұзбау болып табылады.

Өлкелік комитет бюросының «Колхоздардағы есеп беру және сайлап қою туралы» 1931-жылғы декабрьдің 9-да шығарған қаулысын пленум қостайды. Сонымен қатар, мынадай жайды ескертеді: егіс науқанын дұрыстап өткізудегі басты жарттың бірі – январь айы ішінде барлық колхоздарда колхоз басқармалары мен шаруашылық тарауларын басқарушылардың қалың колхозшылар көпшілігіне есеп беруі болып табылады.

д) Қазақстан МТС-тары 1932-жылғы көктем егісінде 1 400 мың гектар егін, яғни барлық егістің 30%-ін егіп шығуға тиіс. МТС-тар қарауында 1 500 колхоз бар. Мақталы аудандарда МТС-тар барлық колхозды өзіне қарата ұйыстырып, барлық мақта егісінің 94%-ін егеді. Осымен қабат, колхоздың ұйымдасу-шаруашылық жақтарын нығайтуда, көктемгі егіс науқанынан әзірленіп соны өткізуде. МТС-тар әрі басшы, әрі ұйымдастырушы болуға тиіс екенін пленум әдейлеп ескертеді. МТС-тар колхоз өндірісін ұйыстырып, жолға қоюға тура араласып, іс жүзінде қатысып отыру керек. Колхозшы еркек, әйелдерінің ішіндегі артта қалғандарының өзіне ғана тартатын ұсақ меншікшілдік бетін қайырып жеңуге де МТС-тар іс жүзінде кірісуі қатысуы қажет. Колхоз өндірісіне аграномдық техниканы қолдандырып, колхоздардың Кеңес мемлекеті алдындағы борыштарын міндеттерін орындауларына нағыз социалды көз қарас болуын да МТС-тар толық қамтып отыруы керек. Пленум осыған аудан партия ұйымдарының және МТС директорларының назарын аударып, көңілдерін бөледі.

Қазақ аудандарының көбіндегі, әсіресе, мал өсірушілеріндегі колхоздардың ұйымдасу шаруашылық жақтары нашар. Оның себебі – ол колхоздарда байлар тегі көп, рушылдық қатынас бар. Колхоздар ұсақ-ұсақ шаруашылық ауыл болып бытырап отыруда. Осылары колхоздың ұйымдасу-шаруашылық жағы нығаюына, социалды мал шаруашылығы өркендеуіне көлденең келетін кедергі. Осы жайларды ескеріп пленум сол аудандардағы партия ұйымдарына, кеңес колхоз орындарына әдейлеп тапсырады: колхоздардың ұйымдасу шаруашылық жақтарын нығайту мәселелеріне айрықша көңіл қойылсын, аудандардың экономика, саясат, мәдениет тіршілігі осы мәселелердің шешілуіне байланысты екендігі естен шығарылмасын. Аудан ұйымдары дереу іске кірісіп, Өлкелік комитет бюросының 1931 жылғы декабрьдің 5-гі қаулысы бойынша, колхоздардағы мал шаруашылығын оңдап, әбден тәптіштеп тексеруге кіріссін. Әсіресе, тауарлы фермаларға зер салсын. Партияның тиісті қаулы-қарарларына сүйіне отырып, малды іс жүзінде ортақтастыратын болсын. Малдың азығын, жылы панасын толық қамтысын. Мықты-мықты шаралар қолданып, малдың өлімін айта қалғандай азайтсын. Айрықша қатал шараларын істеп, колхоз тауарлы фермаларының малдарын союды мүлдем тыйсын. Малдың неғұрлым төлді болудың, ол төлдің аман сақталуын іс жүзінде әбден қамтысын.

Егіншілік жағына келгенде аудан ұйымдары егіске оңдап әзірленуге міндетті. Оның бер жағында биылғы көктемнен бастап ұсақ-ұсақ шаруашылық ауылдардың егістерін біріктіріп, ірірек тұтас егістікке айналдыратын болсын, сөйтіп ірі социалды шаруашылық құруға шамасы әбден келерліктей ірі поселкелер салып отырықшылануға негіз (база) құрасын. Колхоздарда аграномдық техниканы толық қолдандыруға, егістің сапасын арттыруға ерекше зер салатын болсын. Колхозға рушылдық қатынастың жұғындырып кіргізбек болғандармен аяусыз күресетін болсын. Партия комсомол ұйымдары артта

қалған көшпелі шаруашылықтың межеу дағдысын тұрмыс салттарын жою жолында тәрбие жұмыстарын мейлінше күшейтсін.

3. 1931 жылғы астық дайындау науқанының тәжірибесі ашық көрсетіп отыр. Колхоздарға кіріп кеткен бай-кулактар әлі аласталып жеткен жоқ. Пленум ескертіп өтеді: совхоз, колхоз құрылысының барлық мәселелеріне тап жолын мықты жүргізбейінше колхозшы еркек, әйелдер арасындағы бай-кулак ықпалымен аяусыз, қатты күреспейтінше, кейбір комунист, комсомолдардың апортьюнистік беттеріне қарсы қатты күреспейінше егіс науқанымен байланысты міндеттерді ойдағыдай орындау мүмкін емес. Колхоздың, совхоздың, ауданның тілегін Кеңес мемлекетінің тілегіне қарсы қоюдың қандай болса да буржуазияшылдық сарынға қарай беттегендіктің белгісі болмақ. Бұларға нағыз большевиктік аяусыз соққы беріп, қайтып беттетпейтіндей ету керек.

«Колхозданудың қарқыны ерекше күшейіп отыр. Мұның өзі миллиондаған жаңа колхозшылардың көп жөнде ұсақ меншілдік әдеттерінен, көз қарастарынан арылып жетпегендігін де көрсетеді. Мұны ұмытуға болмайды. Сондықтан, колхозшылар көпшілігі ішінде социалдық тәрбие жұмысын алдымен колхоздардың проллетариат мемлекеті алдындағы міндеттерін орындаударын қамту, әсіресе, тауарлы өнім тапсырудағы міндеттерін орындатуды қамту керек. Бұл ауыл-поселкідегі большевиктердің ең іргелі міндеті» (Молотов)

4. Көктемгі егістің ойдағыдай өтуінде совхоздардың орны өзгеше, үлкен. Совхоздар социалды жолдағы орындар, өндіріс құралдары күшті орындар. Сондықтан бұлар көктемгі егісте ауыл шаруашылығы өнімі жағынан айта қалғандай үлгі, көсемдік көрсете алады, көрсетуге тиісті де. Совхоздар Сталин жолдастың алты шартын түгел орындап нығаюы тиіс. Иесіздікті, теңгермешілікті жоюы керек, шаруашылық есеп әдістерін әлде болса толығырақ қолдана түсу керек. Совхоздардың кейбір қызметшілерінде астық дайындау тұсында көрінген буржуазияшылдық сарынға салынып, жолдан тайғандықты мүлдем жою керек.

Орталық партия комитеті мен Одақтық жер комиссариатының қаулылары бойынша совхоздарды қайта құру ісі толық орындалуы керек (көктемгі егіс науқаны басталғанға дейін). Сөйтіп участкілерді, совхоз өндірісіндегі негізгі шаруашылық орынға айналдыру керек, деп біледі пленум.

Құнды егістер совхоздарына (Нобалов трест, Лектек сырья, Каушыканос және басқаларға) басшылықты күшейтіп, көмекті көбірек беріп отыру керектігін партия ұйымдарына пленум ерекше ескертеді.

Егіс науқанына әзірленгенде, соның өзін өткізгенде совхоздар мына жұмыстарға барлық көңілін қойсын:

а) **Астық тресі совхоздарында** – жоспар толық орындалып шықсын, егіннің шығымдылығы арттырылсын, бидайдың өзімізге түсетін бағасы арзандатылсын.

б) **Мал совхоздарында** - өндірістеріне керекті күшті, құнарлы жем жағы, маңызды мал азығы толық қамтылатын болсын, совхоздардың өз керектерін толық орындайтын мөлшерде астық егісі де толық орындатып шықсын.

в) **Мақта және тоқымалық өсімдіктер совхоздарында** – басты-басты егістік түрлерін егуде істің сапасы айта қалғандай жоғары болуы қамтылсын, өнімнің өзімізге түсетін бағасы арзандатылсын, тракторлар толық және әбден дұрыс пайдаланылсын, мамандалған кеңес шаруашылықтары іс жүзінде құрылсын.

3

1. Пленум Қазақстандағы 1932-жылғы көктемгі егіс жоспарын 5 500 000 гектар қылып бекітеді. Оның ішінен колхоздардікі 4 731 000 гектар, 84%. Мұны егістің түр-түріне бөлгенде мынадай болу керек.

	Барлығы	**Оның ішінде колхоздардікі**
Бидай	2 928 000 гектар	2 425 000 гектар
Малға азықтық егістері	1 484 000 гектар	1 132 000 гектар
Күріш	28 400 гектар	23 100 гектар
Егіс шөптері	236 000 гектар	200 000 гектар
Сүрленетін егістер тамыры, азық егістер	45 000 гектар	35 000 гектар
Майлы егістер	489 000 гектар	477 000 гектар
Құнды егістер (мақтадан басқа)	56 000 гектар	47 000 гектар
Мақта	145 000 гектар	126 000 гектар

Пленум мынадай жұмыстарды кесімді срогында сөзсіз іске асыру керек екенін барлық партия ұйымдарына, совхоз, колхоздарға ескертеді:

а) 1932-жылға өндіріс қаражат жоспарларын, көктемгі егіс жұмыстарының программдарын жасау жұмысы совхоз, колхоз сайын бірінші февральдан қалмай аяқталсын;

б) Әр колхоз, совхозда, МТС танцияларында өндіріс жұмыстары, жұмыстың сан жағы да, сапасы жағы да жеке бригадаларға дейін жеткізіліп белгіленсін;

в) Жеке шаруа, кедей, орташалардың егіс жоспарлары белгіленіп, әр үйдің қанша, қандай егіс салатыны көрсетіліп берілсін. Бұл жоспар алдымен жалпы жиылыстарға салынып қаралсын.

Бірсыпыра аудандарда 1931 жылдың егіс науқаны кезінде де, әсіресе, егін жинау, астық дайындау науқандары кезінде жеке шаруа, кедей, орташаларға қарасу жұмысының маңызы жете бағаланбады. Сондықтан пленум жеке шаруаларды мұндай жете бағаламаудан сақтандырып, аудандық ұйымдарға, кедей, орта шаруаларға қарасу, олар арасында жұмыс істеу ісіне толық көңіл бөліп, олардың шаруашылығына жәрдемдесуге, олардың колхозға кіруіне жағдай жасауға міндет етеді. Бүгінгі жеке кедей, орташа ертең колхозшы болады. Сондықтан Қазақстандағы барлық кедей орташалардың 35%-і болып отырған жеке шаруалардың мұқтажын жете бағаламау кешірімсіз қылық.

г) Кулак-байлардың әр үйіне егін салуға кесімді жоспар берілсін;

д) Кейбір колхоздардың, кейбір аудандардың тұқым қорын жинау ретіндегі сұраншақтығымен аянбай күресіп, тұқым қорын уақытында толық жинау, жақсылап сақтау ісі қамтамасыз етілсін;

е) Трактор, ауыл шаруашылық сайман жөндетілсін;

ж) Үкіметтің 1931 жыл 28 декабрьдегі қаулысы бойынша ат, көлік баптalсын;

з) Ауыл шаруашылық машина-сайман, жер сонылайтын дәрі әкелініп таратылсын;

и) Егіске шарт жасалсын.

Пленум аудандық партия комитеттеріне, аудандық кеңес комитеттеріне жоғарыда көрсетілген жұмыстардың орындалуына жекеше жауапты орындаушылар белгілеуге міндет етеді.

2. Көктемгі егіс науқаны бірыңғай ауыл шаруашылық жұмыстардың басы ғана. Бұл ауыл шаруашылық жұмыстарды егістен бастап мемлекетке тауарлы өнімді бергенге дейін өзара бір-бірімен қай жағынан болса да байланыстырылып жасалған жоспар бойынша жүргізу керек.

Социалдық егін шаруашылығын күшейту, нығайту күресі тек егіс жоспарын орындаумен ғана аяқталмайды. Өнерлі кәсіптің шикі зат қорын азық-түлік қорын молайту үшін, егіннің шығымдылығын арттыру үшін егіс жоспарын орындағаннан кейін мына жұмыстарды орындау керек:

а) Жерді жақсылап дұрыс жыртып, тырмалап, тұқымды дұрыс себу керек. Сол сияқты көк егін салу, егінді отақтау, құнды егінді шабықтау, суғару және басқа сондай жұмыстарды уақытымен дұрыс орындау керек;

б) Зиянды жәндіктерден келетін шығынды неғұрлым азайту керек;

в) Егін жинау жұмыстарын уақытымен дұрыс ұйыстыру, халық шаруашылығына неғұрлым шығымсыз өткізу керек.

3. Егіннің шығымдылығын арттыру, совхоз, колхоз өндірісінің сапасын арттыру жұмыстарын жүргізгенде Өлкелік партия комитетінің Халық комиссарлары кеңесінің, Қазақстан жер комиссариатының 1931 жылы 9 октябрьдегі үндеуін негізге алу керек. Әсіресе, мына жұмыстарды орындауға айрықша көңіл бөлу керек. Ол жұмыстар:

а) Қар ұстау жоспарын орындау;

б) Тұқымды дайындау (дерменмен тазалау, дәрілеу);

в) Егін салудың срогын, тәртібін, әдісін орындау;

г) Егін салатын жерді белгілі тәртібімен жұмыстау.

Үкімет дерективінде көрсетілген жұмыстар толық, дұрыс орындалмаған жерде, жоспардағы егістің сапасын арттыру ретіндегі жұмыстар орындалмаған жерде жеке совхоздар, колхоздар, аудандар егіс жоспарын орындаған болып танылмайды.

Егістің шығымдылығын арттыру, агротехника жұмыстарын жалпы орындау ісі, бұл жұмыстарға ауыл шаруашылық мамандар толық қатынаспаған жерде орындалмақ емес. Бұрынғы ауыл шаруашылық мамандарының көпшілігі шын көңілімен социалдық құрылысқа белсеніп қатынасу жолына түсті. Пленум барлық ұйымдарға ауыл шаруашылық мамандар үшін өз білімін толығынан ауыл шаруашылығын социалдық негізге қайта құру ісі жолына беріп, ауыл шаруашылығы өндірісінің жұмыстарына іс жүзінде тура басшылық ете алғандай жағдай туғызуға міндет етеді.

4. Егіннің, жұмыстың сапасын арттыру, колхоз құрылысында агротехника шараларын іске асыру, егіннің шығымдылығын арттыру күресіне колхозшылардың артта қалған надан жағы кейбір белсенділер де қарсылық көрсетеді. Пленум барлық партия, комсомол, кәсіпшілік ұйымдарына артта қалған, ұсақ қара шаруалық салттың қалдығынан туатын, ауыл шаруалышығын социалдық негізге құруға қарсы күресінде тап дұшпанына құрал болатын, мұндай кертартпалық бағытпен аянбай күресу керек екенін көрсетеді.

5. Құнды егістер ішінде айрықша маңыздысы – мақта егісі. Мақта егісінің 94%-тін егетін 13 МТ Станциясы құру, ауыл шаруашылық машиналар, 10,5 мың гектарға жеткендей жер сонылайтын дәрі әкелу, сол сияқты бұл аудандарды колхоздандыру ісін негізінде аяқтап, оның негізімен кулак-бай табын жою – мұның бәрі мақта егісін ойдағыдай өткізуге толық қолайлы жағдай туғызады. Мақталы аудандардағы партия, кеңес, шаруашылық ұйымдары колхоздардың ұйыстыру-шаруашылық жағын нығайтып, күш-қаражатты дұрыс бөліп, агрономдық шараларды толық іске асырып, биылдан бастап мақта дұрыс ауыспалы егіс тәртібіне көшіп, оның арқасында еңбектің өнімділігі арттыру, егін жұмыстарының сапасы артуын, мақтаның шығымдылығын артуын қамтамасыз етуге міндетті.

6. **Кәсіпшілік одақтары** 1932 жылдың егіс науқанына қатынасқанда жеке кәсіпшілік одақтары әр одақтың жұмысының өзгешелігін есепке ала отырып, егіс жұмысына түріне қарай жеке-жеке басшылық етуге тиіс.

Совхоздарда – кәсіпшілік одақтары Сталин жолдастың алты шартын толық іске асырып, еңбектің өнімділігі артуын қамтамасыз ету, өндірісте қалың бұқараны ұйымдастыра білу, еңбекті жақсы ұйыстыру, иесіздікті, теңгермені жою, жаңа қызметшілерді жетістіру, оларды дұрыс пайдалану, техника жетілу, двигатель машиналарды, ауыл шаруашылық саймандарды жақсылап пайдалану жағына айырықша көңіл бөліп, егіннің шығымдылығын арттыру күресіне басшылық етуге тиіс.

Колхоздарда – кәсіпшілік одақтары алдымен жұмыс мөлшерін, жұмыс кесімінің мөлшерін белгілеу, 1932 жылдың өндіріс жоспарларын жасау, есеп-қисап жұмысын жолға қою ретінде колхоздарға іс жүзінде жәрдем көрсету жағына толық көңіл бөліп, ауыл шаруашылық машина-саймандарды жөндейтін бригадалар жіберуге тиіс. Сол сияқты колхозшылар арасында жұртшылық-саяси жұмысты күшейту ісіне жәрдемдесуге тиіс.

7. Пленум көктемгі егісті өткізу колхоздардың ұйыстыру-шаруашылық жағын нығайту ретінде Ленин комсомолының міндеті зор екенін атап өтеді.

Пленум комсомол алдына колхоз жастарын егіс жоспарын орындау, агротехника жұмыстарын орындау күресіне ұйымдастыру міндетін қояды. Пленум комсомолға егіннің шығымдылығын арттыру ретіндегі негізгі міндеттердің бірі – қар ұстату аттанысын ұйыстыруға тапсырады.

Пленум комсомолдың колхоздың ұйыстыру-шаруашылық жағын нығайту ретіндегі міндеті айрықша зор екенін білдіреді.

Комсомол партия ұяларының басшылығымен өндірісте колхоз жастарын екпінді бригадаларға ұйымдастырып социалдық жарысты, екпінділікті ұйыстыру ісіне жетекші болуға тиіс. Комсомол белсенді комсомолдарды, белсенді колхозшы жастарды колхоздардағы басшы жұмысқа (өндірістің сала-саласының бастығы, фермалар бастығы, басқа сондай) жоғарылатып отыруға тиіс.

Колхоздардың ұйыстыру-шаруашылық жағын нығайту ретіндегі барлық жұмыста комсомол колхоз жастарын ұйымдастыра отырып, онымен қатар колхоздардағы колхозға қарсы, кеңес үкіметіне қарсы істердің бәрімен де аянбай күресіп, колхоздың күнбе-күнгі жұмысындағы апортьюншылдықты әшкерей отырып, колхоз бұқарасын егіннің шығымдылығын арттыру, тауарлы өнімін арттыру күресіне колхоздардың Кеңес мемлекеті алдындағы міндеттерін уақытымен толық орындау күресіне ұйымдастыруға тиіс.

8. Колхозшы әйелдер арасындағы жұмыс ойдағыдай жолға қойылмаған колхозшы әйелдердің өндіріс жұмысына шаруашылық басшылығына қатынастырылуы тым жеткіліксіз. Колхоздың шаруашылық жұмысын жолға қою ретінде, әсіресе, мал шаруашылығында әйелдердің мұқтажы, тілегі жеткілікті еленбейді. Сондықтан, пленум колхозшы әйелге көз қарасты негізінен өзгерту керек екенін айтып, колхоз орындарынан мынадай шаралар істеуді талап етеді:

а) Колхозшы әйелдер басшылық жұмысқа, әсіресе, мал шаруашылығы, құнды егістер шаруашылығы ретіндегі басшылық жұмысқа (мал шаруашылығының түрлі тарауларына бастық, тауарлы ферма бастығы, мал қараушылар бастығы, есепші, бригадир және басқа сондай) тайынбай жоғарылатылсын;

б) Мал фермаларында колхозшы әйелдер еңбегі көбірек пайдаланылсын;

в) Колхозшы әйелдердің сауатсыздығы жойылсын;

г) Колхозшы әйелдер ауыл шаруашылығының түрлі тарауларына мамандандыратын курстарға жіберілсін;

д) Колхозшылар өндіріс мәжілістерге толық қатынастырылсын;

е) Колхозшы әйелдердің тұрмысы оңдалсын (бала тәрбиелейтін түрлі орындар ашу және басқалары);

9. Көктемгі егіс науқанын өткізу ретінде ауыл-поселкелік кеңестердің басшылық міндетін едәуір арттыру керек екенін пленум айрықша көрсетеді.

Ауыл-поселке кеңестері егістің орындалуына, егіннің шығымдылығын, тауарлылығын арттыру күресіне өздерінің жауапты екенін ұғынып, колхоздар бай-кулактардан тез тазалау күресіне басшылық етуге колхоз белсенділерін, барлық колхозшыларды, колхозшы әйелдерді, жеке шаруа, кедей, орташаларды жоспарды орындау ісіне ұйымдастыруға міндетті.

Кейбір ауыл-поселке кеңестері өкілдерінің кеңестер жұмысын өздері істеп, иесіздік тудырумен аянбай күресу керек.

10. Қызметші мәселесі. Колхоздану қозғалысының күшею, совхоздарда участкелердің өз алдына жеке шаруашылық болып күшейтілу мақсатындағы қайта құрылыс жұмыстары, колхоз, совхоз өндірісінің кеңейтілу ауыл шаруашылығының техника, энергетика негізі күшейтіліп, қайта құралдану жеткілікті күшті басшы қызметшілер, колхоз, совхоз өндірісі шеберлерін трактористерді және басқаларын жетістіруді керек қылады. Совхоз, колхоз қызметшілері қазір, әсіресе, большевиктік үшінші егіске таянып тұрғанымызда сан жағынан да, сапасы жағынан да жеткіліксіз. Олардың дайындығы колхоздардың ұйыстыру-шаруашылық жағын нығайту міндеттерінен кейін қалып отыр, әсіресе, бұл жағы қазақ аудандарында кейін қалып отыр. Мұны ескертіп, пленум Жер комиссариатына, Өлкелік колхоз, совхозға, Совхоз институттарына, аудандық партия комитеттеріне тапсырады:

а) Колхоз, совхоз қызметшілері негізінде қарапайым колхозшылардың, жұмысшылардың өздерінен құралады. Сондықтан қарапайым колхозшыларды, жұмысшыларды, әсіресе, жұмыста белсенділік көрсеткендерін совхоз, колхоздың басшылық жұмысына жоғарылату ісі кең түрде күшейтілсін;

б) Колхоз қызметшілерін жетістіру ретінде январь-март ішінде, колхозшыларды колхоз шаруашылығының түрлі тарауына мамандандырып дайындайтын, қайта дайындап жетілдіретін курстар ашылсын. Курстар ашқанда

2 000 колхоз ағасы, 10 000 бригадир, 10 000 есеп алушы, 3 000 тауарлы ферма бастығы осы курстардан оқып шыққандай болсын.

11. Аудандық колхоз союздардың Өлкелік колхоз союздың аудандарға, колхоз шаруашылығына жеке-жеке даралап басшылық ету әлі жеткіліксіз. Сондықтан Өлкелік партия комитетінің бюросы Жер комиссариатына, Өлкелік колхоз союзға басшылық ету тәртібін тезінен социалдық ауыл шаруашылығының қазіргі сатыдағы міндеттеріне үлестіріп қайта құрып, егіске дайындалу, большевиктік үшінші егісті өткізу жұмысына даралап ашық басшылықты қамтамасыз етуге тапсырады.

4

«Біздің өндіріс жоспарының орындаларлық екеніне, орнылалатынына жаңа тұрмыс құрып жатқан миллион-миллион еңбекші кепіл. Біздің программың орындалатынына сіз бен біз біздің еңбекке ұмтылуымыз, біздің жұмысты жаңаша істеуге дайындығымыз, біздің жоспарды орындауға бел бұғандығымыз кепіл. Бізде бұл бел бұғандық бар ма? Бар. Олай болса өндіріс программын орындауға болады» (Сталин).

1932 жылдың егін науқанының ойдағыдай өтуіне алдымен Қазақстан партия ұйымының егіс жоспарын орындауға берік бел бұғаны кепіл. Егіс жоспарын орындауға керек шаруашылық заттық негіз: жақсы тұқым, трактор, көлік, ауыл шаруашылық машина-сайман, жер сонылайтын дәрі және басқалары бар. Осының бәрімен миллион-миллион колхозшы, совхоз жұмысшылары Ленин жолындағы коммунист партиясының, оның Орталық комитетінің басшылығымен егін жолындағы күрестің кезеңді кезіне кіріскелі отыр.

Колхозшылар жұртшылығын жақсы ұйымдастырып, мал өсірудегі стахановшылар қатарын көбейтіп, 1936 жылғы төлді түгелімен аман сақтау жұмысы – бүгінгі таңдағы аудан басшылары мен барлық колхозшылардың ең үлкен, ең басты міндеті.

Ауыл коммунисі. – 1936. – №2. – 94-98-б. Латын графикасы.

№110
Егінді сумен қамтамасыз ету жөніндегі «Торғайда арық қазу»[182] мақаласы

Торғай ауданында егінді суғармалы жерге салу жұмысы соңғы бір-екі жылдың ішінде қолға алына бастады. Әсіресе, биылғы жылы егінді суғармалы жерге салуға аудан ерекше көңіл бөліп отыр. Аудан биыл 15 500 гектар егіннің 2 741 гектарын суғармалы жерге салады.

Бұл егіндерді сумен қамтамасыз ету үшін жаңадан арықтар қазылады. Бұрын егін шығырмен (көліктің күшімен айналдыратын) суғарылатын еді. Биыл машина алатын болып отыр. Осы күннің өзінде әрқайсысы 50 гектардан жер суғаратын 5 двигатель алынды. Жақында тағы да 11 двигатель алынады. Колхоздар арық қазу, двигатель орнату жұмыстарының дайындығына кірісіп жатыр.

Социалды Қазақстан. – 1936. – 16 март. – №62 (3766). Латын графикасы.

№111
Ет комбинатының жетістіктерін бағалаған «Семей ет комбинатының[183] директоры Власенко жолдасқа»[184] мақаласы

Өзіңізбен бірге комбинаттың коллективін жалынды түрде құттықтаймыз. Сізге Одақтық атқару комитеті «Құрмет белгісі» орденін берген хабарын алдық.

Сіз Одақтағы тамақ заттары өнерлі кәсібі орындарының ең бір күрделісін басқарып отырсыз. Бізді қуантатын не? Өткен жылы Семей ет комбинаты жаңа техниканы меңгерудің үлгісін көрсетті, сіздің комбинат коллективінің бұл еңбегі айрықша бағаланып отыр. Сіздермен бірге бұған біз де қатты қуанамыз. Сіздің басшылығыңызбен Семей комбинаты тамақ заттары өнерлі кәсібі орындарының алдыңғы қатардағыларына қосылып, Одақтағы үлгілі, мәдениетті кәсіп орнының бірі болады деп сенеміз. Өндіріс планын уақытынан бұрын орындап, қазір салынып жатқан колбаса, консервы зауытыңызды уақытынан бұрын пайдалануға беріп, жоғарғы сапалы азықтар шығара аласыз деп сенеміз.

Социалды Қазақстан. – 1936. – 4 август. Латын графикасы.

№112
Тамақ өнеркәсібін дамыту жолдары мен жұмсалатын қаражаты туралы «Тамақ өндірісті кәсібі үшінші бесжылдықта» мақаласы

Советтер союзының барлық республикалары, өлкелері мен облыстары, соның ішінде Қазақ Республикасы үшінші бесжылдықтың[185] планын жасауға кірісті.

---

[182] Мақаланы Нұрмағамбетовпен бірлесіп жазған.

[183] Семей ет комбинаты 1934 жылы ашылды. Алғашқы директоры болып өнеркәсіп стаханов қозғалысының бастамашысы Р.М. Брун тағайындалған. 1935 жылы комбинатқа М.И. Калинин келгеннен кейін оның есімі берілген.

[184] Мақала Яхнович және Сергиевскийлермен бірлесе жазылған.

Екінші бесжылдық планды ойдағыдай жүзеге асырудың нәтижесінде тамақ өндірісті кәсібі жасалды. Халқымыздың тамақ өндірісті кәсібінің заттары жөніндегі тілегін толық қамтамасыз ету үшін, республикамыздың шикі зат байлығын толық пайдалану үшін, техникалық базаның шикі зат базасынан артта қалғандығын еске алып, үшінші бесжылдықтың аяғына дейін, яғни 1942-жылы тамақ өндірісті кәсібінің продукциясын 3,5-4 есе арттырмақшымыз.

Қазақстанның тамақ өндірісті кәсібі, продукциясының өсуін қамтамасыз ету үшін тамақ өндірісті кәсібіне екінші бесжылдықта жұмсалған 215 миллион сомның орнына үшінші бесжылдықта 950 970 миллион сом жұмсалмақшы.

Бұл қаражат ең алдымен екінші бесжылдықта салынып болмаған құрылыстарды бітіруге, қазіргі өндіріс орындарын күшейтуге және жаңа құрылыстар салуға жұмсалмақ. Біздің белгіленген жобамыз бойынша үшінші бесжылдықта ет өндірісі күшейтіледі, екінші бесжылдықта жұмсалған 69 миллион сомның орнына 147 миллион сом ақша жұмсалады. Осының нәтижесінде Семей ет комбинаты салынып болуға тиіс, Петропавл ет комбинаты қайта құрылмақшы, оның консерві зауыты 30 миллион банка консерві шығатын болады, 1 мың тонна ет тоңазытатын орын болады. Мұның үстіне жаңадан 7 ет комбинаты салынады. Бұл комбинаттардың ішінде ең үлкені Алма-Ата ет комбинаты болмақ (бұған 36 миллион сом ақша жұмсалады, бұл комбинат күнге 250 бас ірі мал, 1 мың бас ұсақ мал, 200 шошқа соя алады, 1 мың тонна ет тоңазытатын орны болады, суткасына бір сменада 9 тонна колбаса шығаратын зауыты болады, бұл комбинаттың құрылысы 1936-жылдың аяғында басталады). Мирзоянда және Қарағандыда ет комбинаттары салынады.

Ет комбинаттары құрылысына осынша қаржы жұмсаудың арқасында ет өндірісті кәсібінің продукциясы үшінші бесжылдықтың аяғында қазіргі 40 мың тоннаның орнына 130 мың тоннаға жетеді, колбасаның өндірісі қазіргі 8 мың тоннадан 35 мың тоннаға жетеді, консерві 28 миллион банкасынан 90 миллион банкаға жеткізеді.

Үшінші бесжылдықта Қазақстанның балық өндірісті кәсібі өркендетілді. Өткен екінші бесжылдықта балық өндірісті кәсібіне 44 миллион сом жұмсалған болса, үшінші бес жылдықта 150 миллион сом жұмсалады. Гурьев консервы комбинатының екінші кезегі салынып, қазіргі 30 миллион банканың орнына 60 миллион банка консерві шығаратын болады, Гурьев комбинатының жанында Пиле зауыты салынады, қазір салына бастаған Маңғыстау консерві комбинаты салынып бітеді, бұл комбинат 10 миллион банка консерві шығаратын болады, оның жанынан 800 тонна балық сақтайтын тоңазытқыш орын салынады, Денизде 1 100 тонна балық сақтайтын тоңазытқыш орын салынады. Бұл орын Каспийдің шығыстағы жағаларының балық байлығын сақтау үшін салынады.

Үшінші бесжылдықта Орал-Каспий балық трестіне арналып екінші рефрежиратор салынады.

---

[185] Үшінші бесжылдық – 1939 жылы болған БК(б)П-ның XVIII съезінде 1938-1942 жылдар аралығына арналып қабылданған жоспар. Үшінші бесжылдықтың негізгі міндеттеріне қорғаныс қабілетін нығайту, жұмысшы табы мен өнеркәсіп пен транспорттың дамуын, еңбек тәртібін нығайту, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру практикасын және бұл істегі қиянаттарға күресу жөніндегі шаралар туралы қаулы қабылдады.

Каспийдің шығыстық жағасын толық меңгеру үшін 2 мыңдай шаруаның үйін көшіру керек болады. Бесжылдықта бұл жұмысқа 10 миллион сомнан аса қаржы жұмсалмақ. Балық өндірісті кәсібінің бесжылдығы бойынша Аралда тоңазытқыш орын салынады, Балқашта бұрын салынып жатқан тоңазытқыш орын салынып бітеді. Мұнымен қатар, төрт машина балық станциялары құрылады, балық өндірісті кәсібінің кеме шаруашылығы өркендетіледі, балық ұстайтын орындар, балық зауыттар және басқалары салынады.

Үшінші бесжылдықта Қазақстандағы кішігірім көлдерді, өзендерді пайдалануға көп қаражат жұмсалады. Мысалы, Зайсан көлінде 3 миллион банка консерві шығаратын және 3 мың тонна балық тоңазытатын консерві комбинаты салынады.

Қазақстанның жаңадан құрылған қант өндірісті кәсібі үшінші бесжылдықта қатты өркендетіледі. Қант қызылшасы егісінің көлемінің артуы, шығымдылығының өсуі үшінші бесжылдықта тағыда 3 үлкен қант зауытын салуды керек қылып отыр. План бойынша Алматыда 15 мың центнер қант шығаратын бір зауыт, Талдықорған ауданындағы Қара-бұлақ поселкесінде 15 мың центнер қант шығаратын бір зауыт және Шемонайқыда 12 мың центнер қант шығаратын бір зауыт салынбақ. Мұнымен қатар, қазіргі Меркідегі және Талдықорғандағы қант зауыттары бұрынғы 4 мың центнердің орнына 7 мың центнер қант шығаратын болып, Мирзояндағы қант зауыты 12 мың центнердің орнына 15 мың центнер қант шығаратын болып күшейтіледі. Осы үш зауыттың жаңадан салынып және бұрынғы зауыттардың күшейтілумен байланысты Қазақстанда қант қызылшасы егісінің көлемін 35-37 мың гектарға жеткізу керек болады.

Үшінші бесжылдықтың аяғында Қазақстанның барлық қант зауыттары бір суткада 71 мың центнер қант қызылшасын өңдеп шығаратын болады. Қант өндірісті кәсібінің планы бойынша Алма-Ата мен Мирзоянда әр қайсысы 300 тонна қант шығаратын рафинат зауыттары салынбақ.

Осындай қаражат жұмсаудың нәтижесінде Қазақстанның қант өндірісті кәсібінің продукциясы 1937 жылғы 36 мың тоннаның орнына 190 мың тоннаға жеткізіледі.

Қазақстанда мал шаруашылығының орасан өркендеумен қатар май өндіру кәсібі күшейтілуге тиіс.

Қазіргі май зауыттары көбінесе машиналанбаған, ұсақ өндіріс орындары. Бұлар май өндірісті кәсібін күшейтуге негіз бола алмайды.

Бесжылдық план бойынша жаңадан 9 май зауыты салынбақ.

Қала еңбекшілерінің сүт-сүзбе тамақтарына тілегі өсумен байланысты өндірісті кәсіп орталықтарында, ірі қалаларда сүт сүзетін бес зауыт салу керек болып отыр. Мұнымен қатар, Павлодар мен Мирзоянда қою сүт шығаратын 2 зауыт салынбақшы, Қостанай мен Зырянда сүт құрғататын екі зауыт салынбақшы.

Қазақстанның тамақ өндірісті кәсібінің артта қалған саласының бірі – өсімдік майларын шығару жұмысы еді. Қазақстанда екінші бесжылдықта жалғыз-ақ Өскемен зауыты салынды, бұл зауыт 9 мың тонна өсімдік майын шығарады.

Шымкентте салына бастаған мақта майы шығаратын зауыт үшінші бесжылдықта салынып бітпекші. Мұның үстіне Ақмолада 11,6 мың тонна май және 12 мың тонна кір сабын шығаратын зауыт салынбақшы.

Үшінші бесжылдықта Ақтөбе және Ақмолада макарон комбинаты салынады.

Бесжылдық план бойынша, Алма-Атада кондитер фабригі, Қарағандыда бисквит фабригі салынады. План бойынша Алма-Атада, Қарағандыда, Жезқазғанда және Шымкентте құрғақ мұз зауыттары салынбақшы болды.

Үшінші бесжылдықта 11 нан зауыты, оның ішінде Алма-Атада екі зауыт және нан пісіретін машиналанған 11 орын салынады.

Алма-Атада темекі фабригі 10,5 миллиард дана папирос шығаратын болып күшейтілді.

Ликер-арақ өндірісі күшейтіледі. Қарағандыда, Алма-Атада және Семейде ликер-арақ зауыттары салынады, бұған 7 миллион сом ақша жұмсалады.

Қазақстанның тамақ өндірісті кісібінің артта қалған участкасының бірі – сыра және спиртсіз ішімдіктер шығару өндірісі. Қазіргі зауыттар 90 мың гектолитр сыра және спиртсіз ішімдіктер шығарады.

Бесжылдық план бойынша сыраның продукциясы 350 мың гектолитрге, спиртсіз ішімдіктер 200 мың гектолитрге жеткізіледі.

Алма-Атада 100 мың гектолитр шығаратын, Қарағандыда 100 мың гектолитр шығаратын, Семейде 50 мың гектолитр шығаратын, Гурьевте, Шымкентте, Балқашта, Қостанайда 25 мың гектолитр шығаратын сыра зауыттары салынады.


Қазақстанның тұз өндірісті кәсібі үшінші бесжылдықта қатты өркендетіледі. Жаңадан Таболдан және Индер тұзды көлдері пайдаланылатын болады.

Бесжылдық план бойынша Қапланбек совхозының негізінде қызыл арақ комбинаты салынады, Алматыда қызыл арақты ыдысқа құятын зауыт салынады. Үшінші бесжылдықтың аяғында 500 мың гектолитр қызыл арақ шығарылатын болады.

Тамақ өндірісті кәсібінің үшінші бесжылдығының планында аудан орталықтарында тамақ өндірісін күшейту жұмысы көзделіп отыр. Аудандарда тамақ өндірісті кәсібін күшейтуге 16-17 миллион сом жұмсалмақшы, 120 аудан орталығында мал соятын және колбаса шығаратын пунктар салынбақ, 80 пункта нан пісіретін орындар салынбақ және 100 пункта спиртсіз ішіндіктер шығаратын зауыттар салынбақ.

Тамақ өндірісті кәсібін үшінші бесжылдықта осындай өркендетумен байланысты тамақ өндірісті кәсібінің маман кадрларын дайындау керек болады. Қазір Қазақстанда балық техникумы мен сүт техникумнан басқа тамақ өндірісті кәсібінің кадрларын дайындайтын оқу орындары жоқ. Үшінші бесжылдық план бойынша Алма-Атада тамақ өндірісті кәсібінің кадрларын дайындайтын институт және бірнеше техникумдар ұйымдастырылмақ. Бұған 14-15 миллион сом қаражат жұмсалмақ.

Соңиалды Қазақстан. – 1937. – 22 май. – №115 (4419). Латын графикасы.



17. В какой ячейке состоит и № ее Чонк №27.

Вы, обвиняетесь у легкомысленном пар
Чанышевым рекомендации
о вступлении в партию. Не имел
Чанышеву рекомендацию ее нами прекрат
уему партии и в рекомендательства
Чанышев чужд для партии элемент

Уполномоченный Губ. К. К.

Что вам известно по этому делу Дело граждан Чанышева
и вообще он сам Чанышев мне знаком
с 1921 года. По той работе, которую
выполнялась им в то время (Зарубеж
ная работа) и за успешное выполнение
ее он был награжден соответствующи
органами. А также он был извещен ми
по работе борьбы с басмачеством в
качестве Упол ЧК и эта работа
им проводилась не без успешно
Имея этих данных, пока ни как не
отрицательных в свое время я дал
рекомендацию и считал вполне добро
совестным. Мне кажется эти его
заслуги остаются и до сего дня
На основе этого считаю бы не точной
формулировка обвинения в легкомыс
подаче рекомендации. Будучи одним из
рекомендателей и наблюдая за его дей
ствием за последние годы. Несмотря на то
что он еще учится в чем либо не был, но по
последние, заключая имеет окружение себя
не добросовестными людьми (какой-то непонятн
были с моей точки зрения не достойных член
партии. О чем я заявляю, может сделать
КК и далее собираюсь подать заявление об от
воде от рекомендации.

Сарсенов

Қабылбек Сарымолдаевтың БКП(б) Сырдария облыстық Бақылау комиссиясына Қ. Чанышев туралы берген түсініктемесінің 1-ші беті.

ҚР ПА, 719-қ., 1-719-т., 868-іс, 17-а.п.

КІТАПТАРЫ

КНИГИ

№113

Қ. Сарымолдаевтың «Қазақстан бесжылдығының негізгі мәселелері және оның күрделі көрсеткіштері» атты кітабы[186]

Жалпы одақ пен құрама республикалардың құрылған 5 жылдық жоспары бекітілетін кезде Қазақстан жалпы 5 жылдық жоспарға енгізілмей қалған. Сондықтан одақтық және құрама республикалардың 5 жылдық жоспарында Қазақстанның мақсаты мен мол байлықтары жөнді ескертілмеген. Бұның растығы 5 жылдықтың мына көрсетілмекшеден көрінулі. Қазақстанның халық шаруашылығына осы 5 жылдықтың ішінде жұмсалатын қаржы 1,8 миллиард сом болуы керек деп Ресейлік құрама республиканың 5 жылдығы белгілеген. Жалпы егістік көлем 6 миллион гектарға жетіп, жергілікті өндіріс орындарының өнімі 25 миллион сом болу керек делінген. Ресейлік құрама республиканың 5 жылдық жоспарында Қазақстан үшін арналған шаруашылық қарқының кемдігі осы кездің өзінде де білінді. Өйткені Қазақстан 5 жылдықтың екінші жылында жоспарда көрсетілгендерді артығымен орындап отыр. Мысал үшін мынаны алайық: Қазақстанның егістік көлемі биылғы жылы 5 170 мың гектарға жетеді. Жергілікті өндіріс орындарының өнімі 49 миллион сомнан аспақ. Екінші сөзбен айтқанда, Қазақстан жоспарда көрсетілген цифрды екі есе артығымен орындап отыр. Белгіленген жоспарды түсті метал жағына да, тас көмір шығару жағына да, мұнай табу жағына да аса орындаулы.

Үлкен партия комитетінің декабрь айында болған V-пленумінде 5 жылдықтың екі жылында орындалған жұмыстардың негізін жиған кезде Қазақстан шаруашылығы ірі қарқынмен алға басып бара жатқанын көріп, Қазақстанның 5 жылдығын қайта қарап жоспар көлемінің артылуын өте керекті деп тапты.

Өткен 5 жылдықтың негізгі жиыны

Қазақстанда кеңес үкіметінің орнаған алғашқы жылдары Қазақстанды тиянақты ұлт республикасы екендігін белгілеумен өтті деп бағалауға болады. Қазақстан шаруашылығын соғыстан бұрынғы қалпына келтіру жұмысы 1921-1924 жылдары басталып, 1927-1928 жылдары ғана бітті, шаруашылықты бұрынғы қалпына келтіретін жылдарда істелген жұмыстардың негізгі жиынын мына цифрлар көрсетпек.

Егістік көлем 91,5%-ке жетті. Жалпы малдың саны 108% болулы. Орталық халық шаруашылық кеңесінің құрған жоспары өндіріс орындарын соғыстан бұрынғы 75%, 70%-ке жеткірулі. Бұл табыстар халық шаруашылығының қолда бар заттары арқылы өндіріледі. Соңғы жылдары бұл табыстардың қарқыны кемулі. Оның себебі: бірден қолдағы бар қаражат кеміп, екіншіден халық шаруашылығы бар негізгі қорын өсіруге аз сома жұмсалып отырғандығынан. Сондықтан Қазақстан негізгі қорға өте кедей. Жоспарлау ісі алғашқы басталған кезінде жалпы кеңестер одағындағы әрбір жеке жанның үлесіне 464 сомдық негізгі капитал болатын. Ресейлік құрама республикасында әрбір жеке жанның үлесіне 454 сом келетін.

---

[186] Қазақстан бесжылдығының негізгі мәселелері және оның күрделі көрсеткіштері. Бастырушы: Қазақстанның жоспар мекемесі. - Қызылорда: Гостип. КЦСНХ №1, 1931.

Қазақстанда әрбір жеке жанның үлесіне 350 сом болулы. Қазақстан жалғыз негізгі капитал жағынан ғана кедей емес, Қазақстанда әрбір жеке жанның үлесіне келетін ұйымның саны да өте нашар. Бұл жағынан Қазақстан бүкіл кеңестер одағында ең соңғы орынды алулы. Егер де Кеңестер Одағында жоспарлау жұмысының алғашқы қолға алған дәуірінде әрбір жеке жанның үлесіне келетін өнім 221 сом, Ресейлік құрама республикасында орта есеппен 212 сом, Башқұртастанда 135 сом, біздің Қазақстанда әрбір жеке жанның үлесіне келіп отырған өнім мөлшері 109-ақ сом болып отыр. Бұл жағынан Қазақстан жалпы кеңестер одағында соңғы орынды алып отыр. Октябрь төңкерісінің жемісі арқасында кеңестер одағын жасап отырған Қазақстан басқа халықтармен қатар саяси теңшілік алса, шаруашылық жағынан басқа елдермен тең келетін қалыпқа әлі жете алмай келеді. Сондықтан Қазақстанның да, орталықтың да алдында тұрған негізгі міндеттің бірі – ертедегі ескі құрылыстың қалдықтарын аз уақыттың ішінде тез жою болу керек. Бұл міндет, бұл іс жалпы Кеңестер одағындағы республикалардың арасында шаруашылық жағына лайық болмаған кезде ғана орындалмақ. Қазақстан – Кеңестер одағының ішіндегі ең аз тексерілген адамның бірі, бірақ оның осы күннің өзінде көрініп білінген мол байлығы аз тексеріліп кем зерттелген, бұлай қалып отыр. Сондықтан халық шаруашылығының кей түрлерінің тез өркенделуіне мынадай зор екпінді белгілеуге болады, істелетін бұл жұмыс біз жағынан біздің алдымызда тұрған шаруашылық ала-құлалығын жойып, екінші жағынан Қазақстан шаруашылығының өсуі өзінің шегінен жоғары шығып, мол табыс келтіруге жол ашпақ. Қазақстанның қазіргі білінген байлығы өте зор қолдан суаратын аудандардан басқа өңдеуге келетін жердің көлемі 48-50 миллион гектар деп есептеулі. Мақта егуге жарайтын 3 миллион гектар жер бар. Бұл жерлер даусыз қолайлы аудан болмақ. Орталық Қазақстанның құмды, шөлді далаларынан өте зор пайда беретін сағыз шөп табылып отыр. Қазақстан даласында тағы тұрғы түрде өсетін кендірде де бар. Және жаратылыс байлығы зор мол баюға қолайлы аудандар өте мол. Егер де бұл аудандарды түзу пайдалана алсақ, ірі қараға айландырған 40 мың бас малдың жайылуға жетеді. Түсті метал жағынан Қазақстан Кеңестер одағы ең күрделі, ең негізгі аудан деп танылып отыр. Түсті металдың молдығы 1 миллион тонна мыс, өте көп қорғасын және цинк бар, кен төбе тоғай деген жерде мол темір кені табылды. Мұнда 40 миллион тонна темір бар. Бұл келешекте Қазақстан көлемінде темір өңдейтін жоспардың молаюына үлкен жол ашпақ. Тас көмір затының молдығы арқасында Қазақстан жалпы кеңестер одағындағы 3 орынды алады. Тас көмірдің мол шығатын жері Қарағанды. Мұнан 5 миллиард тонна темір шығармақ. Екібастұздан 500 миллион тонна және Бершоғыр Женгір деген жерлерінде де мол тас көмір табылуы, бұлардан басқа өте сирек кездесетін валипрам және «j» малибден деген металдардың да Қазақстан жерлерінде барлығы білінді. Осы байлықтардың бәрін пайдаға асыру жұмысын осы ағымдағы бесжылдықтың жоспарына енгізуге болмайды. Оның себебі: ендігі қалған 3-4 жылдың ішінде бұл байлықтарды жарыққа шығарып, іс жүзінде асыру үшін шынықтыра кеңейтіп жіберу өте қиын, өте ауыр жұмыс. Бірақ осы күннің өзінде де кем шығарылып жатқан кен тектерінің өзі Қазақстанды негізгі өндіріс түрлері мол ауданның бірі етіп, жалпы одақтың халық шаруашылығының құрылысында Қазақстанның өзгеше маңызы барлығын көрсетіп отыр.

Тар өткел

Қазақстанның халық шаруашылығының өсуіне едәуір кедергі келтіретін өткелдер кездесулі. Бұл кедергінің ең күшті тасқайлы темір жолдардың жоқтығы. Алғашқы жоспарсыз жүрген кездерде 3 миллион шаршы километр жерде 3 241 километрлік темір жол ғана бар екен. Осы күнге шейін болып келген темір жолдар Қазақстанның кейбір тысқарғы жерлерін ғана бөліп, күрделі шаруашылық қатынасына қолайсыз болып келеді. Бұл темір жолдардың Қазақстанның шаруашылығы әлді болған аудандардың байлығы іс жүзіне асыруға пайдасы шамалы болды. Түсті металдың, тас көмірдің, егіншілік кәсібіне маңызды болған аудандардың тұсында темір жол болмады. Бар темір жол бұл аудандарды шола алмады. Қазақстанда 83-951 метр ат жолы, 30 километр тас төселген жол, 91 километрдей басқа жолдар бар. Бірақ бұл жолдар болғанымен, жоқ темір жолдың есесін толтырып кете алмайды. Қазақстанда халықтың 90% хат танымайды, кейбір аймағында мәселен Қарақалпақ өлкесінде халқының 98% сауатсыз болатын. Біздің бесжылдықтың негізгі күрделі міндетінің бірі осы кедергілерді жойып тамырына балта шабу болу керек, бірақ бұл кедергілерді жою ісі негізгі қорлы қаражатты мол жасауды көп тілейді.

Бесжылдықтың маңызды міндеті

Қазақстанның бесжылдық жоспарын құрған кезде мына күрделі міндеттер негізге алынып отыр.

Тау кендердің зауыттарын химиялық өндіріс орындарын мәдени өсімдіктердің өркендетілу өсіріп, кендір, сағыз шөп, мақташылық егістерін ұлғайтып, дәнді өсімдіктер мен балықшылық кәсібін зорайтып және жол қатынас орындарын молайтуға мол көңіл аударулы бұдан қалды, бесжылдық жоспарда мәдениет орындарының өрісін молайту ісін де қолға алып отыр. Жаратылыс пен ауа райын жағдайына қарағанда Қазақстанды үш түрлі аймаққа бөлуге болады. Солтүстік батыс аудан, оңтүстік аудан, орталық аудан. Орындайын деп отырған шараларымыз осы аудандардың жағдайын қарап жобаламақпыз. Солтүстік Қазақстанда, әсіресе, мәдени түрде қолданатын мал шаруашылығы мен дәнді егістік кәсібін жақсы жолға салуды бесжылдық жоспар өзінің күрделі міндеттерінен санап отыр, егіншілік кәсібі қолдан суару арқылы қолданылатын Оңтүстік Қазақстанда мәдени егістіктерді өркендетуге зор көңіл аудармақ мәдени түрде арық қазу жұмысын күшейтпек. Орталық Қазақстан малшылық кәсібін ұлғайтатын негізгі аудан болмақ. Жоғарыда біздің Қазақстанда теміржол кем болғаны Қазақстанның ішкі аудандарын емес, тысқары алаптарын шолып қана өтеді дедік. Енді Қазақстанда теміржол көбейтумен қатар, оның ішкі алаптарындағы түрлі аудандарға темір жеткізіліп, әсіресе, өндіріс орындарының өркендейін деп отырған түсті-түссіз металдар аудандарымен ауыл шаруашылығы күшті деп есептелген алаптарда теміржол молаймақшы. Бұнымен қатар, бұрынғы пайдаға жарамай жатқан су кендерін де іске асырылмақ. Қазақстанның жер көлемі өте мол, соның салдарынан теміржолды ұлғайту үшін қаншама мол сома шығарсақ та бірді қанағаттандыра алмайды, жалғыз теміржолдың өзі аздық қылады. Сондықтан теміржолмен қатар, басқа жолдарды да көбейтуге тырысу керек

Өндіріс орындары мен тас көмір, ауа, су қуаттары

Қазақстанның ауа, су, тас көмір күмістері өте зор. Осы күнгі жобаланып отырған есепке қарағанда бұларда 239,5 миллиардтай аттың күші бар деп есептеулі. Бірақ бұл күштерді осы бесжылдың ішінде пайдаланып боламыз деп ойлауға болмайды. Біз, ең алдымен, тас көмір мен су күштерін пайдалануды мақсат етеміз. Бұл күштерді тілейтін өндіріс орындарының қалаларының, халықтың мұқтаждығын еске алып, біз осы бесжылдықтың ішінде Қазақстан жерінің 4 ауданында станциялар орнатылмақ. Бұның біреуі тас көмір шығатын Қарағанды кенінде, екінші Ульба көлінде, үшінші Сенгір тас көмір кенінде, төртінші Іле өзенінде орнатылмақ. Қарағанды ауданында орнатылатын станциясының күшімен тас көмір қазып шығаратын жер осы күні салынып жатқан мыс қортатын зауыт және басқа да өндіріс орындары пайдаланбақ. Әнгір өзіненде орнатылатын станциясының күшінен халық шаруашылығының басқа түрлерінен бөлек, Шымкент маңында орнатылып келе жатқан өндіріс орындары (кенеп) мақталы тоқыма фабрикалары, май шығаратын, мыс қортатын зауыттар пайдаланбақшы, Ульба көлінде салынайын деп отырған станциясының қуаты мен Ридер кендеріндегі цинк өңдейтін қорғасын қорытатын зауыттар пайдаланады. Бұлардан басқа қалалар мен ауыл поселкелерде сенем станциялары салынбақшы. Бұл станциялардың беретін күштері 111,7 киловатқа жеткізілмек. Бесжылдықтың алғашқы жылында 1,3 мың киловат ғана болмақ. Электростанцияларының саны көбейтумен қатар, жергілікті халықтың үйіне келетін электр күшінің мөлшері де аспақ.

Жанбалы зауыттардың өндіріс орындары

Ендігі бір негізгі мәселе – жанбалы зауыттардың өндіріс орындары. Бесжылдықтың ендігі қалып отырған үш жылында Қарағанды, Екібастұз кендерін өсірумен қатар, Сенгір Биренгор кендерінің де маңызын арттыруға тырыспақпыз. Қарағанды кеніндегі тас көмірдің өте молдығына ешкім таласа алмайды. Бұндағы тас көмірдің саны қандай болса, сапасы да сондай жақсы деп танылып отыр. Білім мекемелерінің сөздеріне қарағанда Қарағанды кенінің тас көмірі нағыз таза, қызуы күшті тас көмірге айналмақшы. Қарағанды көмірі жалғыз Қазақстанның өндіріс орындарымен жол қатынасы шаруашылығынан басқа, Орал тауларындағы өндіріс орындарының мұқтаждығын қанағаттандыра алады деп ұйғарулы. Бесжылдықтың ақырғы жылында Қарағанды кенінен бір миллиард тонна тас көмір шығарылмақшы. Бұның жарты миллиарды Қазақстан көлеміндегі өндіріс орындарының мұқтаждығын қамсыздандыруына, енді қалған жарты миллиарды Қазақстаннан тысқарғы Орал зауытындағы өндіріс орындарының мұқтаждығын қанағаттандыруға жіберілмек. Екібастұз кенінің өнім, өсімі бесжылдықтың ақырғы шенінде 400 мың тоннаға жетпек. Берсогор кенінің өсімі 200 мың тоннаға жеткізілмек. Мұнай өндірісі жағынан Қазақстанның негізгі тиянағы Эмбадағы мұнай шығатын орындар болулы. Бұл туралы мәселенің салмағы Эмбадан шығарылатын мұнай кендерінің аудандарын кеңейтуге аударылмақ. Тиісті мекемелердің беріп отырған мағлұматына қарағанда Қазақстан көлемінде 70 жерден мұнай шығатын орын табылып отыр. Мұнай табылған жаңа аудандардан 3 200 мың тонна мұнай шығаруға болады екен. Ескі мұнай шығарып келген аудандар 300 мың-ақ тонна бере алушы еді. Бұрынғы бесжылдық жоспарда ескерілетін бір нәрсе мынау жалпы кеңестер

одағының орталық шаруашылық кеңесі мұнай ағызатын трубаның бетін Самараға қаратып салмақ еді. Бірақ бұл мәселе сол кездің өзінде де орталық мекемелер тарапынан едәуір қарсы болған келбетті көрсеткен болатын. Енді біз мұнай ағызатын трубаның жақтауға емес, Эмба станциясы арқылы Ташкент темір жолына қарай салуды өте дұрыс, өте қолайлы болады деп ұйғарамыз. Бұл жобаның қолайлығын Қазақстан мына жағдайды еске алғандықтан қолдап отыр. Егер де Доссор, Эмба станциясы арқылы салынса, бұл трубаның салу шығын 15 миллион сомға шейін арзан түсіреміз және орталық халық шаруашылық кеңесінің ұйғарған жобасына қарағанда біздің қолдап отырған жаңа жобамыз соңыра мұнай ағатын труба салынғаннан кейін әрбір жылдың өзінде 6 миллион сомдай жол шығынын кенітіп отырмақ, бұл осы күннің өзінде де әйгіленді, біздің жобамыздың дұрыс екендігі дәлелденді. Екінші жағынан бұл мұнай шығаратын аудандар Қазақстан өндіріс орындарының мұнай алатын қоры бізден болса, екіншіден Батыс Сібірдің де бір мықты қоры болайын деп отыр.

Кен төбе қалай, темір жұмыстарының істері

Бесжылдық жоспарға ендігі енгізіліп отырған күрделі нәрсенің бірі: темір зауыттарын өңдейтін өндіріс орындарының бірі, темір тегі шығарылатын орындар анық, жете шолынылып, анық зерттелініп болған жоқ. Бірақ осы күнге шейін аз зерттелген жерлерден осы 40 миллион тонна темір тегін бере алады деп ұйғарылады. Бұл темір тегінің заты байлығы оралдағы магнит кеніндегі темірге артық деп есептелулі. Басқа жерден шығарылатын темір тектерінде пайдасы кем зауыттар мол араласқан бұлына. Біздің жерде 70% нағыз таза темір болып отыр. Біздің бірсыпыра шығыс аудандарымыз темір заттарына әлі мұқтаждық бұдан артып отырмақ, сондықтан біз өз уақытымен Қазақстанда темір затын өңдеу жұмысын қолға алуды пайдалы қолайлы келеді деп отырмыз, ендігі қалған үш жылдың ішінде зауыт салу жұмысын бітірмекпіз. Бұл зауыттың ұйымын екінші бесжылдықта ала бастамақпыз.

Түсті метал

Біздің өндіріс орындарымыздың кедерлі бір бұтағы болып есептеліп отырған зат – түсті металдар. Кеңестер одағының арасында түсті металға ең бай, ең маңызды жер біздің Қазақстан. Сондықтан түсті метал заттарын өңдеу істерін өсірудің керек екендігіне аса көп тоқтамасқа болады. Бұл кәсіптің ісін ұлғайтып, маңызын арттырдың керегі сөзсіз, не орталық комитетінің қаулысы бойынша Қазақстан түсті металдың орын тапқан кедерлі қоры, жалпы Кеңестер одағының арасындағы маңызды бір ауданы делініп есептеледі. Біздің бесжылдықтың ұйғарып отырған жобасы түсті метал туралы шығарған «СТО» қаулысымен дәл қабыса алады.

Түсті металдың орын тауып, белгілі қоры болып отырған жерлер Қарағанды, Ридер, Қарсақпай, Шымкент, Әулие-ата, нағыз ірі 4 зауыт Қарағанды кенінде орнатылмақшы. Бұл зауыт бір жылдың ішінде 50 мың тоннадай мыс шығарып бере алатын өнбе бермек. Бесжылдықтың ақырғы шенінде мыс шығару ісін 30 мыңға тоннаға жеткіземіз бе деп жобалап отырмыз. Қазіргі күнде бес-ақ мың тонна шығарып отырмыз. Қорғасын шығару жұмысы 33 мың тоннаға жеткізілмек, цинк шығару ісі 25 тоннаға шейін бармақ, тағы-тағылар. Қарағанды

кеніндегі негізгі комбинатымыз бұл бесжылдыққа өнім бере алмайды. Өнім беретін кезі ендігі бесжылдықтың алғашқы шенінен ғана басталмақ.

Химиялы өндіріс орындары

Ендігі бір өндіріс орындарының кедерлі бір бұтағы – химиялық өндіріс орындары. Ақтөбе округінде фосфор кені өте мол және бұл өзінің мұқтаж болып отырған базарына өте жақын. Сондықтан біз бұл кәсіптің де өркендетілуін мақсат етіп отырмыз. Біздің осы күнгі жобалап отырған мөлшерімізге қарағанда бесжылдықтың ақырғы шенінде фосфор табу 40 мың тоннаға жеткізбекшіміз, зауыт салған кезде жылында 400 мың тонналық өнім бере алатыны жобаланып отыр. Жалпы Кеңестер одағының орталық мекемелерінде бұл мәселе екінші түрде қойылып жүрген сияқты, бәлкім бізге мөлшерлеп отырған цифрларымыз артылатын болып шешілулі мүмкін нәрсе. Неғылғанымен бұл өндіріс орындарының өркендейтін негізді жері Ақтөбе округі болмақ. Бұдан кейін түсті металдар өндірілетін Ридер кендері маңында химиялық өндіріс орындарының өркендетілуі орын тауып, Қарағанды кендеріндегі газдар мен пайдалану ісі көтерілмек, Ридер кеніндегі күкірт кислотасын өңдейтін зауыттың өнімі бір жылда 125 мың тонна бермек, 35% супер фосфорлық шығармақ.

Жергілікті өндіріс орындары

Өте артта қалып келулі мен ең қызықты Қазақстан шаруашылығын бір бұтағы – жергілікті өндіріс орны. Үсітіміздегі бесжылдықта жергілікті өндіріс орындарының маңызын арттырып, көлемін көбейту жайынан біз едәуір алға басқалы отырмыз. Оның себебі: ауыл шаруашылығын өте ірі ілгері жіберумен қатар, жергілікті өндіріс орындарының маңызын арттыру өте керек нәрсе, осы бесжылдықта барлық суманың ішінен 1 200 мың сомды басқа өндіріске шығармақ, жалпы суманың 921 миллион сомын жалғыз жергілікті маңызы бар өндіріс орындарының ұлғайтуға жұмсалсын деп отырмыз, жергілікті маңызы бар өндіріс орындарының өнімі 165 миллион сомға шейін өспек. Әсіресе, тері өңдейтін суға, мата қыл-қыбыр заттарын тоқитын өндіріс орындары ұлғайтылмақ. Одан қалды кездеме затын шығаратын екі фабрика салынбақ. Мұның біреуі Алматы қаласында салынбақ. Бұл фабриканың 100 мың машиналы жіп иіретін ұршығы болмақ. Үй, қора-қопсы салуға керекті заттарды өңдеп шығаратын өндірісті орындарға мол зер салынып отыр.

Ауыл шаруашылығы

Жалпы Кеңестер одағында осы бесжылдықтағы шаруашылық күресінің негізі ауыл шаруашылығының ескі түрін жойып, жаңа құрылысқа түсіру екені айқын. Шаруашылықтың жаңа құрылысы ұшқыны біздің Қазақстан орын алу тиіс. Бесжылдықтың алғашқы кезінде Қазақстанды артта қалған егіншілік аудан деп бағалаушы еді. Бұны мен сызып отырмын. Ескі ру тарқының қалдығы, ақсақалдық дәуірдің ұшқыны мол еді. Енді бесжылдықтың соңғы шеңберінде ауыл шаруашылығын жаңа шаруашылық курсымен өсіп отырмақ (колхоз, совхоз құрылысы өспек). Сондықтан Қазақстанның ауыл шаруашылығы екінші ағым болмақ. Осы бесжылдықтың өзінде артта қалған егіншіл аудан деп есептелініп келе жатқан Қазақстан егіншіл өндірісті аудан болуға айналмақ. Ауыл шаруашылығын коллективтендіру көшпелі, жарты көшпелі шаруаларды

отырықшылыққа, ескі Ресейден Қазақстанға 65 мың үй келімсек әкеліп орнату, осы мәселелердің бәрі ауыл шаруашылығының кейбір тарауларын өте күшті қарқынмен ұлғайтуға мол жағдай туғызуға себепкер болып отыр. Сондықтан осы күнге шейін болып келген шабандау қарқын жедел қарқынға орын бермек. Біз 383 мың үйді отырықшылыққа айналдырмақпыз. Қазақстандағы жалпы шаруалардың 81% коллективке айналмақ. Кеңестік шаруалардың дәнді егістік тресінің саны 60 жетпек, жалпы көлемі 6 миллион гектар болмақ. Бұның 2,5 миллион гектары егістік жер болады. Скотовод мекемесі 130 совхоз, овцевод ұйымы 110 совхоз ұйымдастырушы жобаланып отыр. Мақта егісінің көлемі 117 мың гектар, күріш егістігі 100 мың гектарға жеткізілмек. Колхоз құрылысының негізі туралы орындықшылдыққа айналу, келмесек келтіргендігі егістік көлемінің өсу мөлшері мына екпінмен жүргізілмек, осы жылдың өзінде 5 174 мың гектар егістік жер бар. Ендігі жылы 6 611 мың болмақ. Одан арғы жылдары 9 869 мың жеткізілмек. Бесжылдықтың ақырғы шенінде 14 025 мың гектар егістік көлем болмақшы. Бұл екпінмен барсақ егістік көлем орасан мол көбеймек. Көп адамға бұл екпін дәлелді болып көрінбеуге мүмкін, бірақ жобалап отырған шараларға тереңірек көз жіберсе, біздің сөз жүзінде ғана өсіп отырмағандығымыз ақталады. Орыс халқы шаруашылығының егістік көлемі 106% өспек. Қазақ халқының шаруашылығының егістік көлемі 320% өспек. Осы күнге шейін мақта егістігінің көлемі 70 мың гектар болып келіп еді. Енді Бетпақдала мен Шыршық құмдағынан басқа жердің өзінде ғана егетін мақта көлемі 320 мың гектарға жеткізілгелі отыр. Пішендік жер 3 110 мың гектарға шейін өсірілмек. Мақтадан басқа мәдени өсімдіктердің көлемі 314 мың гектар болмақ. Біз егістік жерді 9 бөлімді етіп өңдеу үшін жүзге асырғалы отырмыз. Бұл бір жағынан егістік кәсібін мәдени түрде қолдану ісіне жақындаса, екінші жағынан мал шаруашылығын, пішендік жағынан қамсыздандыру үшін біз Қазақстанға 413 мың сомдық машина-сайманды шет жерлерден әкелуімізге мөлшерлеп отырмыз. Трактор санын 37 мыңға жеткізуге ұйғарылымыз. Жергілікті жүк таситын қатынас жолдарының санын 221 жеткізбекшіміз. Совхоздар өздерінің барлық егістік жерлерін трактор күшімен ғана айдауға тиіс. Колхоздардағы егістік жерлердің 50-60% көлемдері машина арқылы өңделмек. Қалған жерлері ат күштерімен айдалмақшы, сонда әрбір аттың үлесіне 2,1 гектар жер келуге тиіс, егіншілік үнемі 35% артсын деп мөлшерленіп отыр. Ауыл шаруашылығы жөніндегі бесжылдық жоспарда көрсетілген шараларды түгелімен орындасақ мынадай қортынды шығарамыз: 1928-жылы ауыл шаруашылығының өндірген өнімі 24,8 миллион центнер еді. Енді 1932-жылы өндіретін өнімі 1928-жылдың өнімінен 73,8% аспақ. Бұрынғы кезде совхозда 0,2 өнім бере алса, енді бұрынғыдан 10% арттырмақ. Біздің жүргізіп жатқан коллективтендіру екпініне қарағанда, колхозда 8% өнімін 50-60%-ке жеткізбек. Мақта кәсібінің өнімі 4 379 мың центнерге жетуге тиіс. Пішендік өсімдіктер бұрынғы 5,2 миллион центнерге шейін өспек. Дәнді астықтың зат өнімі 1928-жылғы 8,3 мыңдық өнімінен 1932-жылы 20 916 мың центнерге шейін өсуге тиіс.

Мал шаруашылығы

Мал шаруашылығы жайынан біздің екпініміз осы соңғы жылдары бәсеңдей бастады. Бұл бәсеңдік мына себептер арқылы болулы: біздің тексергенімізге қарағанда Қазақстан көлеміндегі барлық малдың 33,8%-нен 6% байлар қолында

ғана тоқырап келіпті. Біздің байларға қолданған шараларымызға (конфискация, салық саясат) қарап байлар қолдарындағы малының санын кемітіп қойысты. Кулактардың, билердің бізге қарсы жұмсаған саясаты арқасында астық дайындау науқаны кезінде және 1930-жылғы коллективтендіру ісін жүргізген кезде істелген қателіктер арқасында мал саны төмен түсті. Әсіресе, малшыл аудандарда мал саны өте мол кеміп қалды, жалпы Қазақстанда орта есеппен алғанда мал саны 30-35% кеміді, біздің бұрынғы жобамызға қарағанда осы көктемде 40 688 мың бас мал болу керек еді. Енді 33 361 мың бас ғана болып отыр. Бесжылдықтың екінші жылы мал санының бұндай орасан кемуі осы бесжылдықтың ішінде өсіреміз деп ұйғарған малдың санын толықтыруға едәуір кесек келтірмек. Алғашқы кездегі мөлшермен біз бесжылдықтың ақырғы шенінде 53 400 мың бас болады деп ұйғарған едік. Енді бұл санды жеткізу ісі аса қиын еткен бесжылдықтың соңғы жылында Қазақстан көлемінде 48 690 мың бас мал болмақ. Бұның бір жарым миллионы бізбен шектес тұрған Қытайдан едәуір мал әкелмекпіз, мал саны кеміді, бесжылдықтың екінші жылында мал санының кемігендігі мал шаруасындағы жалпы өнімді төмендетуге үлкен себеп болулы.

Мал шаруашылығының жалпы өнімі

	1928-29 жылы	**1932-33 жылы**
Ет	4625,3	5081,5
Бір мың дана уақ тері	2329,7	1526,1
Бір мың дана қой жүні	350,8	468,0
Бір мың дана түйе жүні	56,6	53,5

Мал шаруашылығының зат өнімі

	1928-29 жыл	**1932-33 жыл**
Ет	2456,3	3328,3
Ірі терілер	2143,3	1460,3
Бір мың дана уақ терілер	7734,9	8695,5
Бір мың дана қой жүні	127,1	400,4
Бір мың дана түйе жүні	29,1	44,8

Сауда орнын салу туралы

Сауда орындарын молайту жайында біз терімен зат тоңазытатын жер (холодильник) шек және басқа зауыттар салдыруға ұйғарып отырмыз. Біз мал шаруашылығының келешектегі өсуін еске алуымыз, мал шаруашылығы күшейген кезде малдың жейтін азығы да молаю керек. Мал шаруашылығы пішен жағынан қамдықпауы керек. Осылардың бәрін біз еске алып, астық затын өңдейтін ірі термен 100 ауыл терменін салғалы отырмыз. Бұдан қалды ет затын тоңаздататын орындар мен күріш зауыттарын салуға ұйғаруымыз. Орталық комитет пен жалпы кеңес үкіметінің малының ауырлығын семіздігін жоймау үшін қаулы шығарғаннан кейін ет тоңазытатын орындардың санын молайтуға зор көңіл тоқыратулымыз, жаңадан салынатын ет тоңаздататын орындар 5 жылдықтың ақырғы жылдарында 277,3 миллион банка консерв шығарулары керек. Бұл орындарды салар кезде жоғарғы цифр еске алынып салынбақ. Ірі мал,

шет үкіметтердің бізге жақын отырған аудандарына ғана шығарылмақ. Ауыл шаруашылығының азықтарын өндіретін, май шығаратын, шек өңдейтін зауыттар сияқты өндіріс орындарын күшейту ісі қаралып жоба етіп отыр.

Жол қатынасы

Қазақстан шаруашылығының өсуіне, күшеюіне көп кедергі келтіріп отырған нәрсе – жол қатынасының нашарлығы мен мәдениетсіздігіміз, бірақ енді Қазақстанда теміржол молайтқалы отырмыз. Қазақстан далаларын біраз жылдың ішінде темір жолдың қоршауы қақ. Қазақстан теміржол жүргізген кезде, әсіресе, өндірісті аудандарды, арықсыз өңделетін егінші аудандарды және мал шаруашылығы күшті болып отырған аудандарды теміржол арқылы мол қоршалуларын еске алып отырмыз. Теміржолды да осы есеппен салмақпыз. Осы күнге шейін Қазақстан жеріндегі темір жолдың шаруашылыққа пайдасы шамалы болып келді, ол темір жолдар Қазақстанды құр шолып қана өтіп өткен кеткен адамдарды ғана таситын, өсіп келе жатқан Қазақстан шаруашылығының мұқтаждығын қамсыздандыра алмайтын. Сондықтан Қазақстан көлемінде жаңа темір жол салу ісі күшейтілу өте керек нәрсе. Жаңадан салынайын деп отырған темір жолдар Қазақстан жағдайында зор бағаны алулы. Біздің жаңадан салынғалы отырған темір жолдың ұзындығы 7 930 километр болу керек. Бұдан бұрын Түркістан-Сібір жолы[187] және оның бұтағы болады деп отырған Алматы, Харьков, Сергиополь, Бақты теміржолдары енуге тиіс. Екінші Ақмола-Сергиополь және Қарқаралы-Оралдағы Магнит тауы болмақ. Бұл темір жол Қазақстанның батысынан шығысына қарай созылып, нағыз орталық Қазақстанды басып өтпек. Ұзындығы 3 мың километр болмақ. Бұл темір жол Қарағанды кенін Магнит тауындағы зауыттармен байланыстырып, Түркістан-Сібір теміржолымен қосылып, Түрксібті тас көмір жағынан қамсыздандырып отырмақ. Бұл теміржол Қазақстанда көлеміндегі нағыз бай деп есептеліп отырған түсті металдардың және теміржол, тас көмір заттарының мол тоқыраған ең маңызды жерлерін тегіс шолғалы отыр. Одан қалды Ақмола-Қостанай ірі дәнді егістік, мал шаруашылығы күшті совхоздарды басып өтпек. Бұл жолдардан басқа Орал, Елес, Ридер, Қарсақпай, Доссор, Эмба теміржолдары салынбақ. Эмба станциясына шейін теміржол салынса, бір жағынан азық-түлік жағынан қамсыздандыру мәселесін шешіп, екінші жағынан Қазақстанның алыста жатқан аудандарын орталықпен байланыстыруға көп пайда келтірмек. Барлық осы темір жолдарды салу жұмысына шығарылып отырған сома 75 миллион сом. Қазақстан шаруашылығы өсіріп кеңейту үшін жобалап отырған шаруашылық екпініміздің ыңғайлы теміржолдар болған кезде ғана іс жүзіне асырмақпыз. Барлық жол ауыртпалығын жолға артып жіберуге болмайды, теміржолдың жетпеген жерін темір жол арқылы толықтырылып жіберу керек. Осы күні Қазақстан көлемінде шойын жолсыз жолдардың ұзындығы 83 951 километр. 5 жылдықтың ішінде осы жолдардың 35,4% жөндемекпіз. Тас төселген жолдың ұзындығы 210 километр. Цементтелген жолдың ұзындығы 1 129 километр. Тас төселмей тегістелген жолдың ұзындығы 2 554 километр. Ендігі қалғандарын жәй тегістеп жол

[187] Түркістан-Сібір жолы 1926-1931 жылдар аралығында салынды. Орталық Азия мен Сібір аралығын қосатын темір жолы 3 жыл 9 айдың ішінде аяқталып, 1931 ж. 1 қаңтарынан бастап тұрақты пайдалануға берілді.

қатынасына ыңғайламақпыз. Бұдан қалды біз әуе жол ісін де жақсы жолға салмақпыз.

Социалдық мәдени құрылысы

Қазақстанның тез өркендеуіне өте мол кедергі келтіріп, қиындық істеп отырған кедерлі бір кемшілік – елдің хат танымаушылық. Сондықтан біздің алдымызда тұрған зор міндеттің ең әлді ісі жаңа күштер, жаңа қызметкерлер даярлау мәселесі болып отыр. Біздің ұйғарған істеріміздің көңілдегідей орындап шығу үшін бізге үлкен мамандығы бар қызметкерлер 24 480, орта мамандығы бар қызметкерлер 90 815, төмен мамандығы бар қызметкерлер 500 515 керек. Ірі мамандығы бар қызметкерлер жоқтығы арқасында кездесіп отырған қиындықтарды жеңілдету үшін біз Қазақстан көлемінде 8 жоғарғы дәрежелі оқу орындарын ұйымдастыруды өте керекті деп отырмыз. Тіпті, хат танымаған адамдардан маман қызметкер шығару өте қиын нәрсе – болмайтын нәрсе. Сондықтан біз қалаларда жұмыскерлердің тоқыраған жерлерінде совхоз бен колхоздарда жаппай оқушыны күшейткелі отырмыз. 1931-1932-жылдарда жаппай оқу ісі Европа халықтары мол мекендеп отырған аудандар мен жаппай коллективке айналдырылған аудандарда қолға алынады. 1933-1934 жылдары жаппай оқу ісі қазақ халықтары мен қарақалпақ ұлт арасында жүргізілмек. Балаларды жаппай оқу ісіне тегісі мен тарту ісі 1935-1936-жылдарда жүргізілуге керек деп ұйғарып отырмыз.

Қорытынды

5 жылдықты орындап шығу арқасында біз мынадай саяси маңызды шаруашылық нәтижесін көрмекпіз. Халық шаруашылығының бұрынғы кездегі жалпы өнімі 61 225 мың сомдық болулы. Ендігі өнімі 2 771 миллион сомаға жетпек, бұның ішіндегі 1 476 миллион сомы ауыл шаруашылығынан өнген өнім, орталық халық шаруа кеңесі қарамағындағы өндіріс орындарының өнімі 616 394 мың сом болмақ. «А» тармағындағы өндіріс орындарының өнімі 2 675 2% өспек, «б» тармағына жататын өндірістің өнімі 1 423%-ке шейін өспекші. (Жалпы одақтық өндіріс орындары 3 351,5% өседі, жергілікті өндіріс орындары 1 597,4% өспек.)

Өндіріс орындарымен салыстырғанда халық шаруашылығының өнімі 25% болады. Бұрын бұның өнімі 5%-ақ болушы еді. Сонымен бұрынғы жабайы егіншілік кәсібін қолданып келген Қазақстан бұл күнде егіншілік кәсібі мол өндірісті ауданға айналмақ.

Өндіріс кәсібі өскен сайын пролетариат қоры да молаяды.

Осы күнге шейін болып келген жұмыскерлердің саны 16 860 адам болса, енді 86 784 адам болғалы отыр.

Салу жұмыстарымен шұғылданатын жұмыскерлер бұрын 15-ақ мың болушы еді, енді 260 658 адамға жеткізілгелі отыр.

Жол қатынастарының жұмыскерлері (бұның ішінде теміржол қызметкерлері де бар) 23 498 адам болушы еді, енді 151 300 адам болмақ. Ауыл шаруашылығында жүрген жұмыскерлер 95 179 адам болатын, енді 125 000 адамға жетпек. Қазақстан қаржысының негізгі қоры 2 миллиардтан 7 миллиардқа жеткелі отыр.

Халық шаруашылығының осындай жедел қарқынмен тез өсіп бара жатқаннан шыққан нәтиже арқасында бәз едәуір күрделі міндеттерімізді шешіп ала аламыз.

Әйткенмен біз саяси теңшілдік алсақ та, шаруашылық теңшілдігін әлі алып жеткеміз жоқ. Бірақ бесжылдық жоспарды орындауымыз біздің шаруашылық жағынан болып келген теңсіздігімізді жоятыны анық. Егер де әрбір жанның үлесіне келетін өнімді 900 сомға жеткізсек, сол біздің шаруашылық жағынан болып келген теңсіздігіміздің жойылуына мықты дәлел.

Бұрынғы орыс патшасының отаршылық саясаты арқасында Қазақстанның шаруашылығы әлсіз, төмен ел болып келеді. Бірақ қазір патша дәуірі жойылды. Отаршылық саясаты да құрыды. Сондықтан Қазақстанның шаруашылық жағынан да басқа елдермен терезесі тең келуге мол еркіншілік бар.

Осы бесжылдықтың ішінде Қазақстан халық шаруашылығының керегіне 5 941 856 мың сом қаржы жұмсалғалы отыр. Бұның 10 590 948 мың сомы өндіріс орындарына, аудандарды электрлендіру ісіне 64 181 мың сом, жол қатынасының расходтарына 123 142 мың сом, пошта мен телеграф расходтарына 61 746 мың сом теңге, ауыл шаруашылығына 2 301 542 сом, мәдениет құрылысына 700 миллион сом жұмсалғалы отыр. Бұл сомалар аз нәрсе емес. Өте мол сома.

Мінекей, біздің бесжылдықтың қарқыны және одан күтіп отырған нәтижелеріміздің қорытындысы.

Жоғарыдағы осы бесжылдықтың ішінде іс жүзіне асыратын жұмыстарымыз жайында қолданып және қолданайын деп отырған шараларымыздың сипаттамалары ылғи шаруашылықпен нығыз байланысып, одан тысқары кетпей отыр. Сондықтан біздің сол шараларымыз өте күрделі мәселелер және іс жүзіне анық аса алатын істер екенінде ешкім таласа алмайды. Біздің бесжылдығымыз іс жүзіне аса отырып, Қазақстанның жалпы шаруашылығын көтеріп, оны негізгі капиталын шынықтыра көбейтіп, әрбір жеке жанның үлесіне келетін өнімін де арттырады. Сонымен қатар, жалпы одақтық маңызы бар түсті метал, химиялық өндіріс және мәдени өсімдіктермен дәнді егістік сияқты күрделі шаруашылық мәселелерін де шешуге жағдай тудырады.

Біздің осы бесжылдығымыз Қазақстанның қолынан келетін істеріне мол көңіл аударып көп тоқырап отыр. РСФСР-дың Қазақстан туралы істеген бес жылды былай емес еді. Екеуінің арасында зор айырма бар. Ол Қазақстанның социалдық секторларын ұлғайтып, жалпы Қазақстандағы халық шаруашылығының орта есебі өсіретін. Біздің осы бесжылдығымызда социалдық құрылысының негізіне сүйеніп, соны мол көксейді. Бірақ Қазақстанның өндіріс орындарын, өндіріс күштерінің неғұрлым мол зораюына көп көңіл бөледі.

Егер де жалпы одақтың бесжылдығы кеңес жерін жайлаған жұмыскерлер мен еңбекшілерге жалпы қоғам ойын соған аударатын өте күрделі жобамыздың бірінен саналатын болса, соның арқасында жалпы жұмыскерлер табы мен қалың еңбекшілердің белсенділігін көтерсе, Қазақстанның бесжылдығы Қазақстан жұмыскерлері мен еңбекшілерінде сондай әскер етіп, сондай маңызы болу керек.

Жалпы одақтың бесжылдығы жалпы одақтағы еңбекшілерге өте маңызды болып отыр. Біздің бесжылдығымыз жалпы Қазақстан еңбекшілеріне де өте зор маңызды болу керек. Сондықтан Қазақстан еңбекшілері Қазақстанның бесжылдығына ойларын мол тоқыратып, оның маңызын жақсы жете ұғынып, белсенділікті зорайтып, бесжылдықтың орындалуына жұмыла кірісу керек.

Біз өзіміздің бесжылдығымызбен жеке-жеке орындарды, ауыл мен қыстақтарды, деревняны, Қазақстандағы колхоздар мен совхоздарды жете таныстырып, соның орындалуы үшін кеңес-партия ұйымдарының ойын Қазақстанның бесжылдығына толық тоқыратуымыз керек.

№114
Қ. Сарымолдаевтың «Түсті металды өндіріс орындарын ұжымдастыру: Қазақстанның бесжылдық келешегі» атты кітабы[188]

Бесжылдық жоспардың іске аса бастауымен қабат, бесжылдықтың ішіндегі көрсетілген маңызды жұмыстардың жеке тарауларын әйгілейтін ұсақ кітапшалар шығаруды Қазақстанның жоспар мекемесі лайық тапты. Кітапшаның жалпы аты – «Қазақстан – бесжылдықтың келешегі» деп аталып, жеке-жеке кітап болып шықпақ. Алдымыздағы осы кітапта бірталай ірі негізгі мәселені қозғайтындықтан, жоғарғы айтылған кітапшалардың бірі болып шығып отыр. Осы Қазақстанның түсті металды өндіріс орындары туралы Қазақстан орталық атқару комитетінің январь айындағы секциясында баяндама істеген едім, қазіргі күнде Қазақстанның ең алғашқы белгілеген жоспары артығымен орындалатыны анықталды, сондықтан бесжылдық жоспарды қайтадан жасап, ең алғашқы бесжылдық жоспардағы белгіленген жұмысты анағұрлым ұлғайтуға тура келді. Қазақстан атқару комитетінің соңғы секциясындағы Қазақстан түсті метал өндіріс орындары туралы істеген баяндамамнан кейін Қазақстанның соңғы жасалған бысжылдық жоспардағы көрсетілген мөлшелерден цифрлар алынып тағы да толықтырылды.

Қ. Сарымолдаұлы.
28 май 1930 жыл.

***

Кеңестер Одағының бесжылдық жоспарын өнерлі кәсіп негізімен жүзеге асырғанда, Қазақстандағы түсті метал өндіріс орындарын күшейту мәселесін мемлекеттік бірінші маңызы барлығын анықтайды.

Кеңестер елінің жалпы шаруашылығына және өнерлі кәсіп негізіне айландыруының қазіргі қарқынында түсті металдың қандай ірі маңызы бар екенін орталық партия комитеті көрсетіп отыр. Түсті метал жұмысының қазіргі жайы туралы орталық комитет мәселе қозғағанда былай деген: «Мемлекетті өнерлі кәсіп негізіне салып жүргізу және халық шаруашылығын шеттің қолына шаруашылықтан құтқару жалпы ел қорғау электрлендіру жұмысы және халық шаруашылығының кейбір көсемшілік түрде барылатын жеке тауарлары түсті метал жұмысын қалай болған күнде де екпінді ретпен өркендетуді тілейді».

Орталық комитет осымен бірге жоғарыдағы айтылған ірі міндеттерді орындайтын аудандарды белгілеген: «Бұл мақсаттарды орындауда, ең алдымен, өзгеше көңіл бөлетін мына аудандар: Қазақстан, Орал, Нершинский...»

---

[188] Түсті металды өндіріс орындарын ұжымдастыру: Қазақстанның бесжылдық келешегі. Бастырушы: Қазақстанның жоспар мекемесі. – Қызылорда: Тип. КазЦСНХ, 1931.

Осы айтылған байлықтарды отыра тұра алдымызға қойылған міндеттерді шешу үшін Қазақстанда түсті өндіріс орындарын ашып және бұлармен қатар жәрдемдесіп отыратын өндіріс жерлерін ашылуын керек қылады. Жоғарыда айтып өттім: Кеңес шаруашылығына түсті металдың қандай ірі маңызы барлығын орталық комитет өзінің тоқтамында көрсетіп отыр деп. Енді бұл жағдайды, дәлелдеу үшін бірнеше цифрлар келтіріп және түсті металдың дүние жүзінің шаруашылығында қандай орын алатындығын көрсетіп өтем.

Егер қара метал – темір, шойын, елдің өнерлі кәсіп негізімен жүріп келе жатқан жағдайын көрсетсе, түсті металдың жұмсау мөлшері бұл өнерлі кәсіп негізін не түрде орындап келе жатқанын және өнерінің қандай сапасы барлығын көрсетеді.

Соңғы жылдардағы дүние жүзінің шаруашылығына түсті металдың жұмсалауын алып қарағанда, бұл металдың жұмсалу мөлшері қара металдың жұмсалуынан тым-ақ артып барады.

1925 жылы дүние жүзінің шаруашылығына 79 миллион тон темір мен шойын жұмсалған.

1926 жылда сол мөлшерде жұмсалып отыр. Егер дүние жүзінің шаруашылығында түсті металдың жұмсалуына келсек, мыстың жұмсалуы сол дәуірде 47%, қорғасын 38%, цинк 24% артқан.

Бұл жөнде Кеңестер одағының қандай қал-жайы бар екен. 1913 жыл мен 1926-1927 жылды алып салыстырып қарайық. Бұл дәуірдің ішінде шойын мен темірдің жұмсалуы бір күйде болғандай, қайта шамалы кеміген.

Бұл соңғы жылдарға шейін бізде шойын ерітіп темір жасау жұмысының нашар жеткіліксіз түрде жүріп келгенін көрсетеді. Кеңестер одағында мыстың жұмсалуы дүние жүзіндегі жұмсалуымен бірдей болған.

1913 жылы ескі Ресейде 42 мың тондай мыс жұмсалған, 1926-1927 жылы мыстың жұмсалуы 61 мың тонға жеткен, өскені 45%.

Басқа түсті металдың жұмсалуына келсек, қорғасын мен цинктің Кеңестер Одағында жұмсалуы патша заманындағыдан кем. Бірақ бұл біздің түсті металға мұқтаж болмағандығымыздан емес, осы уақытқа шейін түсті метал өндіріске көз қырын салмай оның ілгері басуын кешелдеткенімізден.

Әрине, түсті металды жұмсау мөлшері әр елдің өнерлі кәсіп жолында қандай ілгері кетіп кейін қалғандығын көрсетеді. Іс жүзінде біз мынаны көріп отырмыз. Соғыстан бұрын Солтүстік Америка құрамасында әр адамға 3,8 килограмм метал жұмсалып келген, соғыстан кейін 7,8 килограмм болып отыр, екі есе артық жұмсалатын болған.

Франция мемлекетінде соғыстан бұрын жан басына 2,5 килограмм түсті метал жұмсалған еді. Соңғы кездерде бұл цифр 3,1 килограммға дейін өсті. Бұдан біз мынаны көріп отырмыз: өнерлі кәсібі күшті елдің алдыңғы қатарында саналып отырған Солтүстік Америка құрамасында түсті метал жұмсалуы бөтен елдерден әлде қайда ілгері, біздің Кеңестер одағында бұл металдың жұмсалуы тіпті азғантай. Халық шаруашылығына жұмсалатуы түсті металды ақшаға шағып басқа металдармен салыстырғанда дүние жүзіндегі барлық жұмсалатын шойын 2,5 миллард сомдық болған, сол уақыттың ішінде 2,5 миллиард сомдық түсті метал жұмсалып отырған. Бұл көрсетілген цифрларға қарағанда Кеңестер одағы өнерлі кәсіптің негізіне салынатын техника өнер жағынан ірі өнерлі кәсібі зор Солтүстік Америка құрамасынан әлде қайда кейін қалып келе жатқанын

анықтайды. Халық шаруашылығының ілгері қарай басуына түсті металдың зор маңызы барлығы осыдан белгілі болып отыр. Халық шаруашылығын өсіру ретінде бесжылдық жоспардың алдына қойып отырған «өнерлі ілгері халде келе жатқан байлар мемлекетін қуып жетіп озамыз» деген ұранымызды жүзеге асыру үшін түсті метал көп керек болады. Түсті металдардың орнына бөтен түрлі заттарды пайдалану жалпы Кеңестер одағының өнерлі кәсіп жұмысына кедергі келтіреді, оның ішінде түсті металдар мен өндіріс орындарын молайтуға және отан қорғау істерін нығайтуына жағдайсыз тиеді.

Қазіргі күнде Кеңестер Одағында түсті металдың шығарылуы тым нашар, түсті металдың одақтықта шығарылуымен одақтық шаруасына керегін салыстырып қарасақ, жай қанағаттандыратындай емес: Кеңестер Одағының 1926-1927 жылы жұмсалуға керекті мыс 61 тонна болған, мұның ішінен 47% сырттан әкелінбекші, ескіден қалған қалдықтар 25% өзіміздің шығарғанымыз 28% болған. Қорғасынды алсақ бұ да жақсы емес, барлық жұмсалатын қорғасынның мұның 5% ғана өзімізден шығарылып, қалған 95% сыртқы мемлекеттен әкеленіп тұрған.

Өзімізде шығарылатын цинк барлық мұқтажымыздың 7%, ескіден қалғаны 8%, сырттан әкелінетіні 85%. Алюминий ескі Ресейде шығарылмаған, бұл күнде оны өзімізден шығару жұмысына кірісе бастадық. Соңғы уақытқа осы күнге шейін жұмсалғанының бәрі де сырттан әкелініп тұрды.

Өзі өзінен-ақ белгілі шаруашылығымызды өз аяғына бастырып бұрынғы қалыпқа жеткізу дәуірінде түсті металдың осы жайдағы өндіріс орындары оған қосымша ескіден қалған металдар өндіріс орындарынан мұқтаждарын қанағаттандырып келді. Енді халық шаруашылығын күшті қарқынмен алып бару жөнінде ілгері бастыруымен қатар ірі өнерлі өндіріс жолымен алып бару жөнінде түсті метал өндірістерді ескі қалпында қолдану болмайды.

Түсті метал өндірісін ескі түрден шығармасақ, көп расход шет мемлекеттерден түсті металдарды әкелуге көп расход керек болып тұрады: бесжылдық ақырында 240 миллион сомның түсті металын шет мемлекеттерден келтірмекші едік.

Бұл түсті металдардың ақша жасау қажетінен басқа да маңызы зор. Егер байлар мемлекетінің біреуімен тіресіп қала қойсақ (бұлайша болмайды деп ешкімде айталмайды), өндіріс орындарымыздың кейбір тараулары тоқталып қалуға мүмкін. Осындай жағдайларды еске алып партия мен өкімет түсті металдардың өндірісін бесжылдықтың ішінде біздің қажетімізді толық өтей алатын мөлшерге жеткізгелі отыр.

Түсті металдардың бесжылдық жоспарын Кеңестер Одағында толық орындаған күнде түсті металдың бірсыпырасы керегімізді толық қанағаттандырады, кейбіреулерін ғана шамалап шет мемлекеттерден жеткізіліп отырады. Жоғарыда айтып өттік, бұл алдымыздағы қойылып отырған міндеттерімізді орындау ретінде Қазақстан негізгі аудандарының бірі болып табылады. Қазақстанның түсті метал шығару жөнінде қандай маңызы барлығын төмендегі мағлұмат белгілейді:

Қазірде Қазақстанда мыс шағатын жерлердегі мыстың запасы Кеңестер одағындағы запастың 61,6% болып отыр. Қазақстанда түрлі металдардың запасы 44,5%, цинк 36,5%, қорғасынның 43%. Осы күні Қазақстанда түсті металдар шығатын 5 000-дай орындар табылып отыр. Бірақ бұл орындар әлі толық

зерттелген жоқ. Сонда да Қазақстанда қазіргі белгіленіп отырған байлықтардың, өзі ғана осы бесжылдықтың ішінде бірқатар фабрика мен зауыттар салынуы жобаланып отыр. Бұл түсті металды шығару жоспарының өзі бөлімін орындауына дәлел. Орындай түсті металдардың шыққан жерлері тап осы күнде ғана айқындалған жоқ, бұлар патша заманында да белгілі еді. Бірақ оны патша заманында өз бетімен өндіріс орындарын салып пайдалана алмады, кейбіреулерін шет мемлекеттің байларына жалға беріп пайдаланушы еді (мәселен, Уркварт).

Бұл байлықты патша өкіметі не себептен пайдалана алмады? Мұның негізгі себебінің бірі: ескі патша өкіметі қалайда шамасы болса төңіректегі аудандардың, отарлардың, жарты отарлардың өндірістерін өркендетпеске кедергі жасады. Екінші жақтан патша өкіметінің тұсында өнерлі өндіріс орындары нашар кем болғандықтан түсті металдың бұл күндегідей онша керектігі болмады. Міне, бұл ескі Ресейдің жалпы халық шаруашылығынан артта жатқандығын көрсетеді. Ол кезде түсті металдан керегін Орал, Нершенский, Кавказдағы зауыттардан алып тұрды. Бұдан басқа кен байлығы шығатын жерлер жеткілікті зерттелмеген. Ең әуелі кендерді толықтырып алу амалдарын толық шеше алмаған. Осы кен байлығы бар жерде соңғы уақыттарға дейін жеткілікті жол қатынасының болмағандығы мықты кедергінің бірі болып келген. Рас, осы күннің өзінде де осы түсті металы бар райондарда темір жол жүргізілген жоқ. Темір жолы жүргізілген жоқ жерлер Ақмола округінде Қарағанды, Балқаш көлінің маңы, Баянауыл Успенскийдің төңірегі Ридер, Қарсақпай. Соңғы жылдардың ішінде Ридер мен Қарсақпайда жұмыс жүре бастады, бірақ кен байлығының қорлы райондарына осы күнге дейін лайықты жол қатынасы жоқ. Мінекей, осындай себептер Кеңес өкіметінің кен байлығы мол жерлерді жұмыстап іске асыруына бөгет жасады. Қазіргі күндегі Кеңес өкіметінің ұстап отырған саясаты патша өкіметінің тұсындағыдан әлде қайда өзге, Кеңес өкіметінің алға салып отырған мақсаты да басқа.

Бесжылдық жоспар туралы XVI-партия конференциясында жолдас Кирсижановский бесжылдықтың ішінде жеке райондардың маңыздарын, міндеттерін айта келе бұл бесжылдық жоспардың ішінде ауыр өндірістің салмағы күншығысқа ауады деген. Мұнда жалғыз Қазақстанды ғана айтып отырған жоқ, басқа күншығыстағы Сібір сияқты аудандарды айтып отыр. Мұндағы саясат ірі өндіріс орындарын күншығысқа тек аудару емес бұл бай аудандардың жеке алғанда Қазақстанның мол кендерін көздеген. Кеңес өкіметі осы айтылған кедергілерді әсіресе лайықты жол қатынасының жоқтығына қарамастан қалайда болса осы міндеттерді орындап күншығыс орталық Қазақстандағы кен байлығын іске асыруын дұрыс тауып отыр. Бесжылдық жоспар Қазақстанда түсті метал өндірісін күшейтіп отыр. Бұл жоспар бекілді. Жаңадан ашылған өндіріс ұйымдарының негізіне қойылып отыр. Бұлар түсті метал өндірісінің орындарын салуға кірісті.

Осы бесжылдық жоспардың ішінде не істемекші болып отыр?

Бұл бесжылдықта ашылмақшы түрлі комбинаттар түсті металдар шығатын жаңа зауытпен өндіріс жұмысына көмек көрсететін орындар салынбақшы. Осы ашылатын комбинаттардың ішіндегі ең маңыздысы – Орталық Қазақстандағы Қарағанды комбинаты. Бұл комбинаттың өндіріс күшінің межесі 50-60 мың тон мыс шығармақ. Қазақстанды комбинаттың кен шығатын Қоңырат деген жерінде

негізді үлкен кен тазалайтын фабрика салынбақ. Онан кейін Жылтау Спаский-Успен бөлімдерінде болмақ. Мұнан басқа Қарағандыда өндіріс күші 8 мың тон қорғасын шығаратын бір зауыт салынбақшы.

Және де бесжылдық жоспарда Қарсақпайда комбинат ашылмақшы, онымен қатар бұрынғы мыс беретін зауыттың күшін бес мың тоннан 10 мыңға арттырмақшы. Жезқазғанда кен шығару жұмысын 75 000-нан бір миллион тонна шығаруға дейін ұлғайтылмақ, мыс тазалап шығаратын фабрикасының өндіріс күшін күніне 3 000 тонна беретінге жеткізбекші.

Ридер комбинатында 40 мың тонналық электрі цинк зауыты салынбақшы. 25 мың тонна қорғасын өндіретін зауыт салуға қазір де кірісіп отыр. Осы түсті металды кеннен айырғанда қалатын заттардан серная кислота шығаратын үлкен химия зауыты да салынбақшы.

Ең ақырында, бесжылдықтың ішінде Сырдария округінде Шымкент, не болмаса, Түркістан төңірегінде күші 25 мың тонна қорғасын шығаратын бір үлкен зауыт салынбақшы.

Осы көрсетілген комбинаттардың ішінде, түсті метал ерітетін фабрика-зауыттардың ең үлкені жоғарыда айтылған Орталық Қазақстандағы Қарағанды комбинаты болады. Бұл комбинат өзінің өндіріс күші және кен қорының молдығы жағынан Қазақстанда бірінші орын алады. Бесжылдық жоспар толық орындалғанда Кеңестер одағына Қазақстан барлық одақта шығатын түсті металдың 1/8 береді. Жекелеп алғанда: мыстан 31%, цинктан 31%, қорғасыннан 30% болмақ. Осы айтылғанның бәрін толық орындалуы көп қаржы керек қылады, бұл қаржы 329 миллион сомдай болып мөлшерленіп отыр. Осы көрсетілген қаржыны әр өндіріс орындарына бөлгенде бұлай болмақ: Орталық Қарағанды комбинатына 79 миллион, Ридерге 71 миллион, Қарсақпайға 73 миллион, Тұрғанға 6 миллион сом келмек.

Бұл цифрлар не көбейтіліп, не болмаса, азайтылуы мүмкін, бірақ көрсетілген міндеттерді орындап шығу үшін қаржының бұдан да молаюы ықтимал. Қазақстандағы осы көрсетілген түсті метал өндіру жұмысын түгел орындалып шығу үшін қандай жағдайлар керек? Бұл сұраудың мыңыздылығының себебі мынау: осы салынайын деп отырған өндіріс орындарының көбі – осы уақытқа дейін арбаның доңғалағы да баспаған жерлер, бұл жерлер – Қазақстанның ішінде ең артта қалған аудандар.

Егер де біз, Қазақстанда түсті метал шығару үшін тиісті жағдайлар туғыза алмасақ, бүкіл одақтың көлеміндегі түсті метал өндірісін өсіру қарқынын қамсыздандыра алмаймыз, өзінен-өзі белгілі.

Құрылыс жұмысын орындау үшін негізгі шарт түсті металдың қажетін орындап (тұрарлық) жаңадан әлденеше теміржолдар салу. Бұл жолдың жалпы ұзындығы 2 689 километрге есептеліп отыр. Бұл салынатын жолдар өндіріс орындарын қосатын жолдар. Бұл санға жеке тармақтары қосылмайды. Жалпы алғанда, жаңадан салынатын жолдың ұзындығы 3 000 километрге жетеді. Екіншілей айтқанда, бесжылдықтың ақырында біздің салып бітіретін жолымыздың ұзындығы Түркістан-Сібір жолының ұзындығынан екі есе артық болмақ. Түркістан-Сібір жолының барлық ұзындығы 1 441 километр.

Жаңадан құны салынатын барлық жолдың 172 миллион сом болмақ. Осы жаңа жолдардың бірі ұзындығы 232 километр Ақмола-Бурабай темір жолы. Мұның салынып бітетін мезгілі декабрьдің бірі еді, бірақ мөлшерленген

уақыттан ерте 1929 жылдың 7 ноябрінде салынып бітіріп отыр. Одан кейінгі Ақмола-Қарағанды жолы, ұзындығы 200 километр, 1930 жыл бірінші июльде салынып бітпекші. Сонан соң Успенский жолы. Оны салып бітетін уақыты 1931 жыл бірінші январьда салынып болмақ.

Бұл арада менің бір азғантай тоқталып кететін нәрсем мынау: анықтап келгенде бірінші ретте Успен жолынан бұрынырақ салынатын жол Көктас-Жартас, бұған мынандай екі дәлел бар. Бірінші, бұл жерде алға қоятын мақсатымыз – жолды Аягөзге дейін апарып Түркістан-Сібір жолына қосу. Бұлай болған кезде Түрксібке керек отын мәселесі тез шешіледі. Сондықтан бірінші ретте жолды Көктас-Жартасқа жеткізу кен байлығы мол жерге жеткізген болып табылады. Екінші жағынан, басқа кен орындарына қарағанда Көктас-Жартастың кені қорлығы екі есе бай. Мінекей осы көрсетілген екі себеп жол салу жұмысындағы көрсетілген межені өзгертіп бірінші орынды Көктас-Жартас кеніне беріп Успен екінші ретке қалдырып отыр. Содан кейін 1931 жылдың 1 августына Көктас-Жартас теміржолына қосылатын Шешен-Қара теміржолы, ең ақырында, Кереку-Баянауыл, Қарқаралы-Аягөз жолдары салынбақшы.

Мінекей бесжылдықтың қалған жылдарында Қазақстанда жалғыз ғана түсті метал шығаратын өндіріс орындарын салып түсті металдың көрсетілген мөлшерін орындап ғана қоймаймыз, мұнымен қатар осы міндеттерді орындауға жағдай туғызатын Түркістан-Сібір жолынан екі есе ұзын 3 000 километрлік жол салмақшымыз. Бұл жоспарды орындаудағы қамтамасыз ететін екінші бір жағдай, Қазақстанның Қарағанды тас көмірі сияқты үлкен отын қоры ерте уақытта жалғыз Қазақстанның өз өндіріс орындарын отын жөнінен қамтамасыз етіп отырады деуші еді. Келешекте Қарағандының көмірі Қазақстан өндіріс орындарын қанағаттандырудан басқа шеткері жерлердегі өндіріс орындарын да жететіндігі анықталып отыр. Ендігі жерде Қарағанды көмірі өндіріс орындарымен Орал темір шығаратын Магнитогор зауытқа пайдаланайын деп отыр.

Түсті метал шығару өндіріс орнына бір миллион тонна тас көмір керек. Осы кен шығаратын орындарға жүріп тұратын шойын жолдармен Түрксіб жолының жағуына бір жарым миллион тонна тас көмір керек. Бұдан басқа да алдымызда тұрған міндеттеріміз Қарағанды тас көмірін жалғыз Магнитогор зауытына отын қоры жасау емес бүкіл Оралдағы өндіріс орындарының отын ретіндегі қажетін өтейтін негізді құрал орын қылу.

Сондықтан Қарағанды зауыты келешегі мол өз алдына жеке бір ірі орын болып отырғаны анық. Осы қарқын бойынша бесжылдықтың ішінде шығаратын тас көмірдің межесі 3 ½ миллион тоннадан кем болмауы керек, мұнда бір шешілмеген мәселе бар: ол мәселе Қарағандының тас көмірі мол қызу беретін таза көмір ма? Бұл жөнде зерттеуші мекемелер Қарағандыда таза көмір шығарылатынын анықтан отыр. Осы күнде де бұл жөнде жұмыс істеліп жатыр. Бұл мәселе шешілген күнде есте болатын бір мәселе Қарағанды Кузбас тас көмірімен таласпақшы. Өйткені Оралдың темір шығаратын зауытына Кузбастан Қарағанды мың шақырымдай жақын. Тас көмірдің мың шақырым жақындығы көп пайда береді. Бұл Қарағанды көмірін Оралдың темір шығаратын зауытына өте керегін танытып отыр. Сонымен Қарағандының ендігі жердегі өсуі бұрынғы ескі түрдей болмай өзгеше түрде қалыппен болмақшы.

Қарағанды тас көмірінің Оралдағы темір шығаратын Магнетогор зауытының мұқтажын өтеумен бірге Қарағанды мен Магнетогор арасына шойын жол салуға мүмкіндік туғызады. Бұл салынатын жол Қарталы, Әулие-көл (Семиозерский), Атбасарды басып өтпекші. Қазіргі күнде осы көрсетілген жолдың жүретін жерінде ірі тұқым мал Кеңес шаруашылықтарын (совхоздары) салынбақшы болып жоспар жасалып отыр. Түсті метал жоспарын іске асырумен қатар бесжылдықта көтеріліп отырған нәрсе бұл жерлерге ірі райондық электростанцияларын салу болып отыр. Бұл станциялардың біреуі Ульба өзенінің бойына салынбақшы. Өйткені бұл жерге осыны негізге ала отырып электрлі цинк зауыты салынады. Қарағанды кенінің күші 100 мың келоват сағаттық маңында бір үлкен орталық электростанциясы салынбақ, және Ленгер тас көмірінің қасында бір аудандық электростанциясы болмақшы.

Және бұл көрсетілген жоспар түгел орындалған күнде Ридердан бастап Қарағандыға, Баянауылдан бастап Балқашқа дейін Қазақстанның аудандарын толып жатқан ірілі-уақ электростанциялары қаптайды.

Бұл салынатын электростанцияларының міндеті жалғыз сол жерлердегі өндіріс орындарына ғана көмек көрсету емес, және де маңындағы шаруашылық аудандарға жәрдем көрсету деп ойлау керек. Осылай болған күнде бұл аудандардың мәдени шаруашылық жөнінен күшті қарқынмен ілгері басуына үлкен әсер етпек.

Бұл көрсетілген ұлы программаны орындауда еске ұстайтын ірі мәселенің бірі маман қызметкерлер туралы. Жоспар бойынша бесжылдықтың ақырында бізге керекті маман жұмыскерлердің саны 26 мыңдай болу керек. Бірақ межеленген жоспарды толық орындау үшін 36 мың маман жұмыскер керек. Қазіргі уақытта біздің қолымыздағы барлық маман жұмыскердің ұзын саны 4-4 ½ мыңнан артық емес. Осы бес жылдың ішінде көрсетілген түсті металды шығару үшін көңілдегідей қылып салынатын толып жатқан фабрика-зауыттарға керек жұмыс жұмыскерлермен қамтамасыз етуге және ерте бастан біртіндеп маман жұмыскер даярлау ісіне кірісуіміз тиісті.

Сонымен қатар қазіргі күндегі біздің алдымызда тұрған ірі міндет құр жұмыскер даярлау ғана емес, оларды жергілікті халықтан даярлау жағын естен шығармауымыз керек. Мұнымен осы күнде, келешекте алдағы ірі міндеттің бірі болып саналып отырған ұлттық проллетариат тудыру мәселесін де шешілмек.

Осы айтылған маман жұмыскерлер даярлау мәселесі – кезінде орындалу тиісті орындарымыздың міндеті, осы бастан маман даярлау жұмысына қатынасы бар ұйымдар мен мекемелердің күн санап алға қойып отырған міндеті орындап шығуы тәжірибе жүзінде ескеру жөн. Мұны орындау үшін әлденеше фабрика-зауыт өнерлерін үйрететін оқу орындары ашылмақшы: Қарсақпайда 3 мектеп – 700 кісілік, Ридерде 250 кісілік, Торланда – 200 кісілік, бірақ бұл ашылатын орындар бізге негізді керекті адамдарымызды толық даярлап бере алмайды, сондықтан бұл керекті жұмыскерлерімізді орталық (Цит) әдісімен әзірлеуіміз керек. Бұдан басқа да Кеңестер одағының ірі өндіріс орындары бар аудандарының, зауыттарына өнер үлгі алу үшін бірталай жұмыскерлерімізді жіберіп алып, солар арқылы керекті маман кемдігін толықтырып отырамыз.

Осы айтылғандардың бәрін қалай орындармыз деген сұрау туралы. Өздеріңізге белгілі, Қазақстанның өзінің қаржы қоры мұндай ұлы жоспарды орындап шығуына мүмкіндік бермейді. Сондықтан бұл көрсетілген міндеттерді

орындау жеке Қазақстанға қиын соғады. Осы бесжылдықтың ішіндегі істерді орындауға керекті шаралар қолданып осы бастан кірісіп отырмыз, бірақ қаржы аздығы дағдарыс беріп отыр. Мұндай ірі міндеттерді орындап шығу, әсіресе, маман қызметкерлерді тиісті орталық мекемелердің алдына қойып шешіп алуды тілейді. Олай еткен уақытта көрсетіліп отырған ұлы жұмысты орындауда қаржы жөнінен болсын тиісті шаруашылық ұйымдарын анадан, я қайтадан құру ретінде болсын көмек көрсеткен болар еді.

Қазіргі уақытта менің қолымда анық цифр болмай отыр. Бірақ та Мәскеуде болған кезімде Қазақстанның түсті метал өндірісін күшейту мәселесі туралы одақтық халық шаруашылық Кеңесі (ВСНХ) комиссия құрды. Бұл комиссиядағы кейбір жолдастардың есебі бойынша Қазақстанның өндіріс орындарына керекті маман жұмыскерлер дайындау үшін 30 миллион сомдай қаржы керек болатын көрінеді. Бұл цифр кем болмаса онша артық болмас. Жұмыскерлер даярлау мәселесі шешіліп болмайды. Бұл мәселенің тек жұмысшы даярлаумен ғана ішіне инженер, техник шаруа әкімшілік мамандар даярлауы да кіреді.

Қазақстанды осы күнде негізгі түсті метал шығаратын ауданның бірі деп есептеп отырсақ, мұнда да жоғарғы дәрежелі техниктер даярлайтын оқу орнын (БТУЗ) ашылуы да керек. Бұл іске ерте кірісіп бұл мәселені тиісті орталық орындардың алдына қойып, қайткенімен де осындай оқу бізде ашуына тырысуымыз керек. Мамандарды сырттан әкелумен қатар өзіміздің жоғарғы дәрежелі техниктер мектептері арқылы даярлап жеткізіп отыруымыз керек.

Осы көрсетілген барлық программаны орындау үшін істелгелі жатқан жұмыстардың барлығын да тиісті қажетпен қамсыздандыру керек. Осы мезгілде тәжірибе жүзінде істеліп жатқан жұмыстарға қазірде мен тоқталмаймын. Тек менің бір еске салып кететінім, бесжылдықтың ішінде істейміз деп отырған жұмысымыздың беталысы мен қарқынына тағайындалып, жұмсалып отырған қаржымыз сәйкес келмейді, бесжылдықтың ішінде Қазақстандағы түсті металдың өндірісіне 4 миллион сом көрсетіліп отыр. Бізге 4-ақ миллион сом беретін болса, белгіленген жоспарды орындай алмаймыз. Бұл ретте Қазақстан тиісті сөзін айтуы керек, одан басқа салынып жатқан, не болмаса салынуға межеленген темір жолдарға биылғы жыл 20 миллион сом беріліп отыр. Бұл ақша тіпті жеткіліксіз. Тек қарқынмен салынып біткен темір жолды нығыздау және қарқынын тоқтатпау керек қой.

Бұл істелгелі жатқан жұмыстарды орындағанда осы аудандарға 400 мың тонна жүк әкелінбекші, бұл аудандарға салынып біткен жолдардың осы жүктің жартысын тасығандай-ақ күші бар. Егер бұл жолдар жол сияқты болып салынып жетпесе, салынып жатқан жолдардың керек қаржысын ала алмаса, әсіресе, Қарағандыдағы мыс ерітетін комбинаттың құрылысына керек заттарды жеткізіп тұра алмаймыз. Біздің осы зор құрылыстарымызды тиісті қаржымен қамтамасыз ету мәселесін орталық орындардың алдына салуымыз керек. Мен енді осы көрсетілген програмнан тұратын жергілкті орындардың өндіріс құрылысы жөніндегі міндеттеріне тоқталып өтейін. Бұл міндеттермен таныстырмастан бұрын Қарсақпай комбинатының тәжірибесін айтып кетейін.

Бұл комбинатты салуға кіріскен уақытта өндіріс құрылысы мен өндіріс құрылыстың қарқынына байланысты түрлі межелер шешуге қойылып еді. Ол шешуге қойылған мәселенің бірі райондағы етегін жайып келе жатқан өндірістің маңайындағы жерлердің шаруасын өсіру еді. Қарсақпай комбинатын кеңейту

мәселесімен байланысты әлде неше арнаулы съездің, партия өкімет орындарының онан соң болған тоқтамдарына қарамай-ақ, көрсетілген межелердің бәрі де осы күнге шейін шешілген жоқ, ол аудандардың ауыл шаруашылығы ең алғашқы түрінен ешбір ілгері басқан жоқ, әлі де бұрынғы қалпында қозғалмастан жатыр. Қарсақпай ауданының ауыл шаруашылығын өркендете алмаған соң жер оңдау мәселесін де шеше алмадық. Бұдан жалғыз Қарсақпайдың маңындағы елі де таршылық көріп отыр. Онымен қатар Қарсақпай комбинатындағы жұмыскерлерге азық-түлік жеткізу жағдайы да шешілмей қалып отыр. Әрине, бұл іс келешекте өндіріс орнын кеңейтіп, өндірісті жолға салу жөнінде үлкен кемшілктің бірі болып отыр.

Осының барлығын келешекте жаңа аудандарда өндіріс мәселесін шешкенде еске алу керек. Жаңадан өндіріс орындарын ашқанда маңайындағы ауыл шаруашылығын өркендету жергілікті жұмыскерлердің азық-түлігін жеткілікті қылып тұруына негізгі құрал мыс ерітетін Қарсақпай зауытында және Қарағанды тас көмір қазатын зауытында және оларға көмекші орындарда жұмыскерлердің ұзын саны 50-60 мыңнан аз болмас деп жоспарланып отыр. Осынша жұмыскерлердің азық-түлігін тауып беріп отыру сол ауданның ауыл шаруашылығын тығыз күйде өркендетуіне тиісті шаралар қолдануды тілейді. Бесжылдықтың алғашқы мөлшерлегенінде бұл ауылдардың ауыл шаруашылығын өркендетуі олардың қазіргі жайына жанаспайды. Бесжылдық жоспарда бұл жағдайды қарастыруымыз керек, осы аудандардың ауыл шаруашылығын өркендетуіне басқа түрлі өсуіне басқа қарқын беру керек. Бұл жұмысты орындағанда бесжылдық бойынша істеп, бесжылдықтың жоспарын үлкейтіп ғана қоймай биылғы жылдың бақылау цифрына кіргізіп қоюымыз керек. Бұл аудандардың бақылау цифрларын қарастырғанда, осы жылдан бастап істелетін жұмыстар өндіріс орындарының қажетін толық қамсыздандырып тұратын болсын.

Екінші міндет – өндіріс орындарына жергілкті елден жұмыскер тартып ұлт пролетариат тудыру. Ірі техникалы өндіріс орындары үшін хат танымайтын елден алып, бірден маман қызметкерлерді шығару болмас. Сондықтан ендігі негізгі міндеттің бірі – жалпы мәдениет жұмыстарын күшейту. Ол үшін осы бастан бұл аудандарда сауатсыздықты жою жоспарын жасап, 1-басқыш (бастауыш) мектептерді көбейтіп, келесі жылдан бастап оқығандардың ішінен толық хат танитын жұмыскерлер алып отыруымыз керек.

Одан кейінгі біздің алдымызда тұрған міндетіміз осы аудандарда, әсіресе, Қарағандыда түсті метал өндірісінің негізгі орталығында жаңа тұрмыстың тілегіне жауап беретін жаңа жұмыскерлер қаласын ұйымдастыру, бұл жөнде терең ойлап жоспар жасау керек, сол жоспарды негізге ала отырып, келешектің социалдық қаласын салу жұмысына кірісу керек.

Жоғарыдағы көрсетілгендерге, қолданылатын шараларға түгелімен тоқтап кетудің керегі жоқ қой деп ойлаймын. Мұның ішінде менің тоқтап кететін ірі басты жерлер, егер де олар тура шешілмеген күнде барлық құрылыс жұмысына кедергі болмақшы.

Негізгі мәселенің бірі – өндірістің құрылысын кеңейту жұмысы. Қазақстан халық шаруашылығының орталық Кеңесінің жоспарымен бақылау цифры бойынша өндірістің жаңа аудандарында өндіріс құрылысын кеңейту еске алынбаған. Ендігі жерде өндіріс құрылысын кеңейту жұмысының бесжылдық

жоспарымен бақылау цифрын халық шаруашылығының орталық Кеңесі қайтадан қарап жұмыстың бар салмағын жаңа өндіріс аудандарына қарай аударуы керек.

Ендігі бір маңызды өндіріс жұмысына жол басшылық істеу. Бұларға Алматы қаласында отырып жол басшылық істеуге болмайды. Сондықтан сол өндіріс орындары тұрған жердің округтік атқару комитеті тиісті ұйымдар арқылы жол басшылық істеуі керек.

Біздің өндіріс орындарының орталығын жасаймыз деп отырған Ақмола, Қарқаралы округтарымыздың жағдайы нашар. Бұлар артта қалған округтер, міндеттеген жұмыстарымызды көңілдегідей істеп атқара алмайды. Сондықтан бұл жерлерде тиісті мекеме ашып алып, істі тез аяққа бастыратын қылып және құрылыс жұмысын басқаратын орындардың ісін бақылайтын қылу керек. Әсіресе, керекті жұмыстың бірі құрылыс жұмысына азық-түлік және өндіріс заттарын жеткізіп тұру. Бізде жеке өндіріс орындарын қамтамасыз ету жұмысы өте нашар. Әсіресе, Қарсақпайда солай. Аз уақыттың ішінде бірінші ретте өндіріс орындарын қамтамасыз ету шараларын қолдану керек. Бұл жөндегі қызмет істейтін барлық кооператив сауда орындары жұмыстарын анық түзу жолға салып жүргізгенде ғана алда тұрған ірі міндеттеріміз толық орындалмақшы. Қамтамасыз ету жөніндегі Алматыдағы істеліп жатқан жұмысты жақсы деп білмейміз, басқа округтарда мұнан да нашар. Біздің ірі төрт комбинатымыз болайын деп отыр. (Ридер) түсті метал Қарағанды, Қарсақпай (мыс), Торлан (қорғасын) бұлардан басқа жаңадан 5-6 ірі байлығы мол фабрика салынбақ. Ридерде 40 мың тонна цинк өндіретін электрлі цинк зауыты ашылмақ. Одан басқа түсті метал өндірісінің қалдығынан серная кислота шығаратын химиялық зауыты болмақ.

Бесжылдықтың орындалуымен қатар, жаңа өндіріс орындары сол аудандардың ілгері жіберетін бөтен түрлі шаралар қолданылмақшы. Үш аудандық электростанциясы салынады. Қазақстанның орталығын басып кесіп күнбатыс пен күншығысты қатынастыратын ұзындығы 3 мың километр шойын жол салынады. Бұл жол Түркістан-Сібір жолына отынды үзбей әкеліп тұрмақшы. Қарағандының тас көмірін Оралдың өндіріс орындарымен байланыстырмақшы, айырып алғанда Магнитогор зауытына апармақшы. Ең ақырында, бұл жол Ақмола, Қостанай, Қарқаралыны баса жүріп бұл округтардың ауыл шаруашылығының көркеюіне жағдай туғызбақшы.

Бесжылдықтың орындалған кезде бірнеше өндірстің орталық орындарымызда, көбіне, жергілікті еңбекшілерінен шыққан толып жатқан жұмыскерлеріміз болмақ. Бұл орталықта біздің негізгі проллетариаттың тірегі болмақ. Ең соңында бесжылдықты орындай келе Қарағанды да социалдық жаңа қаламыз болады.

Күшті түрде түсті металды өркендету мен жол салу жұмысы Қазақстанда негізгі проллетариат тірегін жасамақ. Мұнымен қатар бесжылдық жоспардағы істелетін жұмыстар Қазақстанның ескі шаруашылығын, мәдени салтын түп-тамырымен өзгертіп, жаңа жолға салмақшы. Мәдениеттен артта қалып, ескі әдет ғұрыптың шырмауынан шығармай, шаруашылығының жалпы түрі мал бағу, егін салу болып келген Қазақстанның шаруашылығын енді жаңа социалдық негізіне көшіріп, мал бағу, егін егу кәсібін мәдени түрге айналдырып ірі өндіріс орындарын өсірмек.

№115
Қ. Сарымолдаевтың «Көктемдегі егіс қортындысы және егін жинаудағы міндеттер» атты кітапшасы[189]

Қорытынды жыл егісінің ерекше маңызы

1932-жылдың алғашқы бес жылдықтың қортынды жылының көктемгі егісінде егіннің шығымылығын арттыруда, мезгілімен, төкпей-шашпай, ысырап етпей орып алуда, ақырында, мемлекеттік астық дайындау жоспарын дер кезінде орындап, тұқым қорын құйып болып колхоздың астық саудасын өркендетуде ерекше мән бар.

Үстіміздегі ауыл шаруа жылының осы ерекше мәнісін Өлкелік партия комитетінің үшінші пленумі былайша ескертіп өткен болатын:

«Бес жылдықтың төртінші – соңғы жылындағы халық шаруашылығы жоспарын толық орындауды колхоздардың ұйымдасу – шаруашылық жоспарын нығайтуда, социалды өнерлі кәсіптің азық-түлік шикі зат тірегін қорын нығайтып, өркендетуде, Кеңестер одағын мақта жағынан шетке жалындырмау жолындағы күресте және өнерлі кәсіпке керекті құнды егіс мәселесін шешуде Қазақстанның орнын үлкейтіп қызметін күшейтуде 1932-жылғы көктем егісінің жоспары ойдағыдай орындалуында орасан үлкен мән бар.

Барлық егістін шығымдылығын арттырып, бұрынғыдан әлде қайда асыруда, барлық совхоз жұмысшыларының, барлық колхозшы еркек, әйелдің, коммунист, комсомолдардың маңызды-маңызды агрономдық ғылымның шарттарын шындап қолдануда, дұрыс нәбетті егіске көшуде 1932-жылғы егіс үлкен өзгеріс жасайтын егіс болуға тиіс.

Қазақ ауылын социалды жолға салып, қайта құруда оның қазіргі өркендеу сатысындағы негізгі мәселелері: жаппай колхоздануды күшейту сол арқылы бай табын мүлдем жою. Колхоздар мен колхоз тауарлы фермаларының ұйымдасу – шаруашылық жоқтарын нығайту. Рушылдық жұғындарын-сарқынын құрту. Колхоз болған қазақ еңбекшілерінің тұрмыс, мәдениет жақтарын мейлінше көтеру. Осы негізгі мәселелер Қазақстандағы көшпелі, шала көшпелі елдерді отырықшыландырудың қарқынын күшейтіп шапшандатып 1932-1933-жылдарда жаппай отырықшыландырып болуды тілейді.

Орталық партия комитеті мен Одақтық комиссарлар кеңесінің бұл күнге дейін кілең мал өсіруші болып келген аудандарда қосымша кәсіп ретінде ішерлік егін салу, овощ егу жақтарын күшейту туралы нұсқауын бұлжытпай жүзеге асыру отырықшыланушы аудандардағы партия, кеңес, колхоз ұйымдарының іргелі міндеті болып табылады.

Социалды мал шаруашылығын өркендетуде де биылғы көктем егісінің маңызы өзгеше ірі болып отыр. Мал совхоздары мен колхоздардың тауарлы мал фермаларын бұдан былай да өркендету ісі мал азығы жағын жаңғыртып, толық ұлғайтуға нық байланысты болып отыр. Сондықтан, малға азық болатын егін егуді күшейту мал совхоздары мен колхоздардың ең іргелі міндеті.

---

[189] Қазақстан Өлкелік партия комитетінің IV пленумы 1927 ж. 26-28 наурызда Қызылордада өтіп, Қ. Сарымолдаевтың «Көктемдегі егіс қортындысы және егін жинаудағы міндеттер» атты баяндамасы жеке кітапша (Көктемдегі егіс қортындысы және егін жинаудағы міндеттер. - Алматы-Мәскеу: «Партиздат», 1932) ретінде жарық көрген.

Мал азығы егістерінің жоспарын сөзсіз толық орындау міндет. Сонымен қатар шошқа, құс, үй қаяны секілді тез жетілетін мал шаруашылығының қамын арнап жоспардан артық егіндер егу қажеттілігін пленум өдейлеп ескертіп өтеді.

Бұған қосып айтарлық несі қалды? Биылғы көктем егісінің маңызы сыртқы халымызбен қабат тағыда күшейтуде. Сыртқы халымыз қандай деген мәселеге келсек, Кеңестер одағына қарсы соғыс қаупі көріну пакті болып отыр. Дағдарыстан құтылу үшін соғыс шығарудан басқа жол таба алмаған капитал мемлекеттердің жеке арандатушылық қимылдары да, халықтары да бұған толық айғақ. Егіс науқаны, әсіресе егін орағы мен егін өнімін ойдағыдай орналастыру науқаны – 1932-жылғы халық шаруашылығы жоспарының ең іргелі бөлегін орындау болып табылады. Солай болған соң, егіс жоспарын, орақ жоспарын, егін өнімін орындастыру жоспарын орындау ісі – Кеңестер елінің экономикалық, саяси күштерін, қуатын бұрынғыдан әрі арттыру, проллетариат дектатурасының республикасындағы отан қорғау жұмысын нығайтып, көтеру жолындағы күрес болып табылады.

Кеңестер одағы, соның ішінде Қазақстан да индустіріленіп (өнерлі кәсіптеніп) келеді. Жұмысшылар табы өсіп, өніп келеді. Оның керегі де, тілегі де артып келеді. Осылардың бәрі келіп, ауыл шаруашылығы бұрынғыдан анағұрлым күшті шартын қойып отыр.

Көктемгі егіс пен орақ науқанының тағыда бір маңызы – мал шаруашылығын өркендету мәселесінде. Социалды мал шаруашылығын өркендетуге келгенде де совхоздар мен колхоздардың тауарлы фермалары негізгі, шешуші буын болып отыр. Бірақ бірсыпыра белгілі себептермен малдың басы бір талай кеміп, азайып қалып отыр. Социалды мал шаруашылығын өркендетудің қазіргі жоспарында социалды мал шаруашылығын әбден дұрыстып ұйымдастыру жағы көзделіп отыр. Мақсат – таяу жылдардың ішінде өнімді әрі көп алу, әрі сапалы етіп алу болып отыр. Бұл міндеттердің орындалуы мал шаруашылығын тиісті азық пен шөппен де, көбінесе күшті жеммен толық қанағаттандыруға нық байланысты болып отыр. Биылдан бастап бұл міндетті орындау жағы да қолға алынды.

Үстіміздегі ауқаттың ең күрделі ірі мәселесі – колхоз саудасын күшейту, соның өрісін ұлғайтуға керекті қорлар құрап алуы болып отыр. Колхоз саудасын күшейту – жұмысшылар мен қалаларға азық-түлік жетістіруді оңдаудың қамы. Колхоздардың ұйымдасу – шаруашылық жақтары бұрынғысынан әрі нығайту қамы. Колхозшылардың өз тұрмыс жайларында оңдау қамы. Ақыр аяғында колхоз өндірісін бұрынғыдан әрі өлкендетуге қызықтырып, дем берудің қамы.

Сонымен, кеңестер одағының керегін орындау жағынан қарағанда да, Қазақстанның өз кезегін орындау жағынан қарағанда да колхоздардың ұйымдасу – шаруашылық жақтарын нығайту және өткен жылдардағы, әсіресе 1931-жылдағы егіні шықпай қалаған қуаңшылықтың өзін құрту жағынан қарағанда да биылғы орақ науқанын ойдағыдай өткізудің ерекше зор маңызы бар.

Орақ науқанында ең азы бір килограм дәнді де түсірмеуіміз, шашып, төкпеуіміз керек. Әрбір егіннің басын да мақтаның қауашағын да далада қалдырмауымыз керек. Өйткені сондай бір-бірлеп құралған ұсақтардан миллиондар жиналады. Орақ науқанының ұраны осы болуы керек.

Жеңген қиыншылықтарымыз

Көктемгі егіске әзірлегенде де егістің үстінде де бір талай қиыншылықтарға ұшырадық, ол қиыншылықтар өткен жылдың, бір қыдыру аудандарда соңғы үш жылдың қуаншылығы себепті егіннің шықпай қылғандығынан туған еді. Ол қиыншылықтар көліктердің кеміп, барының сапасы нашарлығынан туған еді. Бір қыдырудан да тұқымның жоқтығынан, тағы тағылардан туған еді.

Партия мен өкімет көзге көрінерлік айқын шаралар қалданды Қазақстанның колхозшыларына азық-түлік жәрдемін де, тұқым жәрдемін де көрсетті (берілген тұқым 8 748 000 пұт, азық-түлік жәрдемі 3 500 000 пұт болды). Мұның үстіне колхоздардың ұйымдасу – шаруашылық жақтары да бірсыпыра нығайған еді. Осылардың барлығының арқасында 5 500 000 гектар жоспарды орындап шығуға толық мүмкіншілік туды. Бұдан соң тракторлар көбейді (25 505 ат күшінен 35 253 ат күшіне жетті). МТС (машина-трактор станциялары) бір талай артты (44-тен 74-ке жетті). Колхоздардың қолындағы егін салатын соқа-сайман, тырма секілді құралдары да көбейді.

Бұлардан басқа, Орталық партия комитетінің 4-февральдағы қаулысы малды ықтиярсыз ортақтастырлау турасында шыққан 26-марттағы қаулысы, астық дайындау, бау-бақша жемістерінің контракт шарты жасалатындарының кемітілуі туралы шыққан партия мен өкімет қаулыларының барлығы да Қазақстанның 1932-жылғы егіс жоспарын орындау шығуына дем берді. Жайлы жағдай туғызды.

Бұлардың үстіне ерекше маңызды болып шыққан тағыда бір істі қосу керек. ол іс дегеніміз облыстардың құрылуы болды. Осының арқасында басшылық аудандарға жақындады. Олармен арадағы қатынас күшейді.

Ақыр-аяғында, тағы да бір ірі маңызды жағдайда айтпай өтуге, болмайды. Онымыз – бірлескен ірі шаруашылық түрі болған колхоздарымыз бен совхоздарымыз. Бұлар өздерінің жақсы жағын әбден көрсете білді. 1932-жылғы егістегі секілді Қазақстанның қиын жағдайларында да барлық қиыншылықтарды жоюға әбден жарап шықты.

Егіс қорытындылары

Егіске әзірленгенде де, егістің өзінде де колхоздардың ұйымдасу-шаруашылық жақтары нығайтып отырды. Колхоздану ісі ұлғайып отырды. Қазақстан көктемгі егіске егіскен уақытында елінің 65% колхозда еді. Июннің 15-де колхоз болған кедей-орта шаруалар 73,4%-ке жетті. Негізгі астықты аудандарда 81% болды. Өнерлі кәсіпке керекті құнды егіс аудандарында 78,8% болды.

Алғашқы мәліметке қарағанда көктемгі егіс жоспары 92,7% орындалды. 5 500 000 гектардан егілгені 5 100 000 гектар болды. Биылдай егісінің жоспары 79%, болды егістер жоспары 92,5% орындалды.

МТС-тар (машиналар пішін станциялары) алғашқы кіріскен жылының өзінде ғана 385 000 гектар егін салды.

Колхоз секторының салмағы 78%-тен 86,6%-ке жетті. Совхоздарды қоса есептегенде, социалды секторының салмағы 96-97 болды. МТС-тар 1 424 000 гектар егін салды. Былтырғылары 940 000 гектар еді.

Барлық совхоздарды тұтас алып қарағанда, бұлар егіс жоспарын 101,4% орындады. Оның бер жағында астық совхоздары бидай егісінің жоспарын 104

орындады. «Скотовод» пен «Жылқы тресі» совхоздары жоспарларын асырып орындады.

Мақта совхоздардың бәрі егісін толық орындап шықпағаны мен де, Қазақстан түгіл, бүкіл кеңестер одағында ірі маңызды болған «Мақтаарал» совхозы өз жоспарын айта қалғандай оңдап орындап, төнерегіндегі колхоздарға да бір талай көмегін тигізді. Торқалы жан егістердің совхоздары жоспарынан 1 101 гектарды асырып, колхоз секторымыз кемін еселеп, толтырып шықты.

Жеке трестері болмаса, «Овцевод» совхоздары егіс жоспарын орындай алмай шықты. Олар егістің маңызын жете бағаламады.

Әр түрлі егіс тұқымының қолда барымен егіс жоспарының орындалуының арасы қандай болғанын да қарап өтейік, қызықсыз бола қоймас. Тұқым қарызын қоса есептеген уақытта Қазақстанда дәнді егіс тұқымын 97% бар еді. Оның ішінде бидай тұқымы 79% еді. Бидай егісінің жоспары 79% орындалса, ол тұқымын толық пайдаланылғанын көрсетеді. Қазақстан қолындағы сұлы тұқымы 67%, арпа жоспары 71% бар еді. Өзге егістердің кейбірі ғана болмаса, тұқымдары толық еді. Негізгі үш түрлі дәнді егіс жоспары артығы мен орындалды. Бұл - Өлкелік партия комитетінің тұралап, дәлелдеп берген нұсқауын орындағандықтың жемесі болды. Өлкелік комитет тауарлығы кем тұқымдар тауарлығы күшті дәндерге айырбастасын деген. Онысоң бұл партия мен өкіметтің соңғы қаулыларын, әсіресе астық дайындау, мал дайындау жайындағыларын көшпелікке тегіс түсіндіріп, ұғындыра білгендіктің, саның арқасында колхозшылардың өздері ынталанып, бидай мен арпа тұқымдарының кемін өз жандарынан қосып толтырғандығының жемісі болды.

Егіннің сапа жағын алып қарағанда биылғы егін былтырғыдан анағұрлым ілгері болды. Былтырғы жылы биылғы көктем егісінің даярлық жұмыстары толық орындалған жоқ болатын (жерді қысқа қарсы жыртып тастау жоғары 37% ғана орындалған. Барлық күз айдалған жер – 1 625 870 гектар ғана болған). Сонда да осының біраз септігі тиіп, егінді былтырғыдан бірсыпыра ерте бітіруге мүмкіншілік болды. Биыл негізгі дәнді егіспен майлы егістер 30-35 күн ішінде егіліп болды. Былтыр 55 күндей созылған болатын. Алматы облысында дәнді егіс 35 күндей созылды. Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында дәнді егіс 25 күндей егілді. Қарағанды облысы 30 күндей созды.

Сұрыпталған, жақсы сортты тұқым егілген жер 467 000-ке гектар болды.

Жеке кедей-орта шаруалар егісінің жоспары ойдағыдай болып орын қалмады. 237 000 гектарлық жоспарларынан егілгені 81 000 гектар (34%) болды. Бұл жеке кедей-орта шаруалардың яғни күні ертең колхозшылардың қамын ескеріп керектігі туралы. Өлкелік партия комитетінің III пленумінің қаулысын қана сонан соңғы нұсқауларын төменгі орындардың орындамағандығын салдары болды. Жер-жерде 100% колхоздану мен әуестеніп кеткендіктер де болды. Кейбір ауылдандарда жеке шаруалар егісін ескермей, жете бағаламай тастағандық та болды.

Егіс науқаны кезіндегі бір талай қиыншылықтарды еске алғанда жоспардың 92,7% орындалуының өзі де Қазақстан партия ұйымының колхозшылары мен совхоз жұмысшыларының большевиктік үшінші көктемдегі егіс науқанында тапқан үлкен олжасы деп білу керек. Бұл табыс, олжа колхоздардың ұйымдасу-шаруашылық жақтарының бір талай нығайып қалғандығының жемісі болды.

Пролетариат мемлекетінің тұқым, азық-түлік жәрдемін бергендігінің кемері болды. Партия мен өкімет саясатын бұлжытпай жүзеге асыққандықтың, ақыр-аяғында Қазақстан партия ұйымының, жеке бұйындары ғана болмаса, қиыншылықтардан қайтпай егіске дұрыс басшылық ете білгендіктің жемісі болды.

Егістің сапа жағы туралы бірнеше сөз айта кетейік. Биылғы егістің агрономдық техника жағындағы жетіскендіктеріміз көңіл көншіректей емес. Кас, дәнді егісті бір қыдыру ерте егіп болдық. Мақтаны да былтырғыдан бес күн бұрын болды. Өзге құнды егісті бір талайын да одан ерте егіп шықтық. Бірақ, Өлкелік партия комитетінің III пленумінің егінді салып болуға керек, деп көрсеткен айтулы күнін тап-тұянақтай етіп шығара алмадық. Аудандар тағайындалып берілген 15-20 күн орнына 30-35 күн екті. Жер айдау, тұқым себу жөніндерінде де ережені бұзғандық көп болды. Мысалы: Алматы облысындағы Еңбекші Қазақ және Қастек аудандары әуелі тәлімі сердің егінін салудың орнына суармалы жердің егінін салыпты. Бір қыдыру ауданда жердің айдалуы мен тұқымның себілуі арасында бір талай уақыт аралады. Тұқымды тиісті мөлшелерінен кем сепкендік те байқалды. Егіннің ендігі күтімі келіспесе, мұның барлығы да егіннің шығымдылығына кемшілік келтірді.

Облыстар егінді қалай орындап шықты? Егісті большевикше орындап шыққан Батыс Қазақстан облысы. Ол жоспарын 3,4% артығымен орындады. Онан соң Ақтөбе облысы болды. Ол жоспарын 2% асырып орындады.

Қарағанды мен Шығыс Қазақстан облыстары да егінді жаман орындаған жоқ. Бұлардың көбінесе өзге алынған тұқымды еккенін еске алғанда, егінді тәп-тәуір аяқтады.

Оңтүстік Қазақстан мен Алматы облыстарының мүмкіншіліктері мал еді. Бұлар көп еге алатын да еді. Бірақ, сол мүмкіншіліктерін пайдалана алмады. Мысалы үшін егінші ауданның іргелілерінен Жуалы мен Талдықорғанды алайық. Әр қайсысының жоспары 100 000 гектардан аса болады. Екеуінің жай-жақсары бірдей еді: өзге жақтан тасып алған тұқымдары болған жоқ, тұқымды екеуі де өз аудандарының ортасынан алды. Көлік жақтары да бірдей еді. Жуалы орындап шықты. Талдықорған мүлдем масқара болып шықты.

Егісін орындай алмаған Талдықорғанда 100 000 көлік, 1 300 ат күшіндей трактор бар еді. Бұл ауылдан әр бес күнде 25 000 гектарлап егін сала алатындай еді. Шынында бес күн сайын 8 000 гектардан еш бір арттыра алмады.

Егін шығымдылығын арттыру күресі әлі де тоқтамауы керек.

ҒЫЛЫМИ-АНЫҚТАМАЛЫҚ АППАРАТ
НАУЧНО-СПРАВОЧНЫЙ АППАРАТ

Қ. Сарымолдаевтың өмірі мен қызметінің биохроникасы

1898 жылдың 22 ақпаны	Сырдария облысы Әулиеата уезі Қорағаты болысына қарасты №5 ауылда (Үйтал) шаруа отбасында дүниеге келді.
1910 жыл – 1912 жылдың сәуірі	Меркідегі жанында интернаты бар 2 кластық орыс-қырғыз училищесінде оқыды.
1912-1914 жылдар	Әулиеата қаласындағы 4 сыныпты жоғарғы бастауыш училищесінде оқыды.
